Мақалада тарихи деректер мен көркем шығарманың арақатынасы, бұл мәселе жөніндегі зерттеушілер пікірі сараланды. Әдеби теориялық және эстетикалық бағаның даму барысында қалыптасқан теориялық категориялар «көркем қиял» мен «көркемдік болжам» өнердің әр дәуірдегі даму процесінде күшті өзгерістерге түсетін құбылыс екендігін атап өтіп, көркем шығармадағы тарихи деректердің көркемдік шындыққа айналуы туралы мәселе қозғалды.

Несіпбек Айтұлының «Сары қыз» поэмасының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, образдар жүйесі, сюжеттік даму арнасы талданды. Тарихта болған атақты қобызшылар Қорқыт, Қойлыбай, Тілеп өмірі мен тағдыры туралы, олардың психологиялық жан-дүниесі ашылды. Қобыз сарыны мен адам тағдыры, табиғат пен адам біртұтастығы поэма негізінде жан-жақты зерделенді. Поэмадағы поэтикалық ізденістер, көркемдік тәсілдер ақынның стилдік ерекшелігі ретінде қарастырылды.

Тарихи бейне жасаудағы автор шеберлігі көрсетіліп, өзіндік көркемдік қолтаңбасы айқындалды. Поэма желісіндегі оқиғалардың тарихи негізі сараланып, көркем шығарма материалына айналу жолы зерделенді. Қаламгердің көркемдік қиял мен өмір шындығын тепе-теңдікте ұстай отыра, өзіндік көркемдік дүниетанымын танытқаны ой өзегіне айналды. Көркемдік шешім мен тарихи шындықтың өзара қарым-қатынасын танытудағы автор шеберлігі мен шығарманың поэтикалық жетістіктері қарастырылды.

Кілт сөздер: көркемдік шындық, тарихи дерек, психологизм, қобыз сарыны, поэтикалық ізденістер, қиял, шеберлік.

Кіріспе

Әдебиеттің атқаратын этикалық, эстетикалық айрықша қызметімен ештеңе теңесе алмайтынына дәлелдің қажеті жоқ.

Әдебиет кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысы мен бітімін танытады. Көркем эстетикалық тұрғыдан әдебиеттің айрықша қызметін ештеңе алмастыра алмайды. Себебі әдебиетте халықтың жүріп өткен тарихы, ар-ожданы, бастан кешкен жеңісі мен жеңілісі көркем бейнеленіп, оның этикалық, эстетикалық мұрат-мақсаттары көрінетіндігі белгілі.

Көркем әдебиет пен тарих бір-бірімен тығыз байланысты. Дегенмен екеуінің ара жігін ашу – ежелден назар аударылып келе атқан ғылыми мәселе. Бұл туралы алғаш сөз қозғаған Аристотель болатын. Ол өзінің атақты «Поэтика» еңбегінде былай деп жазады: «Ақынның мақсаты – шынымен болғанды емес, не болуы мүмкін, мүмкіндіктен әлде кездейсоқтан ба, міне, осыны жеткізу. Тарихшы мен ақынды бір-бірінен өлең өлшемін қолданады, ал екіншісі қолданбайды деп ажыратпаймыз: осыған Геродоттың шығармаларын жатқызуға болар еді, сонда ғана олар өлшеулі, болмаса өлшеусіз тарих болған еді; бірақ олардың айырмашылығы мынада: біріншісі өмірде болған оқиғаны айта, екіншісі болуы мүмкін болған оқиғаны айтады. Сондықтан да поэзияның ерекшелігі – ол тарихқа қарағанда маңызды әрі философиялық мәні бар нәрселер жайлы, ал тарих жалпы халық жайлы айтады» [1, 67–68 б.].

Әдебиет зерттеушісі, ғалым Қ. Алпысбаев: «Әдеби теориялық және эстетикалық бағаның даму барысында қалыптасқан теориялық категориялар «көркем қиял» мен «көркемдік болжам» өнердің әр дәуірдегі даму процесінде күшті өзгерістерге түсетін құбылыс екені белгілі. Көркем қиял – дүниені өнерде, өнер әлемінде бейнелі түрде танудың өзіндік құралы. Өмірлік негіз бен көркедік қиялдың тоғысынан тұратын көрке образ өнер құбылысы болып табылады» деп атап өтеді [2, 72 б.]. Өнертанушы мамандардың айтуынша, қиял – суреткердің реалды шындықты дәл өмірдегідей, өмірді қаз-қалпында суреттеуден ауытқу құралы. Ал болжал – тарихи шындықты көп әсірелемей, негізін сақтай отырып суреттеу тәсілі [3].

Өнер табиғатының басты сипаты – ол көркем қиял. Сондықтан да жазушы өзінің шығармашылық қиялында жүйелі образ туғызуды, содан соң барып оны көркем бейнелеуге қажетті тәсілді таңдайды.

Егер жазушы өзінің шығармасына өмірде нақты болған тарихи тұлғаны кейіпкер етіп алған күннің өзінде, сол тарихи тұлғаның өмірдегі сипатын толық көшіріп алмайды. Оның басты қасиеттерін, өміріндегі үлкен әрекеттерін негіз ете отырып, өз прототипін көркемдік ізденістер арқылы жаңа әдеби тұлға жасайды. Зерттеуші ғалым З. Қабдоловтың: «Суреткер өзі жасаған көрке бейненің құны мен қасиетін қасаң қағидаға қарап белгілемейді, оның өмірдегі жанды дерегіне қарап бағалайды. Жазушыға тип жасау әрекетінің үстінде керегі – типтілік туралы «қисын емес, тірі мүсін – прототип» – деген пікірі ойымызды дәлелдей түседі [4, 103 б.]. Көркемдік болжал тарихи шығарма табиғатына етене жақын, алайда көбіне құжаттық шығармаларға тән болып келеді.

Материал және әдістер

Қазіргі уақытта көркем әдебиеттегі көркемдік шындық пен тарихи бейне мәселесін зерттеуге арналған жұмыстар жеткілікті. Зерттеу жұмысы әртүрлі методологиялық және теориялық жүйелі талдауды қажет етеді. Зерттеу еңбегі Н. Айтұлының «Сары қыз» поэмасындағы тарихи бейне және көркемдік шындық мәселесі сараланған. Мақалада дискурстық талдау әдісі пайдаланылды. Ұлттық-мәдени құндылықтарды танытатын концептерді зерделеу мақсатында салыстыру әдісі қолданылды. Нақты-аналитикалық, текстологиялық, эврико-герменевтикалық, тарихи-типологиялық, сипаттау әдістері қолданылды.

Нәтиже және талқылау

Қазақ даласында бақсы («шағатай» тілінде бақшы) деп ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай білетін, тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік сияқты ерекше қабілеті бар адамды атаған.

Бақсылық ұғымы ертедегі шаман дінінен сақталған. Тарихтағы бақсылардың пірі – Қорқыт. Бақсылар жайлы Ш. Уәлихановтың мынадай пікірі бар: «Бақсы - өзінің білімді, сиқырлы талантымен елден ерекше өзгеше биік тұрған адам! Ол ақын, күйші әрі сәуегей, сонымен бірге емші» [5, 139 б.], – дейді. Зерттеушілердің пайымдауынша, көп бақсының жын шақырғанда тартатыны «Қорқыт» күйі.

Қорқыттың шәкірті есімі алты алашқа мәлім болған, бақсылардың бірегейі – Қойлыбай бақсы. Тіпті ол туралы ел арасында бәйгеге қобыз қосқан деген аңыз бар.

Ұлтымыздың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, түсінде Қорқыт атадан бата алған қыпшақ Қойлыбай бақсы шамамен XIV ғасырдың аяқ шенінде өмірге келген. Оның атақты бақсы, тәуіп, сәуегей, қобызшы ретінде есімінің алты алашқа кеңінен танылған кезі – XV ғасырдың алғашқы ширегі. Ш. Уәлиханов Қойлыбайды «бақсылардың бақсысы әрі пірі» деп баға берген [5, 137 б.]. Ал Әлкей Марғұлан: «Қорқыттың қобзын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол – Қорқыттың шәкірті» деп жазады [6, 112 б.].

Қойлыбай бір үлкен бәйгеде қобзын қосады. Алдын ала жарыс басталатын жерге қобызды бір үлкен сексеуілге байлатады. Бәйге мәресіне келе жатқандардың шаңы көрінгенде, өзі қолына қылышын алып, сарын айтып, бақсылық ойынын бастайды. Тап осы мезетте бәйге аттары кеткен жақтан қатты қара дауыл тұрып, ысқырған қызыл жел соғады. Дауылдың ортасынан көп ұзамай бәйгеге қосқан аттар көріне бастайды. Ең таңғаларлық жағдай бәрінің алдында сексеуілге байланған Қойлыбайдың қобзы келе жатады. Осылайша Қойлыбай қобзын бәйгеге қосып бас бәйгені жеңіп алады.

Халық танымында көптеген аңыз арқауына айналған қобыз аспабы қасиетті саналады. Жұрт оны қолдарында ұстауға да қорыққан. Себебі, «қобызды тек бақсы сияқты ерекше сиқырлы қасиетке ие жандар ғана ұстайды» немесе «бұл көнеден келе жатқан киелі аспап адам тағдырына тікелей әсер етеді» деген түсінік қалыптасқан.

Дегенмен қазақ әдебиетінде қобыз арқылы өмірлік мұрат мақсатын танытқан тарихқа белгілі тұлғалардың бейнесі сомдалды. М. Жұмабаев өзінің шығармашылық ғұмырында «Қорқыт» және «Қойлыбайдың қобзы» поэмаларын жарыққа шығарды. Ақын «Қойлыбайдың қобзы» атты дастанын Ш. Уәлиханов зерттеулерін негізге ала отырып жазған.

Қойлыбайдың өзі батасын берген шәкірті Тілеп Аспанайұлы (1757–1820) Торғай даласында дүниеге келген. Тілеп Аспанайұлы халық арасында халық емшісі, көріпкел ретінде де танымал болған. Адамдарды емдеген қасиетті қара қобыз ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Оның артында «Толғау», «Аллам жар», «Бақсы» күйлері ұрпаққа мирас болып қалған. «Бақсы» күйі Қазақстан Республикасының мәдени алтын қорына енген.

Атақты қобызшының «Бақсы» күйі пайда болған туралы аңыз ақын Несіпбек Айтұлының «Тілеп пен Сары қыз» поэмасының сюжеттік желісіне арқау болды. Сонымен қатар Тілеп атты жас жігіттің айрықша тағдыры туралы осы аттас драма құрылған. Несіпбек Айтұлының «Тілеп пен Сары қыз» поэмасындағы сюжеттің басы Тілеп бақсының өмірінің соңғы сәттерінен басталған. Бұл сәтті ақын былайша суреттеген:

Қария сақал-шашын қырау жапқан,
Әйгілі Тілеп бақсы мынау жатқан.
Қобыздың шанағында шырқ үйіріп,
Дүниені оңды-солды мың аунатқан.
Береді сұм ажалдан суық хабар
Көз алды қоюланып, тұмандатқан.
Басында сүйеулі тұр қара қобыз,
Сарынын сан қиырға шығандатқан.
Тіршілік қашқан түлкі секілденіп,
Құйрығын көрсетеді бұландатқан [7, 186 б.].

Ақын қарт бақсының басында сүйеулі тұрған қара қобызға оқырман назарын аудартады. Қобыз бен бақсы егіз ұғым іспеттес. Бақсының бар құдіреті қобыздың сарыны екені шындық. Сондай-ақ қобыз ұлттық таным бейнесі. Ұлттың тарихын, қиындығы мен қасіретін қобыздың сарыны арқылы танытып, өзі де тани білген қазақ халқының көрегендігі ұрпаққа үлгі.

Поэмада соңғы бір апта қарт бақсының жағдайы белгісіз бір тұңғыық елеске еліткендей еді деп суреттеледі:

Бір жұма сандырақтың ілінгені,
Таң атып, күн батқаны білінбеді:

«Сары қыз, Сары қыз!..» – деп күбірледі,
Сөзді айтып жүрегiнiң түбiндегi.
Құдай-ау, кеше ме едi, бүгiн бе едi
Соңынан «Ағатайлап!» жүгiргенi? [7, 187 б.]

– деп жырлап келiп Сары қыз образын оқиғаға енгiзедi. Сары қыз Қойлыбай бақсының қызы. Шын есiмi – Бүлдiршiн, ел түр-түсiне қарай Сары қыз атандырып жiберген. Бұл тарихи шындық. Поэмада ақын Сары қыз туралы мынадай ойды бередi:

Бақсыны сарсаң қылған Сарықыз кiм?
Бiлгiңiз келiп отыр бәрiңiздiң.
Сыр едi сары алтындай бұғып жатқан
Түбiнде көптен берi жанымыздың.
Өлiнiң қобыз тартса жаны кiрген,
Қазақта Қойлыбайды бәрi бiлген.
Баға алған Қойлыбайдан бала бақсы –
Тiлеп те «жын жүгендеп, перi мiнген».
Болыпты Қойлыбайдың жалғыз қызы,
Аумаған үлбiреген сары гүлден.
Жұрт оны Сары қыз деп атап кеткен [7, 187 б.].

Айдалада тұңғыш рет Қойлыбай бақсыны кездестiрген Тiлеп қобыз үнiнiң адам жанын емдейтiн құдiреттiлiгiнiң куәсi болады. Оның сиқырлы үнi жас жiгiттiң жан-дүниесiн баурап алады. Қобыз тарту өнерiне бар ниетiн қойға Тiлеп Қойлыбай бақсының жанында қалады. Бақсымен және оның қызы Сары қызбен бiрге қобыз тартуды үйренуге тәуекел етедi. Сол арқылы өзi де адамдар жүрегiне жақсылық сыйлауға ұмтылады. Қарт бақсының өнерiн меңгеруге тырысады. Арада жылдар өтiп, Тiлеп пен Сары қыздың арасындағы достық таза, кiршiксiз махаббатқа айналады. Жас жiгiт те өз бетiнше ем-дом жасайтындай дәрежеге жетiп, ұстазынан жеке бөлiнiп шығады. Поэмада Тiлеп бақсының бата алып кетпек болған сәтiнде Қойлыбай бақсының оған айтқан сөзi былайша келтiрiледi:

Қойлыбай көзiн ашты қанталаған:
«Әй, бала, кетем дейсiң тiлек етiп,
Шолтандап қысқа жiптiей келте ораған.
Үш-ақ жыл болды маған ергенiңе,
Кекiлiң сүзiлген жоқ жел тараған.
Көнбедiң айтқаным, амал қанша,
Ала ғой керегiңдi қолқалаған.
Жортқанда жолың болсын, мына қобыз –
Сыңарым едi жастан арқалаған.
Өлгенше өзiмдей көр, көзiмдей көр,

Қысылсаң панаң болсын қалқалаған!
«Арымас баталы құл!» деген сөз бар,
Аман жүр қарақшыдан ел тонаған.
Жынымнан нөкер қосып жiберер ем,
Көнбей түр сенiң жының шалқалаған.
Манадан арпалысып жеңiспедi,
Бiр-бiрiн ақ пен қара паршалаған...»
Баға алып Қойлыбайдан Тiлеп кеттi [7, 188 б.].

Бiрiн-бiрi қимай қоштасқан қос ғашық ұзақ уақыт бiрiн-бiрi көре алмайды. Тiлеп әкесiмен бiрге алыс жолға аттанады. Ал Сары қыздың тағдыры кейiн үлкен трагедияға айналады.

Қойлыбай өлгеннен соң Сары қызды
Жүгiрткен ерiккен жұрт әрбiр сакқа.
Өсектiң өрттей қаулап бiр аңызы,
Даланың дүбiрледi құла дүзi:
«Қойлыбай жын-перiмен әуейi боп,
Туыпты, – дестi, – содан мына қызы.
Перiлер бала жастан дуалады,
Бұдан да талай пәле туады әлi.
Ертерек құтылмасақ болмайды...» – деп,
Ит қосып, көрген ауыл қуалады.
Кетiптi содан берi елден безiп,
Секiлдi түздiң жалғыз дуадағы [7, 189 б.].

Осылайша жалғыз қалған Сары қыздың ендiгi жалғыз серiгi әкесiнен қалған қара қобыз болады. «Жалғанда жан күйiмдi түсiнетiн, Әкемнен қалған қара қобыз!» – деген Сары қыздың күйiнiшiн беретiн тұстан жалғыздық сарыны көрiнедi. Қаршадай қыздың басындағы ауыр жағдай өз ортасындағы адамдардың қатыгездiгiнен орын алып отыр. Аз ғана топтың кесiр сөзiнен бүтiндей ел Сары қызға үрке қарап, iргелерiн аулақ салған. Образ басындағы осы сәт психологизм иiрiмдерi арқылы жанды суреттелген. Барар жер басар тауы қалмаған қыздың ендiгi арманы Тiлептi жолықтыру болған едi. Автор осы тұста «Дауылға қарсы тұрып тайталасқан, Қайықтай қалтылдады теңiздегi» деп қыздың бүтiндей бiр ортаға қарсы тұрғанын көрсеткен. Өзi өмiр сүрген орта оны сыртқа тептi. Бұл кейiпкер басындағы трагизм. Оның шарасыз жағдайы. Осы сәттен оны Тiлеппен кездесуi құтқарады.

Жеткiзiп Жаратушы тiлегiне,
Жолықты ойда жоқта Тiлебiне.
Жұлдыздай бұлттан шыққан жарқырады,
Байқалмас – қайғырды ма, жүдедi ме:
«Ойлаушы ем жан екем деп сорым қалың,

Бар екен ашылар күн менің бағым.
Көп еді көрген қорлық, тартқан азап,
Ағажан, ұмыттырдың соның бәрін.
Ұстадым етегіңнен өле-өлгенше,
Қай жаққа бастасаң да соңындамын...» –
Деді де сәл күрсініп үнсіз қалды [7, 190 б.].

Бір сәт оның өміріне жарық кіреді. Қараңғы түнектен шығады. Шығармадағы контрасты оқиғалар сюжетті дамытып, тартысты ширықтыра түседі. Әділдік пен әділетсіздік, бақыт пен бақытсыздық бір-бірінің орнын тез ауыстырады. Бұл жағдай поэманың романтикалық сипатын арттырады. Тілеп пен Сары қыздың арасындағы кіршіксіз махаббаттың өрбуі екеуін нағыз бақыт иесіне айналдырады.

Тілептің мына сөзге мейірі қанды:
«Бірге ойнап, қатар өстік бала күннен,
Өзіңді бақытыма баладым мен.
Үлбіреп үкідей боп отырушы ең,
Сездіріп жан сырыңды қабағыңмен.
Өмірде пендеде арман болмас, сірә,
Көңілі қалағанын таба білген.
Шын сүйген шақырмай-ақ өзі келмек,
Армандап аңсағанын көзі көрмек.
Шыққанда өзінді іздеп кім ойлаған
Ақкөлдін жағасынан кезігер деп?»
«Нұр жауар, – деген сөз бар, – талаптыға»,
Күн шығып, үмітсізге таң атты ма?
Түспейді мен тұрғанда бір тал шашың,
Өлгенше қақтырмаспын қанаттыға!» – [7, 192 б.].

Бірақ екеуінің бірге болғаны айналадағы адамдардың оларға деген көзқарасын тіпті ушықтырып жіберді. Ешкімге қиянаты жоқ, тек әсемдікті аңсаған қос ғашық жайлы «Көрінді құбыжық боп білген елге, Дауа жоқ, – деп шуласты, – жын дегенге!» ел көзқарасы осындай болды. Бірақ кейбір адам баласы қабылдай алмаған қобыз сарының табиғат әлемі құп алған:

Арқаны әлдилеген қобыз күйін
Тыңдады аспанда құс, суда балық.
Күн шықса күлімдеді жердің беті,
Тұнығы мөлдіреген сырға қанып.
Түн болса ай сәулесі аймалады,
Ақкөлді аппақ сүгтей нұрға малып [7, 194 б.].

Автор поэма образдарының жанын жабырқататын түн түнегін осы сәтте бір сырып тастайды. Трагизм лиризмге ұласқан. Өмір осылай бақытты

сәттен тұра бермейтіні өкінішті. Сары қыз кісі қолынан қаза тапты. Артында зар жылап Тілеп қалды. Көлдін жағасында қобыз тартып отырған қызды әлдекім садақпен атып өлтіреді.

Қамыстың арасынан баспалап кеп,
Шірене тартты біреу сұр жебені.
«Алла!» деп ышқынды да құлап түсті;
Қобыз да тына қалды, үндемеді.
Кім атты, кім атқызды – құдай білсін,
Қуә жоқ, қу далада кім көреді?
Кінәсіз қыздың қаны көл боп ақты,
Жебенің тиген жері жанға батты.
Қарқылдап қасіреттің қарғалары,
Таласып қызыл қанның дәмін татты [7, 196 б.].

Осылайша өз ортасынан қуғын көрген Сары қыз өлімді де өз ортасынан көреді. Тілепті күтіп, аласұрған көңіл, қалың ой, оның тағдырына алаңдау, ішкі толғанысы, жан дүниесіндегі қобалжу, жанашырлық, аяушылық сезімі психологиялық параллелизммен ұштасқан. Өткенге өкініші бар қыздың санасында ешкімге реніш жоқ. Қанша айналасы зар жылатса да, зорлық-зомбылық көрсетсе де ешкімге кектену жоқ. Ешкімге лағынет айту жоқ. Бұл жан тазалығы, рухани тазалық. Автор дегеніне жеткен. Биік өнер иелері таза кіршіксіз махаббатқа иелік етті, бірақ дүниедегі жамандық атаулы алдында дәрменсіз күй кешті. Дегенмен өнер мәңгілік.

Кейіпкерлердің психологиялық жағдайына терең бойлау, көңіл-күй, сезім сипаттарының сыршылдықпен суреттелуі жағынан лирикалық-психологиялық поэма жанрына да жақындайды. Поэмада оқиғалардың тарихи хронологиялық жүйесі сақталынбағанымен, кейіпкер іс-әрекетін, тарихи сюжеттерді жырлау үрдісінде әсірелеу байқалмайды. Аталған дастанға тән ерекшелік – ақынның тақырыпты, тарихи материалдарды әрқалай меңгеруі, тарихи тұлғаға деген ұстаным, сол дәуірді бағалау, поэтикалық ізденістер.

Тарихи поэма жазу ақыннан аса жауапкершілікті, шынайылықты, тарихи танымдылық пен эстетикалық талғамды, дәйектілік пен дәлдікті қажетсінеді. «Поэт читает хроники, историю, поверяет, соображает, сдружатся с избранной эпохой, с избранными лицами... Ему нужны некоторые черты эпохи. Он в праве делать пропуски, неважные анахронизмы, вправе нарушать фактическую верность истории, потому что ему нужна идеальная верность». В. Г. Белинский тарихи шығармадағы ақынға қажетті алғышарттарды ерекшелейді [8, 132 б.]. Ақын Тілеп бақсының аруағын, қадір-қасиетін асқақтатады. Ақын дастанға біраз аңыз, деректер пайдаланған. Ел арасынан Тілеп бақсы жайлы жазып алған мұраларды екшеп енгізген.

Қорытынды

Ақын халықтық психологизм иірімдерімен Тілеп бақсы бейнесін өмір шындығына сай үйлестіре сомдайды. «Сары қыз» поэмасында реалистік арна да, романтикалық леп те, психологиялық тереңдік те бар. Біріншіден, ол тарихи дерек көздері мен аңыздар аясында жазылған. Екіншіден, Тілеп бақсының тарихи оқиғалар тартысындағы мінез-қылығы, жандүниелік толғанысы ашылған. Романтикалық сарын ақынның сол заманды асқақ дәріптеуінен ғана емес, Тілеп пен Сарықыз бейнесін сүйіспеншілікпен сипаттауынан да сезіледі. «Романтикалық кейіпкерді жеке басының күшті, терең әсерлілігімен айналасындағыларға қаншалықты ықпал ететіндігінен білуге болады» [9, 143 б.].

«Сары қыз» поэмасындағы романтикалық сарын екі жастың бір-біріне деген сүйіспеншіліктен әрі өнерді, әділдікті, жан азаттығын, тәуелсіздігін аңсаған мұраттарымен тығыз ұштасқан.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Аристотель.** Поэзия өнері жайлы. – М. : Гослитиздат. 1957.
- 2 **Алпысбаев, Қ.** Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – А. : «Таймас» баспа үйі. 2008. – 232 б.
- 3 **Мотяшов, И. П.** Жизненная правда и художественный вымысел. – М. : Искусство, 1960. – 70 с.
- 4 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – А. : «Санат» баспасы. 2003. – 528 б.
- 5 **Уахатов, Б.** Қазақтың халық өлеңдері. – А. : Ғылым, 1974 – 288 б.
- 6 **Марғұлан, Ә.** Ежелгі жыр, аңыздар. – А. : Жазушы, 1985 – 368 б.
- 7 **Айтұлы, Н.** Өлеңдер мен поэмалар. А. : Өлке, 2008. – 256 б.
- 8 **Кричевская, Л. И.** Портрет героя. – М. : Аспект-Пресс, 1994. – 186 с.
- 9 **Белинский, В. Г.** Полное собрание сочинений. Т. 11. – М. : Издательство АН СССР, 1953. – 768 с.

References

- 1 **Aristotel.** Poeziya öneri jaily. [Aristotle. About the art of poetry]. Moscow: Goslitizdat. 1957.
- 2 **Alpysbaev, Q.** Qazaq ädebietindegi tarihi şyğarma: tanym jäne körkemdik. [Alpysbaev K. historical work in Kazakh literature: cognition and art]. – А. : Taimas publishing house. 2008. – 232 p.
- 3 **Мотяшов, И. П.** Jiznennaya pravda i hudojestvennyj vymysel. [Motyashov I. P. Zhiznennaya pravda i khudozhestvennyj vysl]. – М. : Iskusstvo, 1960. – 70 p.
- 4 **Qabdolov, Z.** Söz öneri. [Kabdolov Z. art of words]. – А. : Publishing House «Sanat». 2003. – 528 p.

5 **Uahatov, B.** Qazaqtıñ halıq öleñderi. [Uakhatov B. Kazakh folk poems]. – А. : Nauka publ., 1974. – 288 p.

6 **Margūlan, Ä.** Ejelgi jyr, aңызdar. [Margulan. B. ancient myths and legends]. – А. : writer, 1985. – 368 p.

7 **Aitūly, N.** Öleñder men poemalar. [Aituly N. poems and poems]. А. : Olka publ., 2008. – 256 p.

8 **Krichevskaya, L. I.** Portret geroya. [Krichevskaya L. I. Portrait of a hero]. – М. : Aspect-Press, 1994. – 186 p.

9 **Belinskii, V. G.** Polnoe sobranie sochinenii. [Belinsky V. G. Complete collection of works. Vol. 11. – М. : Publishing House of the USSR Academy of Sciences]. 1953. – 768 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

А. А. Алтаев

Евразийский Национальный Университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

**ИСТОРИЧЕСКИЙ ОБРАЗ И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ РЕАЛЬНОСТЬ
В ПОЭМЕ Н. АЙТУЛЫ «САРЫ ҚЫЗ»**

В статье проанализировано соотношение исторических и художественных произведений, мнение исследователей по данной проблеме. В процессе развития теоретических и эстетических цен на литературу были затронуты вопросы о том, что теоретические категории «художественная фантазия» и «художественный замысел» являются явлением сильных изменений в процессе развития искусства в разные периоды, а также о том, что исторические факты в художественном произведении стали художественной реальностью.

Были проанализированы тематико-идейные особенности поэмы Несипбека Айтұлы «Сары қыз» образы, сюжетный развития. Раскрыты психология души о жизни и судьбе знаменитых кобызистов Корқыта, Койлыбая, Тілеп. На основе поэмы были всесторонне изучены мотивы кобыза и судьбы человека, единство природы и человека. Поэтические поиски, художественные подходы в поэме рассматривались как стилистическая особенность поэта.

Рассмотрено мастерство автора в создании исторического образа, раскрыты его собственные художественные приемы. Изучена историческая основа событий поэмы, а также изучена путь

превращения материала в художественное произведение. Стержнем мысли стало то, что писатель проявил свое художественное мировоззрение, балансируя художественное воображение и реальность жизни. Рассматривались мастерство автора и поэтические достижения произведения в проявлении взаимосвязи художественного решения и исторической действительности.

Ключевые слова: художественная реальность, исторический факт, психологизм, мотивы кобыза, поэтические поиски, воображение, мастерство.

A. A. Altaev

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan

Material received on 16.03.21.

HISTORICAL IMAGE AND ARTISTIC REALITY IN N. AITULY'S POEM «SARY KYZ»

The article analyzes the ratio of historical and artistic works, the opinion of researchers on this problem. In the process of development of theoretical and aesthetic price of literature was raised that the theoretical category of «artistic imagination» and «artistic outlook» are a phenomenon of strong changes in the development of art in different periods and that the historical facts in fiction are a reality.

They analyzed the thematic and ideological features of nesipbek Aituly's poem «Sary Kyz», the system of images, and the plot channel of development. About the life and fate of the famous Korkyt kobyz players, Colaba, Tlep, their psychological soul revealed. On the basis of the poem, the motives of kobyz and the fate of man, the unity of nature and man were comprehensively studied. The search for the poetic, artistic approach to the poem was regarded as a stylistic feature of the poet.

The author's skill in creating a historical image was demonstrated, and his own artistic signature was revealed. The historical basis of the events in the line of the poem is analyzed, and the way to become the material of the work is studied. The idea that the writer, balancing the artistic imagination and the reality of life, expresses his own artistic worldview has become the core of his thoughts. The author's skill and poetic achievements in demonstrating the relationship between artistic decision and historical reality were considered.

Keywords: artistic reality, historical fact, psychologism, kobyz motif, poetic search, fantasy, skill.

МРНТИ 16.21.07

<https://doi.org/10.48081/YLMU3748>

***А. Ж. Анесова¹, С. В. Оленев², Г. Ж. Анесова³**

¹Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Кемеровский государственный университет,
Российская Федерация, г. Кемерово;

³СОШ имени К. Бекхожина, Республика Казахстан, г. Павлодар

ЛИНГВОПЕРСОНОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНСКИХ ПОЛИТИЧЕСКИХ ИНТЕРНЕТ-КОММЕНТАРИЕВ

Статья выполнена при поддержке гранта МОН РК, проект АР08053314 «Проблема формирования ценностной национальной картины мира в условиях модернизации общества и государства (на материале казахстанского обыденного политического дискурса)», № 607 от 19.08.2019 г.

В последние годы большой интерес привлекает интернет коммуникация. Многие начали увлекаться чтением интернет-комментариев, большинство онлайн читателей интересуются чтением казахстанских политических текстов и комментариев к ним. Анонимность комментатора, позволяет ему в полной мере показать и раскрыть свой лингвоперсоналогический подход к читаемому тексту. Целью данной работы является изучение лингвоперсоналогического подхода на примере казахстанского политического дискурса, а также имеет большое значение для решения многих проблем лингвистики, а именно: формирования языка, его происхождения, мотивации языкового знака, характера связи между понятием и словом. Дискурс имеет как повседневное использование, так и более техническое использование. Результаты обобщенного анализа служат основой для углубления таких исследований и распространения их на другие языки. Проведенное исследование интернет-комментарий вносит определенный вклад в общую теорию современной лингвистики, практическую лексикографию. Оценка различных подходов к дискурсу также продвигает эту область вперед методологически. Исследование показывает, что известные дискурсивные центры организуют

сетевую публику для проведения опроса. Реагируя на социокультурный поворот литературы, это исследование обосновывает теоретизацию политических связей с общественностью на практике.

Ключевые слова: лингвоперсоналогический подход, политический дискурс, устная речь, политики, интернет-комментарии.

Введение

Актуальность исследования определяется коммуникативной значимостью и частотой использования политической лексики в современном казахском языке, на примере политического интернет-комментария, степенью ее представленности в национальной картине мира и, прежде всего, в разговорной и повседневной стилистике казахского языка. Цель исследования – комплексно исследовать теоретические и методологические основы изучения политического дискурса в современной лингвистике в целом и на материале современного казахского языка в частности. Основным методом является метод систематического изучения и описания языков и культур, который является основой для всестороннего изучения языка как выражения культурных ценностей, а также структурный метод, используемый в методе компонентного анализ, который включал в себя разложение значений на мельчайшие базовые компоненты смыслового содержания слов.

Объект исследования: объектом исследования являются политические интернет-комментарии.

Предмет исследования: предметом исследования является лингвоперсоналогический подход.

Цель исследования: целью исследования является выявление лингвоперсоналогического подхода на материале казахстанского политического дискурса.

Материалы и методы исследования

Наличие множества проведенных исследований, где языковая личность находится на главном месте, определило появление отдельного направления в современной лингвистике – лингвоперсоналогический подход, он имеет объект, предмет, разрабатывающую гипотезу, идущие к цели и использующие методологию изучения [1].

Развивающаяся разработка лингвоперсоналогии как теории языковой личности в лингвистике началось с изучения языковой личности. Первым о становлении нового направления заявил В. П. Нерознак в статье «Лингвистическая персоналогия: к определению статуса дисциплины» [2].

Лингвоперсоналогический подход исследований представляет собой собственно науку о личности – персоналогию и развивается в теоретико-методологическом и конкретно описательном плане. Первым об этом

изучении заложил своим изучением ученый В. В. Виноградов, изучавший образ автора и описывавшего: «Образ автора – это индивидуальная, словесно-речевая структура, пронизывающая строй художественного произведения и определяющая взаимосвязь и взаимодействие всех его элементов» [3]. В дальнейшем эта теория языковой личности перешла на новый уровень отвлеченности и раскрывает модели языковой личности. Это конкретизирует свои усилия на комплексном изучении человека в языке, его гендерных, профессиональных, ментально-психологических языковых особенностях.

Термин «языковая личность» впервые был введен В. Виноградовым в 1930 году. Позже этот термин был рассмотрен Ю. Н. Карауловым в 1987 году. По его словам, языковая личность – это совокупность навыков и характеристики человека, определяющие как они создают и понимают речевые события и тексты. Он включает 3 уровня (семантический, лингвокогнитивный, мотивационный) и является «составным и многокомпонентный набор навыков и умений, которые делают и готовы к выполнению речевых актов разной степени сложности. Это выражается в языке (текстах) и переданы с помощью языка» [4].

В устном политическом дискурсе спикеры часто приостанавливают производство возникающего предложения или предложения и переходят ко второй синтаксической структуре, за которой после ее завершения следует возобновление исходной структуры. В этой статье обсуждаются дискурсивные интернет-комментарии политиков и показано, как они систематически используются ими в качестве средства выражения своей позиции в процессе создания структуры, ориентированной на сообщения, и, таким образом, для переплетения информации об установках и основного сообщения в одно высказывание.

Так же политики в своих комментариях используют понятие невежливость – это обычное явление в политических дискуссиях в Интернете, но эффекты невежливости во время таких дискуссий в значительной степени не исследованы. Мы провели серию экспериментов, чтобы изучить влияние политической невежливости на рейтинги рациональных аргументов и оценки внешней политической группы. Мы увидели, что невежливость в политических обменах имеет большое и негативное влияние на восприятие степени рациональной аргументации, присутствующей в дискуссиях, даже в условиях с относительно более сильным уровнем аргументации.

Недавние исследования сосредоточены на анализе комментариев, генерируется читателями новостных онлайн-статей. Эти исследования исследуют роль дискурсивных пространств, вовлечение пользователей на публичные платформы и их перспективы. Из этого следует, что дискурсивные стратегии, используемые читателями на форумы обратной связи с новостями и как новостные статьи влияют на мнение. Видно, что к каждой

политической статье очень много комментариев читателей, прикрепленных к онлайн-новостям, большинство, где сообщается о социально-политических положениях Казахстана. Читатели являются социальными субъектами, которые формируют дискурсивное онлайн-сообщество, чтобы влиять на социальные установки и мнение. Эти читатели также делятся информацией, основанной на социальных обстоятельствах или социально-политических контекстах. Три идеологические стратегии, определенные Ажібоуе [5], заключаются в том, что читатели, рассматриваемые как социальные комментаторы, используют гиперболу, приводящую к обобщению и поляризации. Можно сделать и другие выводы из комментариев читателей политической дискуссии, также отражает точку зрения читателей на политические изменения и экономическую стабильность. Это показывает, что читатели в Интернете с нетерпением ждут политическое изменение лингвоперсоналогического подхода в политической сфере. Такие факторы, как смерть, болезнь, возраст и выход на пенсию, упоминаются много раз.

Результаты и обсуждение

Аудитория СМИ действует как новостные агенты и генерируют новости для себя. В СМИ задают повестку дня для обсуждения политических и экономических вопросов, а читатели далее обсуждают эти политические и экономические вопросы. Эти интернет-комментаторы вовлекают в себя политический дискурс, «поощряя качественные дебаты и ценность обмена информацией» [6]. Исследователи обнаружили, что у читателей несколько точек зрения. Однако некоторые из их перспективы нестабильны и могут измениться в зависимости от изменения медиа-дискурса. Этот документ показывает, что СМИ прямо или косвенно влияет на рассуждения или мысли читателей. Редакторы газет считают, что политические взгляды читателей поляризованы на фоне политических различий. Некоторые из комментаторов интерпретируют политические и экономические вопросы под влиянием их политических интересов, а не на рациональный взгляд на политические и экономические вопросы. Читатели используют общественный форум для ведения политических баталий между друг другом и здесь мы можем увидеть лингвоперсоналогический подход комментатора.

Давайте рассмотрим пару интернет-комментариев из политических статей. Статья Олжас Ахмет Нура от 12 февраля 2021 года, «Численность населения Казахстана в 2020 году выросла на 245 тысяч человек», к этой статье было написано 41 интернет-комментарий. Обратим свое внимание на речь интернет-комментатора, под ником Служивый. «Это радует. Главное, чтобы государственная политика в отношении молодежи у нас была правильной и грамотной! Каждый из них должен быть обучен, обеспечен и занят должным делом! Тогда наша страна станет сильнее, богаче и займет

достойное место в мире!» [7]. Здесь мы видим лингвоперсоналогический подход комментатора, который действительно рад за будущее своей страны, за молодежь и мы видим как он искренне описывает свое мнение, то есть можно уловить персонализацию данной личности.

Следующий интернет-комментарий, к статье Олжас Ахмета, от 3 февраля 2021 года «Чаще говорить на казахском попросил Аким Павлодарской области чиновников», написано 42 комментария. Комментатор под ником Гуляпавлодар «Павлодар облысы ковид бойынша неге алда келе жатыр, уайымдайтын проблема осы дәл қазір» [8]. «Почему Павлодарская область находится впереди по ковид, на данный момент это та тема, о которой нужно беспокоиться» (перевод Анесова А. Ж.). Здесь мы видим недовольство читателя, она считает, что сейчас на главном месте проблема Ковида, карантин, тем более, что Павлодарская область почти все время находилась в «красной зоне», а не о том, на каком языке должны говорить в большей степени чиновники. Как считаем мы, на наш взгляд, во время пандемии, гражданин, должен оставаться гражданином своей страны, быть персоной и говорить на своем родном языке.

Выводы

Исследователи извлекли несколько политических и экономических темы из комментариев читателей и выяснили, что читатели хотят комментировать политические или экономические вопросы, которые влияют на их повседневную жизнь. Политические и экономические темы извлечены и варьируются от их политической принадлежности. Политическая принадлежность читателей также влияет на их отношение, поведение и понимание таких вопросов, как экономические вопросы, коррупция, и национальное развитие в Казахстане. В этой статье отмечается, что политический дискурс в Интернете - это отражение реальных политических и экономических событий в нашем государстве и в общественной сфере. Общий обзор заключается в том, что лингвоперсоналогический подход читателей информативен и может помочь понять глубину некоторых политических и экономических проблемы. Хотя их комментарии поляризованы, читатели обсуждают и создают дополнительные новости для себя и они полезны для анализа.

Список использованных источников

- 1 **Иванцова, Е. В.** Проблемы формирования методологических основ лингвоперсоналогии // Вестник Томского государственного университета. – 2008. – № 3 (4). – С. 27–43.
- 2 **Нерознак, В. П.** Лингвистическая персоналогия: к определению статуса дисциплины // Сборник науч. трудов Моск. гос. лингв. ун-та. – М., 1996. – Вып. № 426. Язык. Поэтика. Перевод. – С. 112–116.

3 **Виноградов, В. В.** Избранные труды. О языке художественной прозы. М. : Наука, 1980. 362 с.

4 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. – М. : Наука, 1987. – 263 стр.

5 **Ajiboye, E.** 2013. Ideological Discourse Analysis of the Functions of Feedback Comments on Online Reports of Socio-political Crises in Nigeria. From< <http://dspace.covenantuniversity.edu.ng/handle/123456789/223>> (Retrieved on 8 June 2014).

6 McMillan SR. Threads of Deliberation : A Textual Analysis of Online News Comments. – Ohio: Ohio University, 2013.

7 [Электронный ресурс]. – <https://politics.nur.kz/1898687-cislennost-naseleniya-kazaxstana-v-2020-godu-vyros-la-na-245-tysyac-celovek.html>.

8 [Электронный ресурс]. – <https://politics.nur.kz/1897048-case-govorit-na-kazahskom-poprosil-akim-pavlodarskoj-oblasti-cinovnikov.html>.

9 **Ахатова, Б. А.** Политический дискурс и языковое сознание: Монография. Алматы : Экономика, 2006. – 302 с.

10 **Алдашева, А. М.** Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 с.

References

1 **Ivancova, E. V.** Problemy formirovaniya metodologicheskikh osnov lingvopersonologii [Ivantsova E.V. Problems of forming the methodological foundations of linguistic personalology] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2008. – No 3 (4). – P. 27–43

2 **Neroznak, V. P.** Lingvisticheskaya personologiya: k opredeleniyu statusa discipliny [Neroznak V. P. Linguistic personalology: towards determining the status of a discipline]. Sbornik nauch. trudov Mosk. gos. lingv. un-ta. – М., 1996. – Вып. No 426. Язык. Poetika. Perevod. P. 112–116.

3 **Vinogradov, V. V.** Izbrannye trudy. O yazyke hudozhestvennoj prozy. [Vinogradov V. V. Selected works. About the language of fiction]. – М. : Nauka, 1980. – 362 p.

4 **Karaulov, Yu. N.** Russkii yazyk i yazykovaya lichnost [Yu. N. Karaulov Russian language and linguistic personality]. – М. : Nauka, 1987. – 263 p.

5 **Ajiboye, E.** 2013. Ideological Discourse Analysis of the Functions of Feedback Comments on Online Reports of Socio-political Crises in Nigeria. From< <http://dspace.covenantuniversity.edu.ng/handle/123456789/223>> (Retrieved on 8 June 2014).

6 McMillan SR. Threads of Deliberation : A Textual Analysis of Online News Comments. – Ohio : Ohio University, 2013.

7 [Electronic resource]. – <https://politics.nur.kz/1898687-cislennost-naseleniya-kazaxstana-v-2020-godu-vyros-la-na-245-tysyac-celovek.html>.

8 [Electronic resource]. – <https://politics.nur.kz/1897048-case-govorit-na-kazahskom-poprosil-akim-pavlodarskoj-oblasti-cinovnikov.html>.

9 **Akhatova, B. A.** Politicheskii diskurs i iazykovoe soznanie: [Akhatova B.A. Political discourse and linguistic consciousness]. Monografiia. Almaty: Ekonomika, 2006. 302 s.

10 **Aldasheva, A. M.** Audarmatanu: lingvistikalық және lingvomәдени мәселелер. [Translation case: linguistic and linguocultural problems] – Almaty, 1999. – 161 s.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

А. Ж. Анесова¹, С. В. Оленев², Г. Ж. Анесова³

¹Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Кемеров мемлекеттік университеті,

Ресей Федерациясы, Кемеров қ.;

³Қалижан Бекхожин атындағы ЖОББМ,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЯСИ ИНТЕРНЕТ-ШКІРЛЕРІ АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕТІН ЛИНГВОПЕРСОНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ

Соңғы жылдары Интернет-байланыс үлкен қызығушылық тудырды. Көбісі Интернеттегі түсіндірмелерді оқуға араласа бастады, Интернеттегі оқырмандардың көпшілігі қазақстандық саяси мәтіндер мен оларға түсініктемелер оқуға қызығушылық танытады. Комментатордың жасырын болуы оған оқылатын мәтінге өзінің лингво-персоналогиялық көзқарасын толық көрсетуге және ашуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың мақсаты – қазақстандық саяси дискурс мысалын қолдана отырып, лингво-персоналогиялық тәсілді зерттеу, сонымен қатар лингвистиканың көптеген мәселелерін шешу үшін үлкен маңызға ие, атап айтқанда: тілдің қалыптасуы, оның шығу тегі, лингвистикалық уәждеме ұғым мен сөздің арасындағы байланыс сипаты. Дискурстың күнделікті қолданылуы да, техникалық қолданылуы да бар. Жалтыланған талдау нәтижелері мұндай зерттеулерді тереңдетуге және оларды басқа тілдерге таратуға негіз болады. Жүргізілген зерттеу Интернет-түсіндірмесі қазіргі лингвистиканың, практикалық лексикографияның жалпы теориясына белгілі үлес қосады. Дискурсқа әр түрлі тәсілдерді

бағалау да осы саланы әдістемелік тұрғыдан алға жылжытады. Зерттеулер көрсеткендей, белгілі дискурс орталықтары сауалнама жүргізу үшін әселілік қоғамдастық ұйымдастырады. Әдебиеттің әлеуметтік-мәдени бетбұрысына жауап ретінде бұл зерттеу іс жүзінде саяси қоғамдық қатынастар теориясын негіздейді.

Кілтімі сөздер: лингвоперсоналогиялық тәсіл, саяси дискурс, ауызекі сөйлеу, саясаткерлер, интернет-пікірлер.

A. Zh. Anessova¹, S. V. Olenev², G. Zh. Anessova³

¹Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²Kemerovo State University,
Russian Federation, Kemerovo;

³Secondary School named after K. Bekkhozhin,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 16.03.21.

LINGUOPERSONOLOGICAL APPROACH ON THE EXAMPLE OF KAZAKHSTAN POLITICAL INTERNET COMMENTS

In recent years, Internet communication has attracted great interest. Many have started to get involved in reading Internet commentaries, the majority of online readers are interested in reading Kazakhstani political texts and commentaries to them. The commentator's anonymity allows him to fully show and reveal his linguo-personalological approach to the text being read. The purpose of this work is to study the linguo-personalological approach using the example of Kazakhstan political discourse, and is also of great importance for solving many problems of linguistics, namely: the formation of a language, its origin, the motivation of a linguistic sign, the nature of the connection between a concept and a word. Discourse has both everyday uses and more technical uses. The results of the generalized analysis serve as a basis for deepening such studies and disseminating them to other languages. The conducted research Internet commentary makes a certain contribution to the general theory of modern linguistics, practical lexicography. Evaluating different approaches to discourse also pushes this area forward methodologically. Research shows that well-known discourse centers are organizing a networked public to conduct a survey. In response to the sociocultural turn of literature, this study substantiates the theorization of political public relations in practice.

Keywords: linguopersonological approach, political discourse, spoken language, politicians, internet comments.

IRSTI 16.21.27

<https://doi.org/10.48081/DMYU3440>

***K. A. Ashinova¹, D. S. Sharginova²**

¹Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

CHARACTERISTIC FEATURES OF DIPLOMATIC TERMS

The article provides a brief description of word formation and its features in the diplomatic language. The terminology is the main layer of the scientific vocabulary, it develops and matures in accordance with the level of development of science and technology. The changes in the development of society significantly affect their transformation and replenishment. The sphere of diplomacy directly depends on social factors in society, it has a sectoral nature. In this article we also described the social aspects and concepts of the language. The diplomatic terminology is a system of linguistic units that form a series of semantic groups and define the relationship between scientific concepts and extra linguistic situations. The article widely explores the main lexical and grammatical features of diplomatic terms. There are many international words in the language of diplomatic correspondence, and their features and structure have been discussed here. The article was prepared on the basis of written sources and literature.

Keywords: word formation, terminology, meaning, concept, polysemantic word, borrowed word, diplomatic language, diplomatic relations, diplomatic correspondence.

Introduction

The common features of many terms in science are also characteristic to diplomatic terms. The diplomatic term is formed according to general rule of word formation striving to have terminological meaning and to be stylistically neutral. The main lexical and grammatical features of diplomatic terms can be summarized as follows: the place of diplomatic terms in the national lexicon, the semantic expansion or contraction, the connection with other science terms, the similarities and differences, the synonymous, homonymous and antonymous features and the relations of lexical meanings to the expression of diplomatic concepts.

The ways of diplomatic term formation are determined on the one hand by the law of national lexicon, on the other hand by the concept meaning and some composition of terms. The similarity of the basic concept and terminological concept signs determines similarities and differences of units that have both the term and word meanings, and reflect to the peculiarities of the lexical and terminological word meanings.

In the field of diplomatic terminology, many borrowed terms have their own terminological meanings. In English the formation of terminological meanings is the same as the formation of ancient words, however, diplomatic terms have also different meanings, but their terminological or non-terminological meanings are determined by contexts. The combined English diplomatic terms are translated into Kazakh language in the form of terminological phrases.

The object of the research: the terms and phrases of the language of diplomacy.

The subject of the research: the formation of diplomatic terms, their linguistic characteristics, the general principles and patterns of their formation.

The aim of the research: to identify the similarities and differences in the development of diplomatic terms.

The objectives:

- to indicate the areas of active use of diplomatic terms;
- to determine the ways of diplomatic term formation.

Results and Discussion

The diplomatic terms are usually used in the following fields of the internal and external politics and cover legal and economic spheres:

1 Political science:

- a) the diplomacy, e.g. **consul general**, **дипломатиялық** *diplomatic privilege and immunities, diplomatic corps, consular agent, peace-making diplomacy, ambassador-at large, multilateral diplomacy, etc.*;
- b) the foreign and domestic policy, e.g. «good neighbour» *policy, political prescience, political liberties, political blackmail, olicity of go-it-alone, etc.*;
- c) the international political movements, e.g. *anti-recessionary policy, radical movement, political consultant, anti-war movement, international working-class, anti-nuke rally, etc.*;
- d) the parliamentary activity, e.g. *hung parliament, meeting of parliament; parliamentary election, cross-bencher, etc.*;
- e) the party 'breath', e.g. *Democratic Party (Great Britain), Conservative Party (USA), opposition party, party leader, etc.*;
- f) the military operations, e.g. *military adviser, War Cross (Great Britain), military forces, menace of war, war prisoner, regular troops, nuclear disarmament, etc.*

2 Law:

- a) the civil criminal law, e.g. *intended breach of the law, criminal case, law proceedings, treaty of extradition, amendment procedure, etc.*;

- b) the state law, e.g. *laws concerning acquisition of nationality, the law of the state requested shall apply in all cases, interdependence of states, etc.*;

- c) the international law, e.g. *principle of international law, fulfilment in good faith of obligations under international law, customary rules of international law, etc.*;

- d) the financial law, e.g. *to put a tax on imports, government bonds, remission of tax, treaties on economic and financial matters, etc.*

3 Economy:

- a) the industrial economy, e.g. *home industry, industrial crisis, industrial revolution, industrial development, etc.*;

- b) the agricultural economy, e.g. *agricultural policy, technological revolution in agriculture, extensive agriculture, etc.*;

- c) the foreign and domestic trade economy, e.g. *domestic market, market system, market stability, ABC analysis, international commodity markets, foreign market, etc.*;

- d) the financial economics, e.g. *income tax, source of incomes, to be liable to tax, and etc.*

«Қиындық па, сүрініс пе, – осы сезіміме бөленіп, албырап тұрғанымда, лермін бе бірін мен! Менің сүйіктім, мөлдіреген қара көзді аяулым, саған қай сөзімді дөптесем екен?! Сені қайтсем, жайнандата берер екем?

Міне, ақ түн жамылып, берер антым: «Мен үшін сенің әр қимылың, күлкің қазына! Тек насаттанып сыңғырлай берші, менің шырайлым! Мен сілкінсем, қандай тауды құлатар екем, қара да тұр! Қара да тұр!» [3, 59]. Сүйгенінен көңілі қалып, баз кешіп отырған Рүстемге айтар Кәкімтай сөзі, адам ұлылығын, пенде патшалығын паш етеді.

«Бар мәселе бір күнде шешілмейді, Рүстем. Мен саған бір кепті баяндайын. Менің бір ағайым мотоциклден құлап өлді. Сол күні оның әйелін, қалт–құлт еткен шешесін көрсен, олар бұл қазаны көтере алмас дер едің. Бірақ адамның ұлылығы сонда: ең жақын адамын жоқтап, азалай да біледі, тірі кісі ретінде тіршілігін жасап, сол адамның ұрпағын өсіру үшін өз бойынан тың қайрат таба да алады. Қазір сол әйел үлкен ұлын үйлендірді, немере көріп отыр. Ең ауыр қайғыдан да адам серпіледі екен. Уақыт бәріне емші.» [3, 84]. Кәкімтай тек адал дос, сенімді серік ғана емес, шын дәрежесіндегі дәрмені биік, дәрежесі дара мұғалім. Бұл оның мектепте тәжірибеге келген кезіндегі іс-әрекетінен танылады. Тектек мінезімен танылар Сағынға ренжіген жан екінші бір балаларды көргенде, елжірей еріп шын ұстаз, нәзік жанды мұғалім кейпінде көрінеді.

Махабатты адал, шарапта шаруасы жоқ, отбасы ұйтқысы болар, қызметтің қажымас торысы Кәкімтай сипаттас адамдар тәуелсіз Қазақстанның керегі, мұқтажы, негізгі ұстыны. Өйткені қазақ ұлты-мемлекет жасаушы миллатқа айналды. Ал бұл өз кезегінде мерейлі міндетке, асқар асуға шақыруда.

Автор повесі ішінде қанық бояумен көрінер – Гүлина. Гүлинаны баяндап, суреттеп отырып, жазушы өзгелердің түр-тұрпатын салыстыра көрсетеді. Төменгі жолдарда секеңдер, зыпылдар Қарлығаштан, дауыс көтерер, қақақтар Даригастан бөлек Гүлина суреті шебер салынған. «Гүлина жүргенде де, Қарлығаш тәрізді екпіндеп секеңдемей, Даригаша қақақтап аршындамай, жер ойылмасын дегендей, туфлиінің биік өкшесі мен қиық табатын жерге тиер-тимес еппен тигізіп қана адымдайтын. Сөйлегенде, ол Даригаға ұқсап дауыс көтермей, Қарлығаш секілді зыпылдамай, сызылып, әр сөзіне мән бере тамылжытады. Ол күлгенде де, аузын дабырайтып ашпайтын. Қанша тасынса да, ернін сәнмен керіп, басқа үнге ауыспай, тек сыңғырлап күлуді қалайтын. Тіпті жазу кезінде де қалам сынып кетердегендей, оны қатты, еппен, жайымен ұстауды әдет еткен. Гүлина кітап, дәптер беттерін де жыртылып кетпесін дегендей еппен аударатын.» [3, 92].

Сонша сұлу, әдемі Гүлинаның ішкі әлемінен оның өз монологы сыр тартады. Гүлинаның мінезінен белгі берер үзінді өзі сөйлесін. «Қарлығаш қандай адам болар екен? Әй, қайдам? Тым ұшқалақ, орға түспесе жарар еді, биыл өзіне желік бітіпті. Өзін жас ару санайды ғой деймін. Қайдағы сұлу?! Сәнденген несін алған десейші! Мен бір модный көйлек тіктірсем, ол да соны кигісі кеп есі шығады. Сонымен теңелем дей ме екен? Анада маған айтады: «Сызылып тұрып ойлайтының арамдық», – дейді. Арам боп не істеппін?

Жігітінің алдында оны бір мұқатқым келді, кісімісіңіні жаным батып кетсе, қайтейін? Соны арамдық дейді. Саған ол аз әлі. «Сен іші тарсың», дейтінін айтсайшы! «Біреуге болмасын дейсің, ішің тарылып тұрады», – дейді. Ішім тарылып не істеппін Өзі кесір болсын, тұқыртқым кеп тұрады, рас. Кесір болмаса онда не акым бар?» [3, 102].

Кәкімтаймен алғаш өбіскен тұста Гүлина көңіл көкжиегінен басқа сұлба, суық соқпақ бар екені сезілді. «Тек жатақханаға жақындап қалғанда, Гүлина өз көңіл түкпірінде бірдеңеге алаңдағандық сезімі де бер екенін байқап, таңырқап қалды. «Мен мұны жақсы көремін ғой, енді не керек, бәсе не керек? Кемелбек – аспирант, оның болашағы зор. Болса, қайтейін, ол саған тап Кәкімтайдай елжіремейді. Бір душарласты да, көрінбей кетті. Келгенде де, Кәкімтай тәрізді. Сенің әр үніңе зар боп, үзіліп тұрған жоқ. Қарашы, Кәкімтай саған қалай үздіге көніп тұр,ә? Сонда да сен жатырсың. Бәтуасыз қызсың ғой сен. Кәкімтайым менің, мен тек сені сүйем, сүйем, естисің бе? Білмеймін, бірдеңеге алағызу бар менде. Тұу, сол Кемелбек те, не біржола жоғалам демей, не біржола жанасам демей, дел-сал ғып қойғаны несі? Сен солай шіреніп жүргенде, мен не істеуім керек? Сонда да, әрине, аялдауға болар еді. Ал сен алып-ұштың. Е, мейлі. Неге мейлі дейсің, өз тағдырыңа неге енжар қарайсың? Мен Кәкімтайға тәнтімін ғой, онда артық не керек? Дегенмен, аптықпай іркіле тұрсаң, Кемелбекке де ауланар ма едің, қайтер едің? Рас, тосып, арғын аңдамадың ба? Кәкімтай ешқайда қашпайтын еді ғой. Ай, Гүлина, Гүлина, салмақташы, тая басқан жоқсың ба?» [3, 115].

Шындығында Кәкімтай мұраты мен Гүлина арманы тілектес, бағыттас! Жолдас емес. Кәкімтайдың бар арманы – ауыл мұғалімі болу. «Біздің ауылда сүт ішкің келсе, өз сиырыңды өзің сауасың», - деп жымындайды Кәкімтай. «Сол жетпеп еді? Сол арам қатқырлардың бауырына кіріп шоқиып отырмақшы ма Гүлина?! Тапқан екенсің қылжақты. Гүлина өлмес жерін білмейді деген. Сорлы басым!.. – Гүлина өзін жер бетіндегі ең көп алданған, қайғы шеккен адам сезінді. – Сен ғой өзінді пысық көресің, ә? Қайдағы пысық? Ептейлі болсаң сөйтер ме едің?» [3, 115].

Кемелбектің алдауына ұшыраған Гүлина ғылым кандидаты Бақытбектің шырмауына ұрынады. Ауқатты тұрар Бақытбек үйіне келгенде Гүлина мінезінің сыры ашылады. «Үйде анасының әкесін ығыртып, кінәраттайтыны есіне түсті. «Бұл ма, бұл бастық боп тура жиырма жыл істейді. Жиырма жылда кірістірген жиырма сом қосымша табыс бар ма екен? Жиырма жыл тек жалақыға қарап отырмыз. Жалақымен дүние жинауға бола ма?» Бұл – анасының сөзі, әкесі жоқта қамығып айтатын шері. Ертең сол сөзді Гүлина да езіп отыра ма, кім білсін? Кәкімтаймен қол ұстасса, сол уайымға қамалмағанда, қайда барады?» [3, 115].

Демек Гүлина үйден көрген тәрбиенің өзге үлгісі, ақша деп өткен көңілсіз өмірдің бүгінге жеткен белгісіндей. Бұл осы уақыттың емделуден кеткен дерті. Гүлина нарық пен парықтың арасы айырбасталып кеткен шақтың мол тұрпаты. Келешекте көрінер жан десек анық айтамыз. Автор болашақта белең алар бейнені данышпандық суреткер сезімталдығымен таныған. Кітап соңы Гүлинаның Кәкімтай қасында өкіне, өкси жылауымен бітеді. Гүлина Кәкімтай қасынан табылады. Болашағы белгісіз. Алды анық емес. Жазарман Гүлина тағдарын оқырманға ұстатып кеткендей шешім шығарар оқушы секілді көрінеді. Повесть социалистік реализм қалпынан шығып басқаша сипат алған. Гүлина Толстойдың Каренинасы секілді айтушы айдағанына жүрмесі, өзінше жөн-жоба тапқан тек жазушы ғана емес, әдебиет теориясының хас шебері Қ. П. Жүсіп жаңа өрнек, қызық қыр шығарған. Бұл да қаламгердің қазақ әдебиетіне қосқан қадірлі қазынасы, орасан олжасы. Тек бір адам жетістігі емес, қазақ әдебиеті шыққан шынар шыңы десек қателеспейміз.

Сабақ оқығысы келіп қанша ұмтылса да, мойны жар бермес Сейіл, шындық деп шырылдар Шәріп, сезім шырмауынан шыға алмас Рүстем кең мінезді Әйкен, күлегеш қыз Райгүл секілді бір топ жастар бөлек алына, өмірдің өз бейнесіндей болып жастарға берілген белгідей, болашақ ескертпесіндей, үлкен өмірдің өзіндей болып аспирант Кемелбек, ғылым кандидаты Бақытбек, маскүнем Сапарбек суреттері сәтті шыққан. Жүрмес жол, бармас бағытты көрсетіп тұрғандай бейнелер сом өріліп, қапысыз қаланған.

Жазушының суреткерлік қарымы да еркін көрінер тұстар мол. Мысалы: «Самсаған терезелер де әр түрлі. Біреулері мені көр дегендей, ерекше нұрланып, жарқырап, шаттана өзеурегендей болады. Енді біреулері сабыр сақтауды жөн көргендей, ерекшеленбей паң көзбен қарайды. Біразы күңгірт сәулемен тұмшаланып, өз ісім өзімде, маған тыныштық керек дегендей, манаурай түседі. Көп терезелер жарық көздерін мүлде өшіріп, орны қарайып көрініп, тек ұйқы, тыныштық, оңаша ой тілегендікті танытып тұрғандай.» [3, 123].

Жазушының кейіпкерлері кез келген қоғам үшін керек. Ол жастардың өз ортасындағы жекелік, топтық қасиеттерін анықтап суреттеуімен өзгеше. Оқырманның талап-тілегі, қолдауы, рухани әлеуеті, білім-қарымы, қиял асқары тек әдебиет теориясы емес, әдебиет әлеуметтану ғылымы да зерттейтін сала.

Нәтижелер мен талдаулар. Қазақ әдебиетіндегі жастар бейнесіне талдау жасау, Қ. П. Жүсіп шығармаларындағы жастар бейнесімен берілді. Талдаулар көрсеткендей, жазушы шығармасында жастар бейнесі жаңашылдық тың үлгімен көрінеді. Зерттеудің нәтижесі – көркем шығармаға кең талдаудың қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Автор оқырманға әсер ете отырып негізі тізгін басын өзіне қалтырады дейді зерттеушілер. Көрермендік-оқырмандық белсенділік «пішінді эстетика»

өкілдірінің айтуынша негізгі нысана емес деген пікір білдірілді. Автор оқырманға әсер ете отырып негізі тізгін басын өзіне қалтырады дейді зерттеушілер. Көрермендік-оқырмандық белсенділік «пішінді эстетика» өкілдірінің айтуынша негізгі нысана емес деген пікір білдірілді. Кеңестік дәуірде сусындаса да, ұлттың жоғын жоқтаған Қ. П. Жүсіп – әлі зерттеуді қажетсінер тұлға.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Байтұрсынов, А. Ақ жол [Мәтін] – Алматы : Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 Лосев, А. Ф. Философия [Текст] – Москва : Наука, 1990. – 130 с.
- 3 Мәшһүр-Жүсіп, Қ. Қыздар, жігіттер [Текст] – Павлодар: ЭКО, 2013 – 360 б.
- 4 Мәшһүр-Жүсіп, Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. [Мәтін] – Павлодар : ЭКО, 1999. – 384 б.
- 5 Мәшһүр-Жүсіп, Қ. Көркем сөздің қуаты [Мәтін] – Павлодар : ЭКО, 2000. – 288 б.
- 6 40–50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті [Мәтін] – Алматы : Ғылым, 1997. – 398 б.
- 7 Елікпаев, С., Қапасова, Б. Қазақ әдебиеті қосымша оқу құралы [Мәтін] – Астана: Арман-ПВ, 2016. – 120 б.
- 8 Сөзстан. Жас қаламгерлер кітапханасы. [Мәтін] – Алматы : Жалын, 1985. – 216 б.
- 9 Әйгімов, М. Қазақ повесіндегі лиризм [Мәтін] – Алматы : Жазушы, 1988. – 310 б.
- 10 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі – Алматы : Ғылым, 1990. – 238 б.

References

- 1 Baitursynov, A. Aq zhol [White path] [Text] – Almaty : Zhalyyn, 1991. – 464 p.
- 2 Losev, A. F. Philosophiya [Philosophy] [Text] – Moscow : Nauka, 1990. – 130 p.
- 3 Mashkhur-Zhusip, K. Qyzdar, zhigitter [Girls, boys] [Text] – Pavlodar : EKO, 2013 – 360 p.
- 4 Mashkhur-Zhusip, K. Qazaq lirikasyndagy stil' zhane beynelilik. Monographiya. [Style and Images in Kazakh literature. Monograph] [Text] – Pavlodar : EKO. 1999. – 384 p.
- 5 Mashkhur-Zhusip, K. Korkem sozdin quaty [The power of a beautiful word] [Text] – Pavlodar : EKO, 2000 – 288 p.
- 6 40–50 zhane 60 zhyldardagy qazaq adebieti [Kazkh literature in 40–50 and 60 years] [Text] – Almaty : Gylym, 1997. – 398 p.

7 **Yelikpayev, S. Kapasova, B.** Qazaq adebieti qosymsha oqu quraly [Kazakh literature additional textbook] [Text] – Astana: Arman-PV, 2016 – 120 p.

8 Sozstan. Zhas qalamgerler kitaphanasy. [Wordstan. The library of young writers] [Text] – Almaty : Zhaly, 1985. – 216 p.

9 **Aytimov, M.** Qazaq povesindegi lyrizm [Lyricism in the Kazakh story] [Text] – Almaty : Zhazushy, 1988 – 310 p.

10 Adebiettanu terminderinin sozdigi [Vocabulary of literary terms] – Almaty : Galym, 1990 – 238 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

С. Т. Еликпаев, Б. К. Капасова

Торайғыров университет,

Республики Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ОБРАЗ МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ И РОМАН К. МАШХУР-ЖУСУП «ҚЫЗДАР – ЖІГІТТЕР»

В статье проанализировано произведение «Қыздар, жігіттер» видного деятеля казахской литературоведческой науки, писателя Куандыка Пазыловича Машхур-Жусупа. Впервые в 1981 году произведение было опубликовано повести «Қыздар, жігіттер», а затем было расширено и вновь выпущено романом. Писатель анализировал образ казахской молодежи, в том числе студентов. Герой художественного времени и национального характера изменения вдоль Кәкімтай, казалось Гулина через образы. В произведении представлены различные человеческие поведение посредством образов Даригаши, Сейля, розы и др. Тем самым писатель демонстрирует различные признаки будущего общества. В произведении наряду с интересными образами молодых людей к знаниям, есть не образованные, знакомые и знакомые персонажи, которые стремятся сделать будущее отличным способом. В 1970–1990 годах писатель описал своих последователей.

В статье проанализированы описание героев произведений, стиль автора, мастерство в передаче личного образа, специфика темы, представление идеи, художественные особенности. Описание позиции автора и героя произведения, автора, полученные в элегантный знанием дела принять во внимание молодежи. Вместе с тем, в статье подчеркивается, что главная особенность лаборатории

писателя – это то, что история данного произведения определяется точным изложением психологии каждой молодежи. Ученый, автор произведения К. П. Машхур-Жусупа, педагог в высшем учебном заведении, изящный источник, умеющий узнать о жизни студентов, раскрыл точную опрятность. Особое внимание было уделено тем, что сочинение является не только фотографией прошлого, но и необходимой темой для молодежи в вопросах определения целей и жизненных позиций в получении образования, умения продолжать мечтать с истиной, обществом. В статье акцентировалось внимание на воспитательных, эстетических аспектах произведения.

Ключевые слова: литературный спрос, любовь, молодость, герой, метомарфоза характера, портрет, штрих, национальный характер.

S. T. Yelikpayev, B. K. Kapasova

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 16.03.21.

IMAGE OF YOUNG PEOPLE IN KAZAKH LITERATURE AND NOVEL BY K. MASHHUR-ZHUSUP «KYZDAR ZHIGITTER»

The article analyzes the work «Kyzdar, zhigitter» by a prominent figure of the Kazakh literary science, writer Kuandyk Pazylovich Mashhur-Zhusup. For the first time in 1981, the work was published in the story «Kyzdar, zhigitter», and then it was expanded and re-released as a novel. The writer analyzed the image of Kazakh youth, including students. The hero of the artistic time and national character changes along the kak'imtai, Gulina seemed through images. The work presents various human behaviors through images of Darigash, Seil, rose, and others. Thus, the writer demonstrates various signs of the future of society. In the work, along with interesting images of young people to knowledge, there are uneducated, familiar and familiar characters who strive to make the future a great way. In 1970–1990, the writer described his followers.

The article analyzes the description of the characters of the works, the author's style, skill in transmitting a personal image, the specifics of the topic, the presentation of the idea, and artistic features. Description of the position of the author and the hero of the work, the author obtained in an elegant knowledge of the case to take into account the youth. At the same time, the article emphasizes that the main feature of the writer's laboratory is that the history of this work is determined by an accurate presentation

of the psychology of each youth. The scientist, author of the work K. P. Mashhur-Zhusip, a teacher at a higher educational institution, an elegant source who knows how to learn about the life of students, revealed the exact neatness. Special attention was paid to the fact that the essay is not only a photograph of the past, but also a necessary topic for young people in determining goals and life positions in obtaining education, the ability to continue to dream with the truth and society. The article focuses on the educational and aesthetic aspects of the work.

Keywords: literary demand, love, youth, hero, metamorphosis of character, portrait, stroke, national character.

FTAMP 17.07.65

<https://doi.org/10.48081/GNAN2952>***Р. Ж. Есбалаева**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркология ғылыми-зерттеу институты,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

**Н. ҚАМИ ПРОЗАСЫНДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САНА КӨРІНІСТЕРІ**

Мақала жазушы Нұрлан Қами шығармашылығына қатысты жазылған тұңғыш ғылыми зерттеу болғандықтан суреткер шеберлігіне, жазушы шығармаларының көркемдік ерекшеліктеріне басты назар аударылды. Жазушы шығармалары қазіргі кезеңнің әдеби-қоғамдық беталысын бейнелеуге ұмтылған. Әсіресе кейіпкердің ішкі әлемін бейнелеуде қолданатын көркемдік әдістері мен шығармаларындағы жатсыну мәселесі арнайы сөз етіледі. Адамның шатасқан санасымен бетпе-бет келгенде болатын кейіпкерлердің жан шошынысын, психологиялық дәлдікпен беретін тұстарын әлемдік жазушылар Э. Хемингуэй, Ш. Айтматов шығармаларымен салыстыра талдау әдісі қолданылады. Адамның екі ұдай күй кешуін, адамның ішкі әлеміндегі сезім мен күштердің бас көтеруін суреткерлік шеберлікпен, психологиялық тереңдікпен суреттеген. Нұрлан Қами кейіпкерінің мінезін баяндап, құрғақ таныстырмайды, образдарын оқиға желісінен танимыз. Жазушы шығармашылығын психологизм тұрғысынан зерделеп, жан-жақты салыстыру мен талдаулар нәтижесінде қаламгер прозасының идеялық-көркемдік ізденістеріне бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, жазушы туындыларындағы замандас бейнесі сөз болады. Шығарма соңын біз күтпеген бағытта тосын шешіммен аяқтап, жазушы оқырманды интеллектуалдық тартысқа шақырған өзіндік тәсіл қолданады. Мақалада жазушының «Шал» әңгімесі тақырыптық, композициялық, поэтикалық тұрғыдан талданып, кейіпкеріне психологиялық анализ жасалады.

Кілтті сөздер: прозадағы психологизм, жан диалектикасы, аналитикалық психологизм.

Кіріспе

Қоғам дамуындағы өзгерістер адам санасына ықпал етпей қоймайды. Адамның қоғамдық қыры мен индивид ретіндегі жеке психологиясы бір-біріне тәуелді қарастырылады. Адамның жеке басында болатын мінездік ерекшеліктер, ішкі қайшылықтар, өміріндегі кейбір оқиғалар автордың концепциясынан туындайды. Автор кейіпкер арқылы өзі мұрат еткен идеяны жеткізуге тырысады. Ішкі түйсігі арқылы сезініп, бағалап, жүйелеп, типтендіріп алып сомдайды. Адам табиғатына уақыт ағымы мен қоғамдығы ірі өзгерістердің тигізетін ықпал-әсері айрықша. Осыдан авторға айналған кейіпкер қоғам аясында жеке тіршілік ете бастайды. Кейіпкер санасындағы психологиялық құбылыстардың дәл берілуі қоғамның айнасы. Жазушы сөз еткен қоғамдық мәселелер мақаланың маңызын айқындап, өзектілігін танытады.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі қазақ прозасындағы психологиялық сана көріністері жазушы Н. Қами шығармашылығымен байланысты зерттеледі. Қазіргі қазақ прозасында психологизм мәселелері жиі орын ала бастады. Тәуелсіздік дәуірінен кейін туған туындыларды зерттеу кезінде әдебиетте еркіндік байқалады. Әсіресе кейіпкер психологиясын ашуда шығармада авторлық баяндаудан гөрі монологтар мен диалогтар, оқиғалар кең орын алатыны нақтыланады. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде әлі толық зерттелмеген психологизм ұғымының мәнін ашаңыз. Шығарманың негізгі тірегі – адам болғандықтан, қазақ прозасындағы психологизм мәселесімен айналысқан ғалымдар Б. Майтанов, Г. Пірәлиева, Г. Ержанова т.б. еңбектеріне сүйене отырып Н. Қами прозасындағы жан диалектикасына, аналитикалық синтездік тәсілдерді қолдана отырып талдау жасалады. Сондықтан қазақ прозасындағы психологизмнің көркемдік қызметін анықтау және психологиялық сана көрістеріне талдау жасау мақаламыздың негізгі міндеті болмақ.

Нәтижелер және талқылау. Қазіргі қазақ жазушыларына осы заманғы әдебиеттің жағдайына сәйкес уақыт қойып отырған үлкен міндеттің бірі – «адам жанының диалектикасын» ашу. Дәлірек айтқанда, кейіпкердің ішкі рухани әлеміне үңілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау саласында терең толғану, тынбай іздену. Осындай ниетпен әңгімеге көз жүгіртер болсақ, адам психологиясының қайталанбас формасын табуға болады.

Жазушы Нұрлан Қамидың 2003 жылы жарық көрген «Шал» [2] әңгімесін қолға алғанда еске Хемингуейдің «Шал мен теңізі» [3] есіңе түседі. Шығармалар тақырыбы ұқсас болғанымен, идеялық сипаты мүлде бөлек. Н. Қамидың әңгімесі соғыс ардагерінің өмірін суреттейді. Шал соғыста ерлік жасап көзге түскен кісі емес, жұмыста да елден ерек оза шауып жүлде алған жері жоқ. Қарапайым көптің бірі ғана. Жазушының оқырманға жеткізгісі келгені де сол көптің бірін, қарапайым жанды шығармасына арқау етіп, кейіпкер психологиясын ашуды көздейді. Осы кезге дейінгі әңгімелерде

тұлғалық ерекшелігі бар адам шығарма қаһарманы болып келсе, Н. Қами аталған әңгімесінде сол ескі сұрлеуден шыққысы келген. Оның кейіпкері шаруаға да орашолақ, ерліктің де парқын терең ұға қоймайтын миллиондардың бірі ғана. Жазушы Шалдың жас күнінен қартайғанға дейінгі аралықта ерекше есінде қалған эпизодтарды еске түсіре отырып кейіпкерінің мінезін, болмысын аша түседі. «Бірқарағанда анау-мынауға бас қатырып ойлана бермейтін Шал немістердің қоршауында қалып жан қиналған сәтте кішкентайынан бірге өскен, соғыста да майдандас деуге болатын Сапар досының іс-әрекетін кешірмейді. Жанындағылар аш құрсақ күйде неше күннен бері құр сұлдерлері келе жатқанда Сапардың тысқа шыққан болып дорбасына тыққанын оңаша жеп жан бағуы өлместің қамы дер едік. Санаулы жауынгерлердің бәрі өлмелі халде, Сапардың ширақ күйде сыр бермей келе жатуы командирлері Сергейге күдік тудырды. Сапарға қаруын кезеп тұрып қапшығын ақтарған: «бәрі жағасын ұстады, залымын қарашы, тұз салған дорбасының ішінен жылқының бір білем сүбесі шықты» [2, 142], – дейтін тұсқа келгенде оқырманның ойына «жұрт қан майданда жүргенде Сапарда жылқының еті қайдан жүр? – деген сұрақтың келетіні сөзсіз. Сол сәтте шалдың есіне соңғы шайқас кезінде тұруға шамасы жетпей көзінен жасы моншақтап, қарны ақтарылып жатқан зеңбірек сүйрейтін аттың қиналып жатқаны, бұл сонда жануар қиналмасын деп атып кетпек болғаны, Сергей оған қаратпай сүйрей жөнелгені, сол жерде Сапардың айналшықтап қап қойғаны тізбектеліп келе қалды. Сол аттың сүбесі болды бұл. Одан әрі не болғанын өзі де білмейді, мына екеуі неге шүлдірлесіп кетті деп түк түсінбей отырған серіктері де қапы қалды, Сапардың сол күйі бұтақта ілулі тұрған бесатарын қалай жұлып алып, қалай ұрып жібергені есіне түссе сол қайдан шыққан ашу екенін түсіне алмай әлі күнге дейін таң қалады, көк сүңгі иесінің өндірісегіне кірші етіп қадалғанда есін бір-ақ жинады» [2, 146]. Бұл тұста Шалдың шүлдірлеген көккөзділердің арасында жалғыз қазақ, әрі ауылдасы Сапарды зымияндығы мен құзғын қарға сияқты пасық ниеті үшін аяусыз ұрып, қанын мойнына жүктегенде де еш өкінген жоқ. Бұл ісіне қарап Шалдың бойынан жаңа бір мінез байқағандай боламыз.

«Шал» әңгімесін оқып отырып психологиялық талдауға баратыныңыз сөзсіз. Әдебиеттанушы А. Исмақова, психологиялық талдаудың негізгі міндеті – кейіпкер жаны қоғаммен, адаммен, табиғатпен қарым-қатынаста қандай эмоционалды-психологиялық өзгеріске ұшырайды, қандай қалыпқа енеді, соны жіті бақылау. Көркемдік-шынайылық болса, оны ұғындыратын, әрі ұғынатын адамдар жалпы үрдістерден өзге жеке сезімдік әуендерді таңдауға бейім. Сол себепті көркем шығармадағы өмір шындығының ең жоғары деңгейі психология заңдылықтарымен сабақтас [4, 41], – деп түсіндіреді. Шығарма ары қарай авторлық баяндаумен өрбиді. Шал немістермен соғыста да, тұтқынға түскенде де, қашып шығып партизан болғанда да, Сібірге

айдалғанда да жанында «ішінде темірден өзегі бар» командирі Сергейден айырылғанда қатты жалғызсырайды. «Өздігінен ешқашан сөйлемейтін, ешкіммен жұғысып кете алмайтын ауыр мінезді адам, арбиған денесінен қорқып көп адам жолай да бермейді, өмірдегі бірден-бір досы сол орыстың баласы еді, одан солай айырылды. Әке-шеше, туған-туыс атаулыны он жасында ашаршылық жалмап еді, бұл іші кеуіп Сапардың үйіне барғанда әкесі тепкілеп тұрып қуып жіберген, содан бір диуана кездесіп, екеуі тышқан аулап аман қалды, әлгі диуананың сиқыры бар ма, әлде тышқанның тілін біле ме, іннің аузына отыра қалып әлденені сарнап қоя береді, сүт пісірім уақыт өткеннен кейін жылт етіп тышқанның басы көрінеді, сәлден соң қайта кіріп кетемін дегенде диуананың алдын-ала дайындап, іннің аузына құрып қойған тұзағына түседі. Екеуі сөйтіп итшілеп жүргенде ел аралап жүрген бір дөкейлер тауып алып, диуананы түрмеге, мұны жетімдер үйіне өткізген, сөйтіп аман қалды, әйтпесе не әке-шешесінің артынан аттанатын еді, не біржола мысыққа айналып кететін еді» [2, 148].

Сергей қайтыс болғаннан кейін Шал айдауда жүргенде Қазақстаннан бір топ тұтқын келеді. Араларында Құмар деген кісімен жақын болып оқиға өрбиді. Кейіпкердің қиын тағдырын жазушы ішкі монолог, толғаныс т.б. сияқты адами проблемаларды, бір кезеңдік тұтқын өмірін: ондағы жаңа тіршілік-тынысты сыртқы реалдық өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Суреткердің өзіне тән психологиялық стилі осы шығармада жан-жақты көрінген.

Автор шығармасында кейіпкерінің мінез құлқын әр түрлі эпизодтар арқылы ашуға тырысады. Шығарма психологизмге құрылғандықтан автор шалдың атын атауды да қажет деп таппайды. Бірақ шығармадағы шалдың жастайынан көрмеген қиындығы қалмаған. Соғысқа да қатысты. Жазушы бір адамның басына соншалықты сынақтың берілуі Шалдың жас күніндегі бір қателігінің салдарынан дегенге саятындай. Соғысқа алғаш кіргенде екі рет жараланған, бір оқ кеудесін тесіп өтіп жауырынына қадалды, дәрігерлер ешқандай дәрісіз-ақ арқасын тіліп отырып алып тастаған, алғаш рет арақты сонда ішті, екіншісі - снарядтың жарқыншағы болатын, қара санын ойып кетіпті, онда да бүйтіп ауырсынып көрмеп еді. Жалпы, өзі түйе сияқты төзімді жаратылған, анау-мынауы қыңқ етпей көтере беретін, әлде әлсірейін дегені ме екен... Кім білген, екі жыл соғысты, екі жыл немістердің тұтқынында болды, бір жыл партизандық қылды, бір жыл өзіміздің түрмеде отырды, енді міне, екі жылдан бері Сібірдің масасына таланып, суығына тоңып саяси тұтқын болып лагерьде жүр, қандай денсаулық болсын! Сонда да шыдастық танытып жүрген Шалдың көретін азабы алда болып шықты. Қазақстаннан келген тұтқын Құмар екеуі әңгімелесіп тұрып құлап келе жатқан ағаштың астында қала жаздап, әзер аман қалды. Ағаштың астына бастырылға аяғы да аман қалар ма еді кім

білсін, түрме күзетшілері жарадар аяқты жұмыстан қашқақтадың деп тепкілеп жүріп жұмысқа жегіп, ақыры кесетін жағдайға жеткізді. Оқиғаның осы бір тұсын жаның түршікпей оқи алмайсың: «Талып жығылған адам да түс көреді екен, кейін білді ғой, сол құлағаннан екі күн бойы ес-түссіз жатыпты, әлде есі кірген кезде ұйықтап кетті ме, қалай болғанда да түсінен шошып оянды... Сол тас қорап, есіктің үстіндегі саңылаудан жарық білінеді, үсті-басы шылқып кетіпті, мұнысы несі деп маңдайын сипап көрді, терлеп жатыр екен, төменгі жағын ұстап көрді, ол да шылқып тұр, түсіндегі құбыжықтан қорқып бұтына жіберіп қойғанын сонда түсінді. Енді қайтпек керек? Айтпақшы, аяқ не болды екен? Тың тыңдап біраз жатты, ештеңе сезетін емес, жайымен қозғап көрді, ауырмайды, апырмай, шынымен жазылып кеткені ме? Екі қолымен жер таянып көтеріліп отырды. Қара санын сипады, ауырмайды, тізесін ұстады, дін аман, балтырын ұстады, одан төмен жылжып аяғын, табанын ұстап көрді, ауыратын емес. Енді тұрып көрсе қайтер екен? Еппен қозғалып орнынан көтерілді, салмағын сау аяғына салған, екінші аяғын да қорқасоқтап еденге тіреді, сезер емес. Сонда ғана санасына жетті, аяғы ауырмайды емес, ауырғанды сезбейді екен, жаны кетіп қалыпты, бұл қалай? Қайтадан отырды, енді әлгі әйеншектікті қойып, күп болып ісіп тұрған аяғын уқалай бастады, саусағымен мытып-мытып қояды, бәрібір түк сезбейді. Әр башпайын бір-бірлеп жұлқып көрді, өз аяғына ұқсамайды, үлкен башпайын қаттырақ тартып қалған, жұлынып кеткені. Ау, бұл не пәле?! Тірілей шіри бастағаны ма?! Бұл өзі анық башпай ма, әлде өлі терісі ме деп ала көлеңкеде үңіліп келіп қараған, қолымен сипап та көрді, ия, сол, өзінікі болса да, басқанікі болса да кәдімгі башпай, оң аяқтың үлкен башпайының өзі. Орнын сипап көрген, қан жоқ. Жүрегі мұздап кетті. Сонда қалай, мынау өлі башпай ма? Кімнің башпайы бұл? Әрине, өзінікі. Сонда бұл өлі болғаны ма? Екінші аяғын ұстап көрді, жоқ, тірі екен, жаны бар. Қызық болды-ау мынау... Денесінің жартысы тірі, жартысы өлі адам бола ма? Бұл қалай? Өстіп санасы сарсылып отырғанда салдырлап есік ашылды. Бұл жолғы қарауыл басқа біреу екен, бірақ, әдейі үйретіп қоя ма, бәрінің мінез-құлықтары бірдей болып келеді. Кіре сала дүрсе қоя берді. Жауыз, оңбаған, сатқын, арамтамақ, сендейлерді атып өлтіру керек, кеңес өкіметінің мойнына мініп алған масыл, сүмелек, екі күннен бері еркеліктен тұра алмай жатысың жаман еді, ішкі қорыңның бәрін бұтыңа жібергенсің бе, сасып кетіпті ғой мына жер! Тұр, кәне! Бол, тез! Сатқын! Опасыз! Бұл оған башпайды ұсынды. Мә, алшы мынаны. Бұл не пәле тағы?! Не беріп тұрсың маған, сұмпайы?! Башпай. Башпайы несі? Қайдан шыққан башпай, кімнің башпайы?! Менің башпайым. Ах, оңбаған, зиянкес! Жұмыстан жалтару үшін өз-өзінді мүгедек қылған екенсің ғой? Көрсетермін саған, сүмелек! Фашистердің үйреткені ме бұл?! Мә, саған! Мә! Тарт сазайынды, фашистің құйыршығы! Фашист деп немістерді айтушы еді, сонда бұл немістің құйыршығы болғаны ма,

мұны қайдан шығарған? Әлде мазақ қылып қорлағаны ма? Кейде қай жерде қорлықты көбірек көргенін, немістердің тұтқынында ма, әлде кеңестік лагерде ме – өзі де айыра алмайды» [2, 151]. Адамның жаны мен тәніне қатар тиген соккыны бұдан артық қалай баяндауға болады? Жазушы кейіпкерінің басына түскен ауыртпалықты шыңына жеткізе баяндаған. Оқып отырған оқырманның жаны бірге ауырып, ендігі кейіпкеріміз өлетін халге жетті-ау дегенде,

«...Батыр болмақ ойдан-ды,
Жалаңаш барып жауға шап,
Ажалың әлде қайдан-ды!..» [5]

– деп Махамбет бабасының сөзімен өз-өзіне дем бергендей болады. «Шалдың» психологиялық шығарма табиғатына тән негізгі сипаты шығарманың сюжеттік-композициялық концепциясы кейіпкердің ішкі әлемін талдау мақсатына тәуелділігінде. Кейіпкердің қиын тағдырын жазушы ішкі монолог, толғаныс т.б. сияқты адами проблемаларды, бір кезендік түрме өмірін: ондағы жаңа тіршіліктің тынысты сыртқы реалдық өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Суреткердің өзіне тән психологиялық стилі осы шығармада жан-жақты көрінген. Карцерде жатып өзі туралы «айналасы жып-жылмағай, төрт қабырға, еден, төбе – бәрі бетон, тура тас қораптың ішіне салып қойған жәндік сияқтысың. Қазір өзінің де жәндіктен артық болып тұрғаны шамалы-ау, бала күнінде құрт-құмырсқа көрсе табанымен тапап өлтіруге құмар еді, енді сол өз басына келіп тұр, мұны да қолында билігі бар кез-келген сүмелек аяғымен бір-ақ тапап, езе салуы мүмкін. Шығармашылық шегініс арқылы сана ағымындағы күрделі толқындарды суреттеп, ішкі толғаныстарды көрсетеді. Бұл әдебиетте жан диалектикасын бейнелеу тәсілі, яғни аналитикалық психологизмнің үлгісі. Аналитикалық психологизм - негізінен психологиялық шығарма жанрының тууына, шығармаға психологиялық талдау жасауға негіз болған бірден бір тәсіл. Ғалымдардың зерттеуі бойынша аналитикалық тәсілдің негізгі желісін құраған, оның басты көрінісі – ішкі монолог. Шығарманың бүкіл оқиғасы Шалдың айналысында соның ойында өтеді. Психологиялық талдаудың аналитикалық түрі арқылы кейіпкер өзін-өзі таниды. Ішкі жан дүниесінің дірілі, сезім қақтығыстары арқылы танылады [6, 73]. Г. Пірәлиева: «эмоционалдық қозғалыс ой қозғалысына дем беріп отырады» [7, 111], – деп, ішкі әлемді әшкерелеудің (бейнелеудің) бірден-бір әдісі осы психологиялық тұрғыдан өзін-өзі талдау (өзін-өзі жегідей жеу) екенін айтады.

Шалдың адам баласына білдірмеспін дейтін жан-жүрегінің қат-қабат қуысына жасырған құпия сырын кемпірі қайтыс болғаннан кейін Сейтек құрдасына ғана айтқан жалғыз сыры бар: «Зейнеткерлікке шығарда қайсыбір қағазын таппай сандықты ақтарып отырып уақыт табынан сап-сары болып сарғайып кеткен көне сурет тауып алған. Қараса, баласы, кәдімгі Алматыда оқып жүрген баласының өзі, қасы қиылып, көзі шоқтанып, дөңестеу мұрны

мен жымқырылған ерніне әсем жараса қалған қияқ мұртына дейін аумақ қалыпты. Бірақ, неге ескі? Суреттің артына қараған, әйелінің атына арналған мәңгілік естелік деген сөзді оқыды, сүйіктің дегенді көзі шалып қалды, 1940 деген санды көрді. Көрді де түсінді» [2, 167]. Жәпірейген кемпірінің қу соғыстың қырсығынан сүйгенінен айырылғанымен оған деген сезімін жоғалтпаған, күнәдан пәк, кіршіксіз адал бола тұрып алғашқы махаббатын да ардақтай білген, тоғыз ай бойында жүрген баласына сезімінің күшімен сол сүйіктісінің келбетін бергеніне таң қала отырып, әйеліне құрметі арта түскенін байқаймыз. Адам түгіл малға да зекіріп көрмеген шалымыз кемпіріне де, балаларына да ешқашан дауыс көтерген емес, бірақ жүзінен бір ызғар байқалып тұрушы еді, әлгі суретті көргеннен кейін сол ызғардың табы да жоғалып кетті, көзі қып-қызыл, суық жүзді, қапсағай денелі қарттың орнына көп сөйлемейтін, дидарынан шуақ төгілген, көзінің қызарып тұрғаны да мінезінің жұмсақтығының белгісі сияқты мейірбан қарт пайда болғанын баяндайды. Отыз жыл бірге ғұмыр кешкен бір шөкім шөмиген кәрі кемпірінің осындай асыл сезімді, саф таза махаббатты кір шалдырмай сақтап келуі кейіпкердің бүкіл болмысын өзгертіп жібергендей. Ғұмырының соңына қарай Сейтекті тыңдағаны болмаса, өз-өзімен ғана сырласуы кемпірінің сыр сақтағанындай үндемейтін халге жетеді. Жазушы кейіпкерінің ішкі ойларын логикалық сипатқа бейімдемесе де, психологиялық детальдармен оқиғаны шебер үйлестіре білген.

Шығарма жанры әңгіме болғандықтан жазушы авторлық баяндау арқылы уақыт ағымын жылдамдатады: «уақыт жылжып өткен сайын жүректегі жара да жазылған сияқты, бұрынғыдай дүние түгел тұнжырап тұрғандай көрінбейтін болды, халықтың да еңсесі көтерілген. Ұлы көсем дүние салған жылы бұл да үйленді, пошта таситын жесір әйел бар еді, сонымен көңіл қосты, бір ұл, бір қыз сүйді» [2, 156]. Оқырман осыдан кейін жазушыдан Шалдың бұдан кейінгі өмірі жақсаратынын күтеді. Алайда, автор оқиға астарынан тағы бір ойдың шетін шығарады. Кеңес дәуірінде шығармасымен елге танылған адамзаттың Айтматовы шығармасына өзек еткен мәңгүртізм, көзқамандар проблемасы Н. Қами прозасынан да бой көрсетеді. Академик Р. Бердібай қазіргі таңда тілімізге космополит [8] деген терминнің енгенін және оның анықтамасы ретінде «космополит дегеніміз – көзқамандық. Көзқамандар білімді, ақыл-есі бүтін, дүниежүзі тарихы мен экономикасынан сөз қозғағанда желдей еседі. Тіпті, кітап та жазатын санасы бар. Бірақ олардың білімі өз ұлтына жанасымы жоқ космополиттік білім. Көзқамандардың қазіргі мұрагерлері өз ана тілін білмейді. Халықтың салт-санасын мансұқтайды. Елінің тарихын қадір тұтпайды. Ең қасіреттісі сол, елінде болып жатқан құбылыстарға өз ұлтының мақсат-мұраты тұрғысынан емес, басқа бір елдің көзқарасы мен дүниетанымы биігінен қарайды. Сондықтан да көзқамандар мәңгүрттерден

анағұрлым қауіпті» [9, 97], –деп, мәңгүрттіктің асқынған формасын түсіндіреді. Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» [10] романында әкені пайда көзі ретінде пайдаланған Сәбитжан үшін, Найман-Ана қорығына жол жүру бос әурешілік. «Сәбитжан өзін-өзі ақтаған болды: жұмысбасты адам, бастықтардан әке-көке деп сұранып шыққан. Зират алыс па, жақын ба, онда бастықтардың қанша шаруасы бар. Бастықтың аты-бастық, қаланың аты-қала» [10, 27].

Осы тұста екі шығармадағы оқиғалар желісі жалғасып жатқандай: «Шалды жерлеуге ұлы келе алмады, қызына хабар тимесе керек, қарасын бастан-аяқ Сейтек құрдасы атқарып шықты» [2, 159]. Сәбитжан мен Шалдың ұлы, Едіге мен Сейтек бейнелері бірін-бірі қайталағандықтан емес, қоғамдағы ұқсас жағдайлардың Шалдың балаларынан бөлініп жалғыз қалуы, олардың әкелерін ойламауы, шал қайтыс болғанда ауыл адамдарының оны арулап жер қойнына тапсыруы т.б. оқиғалардың жиілеуінен.

Жазушы шығармаларында басты кейіпкер өзімен-өзі болып, оңашаланып, психологиялық тебіреніске жиі беріледі. Диалогқа қарағанда монолог басымдау болып оқиға шиеленісінен гөрі тереңнен толғану, ойлану, кейіпкер тебіренісі, іштей арпалысы басым. Осылар арқылы психологиялық тартыс күшейіп, кейіпкердің ішкі тебіренісі шарықтап барып, жан сыры ашылады.

Қорытынды. Мақалада Нұрлан Қамидың 2003 жылы жарық көрген «Шал» әңгімесі арқылы психологиялық талдау жасалып, образ табиғатын ашуға тырыстық. Шығарма терең психологизмге құрылғандықтан автор шалдың атын атауды да қажет деп таппайды. Бірақ шығармадағы шалдың жастайынан көрмеген қиындығы қалмаған. Соғысқа да қатысты. Жазушы бір адамның басына соншалықты сынақтың берілуі Шалдың жас күніндегі бір қателігінің салдарынан дегенге саятындай. Жалпы, өзі түйе сияқты төзімді жаратылған, анау-мынауды қыңқ етпей көтере беретін, әлде әлсірейін дегені ме екен... Кім білген, екі жыл соғысты, екі жыл немістердің тұтқынында болды, бір жыл партизандық қылды, бір жыл түрмеде отырды, енді міне, екі жылдан бері Сібірдің масасына таланып, суығына тоңып саяси тұтқын болып лагерьде жүр, қандай денсаулық болсын! Сонда да шыдастық танытып жүрген Шалдың көретін азабы алда болып шықты...

Өзіндік өрнегімен қазақ прозасына үлес қосқан Нұрлан Қами прозасы тәуелсіздіктің алғашқы ширегінде әдебиетке қосылған тың бастама. Жазушы шағын жанрдың дамуымен қатар, жаңа идеялар алып келді. Өзіндік стилі бар, қалыптасқан жазушы екенін шығармаларын талдау барысында көз жеткіздік. Алайда бір мақаламен Нұрлан Қами прозасын толық танып біттік дей алмаймыз. Жазушының әлі паракталмаған әңгімелеріне талдау жұмыстарын жүргізу алдағы уақыттың еншісі болмақ.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Нұрғали, Р.** Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана : Күлтегін, 2002. – 528 б.
- 2 **Қами, Н.** Көк қақпа. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы : Қазақ тарихы, 2010. – 285 б.
- 3 **Хемингуэй, Э.** Шал мен теңіз. [Мәтін] [Электронды ресурс]. – [https://kitap.kz/book/4161/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/4161/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0)).
- 4 **Исмакова, А.** Казахская художественная проза. Поэтика. Жанр. Силь. – Алматы : Ғылым, 1998. – 280 с.
- 5 **Өтемісұлы, М.** Менің атым Махамбет. [Мәтін] [Электронды ресурс]. – https://adebiportal.kz/kz/news/view/menin_atim_mahambet_20220
- 6 **Савельева, В. В.** Психоантропология и современная художественная литература. // Художественная литература и проблемы антропологии. – Караганда, 2002. – С. 162–172.
- 7 **Пиралиева, Г.** Ішкі монолог. – Алматы, 1994. – 176 б.
- 8 **Бердібай, Р.** Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Қазығұрт, 2005. – 464 б.
- 9 Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы : Ана тілі, 1998, – 278 б.
- 10 **Айтматов, Ш.** Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн). – Алматы : Жалын, 1986. – 304 б.

References

- 1 **Nurgali, R.** Qazaq adebietinin altyn gasyry. Zertteu. [The golden age of Kazakh literature. Research] [Text]. – Astana : Kultegin, 2002. – 528 p.
- 2 **Qami, N.** Kok qaqpa. Hikaiattar men angimeler. [Blue Gate. Stories and tales] [Text]. – Almaty : Kazakh history, 2010. – 285 p.
- 3 **Heminguei E.** Shal men teniz. [The sea and the sea.] [Text] [Electronic resource]. – [https://kitap.kz/book/4161/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/4161/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0)).
- 4 **Ismakova, A.** Kazahstanskaia hudojestvennaia proza. Poetika. Janr. [Kazakhstanian fiction. Poetics. Genre. Style] [Text]. – Almaty : Science, 1998. – 280 p.
- 5 **Otemisuly, M.** Menin atym Mahambet. [My name is Makhambet] [Text]. [Electronic resource]. – https://adebiportal.kz/kz/news/view/menin_atim_mahambet_20220.
- 6 **Saveleva, V. V.** Psihoantropologia i sovremennaia hudojestvennaia literatura. // Hudojestvennaia literatura i problemy antropologii. [Psychoanthropology and modern fiction. Fiction and problems of anthropology] [Text]. – Karaganda, 2002. – 162–172 p.

7 **Piralieva, G.** Ishki monolog. [Internal monologue] [Text]. – Almaty, 1994. – 176 p.

8 **Berdibai, R.** Bes tomduq shygarmalar jinagy. [Collection of works in five volumes] [Text]. – Almaty : Kazygurt, 2005. – 464 p.

9 Adebiettanu terminder sozdigi. [Dictionary of literary terms] [Text]. – Almaty : Native language, 1998, – 278 p.

10 **Aitmatov, Sh.** Borandy beket (Gasyrdan da uzaq kun). [Storm station (Longer than a century)] [Text]. – Almaty : The flame, 1986, – 304 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

Р. Ж. Есбалаева

Международный казахстанско-турецкий университет

имени Ходжи Ахмета Ясави,

Научно-исследовательский институт тюркологии,

Республика Казахстан, г. Туркестан.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ В ПРОЗЕ Н. КАМИ

Поскольку статья является первым научным исследованием, посвященным творчеству писателя Нурлана Ками, основное внимание было уделено мастерству художника, художественным особенностям произведений писателя. Ведь творчество талантливого художника стремится отразить литературные веяния современности. В частности, рассматриваются художественные приемы и проблема отчуждения в произведениях, которые используются в изображении внутреннего мира героя. Проведен сравнительный анализ с произведениями мировых писателей Э. Хемингуэя, Ш. Айтматова с точно переданными психологическими моментами душевного переживания героя при столкновении с запутанным сознанием человека. Он изобразил душевное состояние, возвышение чувств и сил во внутреннем мире человека с психологической точки зрения. Нурлан Ками не описывает и не представляет характер персонажа, а показывает в сюжетной линии. Изучая творчество писателя с точки зрения психологии, в результате всесторонних сопоставлений и анализа идейно-художественных устремлений писательской прозы были оценены с сегодняшней точки зрения, а также рассмотрены открытие современного образа, образа главного героя в произведениях писателя. Завершив конец произведения в неожиданном для нас направлении,

писатель использует оригинальный подход, который побуждает читателя к интеллектуальному противостоянию. В статье рассказ писателя «Шал» анализируется тематически, композиционно, поэтически, и проводится психологический анализ его героя.

Ключевые слова: Психологизм в прозе, диалектика души, аналитическая психология.

R. Zh. Yesbalaeva

Scientific Research Institute of Turkology,

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,

Republic of Kazakhstan, Turkestan.

Material received on 16.03.21.

PSYCHOLOGICAL CONSCIOUSNESS IN THE PROSE OF N. KAMI

Since the article is the first scientific research which dedicated to the work of the writer Nurlan Kami, the main attention was paid to the skill of the artist, the artistic features of the writer's works. In fact, the work of a talented artist seeks to reflect the literary trends of our time. In particular, the article deals with artistic techniques and the problem of alienation in works that are used in the image of the inner world of the hero. A comparative analysis is carried out with the works of world writers E. Hemingway, Sh. Aitmatov with accurately transmitted psychological moments of the hero's emotional experience when confronted with the confused consciousness of a person. He depicted the state of mind, the elevation of feelings and forces in the inner world of a person from a psychological point of view. Nurlan Kami does not describe or represent the character of the character, but shows in the storyline. Studying the work of the writer from the point of view of psychology, the result of a comprehensive comparison and analysis of the ideological and artistic aspirations of literary prose was assessed from today's point of view, as well as the opening of the modern image of the main character in works of writer. Having completed the end of the work in an unexpected direction, the writer uses an original approach that encourages the reader to intellectual confrontation. In the article, the writer's story «Shal» is analyzed thematically, compositionally, poetically, and a psychological analysis of his character is carried out.

Keywords: Psychologism in prose, dialectics of soul, analytical psychology.

<https://doi.org/10.48081/SCBJ9142>

***Қ. Т. Жанұзақова, А. Қ. Ибадуллаева**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКА

Қазіргі қазақ прозасында мифопоэтикалық ізденіс адам болмысы, жаратылыс пен өмірдің мәнісі хақында философиялық және концептуалдық ой айтудың тәсіліне айналды. Мақалада прозалық туындылардағы мифопоэтикалық формалардың көркемдік мүддеге қызмет ететін және авторлық концепцияны, идеяны ашатын эстетикалық құрал екендігі пайымдалады. XX ғасырдың 60–70 жылдарынан бастап қазақ әдебиетінде аңыздық желі, мифологиялық сюжеттер, мотив пен образдар қазақ қаламгерлерінің шығармаларында жиі қолданылып, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесі жүрді. Мақалада прозалық шығармалардың көркемдік жүйесіндегі мифтік сюжеттердің, сарындардың, образдардың қызметі қарастырылады. Қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы да түрлі тарихи, әлқуметтік, әдеби-саяси жағдайларға байланысты біркелкі болмағаны, оған әсер еткен факторлар тұжырымдалады. XX ғасыр әдебиетінде басым уақыт үстемдік еткен социалистік реализм қазақ жазушыларының көркемдік талабы мен сұранысына толық жауап бере алмағандықтан, әдебиетте өзгеріс, өзгеше рух тілеген жаңа эстетикалық жағдайдың қалыптасқаны, шығармашылық ой еркіндігі орнаған қазіргі қазақ прозасында мифопоэтиканың шығармалардың көркемдік жүйесіне кірігу процесінің қарқынды жүргені зерделенеді.

Кілтті сөздер: мифопоэтикалық формалар, мифология, аңыз-әңгімелер, прозалық туындылар, мифтік шығармашылық.

Кіріспе

Миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарына тән әлем туралы қиял-ғажайып мазмұндағы аңыз-әңгімелер. Қазақ мифологиясы әлемнің кез-келген бөлігіндегі адамзаттың сан қилы қиялы мен арманының жемісі болатын аңыздарға бай. Оның адамзаттың рухани тәжірибесін жинақтаған мазмұндық

байлығы, әмбебап сипаты ғасырлар бойы түрлі бағыттағы жазушыларды еліктіріп келді. Көркем прозадағы мифопоэтика қашанда көнеден қазірге дейін қатталған адамзат ойының мәйегін, рухын, пәлсапасын жинақтап, бейнелеуге шексіз мүмкіндік береді. Жазушылар осынау сарқылмас бастаудан нәр алды, мифопоэтикадағы жалпы адамзаттық идеялар мен адамгершілік мәселелер қазіргі заманның өткір де өзекті мәселелерімен әдемі үйлесті.

Зерттеудің нысаны: прозадағы мифопоэтиканың көркемдік қызметін пайымдау.

Зерттеудің пәні: мифология желісіне құрылған прозалық туындылар.

Мақсаты: қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі болмағаны, оған әсер еткен факторлар тұжырымдалады.

Міндеттері: прозадағы мифтік сюжеттердің көркемдік қызметін пайымдау; мифопоэтиканың прозадағы ықпалы мен оны қолданудағы ортақ сипаттар мен өзіндік ерекшеліктерін зерделеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Миф бойындағы жалпыадамзаттық мазмұн олардың қазірге дейін өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді. Болмыстағы бар нәрседен гөрі беймәлім дүниені танып-білуге ұмтылу, құпия ғаламат күшке сілтеме жасау – мифтің өзіндік ерекшелігі. Бұрын ол алғашқы танымдық форма еді. Қазіргі кезде мифопоэтика – суреткерлік шығармашылықтың жемісі, көркемдік мүддеге қызмет ететін эстетикалық құрал. Асқақ стиль, кеңінен жинақтау мифке пәлсапалық қасиет дарытса, ненің болған-болмағанын ажыратпау мифтің көркемдік тініндегі қиял байлығын көрсетеді. Мифте көзге көрінбес, айқын емес, болуы мүмкін нәзік тұстар айқын, нақтылы болмыспен араларын ажыратып жағдай-ақ қатар, тең дәрежеде көрініп жатады, бірақ көбінесе болуы мүмкін қасиеті басым түсіп, мәселе соның пайдасына шешіліп те жатады [1, 220 б.]. Зерттеушілер мифтің көмегімен әдеби үдерістің заңдылықтары мен әдеби жанрлар ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, жеке әдеби шығармалардың ерекшеліктерін тануға ұмтылуда. Осы орайда миф поэтикасын зерттеуші Е. М. Мелетинский қазіргі әдебиетте мифті саналы түрде дәстүрден тыс, шартты сипатта, яғни оның «рухын» қолдану басым сипат алғанына назар аударады [2, 280 б.]. Бағзы заманда қалыптасқан мифтің өркениеті қарыштап дамыған қазіргі уақытта өзінің бастапқы қалыбын сақтап қалмасы түсінікті. Көркем әдебиетте оның трансформацияға ұшырауы жаңа мүмкіндіктердің көзін туғызды. Осы орайда көркем сөз өнерінде неомифологизм феномені пайда болды.

Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтика С. Қасқабасов, А. Жаксылықов, Б. Жетпісбаева еңбектерінде қарастырылады. Мифопоэтиканы ұғымды қолданған жазушылар туындыларындағы ортақ дүние: ұлттың өткен

өміріне, тарихына байланысты ауқымды пәлсапалық толғаныстарға, ой-пайымдауларға жақындық; ауыз әдебиетінің поэтикасымен, ішкі үндестік; романтикалық стиль, көтеріңкі-эмоционалдық леп. Қазақ прозасындағы мифопоэтика ерекше құбылыс болды, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесі жүрді. Қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық сарын әр кезеңде әрқилы дамыды. Өткен ғасырдың басында әдебиетте күшті көрініп, 1930–60 жж. саясаттың салдарынан үзіліп қалды, XX ғ. аяғынан қазірге дейін прозадағы осы сабақтастық қайта жалғасқанын көреміз. А. Жақсылықов қазақ әдебиетінде мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің генетикалық сабақтастығы үзілмегенін, дәстүрдің А. Иассауи, Асан қайғы шығармаларынан бастау алатынын жазады [3, 317 б.].

Қазақ прозасында өзгеше бітімді миф-аңыздардың бой көрсетуі жазушылар шығармашылығындағы ерекше бір құбылыс болды. Әрине, XX ғ. қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі жүрген жоқ. Мифологиялық желі XX ғ. басындағы әдебиетте жақсы көріне бастады да, 1930–60 жылдар аралығында әдебиетте үстемдік еткен идеологиялық себептердің салдарынан үзіліп қалды, кейіннен 1970 жылдардан бастап қазақ прозасындағы осы сабақтастықтың қайта жалғасқанын аңғарамыз.

Шын мәнінде, қазақ прозасында парадигматикалық ассоциативті мифопоэтикалық ойлау жүйесінің алғашқы формалары, сюжетті фольклорлық мотивтермен көмкеру С. Сейфуллин, С. Ерубасев, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармаларында айқын көрінді. Болмысты бейнелеудің тәсілі ретінде мифопоэтикалық архетиптерді қолдану – М. Әуезов поэтикасы ерекшеліктерінің бірі. Сюжетті фольклорлық мотивтермен әдіптеу 1940–50 жылдар прозасында көрініс берді, алайда ол қосымша этнографиялық материал деңгейінде қолданылып, сюжетті қосымша желілермен күрделендірген жоқ.

Қазақ көркем сөз өнерінің хас шебері М. Әуезовтің алғашқы туындыларындағы эпикалық метафоризм 1970 жылдары Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, М. Мағауин, Д. Досжанов, О. Бөкеев, С. Санбаевтың прозалық туындыларында ежелгі фольклорлық-мифологиялық мәдениетпен сабақтастығын, байланысын жалғастырып, қайта жаңғырады. Қазақ прозасындағы мифологизм М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, т.б. қаламгерлер туындыларынан нәр ала көктеп, көркемдік көкжиегін кеңейтті, қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық формаларды қолдану дәстүрі күрделене түсті. 1970 жылдардан бастап қазақ суреткерлері фольклорлық мұраларға, сол арқылы мифопоэтикалық архетиптерге жиі назар салатын, алайда әлеуметтік-тарихи контексттің сан алуан болуына байланысты ол да түрлі сипат алып отырды.

Мифтік, аңыздық сюжеттердің 1970-90 жылдары дамуы мен өрістеуіне жаңа серпін берген жазушылардың шығармаларында ортақ сипаттар болды. Қазақ жазушыларының туындылары халықтың өткен тарихына қатысты ауқымды философиялық пайымдауларға, толқаныстарға бейімділігімен; «халық ауыз әдебиетінің поэтикасымен, эстетикасымен ішкі үндестігімен; көтеріңкі-эмоциялық, романтикалық стильге жақындығымен ерекшеленді. Анығын айтқанда, мифотворчествоға барып жүрген жазушыларды «таза» – дәстүрлі реалистер қатарына жатқызуға бола бермес.

Қазақ әдебиетінде мифті тудырушы жазушылардың алдыңғы қатарындағы Ә. Кекілбаевтың («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры»), О. Бөкеевтің («Қар қызы», «Мұзтау»), С. Санбаевтың («Аңызды аңсағанда», «Көп-ажал»), М. Ысқақбай («Ұят туралы аңыз»), т.б. шығармалары ерекше «ойындық» стилімен, жанрлық шекараларының бұлдырлығымен, бұрынғы эстетикалық және идеологиялық қалыптың шеңберінен шыға білу қасиетімен ерекшеленді.

Қазақ прозасында аңыздық желілерді өнімді пайдаланған, өзінің көркемдік шешімін әлемге танытқан жазушылардың көш басында Ә. Кекілбаевты атауға болады. Ә. Кекілбаевтың прозалық туындыларында мифопоэтикалық формаларды қолдану үрдісі, шығармашылық эволюциясы біркелкі емес. Ә. Кекілбаевтың алғашқы повестері мен романында дүниені, әлемді мәңгілік критерийлер – өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, махаббат пен жауыздық, рух бостандығы арқылы қабылдады. Ол тарихты, тұлғаны романтикалық, философиялық тұрғыда қабылдаудан («Аңыздың ақыры», «Ханшадария хикаясы») сана ағымына жақын баяндауға, одан «Үркер», «Елең-алаң» романдарындағы беллетристикалық, реалистік формаға қарай жүрді. Ә. Кекілбаевтың «Дала балладалары», «Аңыздың ақыры» романындағы субстанционалды конфликтілерді, махаббат пен парыз қақтығысын бейнелеуге ұмтылыс, яғни болмыстық константалардың айқын көрінуі, жоғары патетика, афоризмдерге бейімділік оның шығармаларын тарихпен, өткенмен байланыстырды.

Ә. Кекілбаев «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Шыңырау» повестерінде ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, өткен күннің рухани ерлік, өнегеге толы жарқын да қаһарлы бейнесін жасайды, бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін қозғайды. Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы тұтасымен бүгінгі заман ыңғайына қарай бейімделген ұлттық мифке құрылып, мәңгілік құндылықтарға арқа тірейді.

Ә. Кекілбаев шығармаларында («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры») мифологема бүгінгі күннің өзекті рухани-адамгершілік мәселелерін өткен дәуірлердің ауқымында бейнелеу мақсатында қолданылған. Жазушы мифтердің экспрессивтік тіл көркемдігін, эстетикалық-эмоционалдық

куатын шебер пайдаланады. Романтикалық мазмұндағы мифологема көркем шығармаға көркем кестелі тіл, эстетикалық, идеялық мазмұн, терең эмоционалдық-экспрессивтік мән-мағына дарытты.

М. Ысқақбай «Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала», «Жойқан төбе», т.б. туындыларында мифологиялық негізге сүйене отырып, қиял-ғажайып дүниесіне, астарлы терең философияға, қазақы күйкі тұрмыстан гөрі кең арналы әлеуметтік өреге оқушы қиялын жетелейді. Ол өз шығармаларында ассоциатика элементтерін батыл қолданады. М. Ысқақбаевтың повестерінде мифологиялық аллегорияның мағынасы шығарма мәтінінің астарына, ішкі терең өзегіне ауысты. Оның жинақтаушылық ауқымы, символикалық мәні тереңдей түсті.

Шығармаларына мифтік сюжеттер, образдар арқау болған Ә. Кекілбаев («Аңыздың ақыры», «Күй», Ханша-дария хикаясы»), С. Санбаев («Ақ аруана», «Көп-ажал», «Аңызды аңсағанда», «Мәңгілік күрес»), Т. Әбдіков («Тозақ оттары жымындайды»), О. Бөкеев («Айпара-ана»), М. Ысқақбаев («Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала»), М. Мағауин («Қыпшақ аруы»), Х. Әдібаев (Отырар ойраны) сынды қаламгерлер прозасы халқының өткен рухани тәжірибесін философиялық тұрғыда байыптауымен, халық ауыз әдебиетінің поэтикасы, эстетикасымен ішкі үндестігімен, көтеріңкі-эмоционалдық, экспрессивтік мазмұнымен ерекшеленеді. Өткен дәуірлердің рухани тәжірибесінің «түйіні» болып табылатын ондағы бай мазмұн, мифтің универсалды қасиеті, синкреттілігі әр түрлі бағытта қалам тартқан қазақ жазушыларының назарын өзіне аударды.

Қазақ жазушылары бір жағынан, өздерінің жаңа авторлық мифтерін жасай білсе, екінші жағынан, олар ескі аңыздарды міндетті түрде қайта жаңартып, түрлендіріп, өзгертті. XX ғасыр соңындағы қазақ прозасында аңыздық желілер, мифопоэтикалық формалар тарихи-реалды уақытқа негізделген түрде ғана емес, шығарма логикасынан шет тұра беретін автономдық мағынасын күшейте түсті. Қазақ әдебиетінде «жаңа миф» жасаушы жазушылардың алдыңғы қатарында көрінген Ә. Кекілбаевтың («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры»), О. Бөкеевтің («Қар қызы», «Мұзтау»), С. Санбаевтың («Аңызды аңсағанда», «Көп-ажал»), т.б. шығармалары «ойындық» стилімен, жанрлық шекараларының бұлдырлығымен, қалыптасқан эстетикалық және идеологиялық шеңберлерден шыға білу қасиетімен, романтикалық бояуымен ерекшеленеді.

Көркем шығармада өткен күннің оқиғалары бүгінгі күнмен және болашақпен, миф, фантазия, қиялдың шарықтауы реалды болмыспен жымдаса өріліп кетеді. (Т. Ахметжанның «Нобель сыйлығында» періштенің Алматыға түсіп, адамдардың иманын тексеруі, «Сұлу мен суретшіде» Шалдың өзі салған суреттен қаза табуы, М. Мағауиннің «Қыпшақ аруында» тас мүсіннің тірілуі, Саржан мен Айсұлудың орта ғасырлардан бүгінгі

күнге өтуі, Х.Әдібаевтың «Отырар ойранында» Кербұғының Тозақ пен Жұмақтың ортасын кезуі, т.б. желілер). Шындық пен қиялдың ара-жігінің ажыратылмауы, олардың арасындағы шекараның нәзіктігі, бұлдырлығы сондай, оқиғаның болған-болмағаны, суреттелген оқиғалардың қайсысы бұрын, қайсысы кейін болып жатқаны аңғарылмайды.

Х. Әдібаев «Отырар ойранында» Шыңғыс әскерінің Отырар қаласын жаулап, жермен-жексен етуіне байланысты тарихи оқиғаны жаңаша баяндаған. Көп желілі роман күрделі философиялық сипатымен, экзистенциалды дүниетаным мотивімен, мифопоэтикалық, парадигматикалық қабаттардың корреляциясымен, эмоционалдық-экспрессивтік бояудың қалыңдығымен ерекшеленеді. Роман тарихи тақырыпты қаузап отырып, адам психологиясындағы тереңіне бойлап, жан тұңғығындағы сырды ақтаруға талпыныс жасайды. Романда уақыт пен кеңістік арасындағы шекара жойылған, уақыт, оқиғалар, діни-мәдени қабаттар – барлығы араласып кеткен. Қаламгер романда оқиғаның уақытын сығымдай отырып, ғасырлық оқиғаларды бір-екі ай көлеміне жинақтаған. Мифологиялық реминисценцияларда періштелер, шайтани бейнелер, Иса пайғамбар, Иуда, сонымен қатар Сират көпірі, Тозақ пен Жұмақ сынды концептуалды бейнелер, діни мазмұндағы мифтік мотивтер мольнан ұшырайды. Кербұғы, Шыңғысхан, Иса пайғамбар әр ғасырдың перзенті бола тұра, шығармада бір уақытта тірлік етуде. Тіпті крест ағашқа Исаны байлап жатқанда, Шыңғысхан оның денесіне тот басқан үш шегені қағып тастайды.

Романда салмағы ауыр образдардың бірі – Кербұғы бар болмыс-бітімі мен дара мінез ерекшелігіне қарамастан үлкен жалпылаушылық мәнге ие болған. Ол – масштабты образ, жырау-даналардың жинақталған бейнесі. Көзі соқыр, бірақ түйгені мен көргені көп даланың дана қарты, сәуегей, көріпкелі. Кербұғы шығармада үнемі көптің атынан сөйлейді. Реалистік бейнеден алшақ сомдалған.

Көне аңыздарға иек арта отырып, жазушылар қоғам дамуының ерекшеліктерін безбендеп, ұрпақтар, дәуірлер сабақтастығын бейнелейді. Миф шығармада көтерілген философиялық мәселелердің шексіздігін, мәңгілік, тұрақты сипатын пайымдауға мүмкіндік береді. Миф шығарманың көркемдік құрылымын күрделендіріп, мағыналық ауқымдылығын кеңейтеді, тұспалдау, меңзеу формалары арқылы белгілер, символикалық бейнелер қатарын қалыңдатаып, баяндауды ассоциациялармен, реминисценциялармен байытады.

А. Алтайдың «Алтай балладасы» («Алтайдың алқызыл модағайы») атты роман-мифінде аңыздың модернистік таныммен ұштасқан бірлігін көреміз. Шығарманың тағы бір ерекшелігі оның «роман-миф» деп аталуында, яғни тұтастай аңызбен астасып келуімен байланысты. Алтай балладасы» романы, негізінен, постмодернистік таныммен, фрейдистік философиямен

ұштасқанымен, шығарма негізінде көне дәуірлердегі аңыз жатыр. Шығармада П. Мерименің «Локис» атты шығармасындағы аю туралы көне аңызбен сабақтастықты көреміз. П. Мериме халық арасындағы аю мен адамнан жаралып, кісікіктеу боп туған адам туралы аңызды әдеби шығармаға айналдырған. Адамның дуалистік, яғни хайуандық және кісілік екіұдайы табиғатын литва халқының аңызы арқылы безбендеген. Осы жұмбақ оқиғамен жанасымы бар А.Алтайдың романында Бұлабикеке қатысты аюда хайуандық инстинкт басым болса, ал Ұлардың бойында махаббат сезімі, сағыныш, отбасын құру туралы ой басым. Айқоңыр образының өзі дуалистік негізде жасалған: бір жағынан, ол – жыртқыш аң, екінші жағынан – ғашық жан иесі.

Неомифологизм феномені, яғни жаңа кезеңнің мифі ретінде қабылдайтын мифологиялық универсалиилер қазақ қаламгерлерінің шығармаларынан да айқын таныла бастағанын көреміз. Мифопоэтика белгілі бір уақыттың, тарихи дәуірдің шеңберінен тыс рухани бағдар, халықтың рухы мен рухани өмірін бейнелейтін көркемдік құрал ретінде қолданылды.

Кеңестік прозада идеологиялық ықпалға қарамастан жазушылар мифопоэтикадан адамның қайыспас рухын ардақтайтын терең философиялық мән, мәңгілік уақытпен үндесетін соны мазмұн тапты. Мифтің поэтикалық, символдық, бейнелілік қасиетін жаңа көркемдік мақсатқа ғана емес, өздерінің көңілі толмаған ахуалдан шығудың жолын қарастыруда өзгеріске ұшыратып пайдаланды. Қазіргі қазақ прозасында мифопоэтиканы қолдану дәстүрі күрделене түсті. Қазақ суреткерлері фольклорлық мұраларға, мифопоэтикалық архетиптерге бас қойды, алайда әлеуметтік-тарихи контекстің сан алуан болуына байланысты ол да түрлі сипат алып отырды. Мифопоэтика бірде туындының көркемдік құрылымында сюжетті көмкеруші қызметінде, эпикалық фонды жасау тәсілі ретінде қолданылады, кейде туындыға тұтастай арқау болып, композицияның тірегіне айналып, концептуалық басты қызмет атқаруы мүмкін. Қазіргі прозадағы мифопоэтика өзінің дәстүрлі, тұрақты қасиеттерінен айырылып, жеке авторлық мифологияға ойысты, ұлттық бояуының сан алуандығын сақтай отырып, олармен кірігу, бірігу процесі жүрді, яғни бүгінгі күннің елегінен өтіп, соны қырынан көрініс берді. Мифопоэтика жазушының өзін-өзі бейнелеуінің, өз концепциясын ашудың мақсаты мен міндеттеріне бағынады [4, 138 б.].

Қазақ қаламгерлері адам болмысының қарама-қайшылықты, күрделі табиғатын ашып, бүгінгі күннің рухани мәселелерін терең бейнелеу үшін мифтік сюжеттерді жаңғыртып, жаңартып, авторлық мифологияны жасай алатынын дәлелдеді, мифтердің сұлу поэтикалық тіліне, экспрессивтік көркемдігіне жүгінді, мифологизмге жаңаша жинақтаушылық сипат берді, қолданылады.

Қорытынды. Қазіргі прозада қаламгерлердің стилі мен көркемдік ойлау жүйесінде мифопоэтика толымды сипатымен, өзіндік ерекшеліктерімен, жана

мазмұндық формада көрінеді. Қазақ әдебиетінде авторлық мифология жасай білген қаламгерлер шығармалары ерекше «ойындық» стилімен, жанрлық шекараларының бұлдырлығымен, бұрынғы эстетикалық және идеологиялық қалыптың шеңберінен шыға білу қасиетімен ерекшеленді. Қазақ жазушылары мифопоэтикалық пішіндерді адам өмірінің мәні мен мағынасы, жұмбақ жаратылыстың адам санасына бағынбас өзіндік заңдылықтары хақында философиялық ой толғаудың құралы ретінде қолданып, мифтің өрісін кеңейтті.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Берковский, Н. Я.** Романтизм в Германии. – Л. : Художественная литература, 1973. – 567 с.
- 2 **Мелетинский, Е. М.** Поэтика мифа. – М. : Наука, 1976. – 407 с.
- 3 **Жаксылықов, А. Ж.** Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы. – Алматы, 1999. – 348 с.
- 4 **Хализев, В.** Теория литературы. – М., 2002. – 437 с.
- 5 **Садықов, Х.** Мифологизм ықпал ма, әлде төл құбылыс па? // Қазақ әдебиеті. – 1985. – № 28. – Б. 6–7.
- 6 **Мәуленов, А.** Қазіргі прозадағы мифтік-аңыздық қолданыс. – Алматы: Қазығұрт, 2008. – 184 б.
- 7 **Панченко, И.** Вопрошая прошлое – заглянуть в будущее // Вопросы литературы. – 1983. – № 6. – С. 83–109.
- 8 **Ғалиева, А. Н.** Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер. – Алматы, 2006. – 128 б.
- 9 **Волков, И.** Творческие методы и художественные системы. – М.: Искусство, 1989. – 250 с.
- 10 **Жанұзақова, Қ.** Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. – Алматы, 2015. – 224 б.

References

- 1 **Berkovsky, N. Y.** Germaniyadağı romantizm. [Berkovsky, N. Y. Romanticism in Germany] – L. : Fiction, 1973. – 567 p.
- 2 **Meletinskiy, E. M.** Miftiñ poetikasi. [Meletinsky, E. M. The poetics of myth]. – Moscow: Nauka, 1976. – 407 p.
- 3 **Jaqsılıqov, A. J.** Qazaq adebieti şığarmalarındağı dini mazmundağı beyneler, motivter men ideyalar. [Zhaksylykov, A. Zh. Images, motives and ideas with religious content in the works of Kazakh literature. – Almaty, 1999. – 348 p.

4 **Sadykov, H.** Mifologizm uqpal ma aer me, alde qubilis pa? // Qazaq adabietі. [Sadykov, H. Is mythologism influence or phenomenon?] // Kazakh literature. – 1985. – N. 28. – P. 6–7.

5 **Xalizev, V.** Adebiet teoriyası. [Khalizev, V. Theory of literature]. – M. : Higher school, 2002. – 437 p.

6 **Mawlenov, A.** Qazirgi prozada miftik-awızsa qoldanw. [Mawlenov, A. The usage of myth-legend in modern prose] – Almaty : Kazgurt, 2008. – 184 p.

7 **Pançenko, I.** Otkenge suraq qoyu – bolaşaqqa kozqaras // Voprosi literatwra. [Panchenko, I. Questioning the past – to look into the future // Questions of literature]. – 1983. – No. 6. – P. 83–109.

8 **Galieva, A. N.** Qazirgi zamanđı qazaq romandarı Irılımındađı mifopoetikalıq pininder: filol. ğıl. Cand. ... dıus.: 10.01.02. – Almatı, 2006. – 128 p.

9 **Volkov, I.** Şıarmaşılıq adister jane korkemdik juyeler. [Volkov, I. Creative Methods and Artistic Systems]. – M. : Art, 1989. – 250 p.

10 **Januzakova, K. T.** Qazaq kromantismnin poetikaci. Monographia [Zhanuzakova, K. T. Poetic of kazakh romanticism. Monography]. – Almaty, 2015. – 224 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

К. Т. Жанузакова, А. К. Ибадуллаева

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

МИФОПОЭТИКА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Мифопоэтические формы, вплетаясь в художественную систему современной казахской прозы, стали способом изображения художественной правды и концептуальной, философской мысли о сущности жизни, о таинствах бытия и природы человека. Рассматриваются функции мифопоэтических форм в прозаических произведениях, которые являются эстетическим инструментом, служащим художественному интересу и раскрытию концепции, идеи. С 60–70-х годов XX века в литературе активно использовались мифологические сюжеты, мотивы, образы. Определяются художественные функции мифопоэтических сюжетов, образов в художественной системе прозаических произведений. Влияние религиозных и мифологических мотивов на развитие казахского литературного процесса в XX веке было значительным. В статье

сформулированы факторы, повлиявшие на его неравномерное развитие. Поскольку социалистический реализм, доминировавший в литературе XX века, не в полной мере отвечал художественным потребностям и запросам казахских писателей, они использовали мифопоэтическую форму как способ самовыражения и изображения насыщенных проблем общества. В современной прозе мифопоэтика стала одним из основных художественных средств постижения истины и изображения правды жизни.

Ключевые слова: мифопоэтические формы, мифология, легенды и рассказы, прозаические произведения, мифическое творчество.

К. Т. Жанузакова, А. К. Ибадуллаева

Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 16.03.21.

MYTHOPOETIC IN THE MODERN KAZAKH PROSE

Mythopoetic forms, woven into the artistic system of modern kazakh prose, violated the canons of socialist realism, became a way of depicting artistic truth and philosophical thought about the essence of life. The article examines the functions of mythopoetic forms in prose works, which are an aesthetic tool serving artistic interest and the disclosure of concepts and ideas. Since the 70s of the XX century, mythological plots, motives and images in the works of Kazakh writers have been actively used in Kazakh literature. The article examines the artistic functions of mythopoetic plots, images in the artistic system of prose works. The influence of religious and mythological motives on the development of the Kazakh literary process in the 20th century was significant. The article formulates the factors that influenced its uneven development. Since socialist realism, which dominated the literature of the twentieth century, did not fully meet the artistic needs and demands of Kazakh writers, they used the mythopoetic form as a way of self-expression and depicting vital problems of society.

Keywords: mythopoetic forms, mythology, legends and stories, prosaic works, mythical creativity.

<https://doi.org/10.48081/CSZL9292>

***Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова**

Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСИПА: ИСТОРИЯ СОХРАНЕНИЯ РУКОПИСЕЙ

В данной статье собраны и подробно рассмотрены культурное наследие известного казахского поэта, фольклориста Машхур Жусип Копеева, а также история сохранения рукописей. Собранные рукописи в настоящее время хранятся в 3 версиях: одна – рукописи собственного сочинения, вторая – рукописи его племянника и ученика Жолмурата Жусиповича, третья – копии его младшего сына Мухаммедфазыла. Также в статье подробно рассказывается, какими способами собирались народные образцы и попадали на бумагу, его объем, жанровая особенность собранного культурного наследия и т.д. Вместе с тем, эти образцы имеют свои особенности, текстовый паспорт, ценные сведения о том, как они дошли до современности и т.д.

Ключевые слова: Машхур Жусип Копеев, культурное наследие, фольклор, рукопись.

Введение

Известно, что духовным источником казахского народа является его богатый фольклор. Несмотря на то, что сбор казахского фольклора, его изучение являются объектом многих исследований, в этой области еще имеются вопросы, остающиеся вне поля исследования.

Казахский фольклор как наука развивалась, безусловно, не обособленно. Учитывая, что он является кладезем мировой культуры, вместе с тем следует отметить, что «белые пятна» в казахском фольклоре оказывают негативное влияние на мировое духовное развитие. Вместе с тем недостаточная изученность фольклорного богатства осложняла возможности разностороннего исследования истории казахской культуры, источников казахской письменной литературы, истории казахского языка, педагогики, философии и т.д. В этом контексте следует подчеркнуть, что труды Машхур Жусипа в сфере фольклористики заслуживают особого внимания ученых.

Объект исследования: проблемы казахского литературоведения и фольклористики.

Предмет исследования: история казахской литературы и фольклора.

Цель: Обширное изучение культурного наследия Машхур Жусип Копеева.

Задачи:

Обзор сохранных рукописей Машхур Жусип Копеева.

Методы и результаты исследования

Письменные образцы Машхур Жусипа в полной мере соответствуют основным требованиям, предъявляемым к собирателям фольклора. Во-первых, акын всегда указывает, при каких обстоятельствах и от кого получал материалы. Во-вторых, Машхур Жусип сохранял на письме мысли народа, особенности его разговорного языка. В-третьих, акын приводит факты, обосновывающие историчность, реальность той или иной легенды. Этим обуславливается то, что образцы Машхур Жусипа являются неоценимым источником материалов исследования для истории казахского народа, философии, литературы, языка, педагогики. Материалы Машхур Жусипа могут послужить ценными материалами для исследования русской, узбекской, татарской, киргизской культур.

Если задаться вопросом «Кто является собирателем казахского фольклора?», то, по всей вероятности, не случайно обращение внимания на представителей фольклора до Казанской революции XX века. В период, когда издание книг встало на свои русла, роль сбора первоначальных образцов фольклора, передаваемых из уст сказочников, импровизаторов в казахских селениях, была велика. Позднее, когда полной силой развернулось издание книг, появилась возможность обучаться грамоте, когда широкое развитие получила письменная культура, особенно, после Казанской революции, в 1920–1956-е годы, когда памятники древней культуры оценивались однобоко, с социологической позиции, когда оценка, редактирование произведений осуществлялось «в угоду себе», сбор и издание образцов народной поэзии получили другое направление. Вначале язык народа, его понимание, казалось, составляло противоречие нынешнему поколению, так как образцы были в первоначальном виде. Но позднее в них вместо правдоподобия появляется «искусственность, неестественность», в результате чего история эпохи, художественная изобразительность произведения искажается. Все это подчеркивает необходимость пересмотра языка образцов устного народного творчества, вышедших позднее в серии «Сказки», «Ораторские изречения».

Рассматривая образцы устной литературы Машхур Жусипа, сначала надо узнать, в каком объеме тиража эти произведения изданы. Безусловно, большинство образцов фольклора, собранных Машхур Жусипом, еще не опубликованы и это затрудняет решение задач, поставленных перед нами. Но несмотря на это, основываясь на найденные нами образцы, также на

материалы, находящиеся в фонде рукописей Академии наук, мы считаем правомерным систематизировать собранный нами материал.

В общем, материалы, собранные Машхур Жусипом, систематизированы в трех рукописных вариантах. Первый вариант – это рукописи самого Машхур Жусипа. Многие из них в свое время были утеряны. Большая часть материалов, дошедших до нас, сохранены в сборнике «Қара мес» («Черный бурдюк») библиотеки Академии наук, а остальные в «семейном архиве» Машхура. Второй вариант – это рукописи племянника Машхур Жусипа Жолмурата Жусипулы. Среди них имеются и переписанные из рукописей Машхур Жусипа, и собранные из уст народа. Третий вариант – рукописи младшего сына Машхур Жусипа Фазыла. Многие из них он тоже переписал из рукописей отца, остальные собраны из уст народа.

А теперь остановимся на самих рукописях Машхур Жусипа, находящиеся в хранении в Центральном фонде рукописей библиотеки Академии наук [1–3]. Потому что здесь, наряду с рукописями самого Машхур Жусипа, хранятся копии рукописей, собранные племянником Жолмуратом, сыном Фазылом, А. Диваевым и др., написанные на латинском, арабском письме [4–6].

Известный акын Д. Абишев пишет о том, что после смерти Машхур Жусипа взял у сына Шарафидена два тома рукописей и отправил в Алматы. Книгу «Қара мес» («Черный бурдюк») он так и не смог получить [7]. Из воспоминаний Толеубая Шарафиулы /1917–1996 гг./ известно, что в начале 30-ых годов Шарафи едет в Семей, а оттуда поездом в Алматы. Мы предполагаем, что дед Шарафи сам сдал сборник рукописей «Мес» («Бурдюк») в Центральный фонд рукописей. После этого ежегодно сдавали произведения Машхур Жусипа: С. Шарипов, Жолмурат Жусипулы, Омар Иманбаев, К. Машхур Жусип. Большой интерес представляют объем рукописей, порядок переплета, своеобразность бумаг, на которые были переписаны рукописи.

Возможно, этим объясняется то, что папки, находящиеся в хранении в Центральном фонде рукописей, составляют иногда 200, иногда 400, а иногда 700 страниц. А некоторые сданы тетрадями в 7, 10 страниц. Что касается страниц рукописей, то они отличаются от книжных страниц, длиной и шириной они больше, страницы рукописей имеют средний или же больший размер.

В связи с тем, что рукописи сданы разными людьми в разное время, некоторые материалы встречаются несколько раз. Рукописи Машхур Жусипа, охватывающие около 400 тем, составляют, примерно, 5000 страниц. Что касается копий, то они составляют, примерно, 2000 страниц, посвященных 150-и темам.

По нашему предположению, если все рукописи Машхур Жусипа перевести с языка хадим и издать, то они должны составлять 30 томов [8]. Если их классифицировать: сами произведения акына – 3 тома; дастаны – 3 тома; образцы айтыса – 2 тома; переводы – 3 тома; произведения устной

литературы – 3 тома; история, религия, философия, этнография, педагогика казахов и др. – 6 томов; образцы фольклора – 10 томов.

Если говорить о состоянии хранения рукописей в библиотеке Академии наук, то следует заметить: во-первых, рукописи старые, большинство из них написаны сто лет тому назад, поэтому многие страницы рукописей в очень старом состоянии. Некоторые страницы реставрированы и переплетены заново. А те рукописи, которые невозможно восстановить, сняты на микрофильм.

Таких рукописей немного, а причина их плохого состояния в том, что они передавались из рук в руки различными способами (где-то следы воды и т.д.).

Несмотря на то, что рукописи Машхур Жусипа были написаны очень давно, в целом наследие Машхур Жусипа хорошо сохранено. И несмотря на срок давности почерк акына разборчивый.

Использованные акыном красные, черные, синие чернила хорошо сохранены, лишь края старниц стерты.

Подтемы в рукописях начинаются с новой строки и снизу подчеркнуты красным карандашом. Примечания, данные на страницах, выделены разными чернилами. Страницы рукописей от начала до конца справа налево пронумерованы арабскими цифрами. Чтобы легко и удобно было найти любую страницу, слово, с которого начиналась каждая последующая страница, отдельно выводилось с краю. Такой метод письма свойственен памятникам средневековья. Это свидетельствует о том, что Машхур Жусип изучил памятники средних веков, владел методом их письма.

Машхур Жусипа отличает и своя особенность письма. К примеру, встречаются и образцы, где акын в целях экономии страниц пишет на одной странице, деля ее на два ряда.

Иногда он нумеровал каждую строчку стиха, тем самым, сохранял их порядок. Каждая страница рукописи состоит из 27-и, иногда 32-х строк. А в конце рукописи в соответствии с нумерацией акын давал пояснение к каждой странице.

Следует еще отметить, чтоб быстрее найти ту или иную тему в рукописи, акын каждую тему подчеркивал разными цветами чернил. Вместе с тем, каждую тему обозначал римским знаком или над темой ставил «птичку».

Среди рукописей Машхур Жусипа имеется книга, посвященная религии, Корану, молитвам [9].

Теперь дадим характеристику самим рукописям Машхур Жусипа, которые хранятся «в семейном архиве». Один том рукописи состоит из обычных страниц, сохранен в виде отдельной книги: обложка сделана из рук, края страниц оборваны (не стоит забывать, что они написаны сто лет тому назад), в некоторых местах вообще оторваны. Первые страницы книги находятся в таком состоянии, что касается последующих, то они в целом

хорошо сохранены. Тем не менее состояние книги вызывает некоторые трудности при чтении и переводе. Рукопись написана на языке хадим почерком самого акына. В некоторых текстах, касающихся религиозных тем, встречаются слова с арабского, персидского языков, что затрудняет перевести их на нынешний алфавит. Рукопись состоит из 402-х страниц, каждая страница пронумерована самим акыном. Буквы выведены разборчиво и красиво. Страницы рукописи переплетены ниткой.

Тексты в рукописи расположены в последовательности. К примеру, первые страницы рукописи посвящены легендам /Алаша хан, Асан Кайгы, Жиренше шешен («Оратор Жиренше») – 1–38 страницы/. Далее место отведено жанру – сказке / «Әз Жәнібек пен ұста» («Мудрый Жанибек и мастер») – 38–40 страниц. Такая классификация легенд не случайна: она дана в соответствии с возрастными особенностями, геройскими поступками, действиями. Если легенда начинается с жизни Абылая до двадцати лет, в середине приводятся стихи Бухар жырау, в конце описываются события, когда хан хотел завоевать город Бухар, но видит сон и отказывается от своей идеи, на обратном пути умирает. То есть рассказы находятся в хронологической последовательности.

Расположить в определенной последовательности собранные из уст народа фольклорные образцы, изложить таким образом на бумаге – все это обосновывает правильность направления сбора фольклорного материала, тем самым, подчеркивает ценность и значимость рукописей.

В рукописи сверху страницы даются темы материалов, лишь затем непосредственно сам текст. В последующих материалах темы также выделены.

Что касается вариантов, написанных в стихотворной форме, то в целях экономии страницы акын на один ряд размещал две строки стиха. В стихотворных строках отсутствуют пробелы между словами, строчные буквы и другие знаки.

Остальные произведения также расположены в определенной последовательности. К примеру, после рассказов и легенд приводятся пословицы и поговорки, загадки, список материалов о других ханах, произведения поэтов и писателей, произведения, посвященные религиозным верованиям, бата (пожелания), цикл изречений биев и другие сведения. Такая систематизация, последовательность материалов говорит о попытке акына классифицировать фольклорные образцы по жанрам. Вместе с тем, Машхур Жусип давал отличительные особенности каждого жанра. Все это свидетельствует о том, что для достижения намеченной цели акын собирал материалы в определенном порядке.

В свое время фотокопии некоторых произведений были взяты из «семейного архива» и сданы в музей, носящий его имя. Музей находится в селе Машхур Жусип Копеева Баянаульского района Павлодарской области.

Выше мы уже говорили, что у Машхур Жусипа было три сына и две дочери. Сыновья: Шарафи, Әмен, Фазыл, дочери – Бәти / вышедшая замуж за джигита Койбак/ и Амина.

У Машхур Жусипа был младший брат Касен, умерший молодым. Работал продавцом у Томашева, ногайского бая. У Касена не было детей.

Еще у Машхур Жусипа была младшая сестра Мадина. Мужа ее звали Жусип, родила четырех детей: Касенгали Жусипулы, Жолмурат Жусипулы, Батима и Кенжебике. И у Касенгали, и у Жолмурата не было детей, а что касается Кенжебике, о ней нет сведений. А у Батимы есть сын Галымжан, который ныне живет в Алматы.

Жолмурат Жусипулы /1894–1977/ обучался у Машхур Жусипа, в совершенстве владел арабским, персидским, турецким и другими языками. В своих вариантах Жолмурат указывал время, когда он переписывал рукописи. Произведения Машхур Жусипа он сдавал в фонд рукописей Академии наук Республики Казахстан.

Несмотря ни на какое время, Жолмурат как зеницу ока берег наследие своего деда, и в этом его заслуга велика. В переписанных вариантах Жолмурат постоянно обосновывает вклад Машхур Жусипа в сбор образцов народной поэзии.

Переписанные рукописи Жолмурата Жусипулы сохранены в Центральном фонде Академии наук [10], «семейном архиве», а также у жителя города Екибастуза Жукаша Карибайулы. Варианты Жолмурата, переписанные с рукописей Машхур Жусипа, полностью сохранены в «семейном архиве». А в Центральном фонде рукописей в виде копий хранятся сами произведения Машхур Жусипа, то есть поэмы, легенды, сведения автобиографического характера. Копии рукописей по каждой теме составляют отдельную тетрадь, где указан год копии / охватывает 1944–1946 гг./ . Эти тетради состоят из 10, 20, 30, иногда из 100 страниц. Каждая тетрадь пронумерована арабскими цифрами. Все тетради составляют одну рукопись. На первых страницах – поэмы, затем в определенной последовательности даются легенды. В копии второй рукописи Жолмурата содержание соответствует хронологической последовательности, что характеризует сборник автобиографических сведений. В этом варианте Жолмурат описывает автобиографию акына, начиная с рождения и до смерти.

Если говорить о материалах Жолмурата, которые хранятся в «семейном архиве», то копии сохранены при разных обстоятельствах. В некоторых местах страницы порваны, имеются страницы с растекшими чернилами.

Почерк Жолмурата очень разборчивый и красивый, как у Машхур Жусипа. В свое время Жолмурат, сын Фазыл сняли копии с рукописей «Мес» («Бурдюк»), «Қара кітап» («Черная книга»), а потом только сдали в Академию наук. Дед Жолмурат перед смертью оставил эти копии в наследство внуку Куандыку

Фазылулы, родным, Турсын Алибаевой, дочери младшей сестры Кенжебике. С тех пор варианты, переписанные Жолмуратом, среди них оригиналы рукописей Машхур Жусипа хранятся в семье внука акына Куандыка Фазылулы.

Главная особенность переписанных Жолмуратом рукописей для нас, фольклористов, историков, философов заключается в том, что рукописи акына переписаны без каких-либо изменений, они полностью соответствуют оригиналу текстов.

Если сравнить рукописи Машхур Жусипа с вариантами рукописей племянника Жолмурата в текстологическом отношении, можно заметить следующее: не только предложения, но и словосочетания, даже отдельные звуки в словах и пунктуационные знаки, характеризующие индивидуальный стиль самого акына, то есть начало новой строчки, место, где ставится точка и начинается новое предложение, – все это сохранено в том же виде и передано без каких-либо изменений. Кроме того, пусть это будет рассказ, предание, поэма – все расположено в определенной последовательности. А признаки, указывающие на текстологические изменения: сюжет, стиль, событие, герой, пояснения, – все это переписано без всяких изменений. Следовательно, один из основных, важных принципов, которого придерживаются фольклористы, – принципа передачи без изменений придерживается и Жолмурат Жусипулы.

В одном особенность Жолмурата: слова с арабского, персидского языков, которые встречаются в рукописях Машхур Жусипа, Жолмурат пояснял другими, более понятными словами, какими-то событиями. Причем, пояснения он давал на той же странице и разными чернилами. Почерк Жолмурата мельче по сравнению с почерком Машхур Жусипа, но это нисколько не отражалось на содержании текста.

Некоторые методы, которые использовал Машхур Жусип в своих рукописях, находят продолжение и в копиях Жолмурата. К примеру, размещение сикхотворных строк, деля одну страницу на две, нумерация страниц с целью сохранения последовательности каждой строки или же указание на ту или иную страницу, где приводятся пословицы и поговорки, – все это гармонирует с вариантами рукописей племянника Жолмурата.

Как и Машхур Жусип, Жолмурат также давал список переписанных рукописей. Кроме этого, Жолмурат Жусипулы занимался сбором рукописей Машхур Жусипа, переданных из рук в руки. Как и рукописи Машхур Жусипа, варианты Жолмурата написаны на арабском языке, письмом хадим.

Трудности этого письма заключаются в том, что если гласные звуки сохраняются в начале и конце слова, то в середине слова они могут не обозначиться. В этом случае, если гласные звуки не указаны, то их можно определить по дополнительным знакам, обозначенным над звуком. А такие знаки обычно не указываются в работах, написанных руками. В

этом отношении следует заметить, что Жолмурат полностью владел особенностями письма хадим.

Например, в слове «Мухаммед», даже если гласные звуки выпадали, то в целом слово передавалось при помощи согласных «М», «Х», «М» и «Д».

Некоторые копии Жолмурата Жусипулы так и не сохранились отдельной книгой, потому что каждое сведение давалось отдельно и характеризовалось разрозненно. По всей вероятности, рукописи переписывались не в последовательности, позднее в силу различных обстоятельств они сохранились в отдельности. Поэтому разграничение начала и конца некоторых рассказов вызывает затруднение. Страницы копий рукописей Жолмурата до нас дошли в двух формах: одни – обычные страницы, другие – размером больше, длинные. Как было сказано выше, каждый рассказ занимал отдельную страницу, следовательно, каждая страница пронумерована в отдельности. Номер каждой страницы, как обычно, дается не в середине, а с краю страницы. Как и рукописи акына, копии Жолмурата написаны чернилами. На некоторых страницах слова расположены друг к другу очень близко. Возможно, и поэтому: края некоторых страниц оторваны, буквы, находящиеся с краю, подверглись изменениям или их вообще не видно, – все это затрудняет перевод с арабского языка.

Важно заметить, что те, которые переписывают, могут и сами пропустить букву или слово. Для Жолмурата характерно качество переписывать без каких-либо изменений. Это характеризует его как прилежного человека, формирует его индивидуальный стиль, а самое главное, подчеркивает научную значимость работы. Кроме того, известно, что Жолмурат не только собирал и переписывал наследие деда Машхур Жусипа, но и смог сохранить их в нестабильной обстановке того времени. А, самое главное, собирая и переписывая эти рукописи, он передавал их из поколения в поколение, тем самым, выполнял свой родственный долг. Вклад Жолмурата Жусипулы в историю казахской фольклористики, а именно, в учение Машхуроведение безмерен.

Что касается копий рукописей, которых переписывал младший сын Машхур Жусипа Фазыл (Мухаммедфазыл) /1890-1969/, то важно заметить следующее: во-первых, Фазыл – сын Машхур Жусипа; во-вторых, Фазыл долгие годы работал учителем в селе.

Выводы

Копии рукописей, переписанных Фазылом, несколько: одни переписаны систематически, то есть начало рукописей составляют рассказы, смешанные с преданиями, далее – изречения биев, летописи, эпические поэмы. Они даны в блочной форме. Другие – тексты несколько смешаны. Страницы копий рукописей большие размером, каждая страница пронумерована в середине. Тема каждого варианта дана с правой стороны с краю и подчеркнута снизу.

Известно, что Машхур Жусип часто использовал прием, в котором конец каждой страницы отмечается словом, с которого начинается следующая страница. Это находит свое отражение и в копиях сына Фазыла. Если в рукописях Машхур Жусипа стихотворные строки нумеровались, то в копиях Фазыла, чтобы различать стихотворные строки друг от друга, последнее слово в строке подчеркивалось.

Если говорить о состоянии копий, то некоторые страницы их помяты, буквы, написанные чернилами, местами стерты. Сравнивая копии рукописей племянника Жолмурата и сына Фазыла, дошедшие до нас, можно сказать, что одни дополняют другие.

Данная статья была финансирована Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № AP08856356 «Духовное возрождение: культурно-литературное наследие Машхур Жусип Копеева»).

Список использованных источников

- 1 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазба қоры. Қ. 215, Қ. 265, Қ. 273, Қ. 334, РМ. 819, РМ. 775, РМ. 776.
- 2 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазба қоры. 1125а-папка, 1170-папка, 1170а-папка, 1171-папка, 1172-папка, 1176-папка,
- 3 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазба қоры. 1177-папка, 1178-папка, 1330-папка, 1623-папка, 1645-папка, 1882-папка.
- 4 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазба қоры. 13-папка, 61А-папка, 215-папка, 348-папка.
- 5 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазба қоры. 378-папка, 657-папка, 829-папка, 874-папка, 1062-папка.
- 6 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазба қоры. 1080-папка, 1125-папка, 1173-папка, 1174-папка, 1175-папка.
- 7 Мәшһүр Жүсіп // «Жұлдыз» газеті. – 1992. – 12. – Б. 116-122.
- 8 Мәшһүр Жүсіп мұрасы // Жалын. – 1974. – 3. – Б. 127.
- 9 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры. 1172-папка (745 беттен тұрады).
- 10 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры. 1173а-папка, 1173б-папка.

References

- 1 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljazba qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts] K. 215, K. 265, K. 273, K. 334, RM. 819, RM. 775, RM. 776.

2 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljazba qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan] the Central Fund of Manuscripts: folders # 1125a, # 1170, # 1170a, # 1171, # 1172, # 1176,

3 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljazba qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan] the Central Fund of Manuscripts: folders # 1177, # 1178, # 1330, # 1623, # 1645, # 1882.

2 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljazba qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan] the Central Fund of Manuscripts: folders # 13, # 61A, # 215, # 348.

5 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljazba qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan] the Central Fund of Manuscripts: folders # 378, # 657, # 829, # 874, # 1062.

6 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljazba qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan] the Central Fund of Manuscripts: folders # 1080, # 1125, # 1173, # 1174, # 1175.

7 Mǵshhūr Jūsip // «Juldız» gazeti. – 1992. – 12. – B. 116-122. [Mashkhur Zhussip // The newspaper «Star». – 1992. – 3. – P. 116-122].

8 Mǵshhūr Jūsip murasy // Jalyn. – 1974. – 3. – B. 127. [Heritage of Mashkhur Zhussip // Zhalyn. – 1974. – 3. – P. 127].

9 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljabalar qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan] the Central Fund of Manuscripts: folder # 1172 (contains 745 pages).

10 QR Ǵylym akademiasynyn Ortalyq qoljabalar qory. [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan] the Central Fund of Manuscripts: folders # 1173a, # 1173b.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова
Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
Материал баспаға 16.03.21 түсті.

МӘШҒҮР ЖҮСІПТІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ САҚТАЛУ ТАРИХЫ

Бұл мақалада қазақтың белгілі ақыны, фольклортанушысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ел арасынан жинаған мәдени мұралары, оның ішінде қолжазбалардың сақталу тарихы т.б. жинақталып жан-жақты қарастырылады. Жинақталған қолжазбалар қазіргі таңда 3

нұсқада сақталған: бірі – өз қолымен жазған түпнұсқалары, екіншісі – жасуаны, әрі шәкірті Жолмұрат Жүсіпұлы қолжазбалары, үшіншісі – кенже ұлы Мұхаммедфазыл көшірмелері. Мұндағы әр нұсқаның қалай сақталғаны, қалай қағаз бетіне түскені, көлемі, жиналған мәдени-мұралардың жанрлық ерекшелігі т.б. – бәрі осы мақалада қамтылады. Сондай-ақ бұл нұсқалардың өзіндік ерекшеліктері де, мәтін паспорты да, осы заманға қалай жеткені жайлы т.б. құнды мағлұматтар да бірге беріледі.

Кілтті сөздер: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, мәдени мұра, фольклор, қолжазба.

N. K. Zhussupov, M. N. Baratova

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 16.03.21.

CULTURAL HERITAGE OF MASHKHUR ZHUSSIP: HISTORY OF MANUSCRIPT PRESERVATION

This article contains and examines in detail the cultural heritage of the famous Kazakh poet, folklorist Mashkhur Zhussip Kopeev, as well as the history of preserving manuscripts. The collected manuscripts are currently stored in 3 versions: one-the manuscripts of his own composition, the second-the manuscripts of his nephew and pupil Zholmurat Zhussipovich, the third-copies of his younger son Mukhammedfazy. The article also describes in detail how folk samples were collected and put on paper, its volume, genre feature of the collected cultural heritage, etc. At the same time, these samples have their own characteristics, a text passport, valuable information about how they came to the present, etc.

Keywords: Mashkhur Zhussip Kopeev, cultural heritage, folklore, manuscript.

FTAMP 17.07.31

<https://doi.org/10.48081/TDJY1201>

***Г. Қ. Жүсіпова¹, Е. Қ. Жүсіпов²**

¹Тұран университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

²Торайғыров университеті, Қазақстан, Республикасы, Павлодар қ.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ОТ», «СУ», «ЖАРЫҚ» ҰҒЫМДАРЫ

Әлем әдебиетінде «от», «су», «жарық» ұғымдарының алатын орны ерекше. Қай әдебиетті алып қарастырмасақ та, осы ұғымдарға ерекше көңіл бөлген. Осы ұғымдардың шығу тарихы туралы Инжіл мен Құранда, көне аңыздарда кездеседі. Мақалада қазақтың ақыны, ғұламасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы «от», «су», «жарық» ұғымдарына тоқталамыз. «Жер мен көк» дастанында осы ұғымдарға ерекше тоқталған. Әлем әдебиетіндегі мол мұраның қазақ әдебиетінде, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында «от», «су», «жарық» ұғымдарына тоқталып, оның бастау көздерін неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілерден, Құран мен Инжілден іздеу. Мақалада, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында «от», «су», «жарық» ұғымдарының көрінісі сипатталады.

Кілтті сөздер: от, су, жарық, дастан, Құран.

Кіріспе

Мәдениеті мен ғылымы өте ертеде пайда болған, бес мың жыл бойы жемісті дамыған елдерде (Қытай, Үнді, Египет, Греция) жер, тіршілік пайда болуы үшін: «жарық», «су», «оттың» ерекше орын алғанын көреміз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Жер мен көк» дастанында Алланың алдымен нұрды жаратқанын жазады:

Кім білер әуел ақыр хақтың сырын,

Нәрсе жоқ бір өзінен басқа бұрын.

Ғаламға өзін заһыр қылмақ үшін,

Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын [1, 117].

Зерттеудің нысаны: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында «от», «су», «жарық» ұғымдары

Зерттеудің пәні: М. Ж. Көпейұлы шығармаларында «от», «су», «жарық» ұғымдарының бейнеленуі

Мақсаты: Мақалада, әлем әдебиетіндегі мол мұраның қазақ әдебиетінде, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында «от», «су», «жарық» ұғымдарына тоқталып, оның бастау көздерін неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілерден, Құран мен Інжілден іздеу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылады:

Міндеттері:

– М. Ж. Көпейұлы шығармаларында «от», «су», «жарық» ұғымдарының бейнеленуін айқындау;

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында «от», «су», «жарық» ұғымдарының символға айналу үрдісін зерделеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Мақалада салыстыру, сараптау мен пікірлерді қорыту әдістері басшылыққа алынды. Қазақ әдебиеттану ғылымында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалдарының алар орны ерекше. Ақынның дастандарындағы «от», «су», «жарық» ұғымдарының көрінісін зерделеу керек.

Әлем негізгі жарық пен қараңғының қарым-қатынасынан, ара салмағынан тұратыны туралы пікірдің тарихын іздесек, алдымен ертедегі Қытай ойшылдарының жазбасына көңіл бөлуіміз керек. Ертедегі Қытай философтары әлемнің дамуын қарама-қарсы ғарыштық екі принциптің Инь және Янның бірлескен әрекеті негіздейтінін айтқан. Инь-қараңғылық, суық, ылғал, өлім бастауы болса, Ян керісінше-жарық, жылылық, от, туу көзі болып саналған [2, 5]. Ал, аспаннан жіберілген ойлар жиынтығы саналатын Інжілде (Библияда) құдайдың алдымен көк пен жерді жаратқаны, жердің алғаш... бос болып, мәңгілік қараңғылыққа батып тұрғаны, содан кейін құдайдың жарық (нұр) болсын деп айтқаны баяндалады [2, 4]. Кейінгі жылдары қазақша шыққан Құранға берілген түсініктемеде Сануилердің (бейтараптардың) :

1 Нұр – жақсылық.

2 Зұлмат-қараңғылық, жамандықты білдіреді деп санағаны айтылған.

Ал, Мұхаммед (Ғ. С.) пайғамбар негіздеген Құран-Кәрімде Алла екеу емес, тек біреу деп есептелетіні белгілі. Онда тікелей «Нұр» айтылмаса да, «жарық» ұғымына, оның жердегі адамдарды бағыттаушылық роліне көңіл бөлінген:

1 – «Алла ... өз нұсқауымен қараңғылықтардан жарыққа шығарып тұп-тура жолға салады» [3, 110].

2 «Расында Мұса (Ғ. С.)ны: «Еліңді қараңғылықтардан жарыққа шығар, Алланың күндерін ескерт» деп, мұғжизалармен жібердік» [3, 255].

3 «Ол сондай Алла сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығу үшін өзі рақмет қылып, періштелер дұға қылады» [3, 423].

4 «Ол сондай Алла сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін құлына (Мұхаммед Р.С.-ға) ап-ашық аяттар түсірді» [3, 538].

Сонымен бірге Құран Кәрімде: «Алла қалаған кісісін өз нұрына бөлейді» деп жазылған.

XIX ғасырдың екінші жартысында В. В. Радлов жинап, жариялаған «Шәриар» қиссасында Мұхаммед (Ғ. С.) пайғамбар төрт шәриарға және Биби Патпаға (кенже қызы – Биби Фатимаға) сауал береді: «Балдан тәтті, қылдан жіңішке, тастан нұрды, Құраннан тауып берші, бар ма? – дейді» [4, 507]. Бұл арада Мұхаммедтің (Ғ. С.) алдына қойған заты жай емес, асыл тас екенін ескерсек, нұр сипаты жағынан содан не асқанын ашуға сауалдың бағытталғанын межелеге болады. Сонда төрт шариярдың бірі Әбубәкір (В. В. Радлов кітабында «Абу Бәкір» деп берілген) ең нұрлы деп намаз нұрын атаса, Омар да сол пікірді қолдайды. Ал, Әзірет Осман, нұрлы деп Құранды бөліп көрсетсе, Фатима бабасының жүзін, яғни Мұхаммедтің нұрын алады. Бұл жауаптар жеке-жеке алғанда, дұрыс көрінгенімен, Құдай әмірімен келген Жәбірәйл періште былай деп жауап береді:

Нұрды тұр осы тастан Алла жолы,

Бұл балдан Алла жолы тәтті болды.

Құдайға құлшылық қып шықпағымыз,

Жіңішке жалғыз қылдан маған қатты [4, 503].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Алланың алдымен нұрды жаратуын айтумен бірге одан әрі жарықты-иманға, ал жарық көзі шамды (канадилді) көкірекке балайтынын бейнелеген:

Екінші кітап алған бір кеңеске,

Адам-тау, көкірек кандал: сол емес пе?!

Болғанда жарық иман – ол ағашы,

Ғақылды оған қосқан май демес пе?! [1, 106].

Бұл арада иман жетекші болса, ал ақыл себепші, көмекші ретінде келтірілгенін байқауға болады.

Адам өлгенде, алдымен қабір ішінде Алла нұры болуын тілеу XIII ғасырда жазылған Қожа Ахмет Иассаuidің кітабында орын алған: «Алла нұры қабір ішін жарық қылғай, Періштелер өңірінен сәуле құйғай» [5, 78].

Осы орайда ең алдымен не жаралды дегенде, нұрмен не тайталаса, не одан бұрын орын алған суға назар аударған жөн деп санаймыз. Ертедегі Грек ғылымы тарихында үлкен орын алатын Фалес Милетский (Б.з.д. VI ғ.) тірліктің судан бастау алғанын [2, 10] жазған. Фалес Милетский бұл пікірді қайдан алған десек, көпес ретінде шығыста көп болған оның Шығыс мифологиясына сүйену мүмкіндігі [2, 10] көңіл бөлерлік. Ал, «Шан Шу» деп аталатын Көне Қытай туындысында (Б.э.д. I мыңжылдық басында) «Бірінші бастау – су, екінші – от, үшінші – ағаш, төртінші – металл және бесінші – жер», – деп берілген екен [2, 15]. Сондай-ақ ертедегі Месопотамия, Шумер, Вавилон тұрғындарының әлемнің бір кезде ұшы-қиыры жоқ Мұхит қоршауында болғаны... туралы ұғымы [2, 27] да ой саларлық. Сонымен

қатар судың бар тіршілік бастауы болғаны туралы ілімнің ертедегі Үнді мифологиясына да орын алғаны да көңіл бөлерлік [6, 15].

Зерттеуші С. Талжанов отқа табынудың көне заманнан келе жатқанына назар аудартады: «Осы күнгі совет ғалымы Г. Н. Румянцевте: «Түріктің, монғол, буряттың отқа табынуы өте ескі дін, сондықтан тек Иран әсері деу де өте киын, әрине, ықпалы да бар шығар» [7, 39], – деп ескертіп өтеді. Әлем жаратылысы, жер мен көк арақатынасындағы су мәні хақында көне аңыздарда осы іспетті пікірлер орын алса, Мәшһүр Жүсіп дастанында да суға ерекше мән берілген:

Бар құдай салды назар сонда суға,
Су қайнап, айналасы толды буға.
Буынан сол дарияның көкті жасап,
Білдірді құдіретін жас пен қуға [1, 113].

Мәшһүр Жүсіп үшін жер-әлемнің бір бөлшегі. Ол жердің пайда болуын айтпас бұрын алдымен әлем жаратылысына, онда жер тәрізді тіршілік бастаулары көп екеніне ден қойғызады. Халықта «жеті қабат көк» ұғымы ежелден келе жатқаны белгілі. Ал, Мәшһүр Жүсіпте көктің жетеу болуымен бірге жердің де жеті түрі бар екені айтылады:

Қойыпты жеті көкке жеті есікші,
Өтірік айтар кісі емес, мен өсекші...
...Жеті көк, тоғыз палақ былай тұрсын,
Құрайын тағы кеңес – жеті жерден [2, 114].

Осы орайда «жеті» сөзімен қатар Мәшһүр Жүсіпте «жетіс мың» тіркесі де біраз қолданылғанына да назар аудартқымыз келеді. «Неге жеті көк, жеті жер және жетіс мың арқан?» деген сауалдарға жауап беруді ғарышты зерттеу ғылымының кейінгі даму үлесіне қалдыра отырып, мына жорамалды айтқымыз келеді. Біздіңше, «арқан» деген сөзде әзірше көзге де көрінбейтін, көруге арналған арнайы приборға да ілінбей жүрген тартылыс негізделген «тартылыс жібі» дейміз бе, әйтеуір бір ұзын да алып белдік аталуы да мүмкін. Сондай-ақ мына жолдардағы:

Басқышы, тірегі жоқ ғаршы қылды,
Хисапсыз сол ғаршыға аяқ берді.
Арасы аяқтардың сондай алас,
Құс ұшса, отыз мың жыл қылып жарыс [2, 108].

«аяқ» деп отырғаны біздің ұғымдағы адамның, не малдың, не тіпті алып бір прибордың таянышы, аяғы емес, тағы да жай көзге көрінбейтін, кейін ғылым дәлелдеуге тиіс, тартылысты негіздеп тұрған алып белдеу болуы да мүмкін демекпіз. Мәшһүр Жүсіп сонымен бірге жердің жаратылуын айтпас бұрын, сегіз жұмақ, жеті тамұқтың қалай жаратылғанын да тәптіштеп баяндайды. Осы орайда көркем шығармадағы оқиғалар орны ретінде жұмақ пен тамұқ алынуы да Европа, Азия халықтары әдебиетінде ертеден бар екенін дәлелдеу үшін, белгілі араб әдебиетін зерттеуші Ә.Дербісәлиев байқауына иек артқан жөн деп санаймыз.

Зерттеуші еңбегінде X–XI ғасырлардағы араб шайыры Абул-Ала әл Мағарридің (973 ж. туған) шығармасына сүйеніп пікір айтады: «Абу-л-Аланың екінші бір» Кешірім туралы арнау» атты трактаты да жоғарыда сөз болған туындысымен сарындас. Ғұламаның бұл еңбегі «әл-Карих» деген атпен белгілі болған Али ибн Мансур әл-Халабидің арнау хатына жауап ретінде дүниеге келген. Оқиға Дантениң «Құдіретті комедиядағы» жұмақ пен тамұқта өтеді» [8, 146].

Біздіңше, дастандағы сегіз жұмақ, жеті тамұқты тек діни аңыз жемісі деп қарамай, онда да әлі бізге белгісіз ғарыштық ұғымдар болуы мүмкіндігін айтқымыз келеді. Осы орайда әлем негізін: су, от, ағаш, металл, жер құрайтыны туралы ертедегі Қытай ойшылдарының айтқандары [2, 15] да «жердің-әлем бөлшегі» екенін танудан туған болар деп шамалаймыз. Тек Қытай ойшылдары емес, басқа да халықтардың көне аңыздарында әлем негізі дегенде, от, ауа, су, ағашты алуда ұқсастықтар болуында да ойланарлық жәйттер көп. Мәселен, Индияда б.э. алғашқы ғасырында әлем жаралуында мәні үлкен тоғыз түр аталады. Алғашқы бесеу ретінде: жер, су, от, ауа және «акаша» деп аталатын ұғым алынған. Ал, одан кейін: уақыт, кеңістік, жан, ақыл берілген. Алғашқы бес ұғымды «бәсута» деп алып, оны адамның: иіс, дәм, түс, сезгіштік /сипат білу/ және дыбыс түрінде қабылдайтыны айтылады. Одан әрі жерге : иіс, дәм, түс, сезгіштік тән болса, суға-дәм, түс және сезгіштік, отқа-түс пен сезгіштік, ауаға-сезгіштік, ал, акашаға тек дыбыс тән делінген [2, 14].

Тіршілік көздері туралы айтылған ертедегі Қытай, Грек ойшылдары пікірлеріндегі отқа көңіл бөлушілікті салмақтаумен қатар, мұсылман дініне дейін өмір сүрген зароастралық дүниетанымда да отқа табыну орын алғанын ескеру керек. Сондай-ақ Көне Грек мифологиясында отты әкелуші Прометейге көңіл бөлінсе, от ұрлаудың басқа да халық аңыздарында орын алуы адамдардың ертеден отты ерекше бағалауын танытады. Бұл аңыздардың бәрінде оттың тіршілік үшін мәнді, пайдалы жақтары сөз болса, Құран Кәрімде адамдарды түрлі күнәлардан сақтандыру үшін тозақ оты айтылып отырады.

Мәшһүр Жүсіп дастанында күнәлі адамдарды жазалау үшін оттың тозақта атқарар қызметін бөліп көрсету жүзеге асқан:

«Таусылып тозақ оты бітпес!» – дейді.
«Жазалы және жанып кетпес!» – дейді.
«Тамұғының тереңдігі сондай алыс,
Мың жылда тастаған тас жетпес!» – дейді [1, 112].

Қорытынды

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында кездесетін «от», «су», «жарық» ұғымдарының мәнісін түсіндіре отырып, Құраннан бастау алған оқиға желісін алға тарта отырып, Мұхаммед (F. C.) пайғамбардың бейнесі осы тіршілік көзінің, жаратылыстың жалғасы ретінде дәйектеледі.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы : Алаш, 2003. – 432 б.
- 2 **Евсюков, В. В.** Мифы о вселенной. – Новосибирск, 1998.
- 3 Құран Кәрім. – Медине, 1991.
- 4 Ел қазынасы ескі сөз. В. В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. – Алматы : Ғылым, 1994.
- 5 **Яссауи, Қ. А.** Диуани Хикмет. – Алматы : Мұраттас, 1993.
- 6 **Темкин, Э. Н. Эрман, В. Г.** Мифы Древней Индии. – М., 1982.
- 7 **Талжанов, С.** Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы : Ғылым, 1975.
- 8 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1982. – 207 б.

References

- 1 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomдық shyǵarmalar jınaǵy. II tom. [Kopeyuly M. Zh. collection of works in 20 volumes. Volume II]. – Almaty: Alash, 2003. –432 p.
- 2 **Evsyukov, V. V.** Mify` o vselennoj. [Evsyukov V. V. Myths about the universe]. – Novosibirsk, 1998.
- 3 Quran Kárim. [Quran]. – Medina, 1991.
- 4 El qazynasy eski sóz. V.V.Radlov jınaǵan qazaq folklorynyń úlgileri. [Treasure of the country is an old word. Samples of Kazakh folklore collected by V. V. Radlov]. – Almaty : Science, 1994.
- 5 **Yassauy, Q. A.** Diýani Hikmet. [K. A. Yassauy. Diwani Hikmet]. – Almaty : Murattas, 1993.
- 6 **Temkin, E. N. Erman, V. G.** Mify Drevnei India. [E. N. Temkin, V. G. Erman. Myths Of Ancient India]. – Moscow, 1982.
- 7 **Taljanov, S.** Aýdarma jáne qazaq ádebietiniń máseleleri. [Talzhonov S. Problems of translation and Kazakh literature]. – Almaty : Science, 1975.
- 8 **Derbisliev, A.** Arab adebieti. [Derbisliev A. Arabic literature]. – Almaty : Mektep, 1982. – 207 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жусупов²

¹Университет Туран,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

²Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ПОНЯТИЯ «ОГОНЬ», «ВОДА», «СВЕТ»
В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСУПА КОПЕЕВА

В мировой литературе понятия «огонь», «вода», «свет» занимают особое место. Не смотря на то, какую литературу мы берем, особое внимание уделяли этим понятиям. История происхождения этих понятий встречается в Библии и Коране, в древних легендах. В статье мы остановимся на понятиях «огонь», «вода», «свет» в произведениях казахского поэта, ученого Маихура Жусупа Копейұлы. В дастане «земля и небо» особое внимание уделено этим понятиям. В казахской литературе, в том числе в произведениях поэта Маихура Жусупа Копейұлы, остановившись на понятиях «огонь», «вода», «свет», поиск его истоков по наиболее распространенным легендарным образцам, Корану и Библии. В статье, в произведениях Маихура Жусупа Копейұлы описывается отражение понятий «огонь», «вода», «свет».

Ключевые слова: огонь, вода, свет, дастан Коран.

G. K. Zhussupova¹, Y. K. Zhussupov²

¹Turan University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

²Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 16.03.21.

THE CONCEPTS OF «FIRE», «WATER», «LIGHT»
IN THE WORKS OF MASHHUR ZHUSUP KOPEEV

In the world literature, the concepts of «fire», «water», «light» occupy a special place. No matter what literature we take, we paid special attention to these concepts. The history of the origin of these concepts is found in the Bible and the Koran, in ancient legends. In the article we will focus on the concepts of «fire», «water», «light» in the works of the Kazakh poet, scientist Mashhur Zhusup Kopeyuly. In the «earth and sky» dastan, special attention is paid to these concepts. In Kazakh literature, including the works of the poet Mashhur Zhusup Kopeyuly, focusing on the concepts of «fire», «water», «light», the search for its origins in the most common legendary samples, the Koran and the Bible. The article describes the reflection of the concepts «fire», «water», «light» in the works of Mashhur Zhusup Kopeyuly.

Keywords: fire, water, light, dastan, Koran.

<https://doi.org/10.48081/EUEP4871>

***А. Қ. Жұмабекова, А. Е. Ауелбекова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҒЫЛЫМИ ДИСКУРСТЫҢ БАЛАМАЛЫЛЫҒЫНА ЖЕТУ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақала ғылыми стиль мәтіндерін аудару кезінде баламалылыққа қол жеткізу тәсілдерін зерттеуге арналған. Қазақ, ағылшын және орыс тіл білімінде «ғылыми дискурс» терминінің анықтамасын талқылауға ерекше назар аударылады. Зерттеу материалы ретінде Карен Армстронгтың «Құдай тарихы: 4000 жылдық иудаизм, христиан және ислам іздеуі» атты университеттерге арналған дінтану оқулығының ағылшын тіліндегі түпнұсқасы және қазақша аудармасы таңдалды. Қазақ тіліндегі аударма 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» аясында жүзеге асырылды және бұдан бұрын талданбаған. Аударматанудағы ғылыми дискурс – тиісті пәндік саламен және оның нақты терминологиясымен алдын-ала танысқан жағдайда ғана кәсіби жұмыстарды орындауға болатын аудармашылық қызмет екендігі сөз жүргізілді. Аталған оқулықтың ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударылу ерекшеліктеріне функционалдық және прагматикалық аспектілерде талдау жүргізілді. Жалпы алғанда, үш әлемдік діндерге: иудаизм, христиандық және исламға қатысты терминдермен және тұрақты сөз тіркестерімен түпнұсқа мәтін мазмұнының дұрыс берілуі туралы қорытынды жасалды. Нақты емес немесе толық емес аудармалары бар мәнмәтіндердің мақала авторларының өз нұсқалары келтірілген.

Кілтті сөздер: ғылыми дискурс, аударматану, термин, баламалылық, ғылыми мәтін, трансформация.

Кіріспе

Ғылыми мәтін ғылыми қарым-қатынас қатысушыларының құрамына, қарым-қатынас орны мен уақытына, ғылыми қарым-қатынастың қандай да бір формасында қарастырылған рөлдік бөлулерге және басқа да талаптар сақталған жағдайда ғана маңызды болатын күрделі тілдік белгі ретінде түсіндіріледі.

Сондай-ақ, мәтінді өзектендіру кезіндегі қоғамдағы ғылыми білімнің жай-күйі, қоғамды дамытудың осы тарихи-мәдени кезеңінде ғылымға берілетін рөл шешуші рөл атқарады. Ғылыми мәтіннің осындай ұғымын анықтау үшін ғылыми айналымға «ғылыми дискурс» деген анықтама енгізілді. Осылайша, ғылыми дискурс – оның мазмұндық, функционалдық және ресми параметрлері әлеуметтік-мәдени, тарихи-мәдени, жағдайлық-рөлдік және танымдық ықпалдардан туындылар ретінде қарастырылатын ғылыми мәтін болып табылады. Қазіргі тіл білімінде антропоцентризм тәсілінің пайда болуы бұл тілді құрылымдық оқытудан өзіне және адамаралық қарым-қатынасты талдауға көшуге әкелді. Зерттеудің ауырлық орталығы сөйлеу қарым-қатынасы және өзара іс-қимыл, сөйлеу және түсіну үдерістері, адамның қоршаған ортамен, ұлттық және мәдени құндылықтармен қарым-қатынасы басты рөл атқаратын сөздерді құру жағдайын зерттеу жағына қарай жылжи бастады. Қазіргі адамның өмірін сапалы жаңа деңгейде – дискурс деңгейінде талданып, тіл жүйесіндегі адам өмірінің негізгі санаттарының бірі ретінде сөйлеу іс-әрекетінсіз елестету мүмкін емес. Қазіргі уақытта дискурс термині отандық, сондай-ақ шетелдік әртүрлі лингвистикалық зерттеулерде кеңінен таралған.

Ғылыми ақпараттың мамандандырылған сипатының арқасында ғылымдағы дискурс әлеуетті түсініктің әртүрлілігін, сондай-ақ әр түрлі аудиториялардың алдына қойылған мақсаттарды ескеру үшін үнемі дамиды, сол себепті ғылыми дискурс пен аударматанудың арақатынасы зерттеу арқылы анықталады.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Зерттеудің материалы ретінде Карен Армстронгтың «A History of God: The 4,000 year Quest of Judaism, Christianity and Islam» ағылшын тіліндегі оқулықтың түпнұсқасы және оның қазақ тіліне аударылған «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны» мәтіні болып табылады. Тәржімелегендер: Д. Кенжетай, К. Қаратышқанова, А. Тасболат, Н. Тұрсынбаев. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында 2018 жылы «Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры басып шығарды. Зерттеуде 20-дан астам түпнұсқа мәтін мен аударма ғылыми дискурс үзінділері талданған.

Зерттеу барысында салыстыру әдісі, жүйелеу, семантикалық талдау, жинақтау, жіктеу, кері аударма, дискурс-талдау әдістері қолданылды. Оқулық негізінде функционалды-прагматикалық аспектілерді сипаттау, аудару барысындағы трансформацияларды жіктеу, түпнұсқаны аудару арқылы баламалылыққа жетуде өзіндік нұсқаны талдау жүргізілді.

Негізгі әдіс дискурс-талдау болғандықтан, бұл мәселе бойынша пікір-таласты егжей-тегжейлі қарастырайық.

Зерттеудің нәтижелері және пікірталас.

Ғылыми дискурс – 1970 жылдың ортасынан бастап батыс еуропалық және американдық ғылымда дискурс ұғымының таралуымен бірге кеңінен қолданылатын көп мағыналы термин. Ғылыми дискурс оның ықтимал түсініктерінің бірінде қалыптасқан ғылыми білім жүйесін, яғни адамның алған танымдық нәтижесін ұтымды қуәландыратын білімнің дәлелдік жүйесін білдіреді. Ғылыми стильдің пайда болуы тілдің қызметімен, оның қарым-қатынас жасаудағы қоғамдық сана, әлеуметтік қарым-қатынас әсер етеді. Ғылыми білімнің маңызды белгілері: рационалдылық, сенімді білімді іздеуге бағыттылық; іздеуді ұйымдастырудың ерекше тәсілі – ғылыми зерттеу; әмбебаптық, яғни кез келген нақты салада зерттеу әдістерін қолдану мүмкіндігі; саналы субъектінің ерекше сипаты – ғылыми қауымдастық болып табылады [1, 390].

«Ғылыми дискурс» терминінің мағынасы 1960 жылдан бері Кеңес, Ресей тіл білімінде теориялық түрде негізделген функционалды сөйлеу мәнері теориясында ғылыми функционалды мәнер мағынасына жақын болып табылады. 1960–1990 жылдардағы ғылыми функционалды мәнерді зерттеулерден шығатын негізгі қорытынды – ғылыми сөйлеудің негізге алынатын сипаттамалары: мәнердің тілтаным негізі ескерілген дұрыстық, қисындылық, жалпылау, ұғымдылық, дәлдік, сәйкестік болып табылады. Ғылыми мәтіндегі тілтанымдық және экстра-тілтанымдық ықпалдардың өзара байланысы дәлелденген және сипатталған. Ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымында адамның іздену-зерттеу қызметінің негізгі кезеңдері мен заңдылықтары көрініс табады. 1990 жылдардан бері мәтін тілтанымның әдістері мен қағида-тарихының жалғасы ретінде ғылыми дискурсты тілтанымдық талдау әдіснамасы әзірленуде. Маманның тілдік және қатысымдық бағытталған дайындығының бір бөлігі, зерттеу мақаласын, ағылшын тіліндегі жобаны лексика-грамматикалық ережелер мен ғылыми мәнер қағидаларына сәйкес ауызекі-тұрмыстық ағылшын тіліне қарағанда дұрыс жазуға бағытталған – ғылыми хат бөлек бағыт ретінде қалыптасты.

Ғылым әмбебаптығының жақтаушысы болып табылатын Виддаусон ғылыми дискурстың әмбебаптығы туралы сендірерлік мәлімдеме жасады, ол: «Әлемдік тілдердің көпшілігі ғылыми-техникалық дискурстың маңызды бөлігі болып табылатын ұғымдар, әдістер мен процедуралардың жалпы әмбебап жиынтығын пайдаланады» – деп бекітеді [2, 283]. Дискурс-талдау әдебиетінде ғылыми дискурсқа жеткіліксіз көңіл бөлінеді, ол көбінесе қарым-қатынас аспектісінде қарастырылады. Оның теориялық үлгісін құру үшін философиялық-әдіснамалық сипаттағы ережелер тұжырымдалмаған, онсыз ғылыми дискурстың ерекшелігі және оның түрлері, ғылыми дискурстың басқа институционалды дискурстармен салыстырмалы талдауын жүзеге асыру өте қиын.

Ғылыми дискурсты В. И. Карасик былай анықтайды: «Екі тең сұхбаттасушылардың арасында вербалды түрде алып жүру (мысалы, ұсынылған тақырыпқа жақсы бағдарланатын және ғылыми көзқарастарды талқылауға немесе ұсынуға дайын қатысушылар арасындағы ғылыми өріс)» [3, 230]. Ғылыми мәтіннің авторына оқырман аудиториясына сұхбат жүргізу үшін тек қисынды, дәйекті және негізделген тұжырымдар беру ғана емес, сонымен қатар, сөйлеу (білу, ойлау) автор өзінің зерттеуімен оны түсінуі немесе оқи алуы. Ғылыми мәтін авторды сыни ойластырылған зияткерлік шебер ретінде сипаттайды, ол идеялардың серпінді әлеміне сенімді түрде еніп, өз мүдделері саласындағы пікірталастар мен талқылауларға белсенді қатысады.

1990 жылдардан бері мәтін тілтанымның әдістері мен қағида-тарихының жалғасы ретінде ғылыми дискурсты тілтанымдық талдау әдіснамасы әзірленуде. Маманның тілдік және қатысымдық бағытталған дайындығының бір бөлігі, зерттеу мақаласын, ағылшын тіліндегі жобаны лексика-грамматикалық ережелер мен ғылыми мәнер қағидаларына сәйкес ауызекі-тұрмыстық ағылшын тіліне қарағанда дұрыс жазуға бағытталған – ғылыми хат бөлек бағыт ретінде қалыптасты. «Академиялық хат» тұрақты тіркес ағылшын тіліндегі әдебиетте жиі қолданылса, орыс тіліндегі әдебиетте «мәтіннің ғылыми стилі» ұғымында қолданылады.

В. Е. Чернявскаяның пайымдауынша: «Ресей тіл білімінде қоғамдастыққа ғылыми нәтижені тиімді ұсыну әдістемесі, жаңа ғылыми білімді ұстанудың оңтайлы сөйлеу стратегиясы және ғылыми мәтін авторының мамандар мен сарапшылар қауымдастығымен өзара әрекеттесуі әзірленуде» [4, 37].

Дискурсты зерттеумен белсенді айналысатын ресейлік ғалымдар арасында А. Е. Кибрик, Н. Д. Арутюнова және т.б. бар.

Зерттеуші Д. Джи айтуынша: «Дискурс – бұл ұқсастықтың жиынтығы, ол басқа білетін белгілі бір рөлді алу үшін қалай әрекет ету, сөйлеу және жазу туралы жақын нұсқаулармен бірге жеткізіледі» [5, 11].

Э. Кадди дискурсты былай сипаттайды: «...біреу сөйлесуді толық көлемде еркін жүргізе алмайды. Сіз не сол сөйлесудің ішіндесіз, не болмаса оған мүлде қатыса алмайсыз» [6].

Отандық тілтанушы К. Қ. Садирова дискурсқа осындай анықтама береді: «Ғылыми қызмет субъектісі танымдық әрекетке оның ажырамас бөлігі ретінде енгізілген және ол алған білім қолданылатын таным құралдарына, талдаудың ракурсына, сипаттаудың сайланатын түріне байланысты. Осы құралдар, ракурстар мен түрлер олардың көмегімен алынған нәтижелер қандай да бір дәлдік пен толықтықтың дәрежесімен-заттардың нақты жағдайын жаңғыртуы тиіс» [7, 12–17].

Пікір-таластың нәтижесінде аударма дискурсивті үрдіс ретінде қарастырылуы тиіс деген қорындыға келеміз, онда әртүрлі ойлау әрекеттері

жасалады: оқу, түсіну, талдау, шешімін таңдау, нәтижені сыни тұрғыдан түсіну. Демек, сөздер мен ұсыныстар деңгейінен дискурс деңгейіне ауысамыз, яғни тілдік бірліктер арқылы нақты дискурстың қоғаммен өзара әрекеттесуін ескере отырып, мәтінді жасау және қабылдау жүзеге асырылады. Мәтін аудармашының құндылығын, мінез-құлқын, дүниетанымын өзгертіп, социумға әсер етуі мүмкін. Осылайша, дискурсивтік көзқарастан аударма – бастапқы мәтіннің идеялары мен фактілерін автор енгізген ақпаратты, бастапқы мәтін жанрын есепке ала отырып, басқа мәдениеттің ерекшеліктеріне бейімдеуге әрекет жасау.

Жоғарыда аталған оқулықтың мазмұнын түпнұсқа және аударма мәтінде салыстырғанда кейбір дәлсіздіктер байқалады:

Түпнұсқа:	Аударма:
X. The Death of God?	X. Құдайдан айырылды па?
XI. Has God a Future? [9, 1]	XI. Құдайға құлшылық жалғаса ма? [10, 1]

Кітапты еліміздің білікті мамандары аударған, аудармашы, дінтанушылар бұл салада ұзақ жылдар бойы еңбегін сіңіріп, оқулықты оқырманға түсінікті тәржімелеген. Көрініп тұрғандай оқулықтың тараулары түпнұсқа тілден аударма тілге барынша жақын тәржімеленген.

X тараудың аударылуына назар аударсақ, түпнұсқа тілдегі «The Death of God?» сұраулы сөйлемі қазақ тіліне сөзбе-сөз аударылмай грамматикалық алмастыруды қолдана отырып «Құдайдан айырылды па?» – деп аударылған. Яғни, грамматикалық алмастырулар – түпнұсқадағы грамматикалық бірліктің аудармада басқа грамматикалық мәнге ие трансформациялануы. Егер түпнұсқаға сәйкестендіріп тәржімелеп көрсек, «Құдайдың өлімі бола ма?» – деп тура нұсқасын ұсынуға да болады.

1 тарау. Әуелгіде.

Түпнұсқа мәтіні:	Аударма мәтіні:	Біздің нұсқа:
The Latins experienced numina (spirits) in sacred groves; Arabs felt that the landscape was populated by the jinn [9, 11].	Қасиетті ормандарда римдіктер рухтар, numina барын сезген; арабтар қоршаған ортада жындар барын білген [10, 16].	Рим халқы нуминаны (рухтар) қасиетті ормандарда барын сезген; араб халқы табиғатта жындар қоныстанғанын сезген.

Алғашқы тараудағы мына сөйлемге назар аударалық, барынша тура аударылған, транслитерация қолданылған, дәлірек айтсақ, jinn сөзі аударма тілдің әріптерімен беріліп, жындар деп аударылған. Транслитерация (лат. trans – арқылы, litera – әріп) – түпнұсқа мәтіндегі сөздердің аударылатын тілдің

әріптерімен берілуі. Алайда numina сөзі дәл сол қалпында аударма мәтінге көшірілген. Бұл сөздің мағынасын не түсініктемесін оқулықта ескертпе ретінде берілгені жөн деп санаймыз. Ал бұл сөз латын діни сөздер сөздігі анықтамасы бойынша, numen немесе көпше түрде numina – латын термині «Құдайшылдық» немесе «Құдай болу» деген мағынаны білдіреді [11]. Цицерон адамдардың өмірін қамтитын «Құдайдың ақыл-ойы» – «divine mind» (divina mens) және «Құдайдың күші» – «divine power» (vis divina) туралы жазады [12, 119–120].

1 тарау. Әуелгіде:

Түпнұсқа мәтіні:	Аударма мәтіні:	Біздің нұсқа:
When sweet and bitter mingled together, no reed was plaited, no rushes mudded the water, the gods were nameless, natureless, futureless [9, 12].	«...біртұтас сулары алып жататын. Қамыс лашықтар әлі болмаған, Қамыс қопасы әлі көзге шалынбаған. Құдайлардан әлі ешкім болмаған, Ештеңенің аты аталып, тағдыры белгіленбеген, Қойнауларда құдайлар пайда болғанда...» [10, 19].	Ащысы мен тұщысы араласып жатқанда, қамыстан ештеме жасалмаған, суы еш лайланбаған, Құдайлардың аты да, табиғаты да, болашағы да болмаған.

Бұл өлең ұйқасында тәржімешілер көркем әдеби стильде аудару мақсатында сөйлемнің түпнұсқасындағы көптеген сөз тіркестері түсіріліп, трансформацияға ұшыраған. Компрессия, яғни мәтін ықшамдалған – жинақы мәтінге келтіру үшін түпнұсқаны өзгертіп, сөйлемнің артық элементтері түсіріліп аударылған.

Sweet and bitter – ащысы мен тұщысы тіркесі алынып тасталған; «the gods were nameless, natureless, futureless – Құдайлардың аты да, табиғаты да, болашағы да болмаған» құрылысы да түсірілген.

10 тарау. Құдайдан айырылды па?

Түпнұсқа мәтіні:	Аударма мәтіні:	Біздің нұсқа:
Western theology had tended to over-emphasise the importance of rationality ever since Thomas Aquinas, a tendency which had increased since the Reformation [9, 151].	Батыс теологі Акуинолық Томас бергі дәуірдегі рационализмнің маңызына көп мән берді [10, 355]	Томас Аквинат заманынан бастап Батыс дін жүйесі рационалдылықтың маңыздылығын шектен тыс атап өтуге ұмтылды және бұл үрдіс Реформация заманынан бастап күшейе түсті.

Бұл сөйлемде omission – қысқарту трансформациясы қолданылған. Түпнұсқадағы күрделі сөйлемнің маңызды бөлігі қысқартылды.

Аударма кезінде ғылыми мәтіндер аса мұқияттылықты қажет етеді және мәтіннің синтаксистік құрылымын сақтау мақсатында жету қажет.

Бұл талдаулардан шығатын қорытынды – осы оқулық бар адамзат баласының басын қосуға талпынатын діни ойлар жиналған және діндер тарихы бөлінбей, автор діндер бір-бірімен тығыз байланысты екенін түсіндірген. Бұл дінтанудағы ірі еңбектердің бірі. Оқулықты білікті дінтанушылар, профессор, ғалымдар аударған. Оқырманға түсінікті, түпнұсқаға барабар тәржімеленген. Біздің талдау жасау себебіміз – сәйкессіздіктерді анықтап, қандай нұсқа ұсынғанда ғылыми дискурстың баламалылығына жете аламыз және сол мақсатта ғылыми оқулықтың функционалды-прагматикалық аспектілерін айқындау болып табылады.

Қорытынды

Тікелей дәнекерсіз аударылған оқулықтарды талдай отырып қазақ тілі негізінде ғылым тілі қалыптасып, тілдік бірліктердің ғылыми дискурста мамандануы ғылыми стильдің пайда болуына әкелері сөзсіз.

Аударматанудағы ғылыми дискурс – тиісті пәндік саламен және оның нақты терминологиясымен алдын-ала танысқан жағдайда ғана кәсіби жұмыстарды орындауға болатын аудармашылық қызмет.

Аудармашы тек шет тілді ортада ғана қолданылатын, аударма тілінде баламасы жоқ терминдерге ерекше назар аударуы тиіс. Ғылыми мәтіннің тәржімесін дұрыс және кәсіби орындау мақсатында дайындық жұмыстарына көп уақыт жұмсауы тиіс – мамандардан кеңес алып, түрлі анықтамалықтар мен сөздіктерден жаңа терминдерді іздеуі керек. Дегенмен, аудармашы қателесуден сақтандырылмаған, өйткені қазіргі заманғы ғылым жылдам жаңартылып, күн сайын жаңалықтар енуде.

Басқа тілдік оқулықтарды жылдан-жылға көбірек аударған сайын жаңа бас көтеріп келе жатқан аудармашы мамандар үлкен мүмкіндік пен тәжірибеге ие болып, құзыреттіліктерін шындайды. Осы дін саласындағы кітапты талдау арқылы біз де бірқатар жаңа терминдермен танысып, аудармашылардың қазіргі заманда жоғары сұраныстағы маман екендігіне көз жеткізудеміз. Ғылым күн санап дамуда және осы оқулықты талдау – жоғарыда жазылған себептерге байланысты зор маңызға ие. Зерттеу барысында біз көптеген мысалдарды талдадық, бірақ мақаланың көлемі бұл талдауларды толық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұл оқулық түпнұсқаға барынша жақын аударылған. Мысалдардағы дәлсіздіктердің себебі, тәржімешілердің көркем әдеби стильге ұқсатып және бар оқырман қауымға түсінікті аудару мақсатында. Алайда, аудармашылық трансформациялар мен түпнұсқа үлгідегі діни терминдер мен сөздерді орынды қолданғанда толық баламалылыққа жетуге болады. Ғылыми дискурстың баламалылығына жету үшін ғылыми стильдегі мәтіндерді тәржімелеу барысында терминдерге назар

аударып, ғылымның өздік стилінде тәржімелеп, діни терминдерді түсіну керек, қысқартулар болмау керек.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] – Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.

2 **Widdowson, H. G.** EST in theory and practice. An ETIC Occasional Paper. [Мәтін] – London : The English Teaching Information Centre, 1975. – 330 p.

3 **Карасик, В. И.** Языковой круг: личность, концепты, дискурс [Мәтін] – Волгоград : Перемена, 2002. – 477 с.

4 **Чернявская, В. Е.** Научный дискурс: Выдвижение результата как коммуникативная и языковая проблема [Мәтін] – М. : УРСС, Либроком, 2017. – 139 с.

5 **Gee, J. P.** Literacy, Discourse, and Linguistics : Introduction [Мәтін] // Journal of Education. – 1989. – 171 (1). – P. 5–17.

6 **Cuddy, A.** Your Body Language Shapes Who You Are. – TED Conferences LLC. Edinburgh International Conference Center, Edinburgh. June 2012. – Lecture. 30.09.2015. [Электронды ресурсы]. – https://www.ted.com/talks/amy_cuddy_your_body_language_may_shape_who_you_are (Қаралған күні 06.01.2021).

7 **Садирова, К. Қ.** Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері [Мәтін]. – Ақтөбе, 2008. – Б.12-17.

8 **Ахатова, Б. А.** Политический дискурс: формы выражения языкового сознания: дис...док. филол. наук [Мәтін] – Алматы : КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2007. – 205 б.

9 **Armstrong, K.** A History of God: the 4,000-year Quest of Judaism, Christianity and Islam [Мәтін] – New York, 1993. – 198 p.

10 **Армстронг, К.** Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны [Мәтін] / ауд. Д. Кенжетай, К. Қаратышқанова, А. Тасболат, Н. Тұрсынбаев. – Алматы, 2018. – 432 б.

11 **Charlton, T. L.; Charles Sh.** A Latin Dictionary (in Latin). Perseus Digital Library: Oxford. Clarendon Press. – 1879. – [Электронды ресурсы]. – http://www.perseus.tufts.edu/hopper/text?doc=Perseus%3Atext%3A1999.04.0059%3Aalpha_betic+letter%3DY (Қаралған күні 06.01.2021).

12 **Cicero.** De Divinatione. Loeb Classical Library; The Latin Library. [Электронды ресурсы]. – https://www.loebclassics.com/view/marcus_tullius_cicero-de_divinatione/1923/pb_LCL154.213.xml (Қаралған күні 06.01.2021).

References

- 1 **Qaliev, Ğ.** Til bilimi terimleriniń túsindirme sózdigi. [Glossary of linguistic terms] [Text] – Almaty : Sózdik-Slovar, 2005. – 439 p.
- 2 **Widdowson, H. G.** EST in theory and practice. An ETIC Occasional Paper. [Text] – London: The English Teaching Information Center, 1975. – 330 p.
- 3 **Karasik, V. I.** Yazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs. [Language circle: personality, concepts, discourse] [Text] – Volgograd : Peremena, 2002. – 477 p.
- 4 **Chernyavskaya, V. E.** Nauchnyj diskurs: Vydvizhenie rezul'tata kak kommunikativnaya i yazykovaya problema. [Scientific discourse: Putting forward a result as a communicative and linguistic problem] [Text] – Moscow : URSS, Librokom, 2017. – 139 p.
- 5 **Gee, J. P.** Literacy, Discourse, and Linguistics: Introduction [Text] // Journal of Education. – 1989. – 171 (1). – P. 5–17.
- 6 **Cuddy, A.** Your Body Language Shapes Who You Are. – TED Conferences LLC. Edinburgh International Conference Center, Edinburgh. June 2012. – Lecture. 30.09.2015. [Electronic resource]. – https://www.ted.com/talks/amy_cuddy_your_body_language_may_shape_who_you_are (Accessed 06.01.2021).
- 7 **Sadirova, K. Q.** Qazaq tilindegi kóp propozitsionaly diskýrstyn qurylymdyq negizderi. [Structural bases of multipositional discourse in the Kazakh language] [Text] – Aqtóbe, 2008. – P. 12–17.
- 8 **Akhatova, B. A.** Politicheskij diskurs: formy vyrazheniya yazykovogo soznaniya [Political discourse: forms of expression of linguistic consciousness: doctoral dissertation in philological sciences] [Text] – Almaty : KazUMO & WL named after Abylai Khan, 2007. – 205 p.
- 9 **Armstrong, K.** A History of God: the 4,000-year Quest of Judaism, Christianity and Islam [Text] – New York, 1993. – 198 p.
- 10 **Armstrong, K.** Iýdaizm, hristiandyq pen islamdaǵy 4000 jyldyq izdenis: qudaitany baiany / aýd. D. Kenjetai, K. Qaratyshqanova, A. Tasbolat, N. Tursynbaev. [A History of God: the 4,000-year Quest of Judaism, Christianity and Islam / translated by D. Kenjetai, K. Karatyshkanova, A. Tasbolat, N. Tursynbayev] [Text]. – Almaty, 2018. – 432 p.
- 11 **Charlton, T. L.; Charles S.** A Latin Dictionary (in Latin). Perseus Digital Library: Oxford. Clarendon Press. – 1879. [Electronic resource]. – <http://www.perseus.tufts.edu/hopper/text?doc=Perseus%3Atext%3A1999.04.0059%3AAalphabetic+letter%3DY> (Accessed 06.01.2021).
- 12 **Cicero.** De Divinatione. Loeb Classical Library; The Latin Library. [Electronic resource]. – https://www.loebclassics.com/view/marcus_tullius_cicero-de_divinatione/1923/pb_LCL154.213.xml (Accessed 06.01.2021).

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

А. К. Жумабекова, А. Е. Ауелбекова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

АСПЕКТЫ ДОСТИЖЕНИЯ ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ НАУЧНОГО ДИСКУРСА

Статья посвящена изучению способов достижения эквивалентности при переводе текстов научного стиля. Особое внимание уделено дискуссии по определению термина «научный дискурс» в казахском, английском и русском языкознании. В качестве исследовательского материала был выбран оригинал на английском языке и казахский перевод учебника Карен Армстронг по религиоведению для вузов «История Бога: 4000-летние поиски иудаизма, христианства и ислама». Перевод на казахский язык был осуществлен в 2018 году в рамках проекта «Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке» государственной программы «Духовное возрождение»; и ранее не был подвергнут анализу. Отмечается, что научный дискурс в переводческой науке – это переводческая деятельность, в которой профессиональная работа может выполняться только при условии предварительного ознакомления с соответствующей предметной областью и ее специфической терминологией. Представлены результаты анализа особенностей прямого перевода учебника с английского языка на казахский в функциональном и прагматическом аспектах. Сделан вывод о том, что содержание исходного текста, отраженное в терминах и устойчивых выражениях, относящихся к трем мировым религиям: иудаизму, христианству и исламу, – в целом представлено правильно. В случаях неточных или неполных переводов авторы статьи предложили свои варианты.

Ключевые слова: научный дискурс, переводческое дело, терминология, эквивалентность, научный текст, трансформация.

А. К. Zhumabekova, A. Y. Auyelbekova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 16.03.21.

ASPECTS OF ACHIEVING THE EQUIVALENCE OF SCIENTIFIC DISCOURSE

The article is dedicated to the study of ways of achieving the equivalence in translation of scientific style texts. Particular attention is paid to the discussion of the «scientific discourse» term definition in Kazakh, English and Russian linguistics. The original in English and the Kazakh translation of Karen Armstrong's textbook on religious studies for universities «A History of God: 4000 Years of Searches for Judaism, Christianity and Islam» were selected as a research material.

The translation into Kazakh was carried out in 2018 within the framework of the project «New Humanitarian Education. 100 New Textbooks in Kazakh» of the state program «The Spiritual Revival»; and has not previously been analyzed. It is noted that scientific discourse in the science of translation, is a translation activity in which professional work can be performed only on condition of a preliminary introduction to the relevant area of the subject and its specific terminology.

The results of the features analysis of direct translation of the textbook from English into Kazakh in functional and pragmatic aspects are presented. It is concluded that the content of the original text, reflected in terms and stable expressions related to the three world religions: Judaism, Christianity and Islam, is generally presented correctly. In cases of inaccurate or incomplete translations, the authors of the article proposed their own options.

Keywords: scientific discourse, translation studies, terminology, equivalence, scientific text, transformation.

FTAMP 17.82.32

<https://orcid.org/0000-0001-6935-8033>
<https://doi.org/10.48081/NQBY1785>

***Б. А. Каримсакова**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.

ТӘКЕН ӘЛІМКҰЛОВ – ҰЛЫ СУРЕТКЕР

Тәкен де өнер тақырыбындағы туындыларында өксікке шомылып өткен саңлақтарды бүгінгі қауымға танытумен бірге, солар арқылы бүгінді бүгінгінің өзіне танытсам деген мақсаттың белгілері көп. Жазушы мүсіндеп отырған суреткеріне тән шыны таза мінез байқатып, ерекше ыстық сезіммен сүйсіне қарайды. Жазушы арлы да, даусыз өнердің қай уақыт, қай кеңістіктен де биік екенін расқа жору үстінде, кешегі өткен шаңқанбоз саңлақтардың бүгінгі күні – қауым адамның еншілесі екенін танытады. Заманымен, тағдырымен емес, өмірге, еліне, жеріне деген құштарлығымен, талайымен емес, талантымен, суреткерлік ізденіс, толғанғыс-толғамымен еншілес екенін де танытады.

Т. Әлімқұловтың осындай сынышыл ойлары көп жазушының бойынан табыла бермейтін қасиет екені осыдан көрінеді.

Кілтті сөздер: Әдебиет тарихы, Т. Әлімқұлов, жазушы, суреткер, әңгіме шебері, өнер тақырыбы, өнер адамдары, күйші, ұлттың өнерлісі.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ірі тұлғалардың бірі - Т. Әлімқұлов. Т.Әлімқұлов өзінің «Мәңгілік құбылыс» атты бір мақаласында: «Ұлылықты танудың өзі – ұлылық. Классикалық үлгі ескереді, үрдіс үзіледі деушілер берік жеміс базарлаушыға тең. Жаңа қоғамның өсу заңын білу, жаңа өмірді сезіне саралау, тың ізденіс өткенді қайталауға соқпайды, өткенді есте тұта, одан тәлім-тәрбие ала, жанды жаңалық ашуға септеседі» [1, 5], – дейтін тамаша тұжырым айтатыны бар.

Шын мәнінде де Тәкен ұлылықты сезіне білген, ұлылыққа бас ие білген адал да рухани мұрасы тазалықты қажет ететін, қайталанбас дара шабандоздың өзі. Оған өзінің кейінгі ұрпаққа қалдырған шөлдесе шөлін басатын, шіміркенсе ақыл қосатын, сөзге тоқтам салатын сарқылмас туындылары куә.

Ұлы суреткер бойынан күнәсіз қағазға күнәсіз ой құйған жазушыны, табиғаттай құлпырса да, табиғаттай қайталанбайтын тұлғаны, өлмейтін ой, сөнбейтін сезім қалдырған мұраны, тәңірлік тылсым тіл дарыған жанды көруімізге болады.

Ұлы суреткердің жүрегі өмірде өзінше тұнғанымен, заманалар толқынында ұдайы тулаумен келетінін, тулай беретінін өмір танытады. Өйткені оның пенде ретіндегі тән өлімі өзінікі болғанымен, шығармашылық рухани баянды өмірлері өзгелердікі, яғни біздердікі, келешек ұрпақтардікі. Әдебиет тарихында артына өшпестей мұра қалдырған Тәкен шығармалары теңдесі жоқ ерлік болып табылады.

Зерттеудің нысаны:

Тәкен Әлімқұловтың «Туған ауыл» жинағынан «Қара қобыз», «Көкейкесті», «Жиен», «Қарай» сияқты әңгімелерімен бірге «Күрең өзен» кітабына енген «Көк Қаршыға», «Телқоңыр», «Кертолғау», «Қаралы қызық», «Тұлпардың тағдыры», «Сары сыбызғы» шығармаларын зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Зерттеудің пәні: қазіргі қазақ әдебиеті

Мақсаты: Т. Әлімқұловтың шығармашылығы қазақ әдебиеті көлемінде арналы сирек, дара құбылыс ретінде бағаланғаны белгілі. Әдебиеттану ғылымында Т. Әлімқұлов творчествосының бұлайша өте жоғары бағалануы, ең алдымен, оның жаңашыл сипатына байланысты. Т. Әлімқұловтың жаңашылдығы шектеулі шеңбердегі құбылыс емес, М. Әуезовтен бергі кезеңдегі қазақ прозасы көлеміндегі айтулы жетістігін таныту. Қазақ прозасындағы өнер тақырыбын, оның кең көлемде зерттелуін, осы тақырыпқа өз көркем шығармаларын арнаған қаламгерлеріміздің еңбектерін көркемдік тұрғыдан талдап, оның әдебиеттегі маңызы мен мәнін танытудағы қаламгерлер шеберлігін пайымдау.

Міндеттері:

- өнер иесі мен билік иесі арасындағы таным, тұрғы қайшылығын, кейіпкерлердің
- болмыс-бітімін, даралық сипатын жанрлық, тақырыптық сипатын жағынан зерделеу;
- өнер тақырыбындағы көркем шығармалардың формалық және идеялық ізденіс
- негіздерін қарастыру, олардың жалпы және сипаттық тұрғыдағы дәстүрлі жаңашылдық аспектілерге арақатынасын анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Зерттеу барысында ізденіс әдісі маңызды болды. Ол бұрын белгісіз болып келген әдеби мұраларды жан-жақты саралауда қолданылды. Зерттеу ісі мәліметтерді өңдеу, сараптау-талдау (анализ) және жинастыру (синтез), топшылау, салыстыру,

жүйелендіру, тұжырымдау әдістері арқылы жүргізілді. Зерттеудің басты әдісі талдау-жинақтау мен тұжырымдау болды.

Тәкен шығармаларын зерттеуде ұлтжандылық қасиет ұдайы қоңыр самалдай есіп, жанынды тербеп отыратындығын байқадым. Зерттеу нәтижесінде қаламгердің түпкі мақсаты – халықтың салт-санасын, қалыптасқан әдет-ғұрыптарын, ырым-жоралғысын, яғни қадым заманнан бүгінгі күнге қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық руханиятымыздағы терең, мәңгілік сарындарды жоғалтып алмау, қайта тірілту, қайта жаңадандыру. Ел мен жер тағдырындағы жан ауыртатын қоғамдық керенаулық, әлеуметтік самарқаулық, салақтық, бойкүйездік, әсіресе рухани тоқырау, рухани жұтандық – қаламгердің көзге шұқып көрсететін кеселдері осылар. Осыған жауап іздеген тынымсыз әрекет бар Тәкен туындыларында.

«Дүниеде өз басыңнан кешірмеген нәрсеге қалам ұрудан қиын не бар?» – деп қиналатын, күйзелетін Тәкен Әлімқұлов өзінің шығармашылық ғұмыры мен жолында тек өзінің басынан кешкендерін жазған. Шығармаларында оқиға, уақыт, кейіпкер әр түрлі жағдайға көрінгенмен, адам тағдыры, адам тағдырының тұңғыштығы ешқандай жағдайға ұшырамаған күйі, сиқырлы күдіреті арқылы бояуы алуан түрлі, өміршең қалпында тұтас болмысымен көрініс тапқан. Бұған Абай, Ақан, Махамбет, Тәттімбет, Ықылас, Сүгір, Қасым сияқты тағдыры тұңғыш тұлғалардың Тәкен туындыларында көрініс тапқанын айтуға болады. Бұл ірі тұлғалардың өзіндік болмыс бітімі Тәкен шығармаларында жан-жақты сипатталуымен қатар өнердегі орны да табыла бермейтін құндылықты танытады.

Тарих қойнауына сыр бере үңілсек, өнердің отауы, табиғаты – қазақ жазушыларының әріден жайлап келе жатқан өрісі. Бұл ретте Тәкен жалғыз емес, «жалғыздың шаңы шықпас» демекші, әр сөзінен дерлік кер даланың ой толғағы, өксік тепкісі бүлкілдеп жатқан М. Әуезов те бар емес пе, анау қамау терін алып алғанда шелектей танауымен ғана емес, тұяқ-тұяғымен тыныстап шабатын Құлагердей Жансүгіров те бар емес пе, драматургияда саласында Ақан тағдырын ыршынып тұрып толғаған Ғ. Мүсірепов, Біржан бейнесін шырқау биікке көтерген Қ. Жұмалиев те бар емес пе? Одан қала берді, әр күйінің әр ырғағы семсер серпердей Құрманғазы атаны қабірінде дөңбекшіткен Х. Ерғалиевтің аздай аңыраған, жігердей жаңғақ дастаны бар. Міне, осылардың бәрі өнер тақырыбындағы саңлақтардың ерен еңбектерін көпшілікке тарту етті емес пе?

Тәкен де өнер тақырыбындағы туындыларында өксікке шомылып өткен саңлақтарды бүгінгі қауымға танытумен бірге, солар арқылы бүгінгі бүгінгінің өзіне танытсам деген мақсаттың белгілері көп. Жазушы мүсіндеп отырған суреткеріне тән шыны таза мінез байқатып, ерекше ыстық сезіммен сүйсіне қарайды. Жазушы арлы да, даусыз өнердің қай уақыт, қай кеңістіктен

де биік екенін расқа жору үстінде, кешегі өткен шаңқанбоз саңлақтардың бүгінгі күн – қауым адамның еншілесі екенін танытады. Заманымен, тағдырымен емес, өмірге, еліне, жеріне деген құштарлығымен, талайымен емес, талантымен, суреткерлік ізденіс, толғаныс-толғамымен еншілес екенін де танытады. Т. Әлімқұловтың осындай сыншыл ойлары көп жазушының бойынан табыла бермейтін қасиет екені осыдан көрінеді.

Тәкен Әлімқұловтың «Туған ауыл» жинағына «Қара қобыз», «Көкейкесті», «Жиен», «Қараой» сияқты әңгімелері енді. Осы әңгімелерінде Махамбет, Бқылас, Сүгір, Сәкен тәрізді ұлы тұлғалардың трагедиясы мен драмасы шеберлікпен суреттеледі. Заманының әлеуметтік ортасына сыймаған, көкіректері шер-шеменге толы тұңғық тағдырлардың өмірден алған тауқыметін Тәкен Әлімқұлов теңдессіз суреткерлікпен жеткізе білген.

Сондай-ақ «Күрең өзен» кітабына «Көк Қаршыға», «Телқоңыр», «Кертолғау» жинағындағы «Кертолғау», «Қаралы қызық», «Тұлпардың тағдыры», «Сары сыбызғы» әңгімелерінен ұлы суреткер Тәкен Әлімқұловтың тұңғық тағдырын, тылсым тамырлы сөз өнерінің дербес әлемін танытатын әлемдік биік деңгейдегі туындылар екенін байқауымызға болады.

Енді сол туындыларына тоқталайып өтейік. «Көк Қаршыға» атты әңгімесінде Ақан серінің қартайған шағында баласы Ыбан екеуінің тау кезіп, елден кеткен кезін баяндайды. «Ел ішіндегі сыпсың сөз, қаңқу өсектен мезі болып, тау кезіп тыныштықты қалаған ақын көп замандасының қырық пышақ боп қырқысына көл жағасында отырып, жынды кісідей жалғыз күледі»... «Серігі – мылқау баласы Ыбан ғана» [2, 34].

«Осындай күйзелісті сәттерде мылқау бала әкесінің толқынысын томсарылған қабағынан, ұзын кірпіктердің самарқау қимылынан таниды. Ыбанның «бала-лаған» шолақ тіліне, саусақтарының оралымды беәнесіне Ақан да түсініп алған. Екеуі бірін-бірі бауырмал ыммен жұбатыды. Тіпті, кейде қамкөңіл әке бастан кешкен қилы-қилы күннің қайсыбір хикаясын мылқау серікке шежіре етіп шертеді. Саусақтар сыртылдап, қас-қабак құбылғанда, сырттан қараған адамға, шынында да, жындыға ұқсап көрінуі бек мүмкін еді» [2, 41].

Табиғат өзі таршылық еткен қасиетті басқа жағынан асырып та беретіні белгілі. Ыбан мылқау болғанмен оның ішкі жан дүниесі таза, ұғымтал, сезімтал, ол кез келген көңіл күйді қас-қабактың қағысынан, әрбір ым-ишарадан танитын сұңғыла, сезімтал жан.

Суреткер мылқау бала бойындағы ерекше қасиетті қапы жібермей, қадағалай зерттейді, зергерлікпен бейнелей де біледі. Автордың кейіпкер кескініндегі ішкі сезімнің сырын ашар әрбір ишараны, мимикалық қозғалысты дәл тауып беру қасиеті де қуантарлық. Үзіндіден мысал: «Ұзын кірпіктері тілсіз қимылдап, қанаты қозған көбелекті еске түсіреді» [2, 43].

Ыбан, сонсоң ащы ішектей ұзыннан-ұзақ созылып жатқан қым-қиғаш өмірі. Осы өмірдің қызылды-жасылды, азалы-қаралы беттерін «құлақты қытықтайтын сыбдыры жоқ, көңілге үрей салатын сүйкімсіз судыры бар» Қамысақтының жағасында тарақтап отырған тұсы екен. Тағдыр мен сол тағдырдың иесі – адамның, ара ағайынға табиғатты тартып, беттескен тұсы. Байқап отырсақ:

Ақанның тағдырға өкпесі жоқ, таңданысы бар – запыран таңданыс; тағдырдың Ақанға өкпесі де, таңданысы да жоқ, енжарлығы бар – зұлмат енжарлық. Сонсоң ол да – паң; мұны Ақан да біледі. Бірақ тағдырдың шылбырына оралып, құрақ ұшып жүрген Ақан жоқ. Ол туысынан – өр.

Сонсоң да Ақан мен тағдырдың қаржасуы – бітпейтін дау. Ал мәмілеге бойы үйренген жұрт Ақанның бұл сырын қайдан ұқсын. Олардың ұғымында Ақан жындалған, сонсоң да, мүсіркегені болмаса, Ақанның азасына қабырғасы қайысып жатқан ел жоқ. Оларға «босаған ыдысын өсек-аяңға толтырып әкету» керек, қызық керек – трагедия өсектің өзегіне айналды деген сөз.

Қайыру бермей желдеп кеткен Көкжендет анау, мертігіп өлген Қараторғай анау, айбалтаға жығылған Құлагер анау.

Ақанды бұл фәниге матастырып қойған не құдірет? Оны Ақанның өзі де біледі. Ол – жаратылысында азаттықтан, әсемдіктен тоят алуға жаралған серінің шерлі жүрегі. Бұл өмірдің көп адамды ырсылдатып қойған байлығын, мансабын, күлегеш келіншектей баянсыз әрін емес, өнерін, арын тани түссем деген жүрек. Кердаланың Ақандай түлеп ұшқан ұланы үшін бұл фәнидің күс төсек, Тінә болыстың сегіз бөлме ағаш үйі емес, мына жесірдей сарнаған сары желге төсін аймалатып тұншығып жылаған Қамысақты, мынау «Ыбанның ба-балаған шолақ тілі», мынау зұлмат тағдырдың еркіндіке жібере салған соңғы сыйы – жабайы қаршыға. Сосын, мынау «қаңтарулы қаңсыған ақ құба домбыра». Ақан осы Қамысақтының жағасында отырып жарты патшадай тасып жүрген кездерін еске алғанда шалқымайды, бір басында тасырлаған соққы бүкіл бір ұлттың өнерлісін қарқ етерлік болса да, осы соққы тасыры ойына оралғанда жасып, шөгіп қалар да Ақан жоқ. Ащы-тұщыны қатар татқан, ылғи татқан Ақанға тағдырдың күйлеген барыстай құбылмалығы белгілі. Бірақ қандай зауал шақ тумасын, тағдырдың қай бетпақтығына да азалы әуенді әзер-әзер көтеріп жүрген көкірегімен қарсы шабарын ол біледі. Себебі, ол – өнердің өрені. Ал өнердің өрені табиғатын тапталпасқа, қорлыққа көнбесе керек қой.

Әңгіменің кейіпкері – серінің тынышын алған тағы қаршыға, осы қаршығаны бойлай шымыр өрілген хикаялар Ақанның осы мінезінің айғағындай. «... Қаршығаның қызығы әлі алда. Әбден қол боп алсын, сонан кейін Көкжендетілген құстан атының белі майысатын болады. – Сол күнге бір жеткізінші, Ақан аға! Бүгін құмардан қанбай қалдық қой», – деп Қанафия әлденеге еңкейе бергенде, басынан зерлі сары тақиясы ұшып түсті. Жеті атадан бері ауысып келе жатқандай жас төренің зерлі тақиясы тым көне еді.

Қолға қонған қаршығаны оққа байлаған мейірімсіз Кенесары осындай жез телпек киіпті деген кеуесет бар. Ақан: «Бөрінің бөлтірігінің бас киімі де бөтен» деп, бір қойды» [2, 56].

«Дәліз тар да аласа еді. Ақан қаршыға орнына еденнен зерлі тақияны тауып алды. Қанафияең тақиясы екенін жыға таныды» [2, 58]. Міне, осы жерге ерекше назар аударған зерлі сары тақия кейін ұрының кім екенін айтпай-ақ тауып береді. Суреткердің әрбір детальді орынды ойната білуі оған терең мән-мағына беруі қуантады.

Ақан саятшылығын қаршығаға ғана жасап жүрген жоқ – өнерге жасап жүр, азатшылдыққа жасап жүр. Ақан қараңғы аспанға қарсы шапқан арыстан – өнер иесі. Осы шабасында мерт болары сері үшін беймәлім жайт емсе. Бірақ бұл тақылеттес мертігі өнерді – азатшылдықты қараңғылықтың қыл шідерінен құтқарумен бірдей. Осы ретте Ақанның мансап пен байлықты азатшыл өнердің, жан бостандығының жолына құрбандыққа шалатын ақкөз даналығы да бар. Қайталап айтуға керек: көк қаршыға қазақтың күңіреніп өлген соңғы серісі үшін өнердің баламасы. Ал өнер, өз кезегінде, қай қатер, қай мазақ, қай қазаға да қасқайып қарсы тұратын; адамның еркіндігін ту етіп көтерер, шындықты, ең алдымен, қанқақсаған шындықты айғақтар ардың дабысы. Қолы – күш, қалтасы – қазына Тінәдай тектінің қолқасын жерге тастайтын өлмелі шал қылығының ерен бір уыты осы иірімде жатыр...

«Сері шалдың жас жүрегі өртеңге шыққан қызғалдақтай лүпіл қағады», - дейді жазушы әңгімесінің соңында. Ал «серінің төс қалтасынан үлбіреп шығып тұрған екі тал қауырсынды» көргенде, оқығыш жүрек осы қызғалдақты, осындай қызғалдақтарды күндердің күнінде керімсал ұрарын біліп, шаншып-шаншып кетеді. Жетімдікке мырза фәнидің Ақандай көрінің ақ шарасына тағы да у тамызғанын ойлап және де далалы өңірдің ой тепкілі, тымық қайнарындай әңгіменің әдемі келісімін, бүтін бітімін сезіп шаншиды...

«Телқоңыр» әңгімесінде жазушы атақты күйші, шертпе күйдің дүлдүлі Сүгір өміріне соғып, Сүгір өнерін сөз етеді. Бұл әңгімесінде Сүгір күйшілігімен, көрегендігімен, ақыл-парасатымен, орындаушылық талантымен ерекшеленеді. Сайып келгенде, оқиғаның бәрі Сүгір домбырасынан атақты «Телқоңыр» күйінің өмірге келуі төңірегінде топтастырылады. Қаламгер күйдің шығуына, дүниеге келуіне түрткі болған, күйшінің жан дүниесіне терең әсер еткен өмір құбылыстарына кеңірек тоқталады. Осы бір процесті жазушы әсерлі де, құнарлы талдай біледі. Оқиға ширыға келіп, үлкен толғаныстарға, тамырлы ойларға жетелейді. Қызыл құлынның күтпеген жерден Сүгір шаңырағына сау ете қалған ауыл атқамінерлерінің қонақ асына сойылып кетуі, бір қарағанда қарапайым оқиға тәрізді. Сүгір өмірінен алынған осы қарапайым көрініс, әңгіме соңында терең психологиялық, философиялық түйіндеулерге келіп сабақтасады. Жанары

жаудыраған жас құлынның тағдыры адам тағдырымен астасады. Ақырында күй болып төгіледі.

Сүгірдің жан дүниесін астан-кестен еткен бұл жағдай із-түссіз кетпейді. Құлынның енесін іздеп шырқыраған даусын, қас қағым сәтте құлынынан айрылған биенің сағынышы мен шерін жүрек сыздататын күйге сыйғызған. Сүгір таланты тайға басқандай танылады. Қызыл құлын бауыздалар сәттегі суретті жан жүрегін елжіремей, бауыр етің егілмей оқу қиын. Ой тереңдігінің, сөздегі суреткерліктің шым-шымдап көрінер иұсы осы. «Бала сары сәскеде қызыл құлынды шырқырата айдап келе жатты. Енесінен ажырасқан құлын көткеншектөп, үйіріне қаша берді. Оған бала ырық бермей, сойылдап, аяусыз сабалап, ауылға қарай қуғыштады. Құлын от басына жақындаған сайын сұмдықты сезгендей шырқырап, қоңыраулы үнімен кісінеп, жан ұшыра бастады. Үш қырканың ар жағындағы енесі бірге кісінеді. Ол да туған төліне ұқсап, жылқышыдан қатты қағажу көріп, аяусыз таяқ жеді. Бұны сезген сайын қызыл құлын шыжкөбелек боп, бәйектеніп, бауырынан іріді. Қызғылтым түгі терге шомылып, қылшығы жапырылып, күнәсіз көзі жасқа толды. От басына жақындағанда, арттағы сағыныштан, алдағы үрейден қаны бұзылып, басы айналды. Қуғыннан өкпесі күйіп, тәлтірек қақты» [3, 56]. Осылай құлын трагедиясы қанды жасы сорғалаған күйінде суретке, бейнеге айналады.

Жазушы адам трагедиясын, болмаса аң, құс, жылқы трагедиясын суреттеген тұстарда өзгеше өнерпаздық танытады. Оқырманын сендіреді, сендіріп қана қоймайды, өзімен бірге тебіренеді. Қызыл құлынның осылайша бір сәттік намыс, яғни қазақтың сүйекке біткен қасиеті – қонағына жалғыз тұяғын жығып беруге дайын тұратын қонақжайлығы кесірінен пышаққа ілінуі Сүгірдің білместігінен болады. Қызыл құлынның бауыздалғалы тұрғанынан хабар алған Сүгірдің әкесі жан ұшыра ұлының үйіне жетеді. Бірақ, кеш қалып: – Қап! – деп, санын бірақ соғады. Аққудай аппақ шал қара құстай қалбаңдап тұрып іштегі күйігін жеткізеді: «Оның бәрі мақұл ғой, мен құлынның етінің бұзылғанына күйінемін» [3, 57], – дейді.

Айтса айтқандай, алдарына ас келгенде қонақтың бәрі құлынның етінің іріп кеткендігін ескертеді. Оның сырын әкесі Сүгірге түсіндіреді. Жылқы баққан ел құлынды енесімен бірге айдап келіп, сойысқа шалатынын әке аузынан естиміз. Енесін қимаған, жарық дүниемен қоштасатын алдын ала сезіп, шырқырап, жан тәсілім жасайтын жануар жарықтықтың жалғыз төлі – жас құлынның жайрап түскенін, соңынан құлынынан айрылған көк биенің байыз таппай, кісінеп, күндіз-түні төлін іздеген зары кісінің сай-сүйегін сырқырататындай көркемдік қуатпен, шынайы суреткерлікпен беріледі.

Анасын іздеп шырқыраған, қолды-аяққа тұрмай сағынған қас-қағым сәттің өзі оның қанын қарайтып, етін күйдіреді. Мұны жылқыны жанына, қанатына балаған қазақ қана сезіп, біле алған. Жылқы баласының бар қасиеті осында

еді. Ажалмен бетпе-бет жалғыз қалған жас төлдің үрейден талшықтай етінің тарам-тарам езіліп, іріп кеткендігін қаламгер шығармаға кездейсоқ кіргізбеген. Осының шын өмірде қалай болатындығын көзіміз көрген жоқ, ал енді мына контексте бұл сурет құлын трагедиясын шарықтау шегіне жеткізген.

Күйдің домбыраға түсу, өмірге келу сыры да қызық. Құлынын жоқтап, күннен-күнге шөгіп бара жатқан көк биеге басқа төлді бауырына салып қанша телісе де, бие қатқан тондай ию бермей, қасарысып тұрып алады. Енді оны аман қалған қоңыр құлынға идірудің жалғыз жолы – күй құдіретінде жатқандығын Қаратау өңіріне атағы шыққан, алты қырқаның астындағы текті жылқыны даусынан танитын ат сыншысы айтады. Жаң күй осылайша өмірге келді.

Күйдің басталуын, бастапқы тарауларын, шарықтау шегін қаламгер ұзақ толғап, қағысты қайырып келеді де, сонын былайша түйіндейді: «Күйші атаулыда басыр түйсік болмақ. Сол түйсік Сүгірдің кеудесінде оқыс оянды. Оның сезімтал саусақтары домбыраның сағасына шоршып түсті де, тың дыбыстар шыға бастады.

Енді шертіс те шымшыс та өзгерді. Өкініштің орнын уаныш басты. Домбыра аңырамай, еркелеп шыға келді. Бейне, қу шанақтан қызыл құлын кісінегендей болды. Жіңішке, әсем әуез төгілді. «Тәйри-тәйри, тәйри-тай» деген нәзік те ерке дыбыстар сағалақтан бұғалыққа қарай өрлеп, бара-бара құлшына кісінеп кетті. Жансыз ағашқа жан бітті, ыңқылдады. Пернелер иіп, екі ішек еңірегенде, көк бие қоса еңіреді. Артынша оқыранып, еміренді. Қоңыр құлынды иіскегенде жаудыр көзі жасқа толып кетті. Бие иіді... Күйші бусана балқыды...» [3, 58].

Бірнеше күндер бойы өзіне телінген қоңыр құлынды тепсініп, жанына жолатпаған көк бие құлағының түбінен Сүгірдің жаңа шығарған сазды күйі төгілгенде өзгеріп сала береді. Биенің қайғыдан қатып-семген емшегінің қалайша жібіп, бөтен құлынға бауырын тосқаны тебіренеді. «Телқоңыр» атанған күй құдіреті осылайша ақыл иесі адам түгілі, есті жануар жылқының да жан жүрегін тербеп, енелік мейірімін оятқандығы терең әсер қалдырады.

«Кертолғау» атты әңгімеде қарапайым қызметкер Атабек Асылбеков секілді ел іші-өнер кенішімен кездескен, оның өнерін тамашалаған сәттерді асқан сезімталдықпен суреттей білген саңлақ жазушы күй секілді киелі өнердің өмірі бір сәттік, ол ойламаған жерде туып, қайтып қайталанбайтын шығармашылық, психологиялық құбылыс екенін жете жазады.

«Бір өкініші сол, Атабек Асылбеков енді ешқашан, еш жерде, еш ортада «Кертолғауды» дәл төмендегіше балбыратып тарта алмайды. Мұндай көңілдің хошынан оянған сирек сәт қайта оралмайды. Бір есептен, сахара күйшілерінің домбыраны нотасыз тартқаны саңлақтың қамшысына бара-бар болған ба, қалай? Белгілі бір күйді дәл бір ырғақта, бір нәште қайталаудың қиындығында өнердің құбылмалы қыры, қыран шабыттың айнымалылығы жатпасын?! Шіркін, дүниеге екі келмес шебер шертістер-ай!...» [3, 40].

Ал «Күйші» әңгімесінде шопандар тойына жиналған өнерлі топтың ортасында жұртшылықты домбыра қағысымен тәнті еткен, Сүгірдің сүйікті шәкіртінің бірі болған Төлеген Момбековтың өнері ерекше сомдалады. Жазушы Төлегеннің домбыра қағысын былай сипаттайды: «Төлеген «Кертолғауды», Сүгірдің «Телқоңырын» тартқанда екі ішектің асты-үстің бірдей алып, саусақпен шертіп тартады. Шебер саусақтар сылқым домбыраның төсінде еркін ойнақшып, бірде шанақтан, бірде сағадан шалып, шымшып, толғап, ерсілі-қарсылы шертіп, сансыз ызынды қырық құбылтады» [2, 68].

Автор осы әңгімесі арқылы өз оқырманына тек Төлеген туралы мәлімет беруді көздемейді, Қаратау өңіріндегі шертпе күй мектебінің тарихынан да сыр шертеді. Ғалым Г. Пірәлиева қаламгердің осы ерекшелігін өз пікірімен қуаттай түседі: «Музыка да ойнауда саусақтың мәні зор ғой. Төлегеннің етшең де шымыр саусақтары керемет дәмді ызындар шығарды. Шалдың қолындай қалтырауық емес, қажырлы, қонды қол домбыра саңлақты емін-еркін билетіп барған сайын ашындырып жіберді. Толассыз тартыстың аяғы «Қаратау» шертпесіне сайды. Домбыра еркелей сыңқылдап, соны әуенге көшті» [4, 5].

Қорытынды

Өнердің ұлағаттылығын толғайтын аталмыш еңбектер ақындыққа ақиық, қара сөзге мұзбалақ қосқан Тәкен Әлімқұловтың сан қырлы талантын танытады.

Тәкен Әлімқұлов киелі күй өнерінің талғампаз тыңдаушысы, жанашыр насихаттаушысы ғана емес, ол туралы танымдық, білімпаздық білгірлікпен айта білетін өнегелі ұстаз да, таптырмас тәлімгер де, осы өнердің майталман бағбаны да секілді.

Тәкен Әлімқұлов өзінің ең таңдаулы туындыларында әрқашан өмірдің ащы-тұщысын көп татқан, ойланған, толғанған санаткер ретінде, өткен дәуір мен осы мезгілдің ішкі байланысын көзге ілінбес нәзік нәрселерден ұғуға тырысқан ұлы суреткер ретінде көркемдік шырқау биікке көтерілген.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Сүлейменов, А.** Болмыспен бетпе-бет: сын мақалалар, эсселер, сұхбаттар, ой-толғамдар, аудармалар. – Алматы : Жас қазақ, 2001. – 216 б.
- 2 **Әбдәзұлы, Қ. Т.** Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы. Дәстүр және жалғастық. – Алматы : Ғылым, 2001. – 320 б.
- 3 **Әлімқұлов, Т.** «Телқоңыр». – Алматы : «Раритет», 2003, – 240 б.
- 4 **Пірәлиева, Г.** Тәкен Әлімқұловтың шығармашылығындағы заттық әлем // Қазақ әдебиеті. – Алматы, 2003. – № 10. – 45 б.

References

1 **Súleimenov, A.** Bolmyspen betpe-bet: syn maqalalar, eseler, suhbattar, oi-tolǵamdar, aýdarmalar [Suleimenov A. Face to face: critical articles, essays, interviews, reflections, translations]. – Almaty : Zhas Kazakh, 2001. – 216 p.

2 **Ábdezuly, Q. T.** Álimqulov shyǵarmashylyǵy jáne 60-80 jyldardaǵy qazaq prozasy. Dástúr jáne jalǵastyq [Abdezovich K. Works of T. Alimkulov and Kazakh prose of the 60–80 s. Tradition and continuity]. – Almaty : Science, 2001. – 320 p.

3 **Álimqulov, T.** «Telqońyr» [Alimkulov T. «Telkonyr»]. – Almaty : «Rarity», 2003. – 240 p.

4 **Pirálieva, G.** Táken Álimqulovtyń shyǵarmashylyǵyndaǵy zattyq álem [Piralieva G. The material world in the works of Taken Alimkulov] // Kazakh literature. – Almaty, 2003. – № 10. – 45 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

Б. А. Каримсакова

Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, г. Актау.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

T. ALIMKULOV – ВЕЛИКИЙ ХУДОЖНИК

В своих произведениях на тему искусства Такен не только раскрывает обществу великих представителей искусства, но и с помощью музыкальных произведений великих күйши хочет ознакомить современную публику актуальными темами современности. Писатель показывает чистый характер изображаемого в искусстве, восхищаясь им с особой теплотой и искренностью. Автор пытается доказать, что искусство является бесспорным, когда он выше времени и пространности показывая, что жажда прошлого является продолжением настоящего. Он показывает не только свое время и судьбу, но и свою страсть к жизни, родине и земле, раскрывая художественные искания и мысли.

Это показывает, что столь критических мысли Т. Алимкулова не встречаются у многих писателей.

Ключевые слова: история литературы, Т. Алимкулов, писатель, художник, художественная тема, деятели искусства, күйши.

В.А. Каримсакова

Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau.

Material received on 16.03.21.

T. ALIMKULOV IS A GREAT ARTIST

In his works on the theme of art, Taken not only reveals the society of great representatives of art, but also, with the help of musical works of great kuishi, wants to acquaint the modern public with relevant topics of our time. The writer shows the pure character of what is depicted in art, admiring him with special warmth and sincerity. The author tries to prove that art is indisputable when it is above time and spaciousness showing that the thirst for the past is a continuation of the present. He shows not only his time and destiny, but also his passion for life, homeland and land, revealing artistic searches and thoughts.

This shows that such critical thoughts of T. Alimkulov are not found in many writers.

Keywords: history of literature, T. Alimkulov, writer, artist, artistic theme, art workers, kuishi.

<https://doi.org/10.48081/TZTM9421>

***А. М. Картаева, Б. Б. Келгембаева, Д. Исахұл**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ ДӘСТҮРІ

Мақалада Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтары және олардың жүре келе әдебиеттегі мызғымас дәстүрге айналғандығы сөз болады. Әдебиет тарихына үңілсеңіз, қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі оқшау бір биік болып айқын көрініп тұрады. Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтары өзінен кейінгі кезеңдердегі әдебиет өкілдерінің тарапынан кең қолдау тапқандығы айтылады. Ақынның өлеңдері тақырыптық-мазмұндық тұрғысынан талданып, қазіргі қазақ поэзиясындағы белгілі ақындар шығармаларымен салыстырылады. Абай дәстүрінің көріністері Қ. Мырза-Әли, Ф. Оңғарсынова және қазіргі ақындардан Т. Әбдікәкімов, А. Бақтыгереева, С. Нұржан, Д. Кәпұлы, А. Елгезек поэзиясынан жалғастық тапқаны дәлелденеді.

Кілтті сөздер: дәстүр, жаңашылдық, шәкірт, поэзия, ақын, өлең, лирика, тақырып, концепт.

Кіріспе

Жалпы алғанда, дәстүр – атадан балаға мирас болатын рухани қажеттілік. Біз дәстүрді дінге, тұрмысқа, ғылымға, өнерге, әдебиетке қатысты түрлерге жіктей аламыз.

Осы аталғандардың ішінде әдебиеттегі дәстүр дегеніміз – белгілі бір кезеңде жаңалық ретінде пайда болып, уақыт өте келе әдебиетке сіңісіп, қалыптасып кеткен түсініктер мен ұғымдар. Әдебиеттегі дәстүр деген ұғым туралы сөз еткенде, онымен бірге жаңашылдық деген ұғым да қатар жүреді. Адамзаттың ақыл-ойы дамыған сайын әдебиетте жаңашылдық пайда болады, ол жүре келе кең таралып, дәстүрге айналады. Әр кезеңде өмір сүрген әдебиет өкілдері сан алуан тақырыптарға қатысты айтылған пікірлер мен көзқарастарға өз пайымынша жаңаша мән үстеп, толықтырып отырады. Біздің бұл ойымызды ғалым Ербол Тілешовтың мына пікірі толықтыра түседі: «Әдеби дәстүр – өткен дәуірлердің бүгінгі күнге жарайтын,

өзектілігімен ерекшеленетін құндылығы. Таратыңқырап айтсақ, ілгері дәуірлерде қалыптасқан дәстүр жаңашылдықтың өзегіне айналуы үшін оның бойында өзекті идея, өміршең көркемдік болуы шарт. Философиялық тұрғыдан алғанда, адамзаттың даму жолы дәстүр мен жаңашылдықтың үздіксіз сабақтасып тұруымен байланысты» [1].

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі туралы ғалым Ж. Ысмағұлов былай деген: «Қазіргі тәуелсіздік тұсында еркін дамудың кең даңғылына шыққан қазақ әдебиетінің бүгінгі дем-тынысын түгелдей сол Абай дәстүрімен байланыстырсақ, қателеспейміз. Сонда кешегі кенестік кезеңде шығармашылық әдіс ретінде танылған жалған социалистік реализмнің орнындағы шынайы шығармашылық әдіс деп біз өз топырағымыздағы Абай дәстүрін қабылдауға тиіспіз» [2, 14].

Зерттеудің нысаны: Абай дәстүрінің қазіргі қазақ поэзиясындағы көрінісі.

Зерттеудің пәні: қазіргі қазақ әдебиеті.

Мақсаты: Абай дәстүрі – қазақ әдебиетінде осы уақытқа дейін қалыптасып, сұрыпталған, кең қолдау тапқан әрі жиі көрініс беретін дәстүр. Абай дәстүрінің қазіргі қазақ поэзиясы өкілдері шығармаларында жалғастық тауып, жаңашылдықпен әдеби үрдісті дамытқанын анықтау зерттеудің мақсаты болып табылады.

Міндеттері:

Абай дәстүрінің көріністерін Қ. Мырза-Әли, М. Мақатаев, Ф. Оңғарсынова поэзиясынан айқындау;

– қазіргі ақындар Т. Әбдікәкімов, А. Бақтыгереева, С. Нұржан, Д. Кәпұлы, А. Елгезек поэзиясынан жалғастық тапқанын дәлелдеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Әдебиетке Абай әкелген бұл жаңалықтар жүре келе қазақ әдебиетіндегі мызғымас дәстүрге айналды. Кейінгі қазақ қаламгерлерінің арасында бұл дәстүрді жалғастырушылар көптеп көрініс бере бастады. Оған дәлел – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мына бір өлең жолдары:

...Қалам тартар қазақта ақын туса,

Аруағына Абайдың қарайлаған.

Абай болу, әрине, оңай емес,

Ақын болмай қалсаң ғой, қалай жаман?! [3, 127].

Ақынның бұл өлең жолдарынан Абайдың қазақ ақындарының ұстазы екенін, бәрінің Абайға қарап бой түзейтіндігін, кез келген қалам иесінің Абай деңгейіне жетуінің оңай еместігін аңғарамыз. Абай – қазақ қаламгерлері үшін биік шын, дара тұлға.

Абайдан кейінгі қазақ әдебиетіндегі Абайдың ақын шәкірттері, Алаш әдебиетінің қайраткерлері, қазіргі әдебиеттің өкілдері де Абай дәстүрінің

занды жалғастырушылары болды. Бірақ біз бұларға тоқталып жатпаймыз. Себебі, бұл тақырып бізге дейінгі әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми ізденістеріне арқау болды. Біз тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін жасауға елеулі үлес қосқан Ж. Нәжімеденов, Ф. Оңғарсынова, Ж. Бөдешұлы, Т. Әбдікәкімұлы, Ұ. Есдәулетов сынды белгілі қаламгерлермен қатар, орта буын мен жас буын ақын-жазушыларының шығармашылығындағы Абай дәстүрі жалғастығын сөз етпекпіз.

Қазақ әдебиетіндегі Абай әкелген сыншыл реализм әдісі кейінгі ақындар шығармашылығында да бой көрсетеді. Мысалы, Абай өзі өмір сүрген дәуірдегі болыстардың бейнесін «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде былайша береді:

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта май
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе, жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындап [4, 81].

Ал тура осы мәселе кейінгі қазақ поэзиясында Ф. Оңғарсыновада былай беріледі:

Неге осы жұрт билікке таласады?
Жылпос жігіт, би қатын, қара шалы –
Қайтсем, қалай жетем деп бір билікке
Топ құрады, бақсы іздеп, бал ашады.

Бас-басына тақ керек шексіз бүгін,
Жасыратын қылмысын, тексіздігін,
Билік құрып, бап түзеп талтиюға.
Маған одан мың артық етсіз күнім [5, 122].

Бұл екі өлеңде де авторлар адам баласының ішкі эгоизмін, билік құмарлығын көрсетеді. Алғашқы өлеңде Абай өзін айтып тұрған жоқ, сол дәуірдегі болыстыққа таласқан қазақ жұртының сыйықсыз кейпін әшкерелеп тұр. Абай өлеңінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы келеңсіз

жай бейнеленсе, араға жүз елу жыл салып бұл мәселе Фариза ақынның жырында қайта бір мәрте көрінеді. Заман өзгерсе де, адам, адамның психологиясы, ішкі өзімшілдігі өзгермейді. Бұл тақырыпты екі ақын да батыл жырлай білген.

Абай өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ қоғамындағы бай-кедей арасындағы әлеуметтік теңсіздікті былайша көрсетеді:

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай –
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай.
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Іқтырмамен күзеуде отырар бай.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып [4, 77].

Бұл – Абай өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік шындығы. Ал біздің қоғамымыздың әлеуметтік шындығы қазақтың «бір түрлі» ақыны, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тыныштықбек Әбдікәкімұлының өлеңінде былай көрінеді:

Айтшы, күнім,
Ит тірлікте итке айналу қиын ба?
Итарқаның елесі жүр мийымда.
Үй түгілі үйшігін де сатпайды,
Саудагерлер біз жинаған тиынға [6, 237].

Екі өлеңде тек уақыт айырмашылығы ғана бар, әйтпегенде, айтылар ой, көтерілген мәселе – бір. Бірі – XIX ғасырдағы дала қазағының әлеуметтік мәселесі, екіншісі – XXI ғасырдағы қала қазағының әлеуметтік мәселесі. Қазіргі қазақ үшін ішер ас пен жағар отын мәселе емес, олардың «бас ауруы» – баспана. Тыныштықбек ақын осы мәселені дәл түйсіне білген.

«Абайдың ақындық дәстүрін сөз қылғанда, алдымен ауызға ілінері оның қазақ өлеңіне жасаған реформалары болса, сол реформаларды жүзеге асырудың басты шарты ретінде поэзиядағы көркемдіктің табиғатын ашып берді, ақын мен ақындық өнердің қоғам өміріндегі, адам тіршілігіндегі атқаратын рөлін көрсетті. Сол рөлді атқарудың ең оңтайлы, ең жемісті құралы ретінде ұлттық поэзиямызға лирика жанрын енгізді» [2, 16].

Бұл жерде біздің айтқалы отырғанымыз – бүкіл әлемдік көлемдегі, одан беріде шынайы европалық сипаттағы нағыз көркем лирика. Белгілі бір тақырыпқа арналған шағын көлемді лирикалық өлең. Бұған қарап бұрынғы қазақ өлеңінде лирика элементтері болған жоқ деген ұғым тұмауы керек. Бұрынғы жыраулардың, ақындар мен жыршылардың ауызша шығармаларында лирикалық сарын ішінара болғандығы даусыз. Бірақ,

белгілі бір тақырыпқа арналған шағын көлемді, шын мәніндегі көркем лирикалық өлеңдерді енгізген – Абай. Бұл жанр жазба әдебиетімізге Абай туындыларымен бірге келіп, солар арқылы орнықты. Адам мен табиғат етене ұғымдар. Кең даланың төсінде емін-еркін көшіп-қонған қазақ үшін бұл ұғым тіптен жақын. Сондай табиғаттың бір тамашасы – қансонарды ұлы ақын былайша суреттеп көрсетеді:

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда [4, 42].

Ал дәл осы тақырып ақын Светқали Нұржан поэзиясында былайша жырланады:

Бүгін сонар.
Қардың беті кілең із,
Аң қағуға аттанамыз, міне, біз.
Жемелегі желге ойнаған көрші қыз,
«Қанжығаңыз қандансын» – деп тілеңіз...
Сол баяғы ертектегі қарғалар,
Әлі күнге қар бетімен жорғалар.
Қасқыр ізі, қарсақ ізі, түлкі ізі,
Молда торғай, шіл мтн қоян – ол да бар [7, 58 б.].

Екі ақынның да табиғат лирикасын, қансонар тақырыбын жырлауы мазмұндас. Бұл – Абай дәстүрінің қазіргі қазақ поэзиясына мықтап орныққанының айқын дәлелі.

Абайдың табиғат лирикасында ерекше орын алатын туындылары – жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдері. Ақын «Жаз», «Жазғытұры», «Күз», «Қыс» өлеңдері арқылы табиғат мезгілдерінің тамаша галереясын жасап берді. Мысалы «Жаз» өлеңін алып көрейік.

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер

Бүйірі шығып, ыңкылдап...
...Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былкылдап... [4, 63].

Осы өлеңде Абай шілде айының тамаша бір көрінісін сөзбен суреттеп береді. Өлеңді оқып отырғанда көз алдыңыздан көркем сурет көшкендей болады.

Міне, тура сондай сөзбен салынған суреттің тамаша үлгісі Дәулеткерей Кәпұлы поэзиясында да кездеседі. Дәулеткерей ақын:

Суретің қандай сүтті іңір,
Балтырлы қайың жұп-жұмыр.
Қасқайған қарағайлардың,
Сырғауыл бойы сыптығыр.

Атқандай мүлде жұмбақ таң,
Бақыттың қолын бұлғатқан.
Тағдырдың ғажап тартуы-ай,
Табиғат даусын тындатқан.

...Табиғат, өзің табындыр,
Арнадым саған лағыл жыр.
Таңқурай тастап таңдайға,
Тамсанып тұрған шағым бұл, – деп суреттейді [8, 91].

Автор осы өлеңінің соңына «Шалқар, 2002 ж. 15 шілде» деп белгі қойыпты. Демек, Дәулеткерейдің де суреттеп отырғаны – жоғарыдағы Абай өлеңіндегі шілде айының жанға жайлы, шуақты күндерінің бірі. Дәулеткерей ақын да табиғат көрінісін дәл Абай сияқты сөзбен салған сурет іспетті береді.

Абай шығармашылығында үлкен орын алатын айтулы тақырыптың бірі – махаббат. Өнердегі мәңгілік тақырып болып табылатын махаббат лирикасын Абай қазақ поэзиясында жаңаша түрлендіріп, өзіне дейінгі қазақ ақындарынан басқаша жырлау дәстүрін қалыптастырды. Абайдың бұл үлгісі кейінгі қазақ ақындары шығармашылығынан да, ақындар тарапынан да кең қолдау тапты. Ең әуелі, Абай:

Махаббатсыз дүние – бос,
Хайуанға оны қосыңдар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар,

– деп жырлайды. Тек сүйген адамына ғана емес, отбасына, дос-жарандарына махаббатпен қараңдар дейді. Жүрегінде махаббат сезімі жоқ адамды хайуанға теңеп, махаббатсыз бұл өмірдің еш мәні болмайтынын айтып кеткен. Абай жырлаған сол махаббат ұғымына қазіргі қазақ поэзиясында Тыныштықбек ақын мынадай анықтама береді:

Махаббатта – түк те жоқ, Ар-ұят та... ештеңе.
 Оған – бәрібір, таңертең бе, кешке ме.
 Ессіздіктің нұры сондай тап-таза!
 Белгісіз...
 Бейғарышта жүзіп жүрген бос кеме...
 Бірақ, босты «бос» деме...

Оттай береді мораль менен діни сын.
 Махаббат қана дарытар – жұпар діл иісін...
 Онымен аңқылдап үйлесе алсаң, – үйлестің.
 Үйлесе алмасаң, – құрысың [6, 23].

Абай ару қыздың сұлулығын, тартымдылығын аса бір көркем тілмен жырлайды:

Білектей арқасында өрген бұрым,
 Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
 Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
 Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,
 Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
 Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
 Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын [4, 101].

Ал қазіргі қазақ поэзиясындағы өзгеше үні, өзіндік жолы бар ақындардың бірі Ақберен Елгезек өз өлеңінде жүрегі ұнатқан жанды былайшы тізбелей суреттейді:

Сенің ернің – пейіштегі гүл сынды,
 Демің сенің – сездіреді тылсымды...
 Көзің сенің – Ай жұтылған түн сынды,
 Сезім неге мөлдіреген мұң сынды?..

Қара шашың – Қара теңіз толқыны,
 Қарашығың – мен адасар жол түбі...
 Жүрегіңе сезіле ме, тыңдашы,
 Сені аңсаған жүрегімнің солқылы [9, 53].

Махаббат, сезім тақырыбы қай заманда болмасын – мәңгілік тақырып. Ол әдебиет тарихында өз өзектілігін ешқашан жоймақ емес. Сөйте тұра, махаббатты жырлаудың әдебиет тарихында бірнеше дәстүрі болды. Мәселен махаббат лирикасының шығыстық дәстүрін айта аламыз. Ал қазақ әдебиетінде махаббатты жырлау Абай дәстүрі негізінде қалыптасты. Жоғарыдағы мысалдар бұл пікірімізге бұлтартпас дәлел бола алады.

Кез келген қаламгер – көркем ойдың иесі. Әр қаламгердің бір ерекшелігі – өмір жайлы, өмірдегі сан түрлі құбылыстар туралы және олардың болмысын түсініп, түйсіне, өз бетінше пайымдап, әр ұғымға өз сөзімен анықтама бере алуында. Тек қалам иелерінің ғана емес, көкірек көзі ояу әр адамның айналасындағы болып жатқан өзгерістерге, қоғамдағы әрекеттерге байланысты өз пайымы мен түсінігі бар. Ғылым тілінде әр ұғымның әр адамның санасында өзгеше түрленуі концепт деп аталады. Кез келген ұғым – концепт болады. Абай шығармашылығында кездесетін кейбір ұғымдарды қазіргі қазақ қаламгерлері өз пайым тұрғысынан ары қарай дамытты. Біз бұл жұмысымызда Абай шығармашылығында және қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің туындыларында кездесетін бірнеше концептіге тоқталамыз.

Абай сөз құдіретін бәрінен биік қояды. Ол өленді сөздің патшасы дәрежесіне көтереді. Бұған дәлел ақын шығармашылығында кездесетін мына жолдар:

Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы,
 Қиыннан қиыстырар ер данасы.
 Немесе:
 Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
 Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.

Бұл ақын шығармашылығындағы «өлең» концептісі. Ақын – сезімнің адамы. Ақын жаны сезім мен махаббаттың алдында әлсіз келеді. Ақынның сырын айтар серігі қашанда өлең екені белгілі. Өленді өз жанының қорғаны ретінде бағалайтын Фариза ақын былай дейді:

...Күлкімді, жайлы күнімді,
 Азапты, қайғы-мұңымды
 Өзіммен бөліскенің үшін,
 Қатем мен жеңістерім үшін,
 Менің мынау қиындау тағдырым болып,
 О баста көріскенің үшін,

Өлең, мен сені аялап өтем [5, 147]. Ақын өленді жан жолдасым деп танып, оның өзіне деген адалдығына ешқашан дақ түсірмеуге ант етеді.

Ақын Ақұштап Бақтыгереева:
 Өлең деген – құдірет қой, шынында,
 Талант керек, кейде оны ұғуға.
 Ұлағат та, тіршіліктің сыры да –
 Үңілсеңіз жатыр баба жырында, – дейді.

Ақын үшін өлең – құдіретті ұғым. Оқырмандарға тіршіліктің барлық құпия сырларының түйінін де осы поэзия деген қасиетті ұғымнан іздеуді ұсынады.

Абай шығармашылығындағы келесі бір концепт – «қайғы». Әр адамның тағдырында кездесетін үлкенді-кішілі уайым-қайғының үстіне, заманын, айналасын ойлаған күйініш сезімі қосылады.

Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды,

деп шынын айтқан Абайдың бір басында қайғы-қасыреттің аз болмағанын аңғарамыз. Абай шығармашылығында қайғы жеу, қайғы басу сияқты үш-төрттен келген тіркестерден өзге, жеке тұрып қолданылған қайғы тұлғасы алпыстан астам рет кездеседі. Бұл тілдік тұрғыда ақынның жан даусын тілмен, сөзбен, сөздің активтігімен танытуы болып саналады. «Қайғы» концептісі мынадай топтарға жіктеледі: қайғы – «тіршілік иесі», ол адамға тән қызметтерді атқарады; қайғы – зат, объект; қайғы – сырттан келетін күш; қайғы – адамның өзі; қайғы нақты кеңістікте өмір сүреді. Абай шығармашылығында «қайғы» концептісі үш түрлі тақырып аясында әр қырынан ашылады: қайғы – адамның адамды түсінбеуі; қайғы – қымбатыңнан, аяулы адамыңнан айырылу; қайғы – қоғамдық-әлеуметтік мәселені қозғайды.

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен.

немесе:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,

Кім көңілді көтеріп, болады ермек, – деген жолдар жоғарыдағы айтылған ойлардың дәлелі бола алады [4, 127].

Қазіргі қазақ поэзиясының «қадірі» Қадыр Мырза-Әлидің шығармашылығында «қайғы» концептісі былайша көрініс берген:

Бар сияқты сары уайым, сартап қайғым,
Жатып алып кей кезде нәр татпаймын.
Көз алдымда дүние дөңгеленіп,
Шыбын жанды қоярға жер таппаймын [10].

Қайғы Абай жанына тыныштық бермегені сияқты Қадыр ақынды да ұйқы-күлкіден айырады. Екі ақында да бұл ұғымды түйсіну бірдей.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі – мықтап орныққан дәстүр. Кейінгі қазақ қаламгерлерінің қайсысы болмасын, оның Абайдан үйренгені, Абай дәстүрін жалғастырушы екені анық көрінеді. Біз ұлы ақынның қазақ әдебиеті үшін еткен еңбегіне, әкелген жаңалығына, қалыптастырған мызғымас дәстүріне тоқталдық. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрін жалғастырушы аты әдебиет әлеміне әбден таныс авторлардың шығармашылығына үңіле отырып, дәстүр сабақтастығын анықтадық. Сондағы қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі нық орнаған. Оны жалғастырушылар

Абайдан кейінгі дәуірде де болды. Қазір де бұл дәстүрді жалғастырушылар молынан ұшырасады. Болашақта да аталмыш дәстүр жалғаса береді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Тілешов, Е.** [Электронды ресурс]. – <https://adebiportal.kz>
- 2 Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы : Арда, 2009. – 392 б.
- 3 **Мақатаев, М.** Аманат. – Алматы : Атамұра, 2002. – 304 б.
- 4 **Абай.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы : Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2002. – 296 б.
- 5 **Оңғарсынова, Ф.** Дауа. Өлеңдер. – Алматы : Атамұра, 2002. – 288 б.
- 6 **Әбдікәкімұлы Т.** Бесінші маусым жұпары. – Алматы : Атамұра, 2017. – 312 б.
- 7 **Нұржан, С.** [Электронды ресурс]. – <https://kitap.kz>
- 8 **Кәпұлы, Д.** Бөрісырғақ. – Алматы : Хан тәңірі, 2014. – 286 б.
- 9 **Елгезек, А.** Шексіздік сыртындағы шам. – Астана : Фолиант, 2014. – 328 б.
- 9 **Мырза-Әли, Қ.** [Электронды ресурс]. – <https://bilim-all.kz>.

References

- 1 **Tilshov, E.** [Elektronny resyrs]. – <https://adebiportal.kz> [Tleshov E. [Electronic resource.] – <https://adebiportal.kz>.
- 2 **Abai dástúri jáne qazirgi qazaq ádebieti.** [Abay traditions and modern Kazakh literature]. – *Almaty : Arda publ., 2009. – 392 p.*
- 3 **Maqataev, M.** Amanat. [Makataev M. Amanat]. – *Almaty : Atamura publ., 2002. – 304 p.*
- 4 **Abai.** Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy. [Abay. A complete two-volume collection of his works]. – *Almaty : Writer. – Vol. 1: poems and translations. – 2002. – 296 p.*
- 5 **Ońǵarsynova, F.** Daǵa. Óleńder. [Ongarsynova F. Daua. Poems]. – *Almaty : Atamura, 2002. – 288 p.*
- 6 **Ábdikákimuly, T.** Besinshi maýsym júpary. [Abdikakimuly T. Fragrance of the fifth season]. – *Almaty : Atamura publ., 2017. – 312 p.*
- 7 **Nurjan, S.** [Elektronny resyrs]. – <https://kitap.kz>. [Nurzhan S. [Electronic resource]. – <https://kitap.kz>.
- 8 **Kápuly, D.** Bórisyrǵaq. [Kaply D. Borysyrgak]. – *Almaty : Khan tanyry, 2014. – 286 p.*
- 9 **Elgezek, A.** Sheksizdik syrtyndaǵy sham. [Elgezek A. candle outside Infinity]. – *Astana : Folio, 2014. – 328 p.*

10 Myrza-Ali Q. [Elektrondu resýrs]. – <https://bilim-all.kz>. [Myrza-Ali K.] [Electronic resource]. – <https://bilim-all.kz>.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

A. M. Kartayeva, B. B. Kelgembayeva, D. Isakhul
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.
Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ТРАДИЦИИ АБАЯ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

В статье обсуждаются нововведения, которые Абай принес в казахскую поэзию, и как она стала неразрушимой традицией в современной литературе. Если вы посмотрите на историю литературы, традиция Абая в казахской поэзии является одной из самых высоких и очевидных. Говорят, что нововведения Абая в казахской литературе были широко поддержаны поэтами литературы поздних периодов. Стихи поэта анализируются с тематической и предметной точек зрения и сопоставляются с произведениями известных поэтов современной казахской литературы. Доказано, что проявления традиции Абая продолжают в поэзии К. Мырза-Али, Ф. Онгарсыновой и современных поэтов Т. Абдыкакимова, А. Бактыгереевой, С. Нуржана, Д. Капулы, А. Елгезека.

Ключевые слова: традиции, новаторство, наставник, поэзия, поэт, стихотворение, лирика, тема, концепт.

M. Kartayeva, B. B. Kelgembayeva, D. Isakhul
East Kazakhstan State University named after S. Amanzholov,
Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.
Material received on 16.03.21.

THE TRADITION OF ABAI IN MODERN KAZAKH LITERATURE

The article discusses the innovations that Abay brought to kazakh poetry, and how it became an indestructible tradition in modern literature. If you look at the history of literature, the tradition of Abay in kazakh poetry is one of the highest and most obvious. It is said that Abay's innovations in kazakh poetry were widely supported by representatives of literature of later periods. The poet's poems are analyzed from the thematic and subject points of view and compared with the works of famous writers of modern Kazakh literature. It is proved that the manifestations of the Abay tradition continue in the poetry of K. Myrza-Ali, F. Ongarsynova and contemporary poets that T. Abdykakimov, A. Baktygerayeva, S. Nurzhan, D. Capuli, A. Elgezek.

Keywords: tradition, innovation, mentor, poetry, poet, poem, lyrics, theme, concept.

<https://doi.org/10.48081/HPQX8816>

***А. А. Көшекова¹, Н. Серікбек², П. Қ. Ертаева³**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³Нийде Өмер Халисдемир университеті,

Түркия Республикасы, Нийде қ.

ҚАҒАРМАНДЫҚ ЭПОСТАҒЫ АТ БЕЙНЕСІ МЕН АРХАИКАЛЫҚ ЭПОСТАҒЫ АТ БЕЙНЕСІНІҢ ТИПТІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Берілген мақалада қаһармандық эпостағы ат бейнесі мен архаикалық эпостағы ат бейнесінің типтік ерекшеліктері жасағынан салаластыра қарастырылған. Тұлпар бейнесінің қазақ эпосының бас қаһарманы жанындағы алатын орны пайымдалған. Елдің батырға артқан үлкен сенімімен, қиын-қыстау уақыттағы елге жаудан қорған болумен тікелей байланысты эпостық аңсар жүйрік аттың батыр тұлғасы бар жерде ғана пайда болып, оның ең жақын серігі, жаудың құшын қашырап айбынды жолдасы бейнесінде ретінде сипатталады. Әуелден оның батырдың тұлғасынан бөлініп шыққанын дәлелді қарастырылған. Архаикалық эпоспен тығыз генетикалық байланыста орбитін қаһармандық эпостағы ат бейнесін ашу үшін эпостың басты кейіпкері болған батырдың бейнесін жан-жақты сараланып, одан орбите ат образының қыр-сыры, сыр-сипаты суреттелген.

Кілтті сөздер: қаһармандық эпос, архаикалық эпос, ат бейнесі, батыр тұлғасы, мотив.

Кіріспе

Қаһармандық (батырлық) эпосты жалпы эпос жанрының шыңы, халықтың әділетті, бай-дәулетті, бақуатты қоғам жөніндегі, қаһармандық, батырлық туралы, адамгершілікті қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар туралы идеалдарын бойына жинақтаған ең құнды бөлігі деуге болады. Әрине, қаһармандық эпосқа жататын барлық шығармалардың бәрі бірдей кемелденген, аса көркем, тамаша туындылар емес екені анық. Оның стадиялық жағынан бұрынырақ туындаған, архаикалық эпостың, мифтің сілемі әлі де жойылмаған, қалдық көне мотивтері тым көп сақталып қалған ескілеу нұсқалары бар.

Қаһармандық эпостағы ат бейнесін қарастыратын болсақ, оны шығарманың бас кейіпкері батырдың тұлғасынан тыс қарау мүмкін емес екені анық. Ат ешуақытта да қазақ эпосының басты, дербес қаһарманы болған емес, ол тек батырдың тұлғасы бар жерде ғана пайда болып, оның ең сенімді «жан серігі», күнделікті өмірдегі, шайқас майданындағы көлігі, көмекшісі ретінде сипатталады.

Зерттеудің нысаны: Қаһармандық эпос пен архаикалық эпостағы ат бейнесі

Зерттеудің пәні: Қазақ халық ауыз әдебиеті

Мақсаты: Қаһармандық эпос пен архаикалық эпостағы ат бейнесінің өзіндік ерекшеліктерін ашу

Міндеттері: Архаикалық эпоспен тығыз генетикалық байланыста орбитін қаһармандық эпостағы ат бейнесін талдап, эпостың басты кейіпкері болған батырдың бейнесін қарастыру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Архаикалық эпостың батыры мен қаһармандық эпостың батыры арасында үлкен типтік айырмашылықтар бар. Алдымен ескеретін жәйт – қаһармандық эпостың Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын сияқты батырлары халықтың батырлық идеалын бойына жинақтаған тұлғалар. «... халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәурен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», не болмаса елді қиыншылықтан құтқаратын бір қайраткер туралы утопиялық әңгіме, аңыз шығарады. Ол әңгіме, аңыздардың басты кейіпкерлері – өмірде болған адамдар болуы мүмкін. Бара-бара мұндай аңыздар эпосана-хикаятқа айналады. Осыдан барып мессияндық рөл атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында эпосана-хикаят қалыптасады» деп жазады С. Қасқабасов [1, 175 б.].

Архаикалық эпостың «қырық биенің етін» қырық асап жеп, «сүйегін мұрынынан шығарып» отырған Желкілдек (Е.к.е.с 109 б.) сияқты немесе «жеті жүз ұста жидырып», «жетпіс арба көмір алдырып», сол оттың үстіне отырып, ішіндегі найзаның сынығын артынан түсіріп тастаған Ер Қосай (Е.к.е.с 167 б.). тәрізді батырларын елге, өскелең ұрпаққа, жастарға үлгі етіп ұсына қою қиын.

Билеушінің (яғни, батырдың, себебі, көне тарихта түрк халқының билеушілері батырлар болып, үнемі елі үшін соғыс жүргізгені әмбеге аян – А. туған халқын қорғауы, оған қамқорлық жасауы идеялары түркі әлемінде өте ежелден келе жатқан пайым-түсініктердің бірі. Біліге қаған ескерткішінде: «Шығайды /кедей/ бай қылды, азды мол қылды... Ата-бабам тұтқан жер-су иесіз қалмасын деп аздаған халықты құрап, ұйыстырып... Соғыстық... қайтарып бердік... Түркі халқы аш еді. Оларға жылқы алып беріп, тойдырдым» деген сияқты жазулар үнемі ұшырасады [2, 145, 147 бб.].

Нақты айтқанда, эпос өмір шындығынан ауытқымаған, кейінірек «әскери демократия» атанған дәуірдің тарихи дәстүрін дәл бейнелеген. Көшпелі ата-бабамыздың ержүрек, жауынгер халық болғаны анық, олай болмағанда көк түркілер Алтайдан Азау теңізіне дейінгі алып империялар құра алмасы белгілі. «Еркек адам соғыс майданында, жекпе-жекте өлуі тиіс. Соғыс демократиясы кезеңінің ержүректілік философиясы осындай, кейін ол еуразия далаларының бұрынғы дәуірдегі көшпенді болған халықтарының эпосының соңғы кезеңдеріне де ауысты. Мұны өзіндік жалпы әскери кредо деуге болады» деп жазады Р.С. Липец [4, 115 б.]. Ахмет Байтұрсынов: «... бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болған да, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан, батырлар турасындағы әңгіме - халық жаны, рухы турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған» деп жазады [5, 236 б.]. Шынында да, батыры кеткен ел рухы кеткен, бүкіл ерік-жігерінен, күш-қуатынан айырылған елге ұқсайды. Бұны елдің батырлары да біледі, «мен кетсем, ел қорғансыз болып қалады» деп жапа шегеді.

Қазақ эпосындағы батыр образында ескілікті архаикалық сарындар көптеп сақталып қалған, олар: батыр ата-анадан жалғыз туылады, рудың магиялық күш-қуаты батырда болады, эпоста тиісінше батырлар елді асырайды, мал-мүлік береді, батырларды қолдайтын пірлері болады, егер жынынан айырылған шаман бүкіл магиялық құдіретінен айырылып қарапайым адамға айналса, пірінен айырылған батыр бүкіл ерекше біткен күш-қуатынан айырылып батыр болудан қалады. «Жалпы қай жырда болса да пірлерін тәрк еткен батыр көп ұзамай мерт болады. Пірлерден медет сұрамаған батыр жеңіске де жете алмайды» деген тұжырым айтады бұл туралы Ш. Ыбыраев [3, 204 б.].

Соған орай, қаһармандық эпостағы ат бейнесін барынша кеңірек тұрғыдан қарастыра отырып, оның басты сипаттамаларын ашуға тырысамыз:

а) ат таңдау, тұлпарды табу, оны құлынынан баптап бағып, жетілдіру

Кез келген жылқы малы батырға тұлпар бола алмайды, тек ерекше қасиеттері бар ат қана тұлпар бола алады. «Ақжонасұлы ер Кеңес» (Б.ж., 6 т. 90. 135–159 бб.) эпосында Кеңес атты баласы Ақтанау деген тұлпарын мініп кеткенде, Ақжонас хан:

– Айналайын, жан балам,

Ақжонас жаяу қалды деп,

Қалмақтар қалар қуанып, – дейді.

Әрине, қырық таңбалы Қырымның он екі жарым ханының бірі болған Ақжонас ханның мындаған жылқысы бар екені анық. Бірақ, Ақжонас хан сол қаптаған жылқыдан бір тұлпар таба алмасын біледі, себебі көрінген ат тұлпар бола алмайды.

Көрінген ат батырға тұлпар бола алмайтындығы эпостың бас қаһарманының (яғни, батырдың) киелілігінен, оның о дүниелік құдіретті күштермен, әулие-әнбиелермен, пірлермен, байланыста болатындығынан туындаған. «Көптің бірі атқара алмайтын істі тумысынан тотем бабалар, әруақтар, пірлер назарында жүрген батырлар ғана атқара алады; батырдың жаратылысында киелілік бар, ол іске құдайлар араласқан» деп жазады Ш. Ыбыраев [3, 230 б.]. «Алпамыс» эпосында мыстан кемпірдің алдауымен арақ ішіп мас болып, ұйықтап қалған Алпамысты бүкіл қалмақ жабылып өлтіре алмайды. «Атса мылтық өтпейді, Шапса қылыш кеспейді... Суға салса батпайды» (А.57.52 б.). Батырды Ғайып-ерен қырық шілтен қолдап-қорғайды.

Батырдың аты құлын күнінен таңдалып алғанда ол баптталып, бағылады және бұл процесс «Ер Тарғын» эпосында әдетте белгілі бір қалыптасқан үлгімен суреттеледі:

Бес жасыңа келгенде

Бел қызығын көрсін деп,

Бес бедеуге салдырдым.

Алты жаста ақтаттым,

... Жеті жасқа келгенде,

Жер тепелей желгенде,

Дұспанның көзі қорықты. (Б.ж., 3 т. 87. 125 б.)

Әдетте, әр жасқа келгендегі атқарған істерін санамалап көрсету адамдарға арналған толғауларда қолданылады, ал бұл үзіндіде осы әдістің атқа қатысты қолданылғанын көріп отырмыз.

Эпос көп жағдайда шынайы өмірдің құбылыстарын барынша реалистік қалыпта суреттеуге тырыспайды, ол өз мәтінін құрауда, әдетте, өзінің дәстүрлі баяндаушылық, сипаттаушылық әдістерін, мотивтерін, түрлі эпикалық қайталауларды, тұрақты тақырыптарды, ұқсас жерлерді, қыстырма эпизодтарды, эпикалық формуларларды, т.б. қолданады. «Эпостың ең көркейіп-дамыған кездерінде оның ішкі жүйелік өзгерулерінің мүмкіндігі шектеулі болды, яғни эпос өзінің типтік белгілері тұрғысынан канонизацияланды» [8, 219 б.] деген тұжырым жасайды.

Батырдың тұлпарының «Тоғыз қабат темір үйде» бағылуы түрлі халықтар арасында кең тараған, интернационалдық мотив: «Бір айтарлығы, батырдың аты ерекше күтімді қажет етеді; ол міндетті түрде қараңғылықта, кейде жер астында, тоғыз қабатқа дейінгі есіктің ар жағында ұсталады. Тұлпардың қараңғы қапаста ұсталуы – оның қасиетті тотемдік тұлға ретінде қарастырылуына, соған орай магиялық қасиеттерін жоймау үшін елден оңаша, күн көзі түспейтін қапаста бағылуына байланысты болса керек.

ә) аттың сыны, сырт көрінісі

Тұлпарды сүйген, бүкіл ғұмырын ат үстінде өткізген халық оның сырт көрінісін, сұлулығын сипаттамай қояы мүмкін емес! Қазақ поэзиясында аттың сынын, сырт келбетін сипаттайтын небір керемет туындылар бар. Ұлы Абайдың «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деп басталатын әйгілі өлеңін еске алсақ та жеткілікті [9, 38 б.].

Қорытынды

Көріп отырғанымыздай, жыраулар батырдың тұлпарының кескінін жасау үшін әсіресе тенеуді, эпитетті молынан қолданады. З.Ахметов: «Жалпы поэзияға тән қасиет – айтылып, баяндалып отырған нәрсе жайлы ұғым, түсінік беру емес, оны бейнелі түрде сипаттау, суреттілік десек, осы ерекшелік лирикалық өлеңдерден айрықша байқалады» деп жазады [10, 9 б.]. Бұл айтылған тұжырымның эпикалық шығармаларға қатысты да ақиқат екені даусыз.

Сонымен, қазақтың қаһармандық эпосындағы батыр бейнесінің кейбір ерекшеліктерін қарастырып өттік. Батыр бейнесін қарастыруымыздың себебі, әдетте, ат бейнесі батыр образымен тығыз бірлікте болады. Эпостағы ат образын батыр бейнесінен бөлектеп алу мүмкін емес. Тек осы екеуінің органикалық бірлігі арқылы ат бейнесін жан-жақты талдап-зерделеуге болады деген пікірдеміз.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Қасқабасов, С.** Қазақтың халық прозасы. – Алматы : Ғылым, 1984. – 272 б.
- 2 **Сартқожаұлы, Қ.** Біліге қағанның ескерткіші // «Жұлдыз» журналы. № 2. – 2004. – 144–153 б.
- 3 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы : Ғылым, 1993. – 296 б.
- 4 **Липец, Р.** Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. [Текст] – М. : Наука, 1984. – 264 с.
- 5 **Байтұрсынұлы, А.** Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.
- 6 **Путилов, Б.** Историко-фольклорный процесс и эстетика фольклора. [Текст] – М. : Наука, 1975. – 168 с.
- 7 **Смирнов, Ю.** На пути научного поиска [Текст] // Советское славяноведение, – М., 1964.
- 8 **Далгат, У.** Типовые черты нартского эпоса [Текст] // Типология народного эпоса. – М. : Наука, 1975 – С. 213–234.
- 9 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
- 10 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973. – 212 б.

References

- 1 **Qasqabasov, S.** Qazaqtıñ xalıq prozası. [Kaskabasov, S. Kazakh folk prose]. – Almaty : Science, 1984. – 272 p.
- 2 **Sartqojaulı, Q.** Bilige qağannıñ eskertkişi // [Sartkozhauly, K. Monument to Bilige Kagan] [Text] // Journal «Zhuldyz». – A., 2004. – P. 144–153.
- 3 **Ibraev, Ş.** Épos älemi. Qazaq batırlıq jırlarınñ poétikası. [Ibraev, Sh. The world of epics. Poetics of Kazakh heroic songs]. – Almaty : Science, 1993. – 296 p.
- 4 **Lipets, R.** Obrazı batıra i ego konyä v tyurko-mongolskom épose. [Lipets, R. Images of the batyr and his horse in the Turkic-Mongolian epic] [Text]. – M. : Nauka Publishing House, 1984. – 264 p.
- 5 **Baytursınov, A.** Şığarmaları. Öleñder, awdarmalar, zertteuler [Baitursynov, A. Works, poems, translations, researches]. – Almaty : Writer, 1989. – 320 p.
- 6 **Pwtılov, B.** İstoriko-folklornıy process i éstetika folklorä. [Putilov, B. Historical and folklore process and aesthetics of folklore] [Text] – M. : Nauka Publishing House, 1975. – 168 p.
- 7 **Smırnov, Yu.** Na pwtı nawçnogo poıska [Text] // Sovetskoe slavyanovedenie [Smirnov, Yu. On the way of scientific search [Text] // Soviet Slavic studies] – M., 1964.
- 8 **Dalgat, W.** Tıpovıe çerti nartskogo éposa [Text] // Tıpologıya narodnogo éposa. [Dalgat, U. Typical features of the Nart epic [Text] // Typology of the folk epic.] – M. : Publishing house Nauka, 1975 – P. 213–234.
- 9 Qazaq tiliniñ sözdigi. [Dictionary of the Kazakh language.] – Almaty : Dyke-Press, 1999. – 776 p.
- 10 **Axmetov, Z.** Öleñ sözdiñ teoriyası. [Akhmetov, Z. The theory of verse.] – Almaty : School, 1973. – 212 p.

Шартты қысқартулар

- 1 Е.к.е.с.– Ел қазынасы – ескі сөз. (В. В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.
- 2 Б.ж., 5т. 87. – Батырлар жыры. 3-том. – Алматы : Жазушы, 1987. – 304 б.
- 3 Б.ж. 6т. 89. – Батырлар жыры. 4-том. – Алматы : Жазушы, 1989. – 400 б.
- 4 Д.Х.А. – Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 176 б.
- 5 Б.ғ.ж. – Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Т. 1. / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы. 1984. – 256 б.
- 6 А. 57. – Алпамыс. Қазақ эпосы, 3-кітап. – Алматы : Қазақ ССР ҒА баспасы, 1957., – 136 б.
- 7 Б.ж., 3 т. 64. – Батырлар жыры. 3- том. – Алматы : Жазушы, 1964. – 540 б.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

А. А. Кошекova¹, Н. Серикбек², П. К. Ерtaeva³

^{1,2}Қазақхский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Университет Нийде Омер Халисдемир,

Республика Турция, г. Нийде.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ТИПИЧНЫЕ РАЗЛИЧИЯ ОБРАЗА ЛОШАДИ В ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ И В АРХАИЧЕСКОМ ЭПОСЕ

В статье сравниваются типичные различия образа лошади в героическом эпосе и архаическом эпосе. Рассмотрено место изображения тулпара рядом с главным героем казахского эпоса. Эпический мотив, которая напрямую связана с великой верой в героя, защитой страны от врага в трудные времена, проявляется только в присутствии героя скачущего коня и описывается как его ближайший спутник, героический товарищ, спасший его от лютого врага. Доказывается аргументами из эпоса, что изначально образ лошади исходит от личности героя и тесно связано с ним. Для выявления образа коня в героическом эпосе, развивающемся в тесной генетической связи с архаическим эпосом, подробно анализируется образ героя, который был главным героем эпоса, а затем описывается образ коня.

Ключевые слова: героический эпос, архаический эпос, образ коня, личность героя, мотив.

A. A. Koshekova¹, N. Serikbek², P. K. Ertaeva³

Kazakh National Women's Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

Niide Omer Halisdemir University,

Republic of Turkey, Niide.

Material received on 16.03.21.

TYPICAL DIFFERENCES OF THE HORSE IMAGE IN THE HEROIC EPOS AND IN THE ARCHAIC EPOS

The article compares the typical features of the image of a horse in a heroic epic with a horse in an archaic epic. The place of the tulpar image next to the main character of the Kazakh epic is considered. Epic melancholy, which is directly related to the country's great faith in the hero, the country's defense from the enemy in difficult times, manifests itself

only in the presence of the hero of the galloping horse and is described as his closest companion, a heroic comrade who escaped from the enemy. It has been proven that, initially, the horse comes from the personality of the hero. To identify the image of the horse in the heroic epic, which develops in close genetic connection with the archaic epic, the image of the hero, who was the main character of the epic, is analyzed in detail, and then the image of the horse is described.

Keywords: heroic epic, archaic epic, image of a horse, personality of the hero, motive.

<https://doi.org/10.48081/YCMX6215>

* **Б. Ә. Көшімова, Ш. С. Әбішева**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.

ТОПОНИМДЕРДІҢ КОНЦЕПТІЛІК СИПАТЫ

Мақалада топоним мен бүгінгі лингвистикалық зерттеулердің діңгегі болып табылатын концепт ұғымының арасында қандай байланыс бар деген мәселені қарастырамыз.

Қазіргі тілтұтынушы санасы үшін географиялық атаулар тек жер бағдары емес, одан жоғарылау, сезім мен эмоция араласқан мәдени құндылықтар. Бір елді мекенге сол жердің географиялық ерекшелігіне сай, не халық қоныстанған тарихи сипатына қарай, не оны ашқан тарихи тұлғаның есіміне орай, болмаса кездейсоқ бір атау қойылған болсын. Атаудың өзі біраз уақыт өткен соң-ақ уәжділігін маңызды етуден қалады. Жер-су атауының неге олай аталғаны енді бізге мәнді емес. Атау тек инвентарлау үшін, таңбалау үшін қызмет атқара бастайды. Бірақ уақыт өте келе елді мекеннің тарихы, оны мекендейтін елдің, халықтың тарихымен астасып кетеді де, жер атауы сол мекеннің тұрғылықты халқы атауына ассоциация жасайды. Енді жер атауы емес, халық атауы, сол халықтың менталитеті басым күш ала бастайды. Сонда топоним, алдымен, ол атаған кеңістіктің физика-географиялық жағдайын, екінші адамға берер жер байлығын, сосын ол жерге қоныстанған халық дүниетанымы мен құндылықтарын немесе жер табиғатының әсемдігін, болмаса климатының адам төзбес жайсыздығын ассоциациялайды. Жер-су атауы бір ғана мазмұн межесі бар, ол тұрпат межесіне сәйкес түсе қоятын таңба емес. Топонимдер – бойында бірнеше семалық бірлік жинақталған, халықтың ментальді өмірімен байланысты этномәдени бірлік.

Кілтті сөздер: топоним, концепті, ассоциация, мәтіннің эмоциялылығы, этномәдени бірлік.

Кіріспе

Бүгінде Қазақстан географиялық картасындағы жер-су атаулары ресми түрде бекіді, тұрғылықты халық санасында орнықты, айту нормасы мен жазу нормасы тұрақталды. Елді мекендердің саяси-әкімшілік бөлінісі

айқындалды. Қазақстанның бір өңірінің тұрғыны өзен-көл, тау атауларын былай қойғанда алыс аймақтағы аудан орталығы, шағын қала атауларын біледі, Қазақстанның жер-су атауларынан жалпы алғанда білім қоры бар. Сарыарқа десе орталық Қазақстан, Балқаш десе, оңтүстік-шығыс Қазақстан, Көкшетау десе солтүстік Қазақстан, Жалағаш десе, Қызылорда жері, Шалқар десе, Ақтөбе мен Қызылорданың арасы бағдарланады. Сонымен қатар, Көкшетау – «Оқжетпес», «Сәкен» (Сейфуллин), «Ақан сері», «жер жаннағы» деген ұғымдарды, Маңғыстау – «Бекет ата», «адайлар», «Каспий», «мұнай», «ақша» деген түсініктерді, Алматы – «Алатау», «апорт алма», «желтоқсан» деген мағыналарды ассоциациялайды. Мұның біріншісі бағыт-бағдарға қызмет ететін, кез келген тілтұтынушысының санасында болатын қарапайым білім, екіншісі жинақталған білім негізінде алынатын, әртүрлі салыстырулар мен ұқсастырулар, қорытулар арқасында пайда болған білім. 1965 ж. өзінде-ақ В. А. Никонов топонимдердің үш мағынасын көрсеткен екен: топонимдікке дейін (этимологиясы), топонимдік (географиялық), топоним болғаннан кейінгі адам санасында туатын ассоциациялар негізінде пайда болатын мағына.

Осы арада біз топоним мен бүгінгі лингвистикалық зерттеулердің діңгегі болып табылатын концепт ұғымының арасында қандай байланыс бар деген мәселеге тоқталып көрдік. Өйткені жоғарыда айтылып келе жатқан пікіріміз бәрібір осы лингвистикалық зерттеулердің «қорасына» қарай айдады.

Бұл сұраққа бізге дейін де қазақ топонимист ғалымдары жауап беріп көрді. «Нас заинтересовала проблема концептуализации топонима. Каковы потенциальные возможности концептуализации и какова специфика этой концептуализации? В связи с этим закономерен вопрос – все ли топонимы являются концептами? Безусловно, не всякий топоним может быть концептом, для этого топоним, прежде всего, должен являться широко известным большому количеству национально-культурного социума и ярким фактом культуры» дейді Қ. Рысбергген [1]. Ары қарай зерттеуші *Қазығұрт, Жетісу, Сарыарқа* атауларын топонимдік концепт деп, ал *Қыз Жібек, Алдар Көсе, Асан Қайғы* антропонимдерін антропонимдік концепт деп танытынын айтады. «Олардың концептілік құрылымын талдау үшін тарихи, азаматтық, этникалық мәдениетіміздегі нақты оним феноменінің орнын анықтау қажеттігін, бұл концептілердің ұғымдық, бейнелілік және аксиологиялық сипаттамаларын айқындауды, сөйтіп, олардың ұлттық ғаламның тілдік бейнесіндегі әлеуметтік-мәдени ерекшелігін көрсетуді ұсынады. *Қазығұрт* топонимдік концептісінің өзегінде мифологиялық компонент жетекші орында болса, *Алатау* концептісінде эстетикалық компоненттер басым келетіндігіне көз жеткіздік», – дейді [1]. Яғни Қ. Рысбергген қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып, топонимдердің концептуалдануы, концепт бола алатын жер-су атауларының белгілері деген мәселелерді айқындайды.

Орыс тіл білімінде *Мәскеу, Сібір, Петербург* топонимдеріне концептуалды талдау жасалған еңбектер бірнешеу. А. М. Литвинова: «Біздіңше, топонимдер өте бай концепт бола алады. Ол халық дислокациясының орнын көрсете отырып, ментальді әлемде көптеген ассоциациялық образдар береді. Топоним бейэквивалентті лексика болғандықтан концептінің бірегейлігін көрсетеді. Топонимнің концептіге айналуы үшін сол жердің халқына тән, салт-дәстүр, дін, дүниетанымынан шығатын көптеген концептуалды сипаттар керек. Оним семантикасынан а) субъективті, ә) объективті, б) әлеуметтік-шартты, в) эмоция, ассоциациялардан шығарылып концепт құрылады» дейді [2].

Зерттеудің нысаны: Қазақстан макротопонимдері.

Зерттеудің пәні: топонимдік бірліктер арқылы репрезентацияланатын онимдердің концептуалдық мазмұны.

Мақсаты: топонимдердің поэтикалық мәтіндер негізінде концептуалдану үдерісін көрсету болып табылады.

Міндеттері:

- қазақ топонимдерінің концептуалдану сипатын көрсету үшін ақындар дискурсындағы топонимдер концептісінің репрезентациясына талдау жасау;
- көркем дискурстағы топонимдердің концептісінің репрезенттелу ерекшеліктерін көрсету.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Поэтикалық мәтіндердегі топонимдердің концептуалдану үдерісін көрсету үшін контекстік талдау, концептуалдық талдау әдістерін қолдандық.

Топонимдердің концептуалдану үдерісінде туған жер, атамекен, киелі мекен эмотативтері мен сөйлеу тіліндегі лингвоәлеуметтік негіз айрықша маңызға ие болатыны дәлелденді. Тілді сол тілді тұтынатын халықтың санасымен, дүниетанымымен, дәстүрімен, менталитетімен, құндылықтарымен, ойлау жүйесімен тығыз байланыста қарау тағы да ұлттық тілдің басқа тілдерден өзіндік, қайталанбас ерекшеліктерін тануда, анықтауда үлкен нәтижелерге қол жеткізеді.

Тіл деректерінің ішінде жалқы есімдердің таңбалық сипаты жалпы есімдерге қарағанда басым, себебі олар мәдени, тарихи контекспен етене жақын. Жер бедеріне атау беру – адамның табиғатқа қожалығын, иесі болуының алғашқы қадамы. Сондықтан топонимдер белгілі бір шынайы мәтіннің, деректі сөздің (речь) жемісі болып табылады.

Топонимнің концептіге айналуы үшін алдымен қарапайым түсініктің болуы шарт. Жер-су атауы таныс болуы мүмкін, таныс та әрі бейтаныс та болуы мүмкін, бейтаныс та таныс та болуы және бейтаныс болуы мүмкін. Мысалы, адам сол жердің тұрғыны болмаса да, ол жерге ешқашан барып көрмесе де, бірақ сол жердің тұрғынымен тығыз қарым-қатынаста болса, ол жер туралы БАҚ-тан жиі естісе, көркем мәтіндерден оқыса белгілі бір деңгейде

білім қоры бола бастайды. Енді сол атауды естігенде белгілі бір құндылықтар, мәнді белгілер ассоциацияланады. Топоним арқылы жер бағдарымен қоса оны мекендейтін халықтың менталитетін қоса қабылдап отырады.

Бірақ топонимдердің концептуалдануында мынадай бір ерекшелік бар сияқты: топоним сол жердің ата-бабасы ертеден мекендеген тұрғылықты мекеннің атауы болса да, одан алыстағы таныс та бейтаныс басқа жақтың адамының санасындай маңызды концепт бола алмайды. Мысалы, Маңғыстау атауы Тұщықұдық ауылының тұрғыны үшін ерекше мәнге ие болмайды, айтарлықтай ассоциация тудырмайды. Керісінше бұл атау осы өңірге ынтық, бұл өңірден жырақта жүрген, туған елін аңсаған немесе интеллектуалды өнімдерден осы мекен туралы мол ақпараты бар тұлғаның санасында аса мәнді құндылықтардың қатарынан табылар еді.

Бір атаудың концептуалдануы алдымен сөйлеу тілінде пайда болады, коммуникативті актінің бірлігі болады. Сөйлеу тілінде жиі қолданылатын, кейін тілтұтынушылардың коммуникациясында, тілдік тұлғалардың сөз саптауында, публицистикалық, көркем дискурстарда жаңа перифраздар мен тіркестер тудыратын, ол атау сөз арасында айтылмаса да тіл тұлғаларының ішкі сөйлеуінде есепке алынатын, адресат жақ сол ұғым екенін атау айтылмаса да болжап отыратын топонимдер бірте-бірте концептуалдана бастайды. Бұл коммуникативтік актінің жеңіл өтуіне көмектеседі. Сонда концептілік сипаттар концептіні коммуникативті релевантты етеді. Концептінің ұғымдық компоненті санада вербалді түрде сақталады, сөйлеуге бірден тіке қатыса береді. Когнитивті белгілер – ұлттың белгілі бір тарихи, мәдени дамуындағы адамның ойлау қызметінің нәтижесі.

Жай, қатардағы, тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана тұтынатын, төмен деңгейдегі тілұстармандар санасы үшін қандай да бір түсінік (представление) болып қаланатын жер-су атауы туралы ұғым, тілді қарым-қатынас құралы ғана емес, білім, оқу-ағарту, өз ойын жүйелеп жеткізудің амалы ретінде тұтынатындардың санасында біршама бай контеске ие болады. Ал әдеби тілді жоғары деңгейде меңгергендердің коммуникациясы ол атауларды түрлі ассоциациялармен, жаңа лексикалық бірліктер мен фразеологиялық тіркестер негізінде ғана жұмсайды. Сөйтіп, жоғарыда айтқандай, концепт интеллектуалды ой-сананың ұшқырлығына табан тірейді. Тілде неғұрлым концепт көп болса, тіл соғұрлым дамыған болып есептеледі. Шаршысөз, көркем дискурстарда неғұрлым ауыс, жанама мағына, метафора, метонимиялық мағына, ассоциациялар дәл жұмсалса, ол сөз шешендік сөз, жоғары деңгейдегі көркем мәтін болып саналады.

Біз шешен сөйленген сөзге ұйымыз, өзіміз бейнелі түрде ойлана алмасак та бейнелі тіркестерді жанымызға жақын қабылдаймыз, әсерленеміз. Ақындардың дәл өзіміздің ойымыздағы нәрсені қалай дөп басып айтатынына

таң қаламыз. Тауып айтылған, шешен айтылған деп бағалаймыз. Бұрыннан есте бар, бірақ ұмытылған сөз орамдарын қайта еске түсіргендей сезінеміз. Жоқ бұлай сөйлемейді, қазақ тілінде бұндай тіркестер жоқ, болып көрмеген демейміз. Есімізге енді түскендей қуанып қарсы аламыз, жағтаймыз. Бұрын мән бермеген немесе жете түсінбеген заттар мен құбылыстар туралы біліміміз молаяды. Себебі көркем сөз адамның бірінші эмоциясына әсер етеді. Эмоциялық әсер бірте-бірте қордаланып, түсінік, ұғым, соңында барып концептіге айналады. Сондықтан кез келген концептінің пайда болуында адамның эмоционалдығы, мәтіннің эмотивтілігі тұрады. Мәтіннің эмотивтілігі жазушының ассоциациялық ой-ұшқырлығына, метафоралық қолданысына, тілдік тұлғасының мықтылығына тәуелді. Мысалы, Маңғыстаудың адуын ақыны Светқали Нұржан Алтайға барып, Жүргенге дем, *Өр Алтай, білгенге кен, қалып қойғым келеді түрмеңде мен* дейді. Алтаймен адамша немесе сол жердің иесі түрінде сөйлеседі. *Түрмеде қалу* (өз еркімен) деген тіркес түрмеге түсу деген тіркеспен кері ассоциацияға түседі. Түрмесі де жұмақ болып көрінетін ол өңірді кімнің де болса көргісі келетіні рас. Оқушының, сөйтіп, эмоциясына бір сигнал түсті. Бұрыннан бар Алтай туралы білімі жаңа образбен толықты. Тағы ақын: *«Шыршалардың басынан шырақ жанса, күмбірлейді самырсын тірі адамша, Асығады Алтайдың барлық суы Құшағына Қатынның құлағанша»* дейді. Мұндағы эмотивтік – Қатынның құшағына құлау. Қатын – автордың өз шығармашылығындағы жеке интерпретациясы бойынша Катоннан қатынға өзгертілген атау. Бұл амал жаңа фрейм жасау үшін қажет болды. Әдеттегі сөзқолданыстарда *арудың құшағына құлайды, арудың құшағына асығады*. Таптаурын болған, үйреншікті әйелінің құшағына асықпайды. Осы екі ой-бейне кері ассоциацияланып, оқырманның санасын елп еткізетін образ жасаған. Бұл арадағы негізгі мотив – өр Алтайдың сұлулығын беру. Алтай топонимінің концептуалдануында эстетикалық, эмотивтік компонент жетекші орында (Светқали Нұржан: *Құшам тасты күмбірлеп бабам құсап, Мен қайтейін Өр Алтай, биігіңді; Алтын да бесік өр Алтай, Жаннаты пұшапқ Жетісу, Жырлы Сыр, Сазды Сарыарқам, Ата да қоныс Үш қиян, Арманым жоқ дүр жалғанда, жолына шашқан шашу боп, мәңгі жоғалсам*).

Қазақстанның жер-су аттарынан ұлттық концептіге айналғандар қатарына Алтайдан басқа *Алатау, Жетісу, Қазығұрт, Сарыарқа, Алматы, Көкшетау, Түркістан, Астана, Арал, Маңғыстау* топонимдері жатады. Бұл атаулардың концептуалдануында негізінен эстетикалық компонент басым болды. Жер бедерінің сұлулығы, қайталанбас әсемдігі кімді де болса таңғалдырады. Шығармашылық тұлғалардың образ жасауына әкеледі. Ол бейнелер тілтұтынушылардың эмоциясына әсер етеді, мәтіннің эмотивтілігін арттырады. Топонимнің образдармен, ассоциациялармен, метафоралармен

бағы жер-су атауының географиялық кеңістік атауы болған жалқылық сипатын әлсіретеді. Атауды жалпыландыра бастайды. Топоним сол өңірдің айрықша сұлулығын бейнелеген көрінісімен қабылданады. Ал кей атауларда, мысалы, *Қазығұртта* мифологиялық компонент, *Астанада* ресмилік компонент, *Аралда* трагедиялық компонент басым. М. Мақатаев *Алатауды көңілдің нұрын алады; көздің нұрын алады; оған таң тамашалап қарайды; өзі аппақ басты, ақсақалды; сондықтан ол – үлкен үйдің ошағы, өзі - аға, дос бауыр, бір кезде – жарықтық, кейде – тәкаппар, босаға, амандықтың тірегі болады*.

Т. Молдағалиев үшін Алатау

а) сырлас дос (*Ей, Алатау, сырласпадық сен екеуіміз көп болды*); *ана (Жас Тұманды ойнатып ең ойпаныңда, беліңде, Манау кәрі Тұманды да аялай көр, жан анна, құшағыңда ұйықтап қалып, құшағыңда оянушы ем. Ей, Алатау жан анам кең пейілді, Сен күн сайын тудың ба мендей ұлды, келем-келем өзіңді аңсап ылғи кешір сорлы балаңды Алатауым)*;

ә) бейіш, бейбіт, құт-береке мекені (*аю да мұнда, елік те, қасқыр да мұнда, туысып кеткен сияқты аңдар тағы; саған келіп дамылдармын дамылдайтын кез жеткенде; Ей, Алатау, қойныңда бабам көшкен, аялаған оны да сен емес пе ең*);

б) ең жақын қадірлі адам (*Алатауым, аманбысың мен сағынып қалдым сені; қар жамылған қалпыңнан айналайын; сені мендей сүйетін қайда ағайын*);

в) жер бетіндегі ең биік нүкте (*Жол апарды Кавказдың әр шыңына Алатаудан аласа бірақ о да. Жеткен жерім оншама алыс емес, Алатаудың үстінен қарағанда*);

г) сүйгені (*сені жастай сүйіп-ақ ем, сырларыммен, мұңдарыммен, ажыратса уақыт бізді бақ табам, қайда барып; сені көрмеу – бақытсыздық, сені көріп тұрған көздің бақыты да ерек шығар*);

ғ) бәрі мүмкін ертегілер әлемі (*Сен мөлдір ме мендегі ой мөлдір ме, гажайып бір ертекке айналды ірге, өзеніңе бас қойдым шөлдеп келіп, өзім баққан су іштім қоймен бірге*);

д) музасы (*сенің арқаң әндетсем, өлеңдетсем, кетерімде дүниеден арманым не шыңдарыңды өзіңнің көріп жатсам*);

ж) көңілі кең, жүрегі жомарт (*Жұтып жатсың Алатау, жұтып жатсың, жақсыны да жаманды жатырқамай*);

з) пайғамбар (*Ей, Алатау, пайғамбар әділ патшам; Адамсың, әулиесің, пайғамбарсың*);

и) жаратушы (*Алатау не берсең де берші маған; мен-дағы біреуімін осы көптің, әйтеуір бергеніңді нәсіп еттім*);

й) жер жаннаты (*бауырыңнан көктем кетіп көрген емес, басыңда жатқанымен қар қашанда*).

Мұндағы негізгі элементтер адамның жүрегіне жақын, кимас, қымбат, бағалы мәнділіктер *Алатауды* субъективтендіреді. Алатау әр адамның жеке меншік нысаны ретінде көрінеді. Алатау субъект иесі болып танылады.

Сондай-ақ, тағы да Т. Молдағалиевтің көркем ойлауында енді Алматы топонимі қандай ойбейнелер тудырады екен, қарайық.

Алматы

а) Қазақы менталитет, мейірбандық, мейірімділік (*Бүкіл дүние бейне бір жақсы ағадай, маған ылғи көрсеткен жылы қабақ; он теңге қалтамда, көңілімде үміт, арманымды мен іздеп келе жаттым; мейірімді жандарға жолықтым мен солар мені жіберді мейірімді гып; мың кісіге аштым мен есігімді, үлгісіне алдағы қарап елдің; Алматыда менің тұрған үйім көп, көрген емес жағдайымыз қиын боп; анамсың балаңмын мен мәпелеген, панамсың қолдан алып мәпелеген; Бәріңе де туысым деп сенетін, Бәрін бірдей жан досымдай көретін; Барлық жұртқа аузын ашып сенетін, Барлық жұртты өз туысы көретін*);

ә) шығармашылық мекені (*ару көңілің ұйықтасын, сол аруды жұмыс бар деп таңертең жұлламама*);

б) дарқандық, қонақжайлық (*үйге кірген қонақпен күн кіреді, әрбір шыққан газетке жаңа өлеңі, жаңа бір той жасатып тұрды ақынға; кешке жақын үйге қонақ толатын, менің үйім мейманхана болатын, бір қонақтар ішіп, тойып алған соң, жөнін таппай біздің үйге қонатын; Киіп кетсе, табылады киім де, Тойшыл едім со бір кедей күйімде; Кейбір қонақ сұрамай-ақ жап-жаңа Богинкамды киіп кете беретін; Әйелімнің тойға киер көйлегін Киіп кеткен мейман қызға не дерсің; Үйімізде ертелі кеш естіліп тұрушы еді-ау махаббаттың әуені; Көңіліміз кең, бірақ бөлме тар еді*);

в) жан жақыны (жан Алматы, Алматым, күн Алматым);

г) ару қыз (*Алатауға арудай жараса бер; Алматым, баяғыдай мөлдірейсің, кінәсіз бір аруды салып еске; Алматым жап-жас нәзік, Алматы жап-жас*);

ғ) муза (*Алматы мені жасартып, қартайтпақ және бар түрі, жанатын біздер күн қайда, таңертең тұрып жыр жазып*);

д) жасыл желек (*өзіңсіз әсем емес осы жалған, жасыл ордам, ерке аймақ, есіл аймақ, жаннатты аймақ*);

ж) қимасы, ғашығы (*мен сенен қайда кетем, қалай кетем, арымдай көрем сені, иманымдай, барымдай, өмір бойы жиганымдай, ғашық ән*). Мұндағы басым элемент – қазақ менталитеті, дарқандық, қонақжайлық. Алматы десе, қазақ халқының дарқандығы, мейірбандығы ассоциацияланатыны.

Қорытынды.

Топонимдер – өзге халық үшін жабық таңбалар болса, өз халқы үшін ашық таңбалар жүйесі. Сондықтан бүгінгі лингвистикада топонимдер

мүмкіндігінше ашуға, оқуға болатын, ақпараттар қоры, таңбалар мен символдар жүйесі деп таныла бастады [3].

Қазақстан топонимдері (Қазығұрт, Түркістан, Көкшетау, Арал, Алатау, Алматы, Астана, Сарыарқа, Маңғыстау, Каспий) эстетикалық, мифтік, саяси, эмативтілік компоненттерінің басымдылығымен коммуниканттардың санасында жер бедері таңбасынан гөрі мазмұн межесі байыған, ұлттың, халықтың менталитетін көрсететін, тарихи жады қызметін атқаратын концептуалдану үдерісінде жүр.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Рысберген, К. К.** Алгоритмическая матрица оттопонимического концепта: опыт моделирования // Имя. Социум. Культура // Материалы II-ой международной Байкальской ономастической конференции. – Улан-Удэ, 2008. – 306 с.

2 **Литвинова, А. М.** Концепт Сибирь и его эволюция в русской языковой картине мира: от «Сибирских летописей» до публицистики В. Г. Распутина. Автореферат диссертации доктора филологических наук. – Новосибирск, 1988. – 38 с.

3 Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы, 1989. – 254 б.

Көркем әдебиет тізімі

1 **Нұржан Светқали.** Ай таранған түн : жыр кітабы. – Алматы : Жазушы, 2008. – 384 б.

2 **Мұқатаев, М.** Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы. Т.1: Өлеңдер мен поэмалар. – 1991. – 368 б.

3 **Молдағалиев, Т.** Сағындырған көктемдер. – Алматы : Санат, 2001. – 260 б.

4 **Молдағалиев, Т.** Жаз да өтіп барады. – Алматы : Жазушы, 1996. – 400 б.

5 **Молдағалиев, Т.** Мәңгі жас көңіл. – Алматы : Жалын, 2007. – 240 б.

References

1 **Rysbergen, K. K.** Algoritmicheskaya matrica ottoponimicheskogo koncepta: opyt modelirovaniya [Rysbergen, K. K. algorithmic matrix in the oxygen concept: experience modeling] // Imya. Socium. Kul'tura // Mat. II-oi mezhdunarodnoi Baikal'skoi onomasticheskoi konferencii. – Ulan-Ude, 2008, – 306 p.

2 **Litvinova, A. M.** Konzept Sibir' i ego evolyuciya v russkoi yazykovo kartine mira: ot «Sibirskih letopisei» do publicistiki V. G. Rasputina. [Litvinova, a.m. The concept of Siberia and its evolution in the Russian language picture of the world: from «Siberian summer» to journalism V. G. Rasputina] Avtoreferat diss. doktora filol.nauk. – Novosibirsk, 1988, – 38 s.

3 Ortalyq Qazaqstannyń jer-sý attary. [land and water treatment of central Kazakhstan] – Almaty, 1989, – 254 b.

References

1 **Nurjan Svetqali.** Aı taranǵan tún: jyr kitaby. [Nurzhan Svetkali. Night when the moon spreads: a book of Psalms] – Almaty : Jazýshy, 2008. – 384 p.

2 **Muqataev, M.** Úsh tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Mukataev, M. collection of works in three volumes]. – Almaty : Jazýshy. T.1: Óleńder men poemalar. – 1991. – 368 p.

3 **Moldagalev, T.** Saǵyndyrǵan kóktemder. [Moldagaliyev, T. missed the spring] – Almaty : Sanat, 2001. – 260 p.

4 **Moldagalev, T.** Jaz da ótip barady. [Moldagaliyev, T. summer is also passing] – Almaty : Jazýshy, 1996. – 400 p.

5 **Moldagalev, T.** Mańgi jas kónil. [Moldagaliyev, T. eternal young mod] – Almaty : Jalyn, 2007. – 240 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

Б. А. Кошимова, Ш. С. Абишева

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, г. Актау.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ТОПОНИМОВ

В статье рассматриваем проблему о том, какая связь существует между топонимом и понятием концепта, являющегося стволем современных лингвистических исследований.

В сознании современных пользователей языка географические названия – это не только названия, указывающие направление местности, это что-то выше, это культурные ценности, смешанные с чувствами и эмоциями. Допустим, образовался какой-то населенный пункт. Пусть он назван в соответствии с географическими особенностями

этой земли, либо в соответствии с историей народа, населяющего его, либо именем исторической личности, открывшей его, или же каким-либо случайным названием. Уже через некоторое время первопричина смысла самого названия забудется. Теперь нам неважно почему именно так названа земля. Теперь название начинает служить только для инвентаризации, для обозначения. Но со временем история населенного пункта переплетается с историей его народа, и название населенного пункта начинает давать ассоциации местному населению. Теперь уже начинает усиливаться роль названия народа, менталитет этого народа, а не название местности. Таким образом, топоним, в первую очередь, ассоциируется с физико-географическими условиями названного им пространства, во-вторых, с богатствами, которые он дает человеку, затем с мировоззрением и ценностями народа, обитающего на этой земле, либо с красотой природы этого края или же с невыносимыми для человека климатическими условиями. Географическое название не ограничивается лишь одним значением, это не знак, который можно поставить в соответствии с образной границей. Топоним – это этнокультурная единица, вобравшая в себя несколько семантических единиц и связанная с ментальной жизнью народа.

Ключевые слова: топоним, концепт, ассоциация, эмотивность текста, этнокультурная единица.

В. А. Koshimova, Sh. S. Abisheva

Scientific and Educational Foundation named after the academician Sh. Yessenov, Republic of Kazakhstan, Aktau.

Material received on 16.03.21.

CONCEPTUAL CHARACTERISTICS OF TOPONYMS

The article considers the problem of what relationship exists between a toponym and the concept, which is the trunk of modern linguistic research.

In the minds of modern language users, geographical names are not only the names that indicate the direction of the area, they are something higher, they are cultural values mixed with feelings and emotions. Let's say a locality has been formed. Let it be named according to the geographical features of this land, or according to the history of the people who inhabit it, or the name of the historical person who discovered it, or by some random name. After a while, the root cause of the meaning of the name itself will be forgotten. Now we don't care why the earth is named that way. Now the

name begins to serve only for inventory, for designation. But over time, the history of the locality is intertwined with the history of its people, and the name of the locality begins to give associations to the local population. Now the role of the people name, the mentality of this people is already beginning to strengthen but not the name of the locality. Thus, the toponym, first of all, is associated with the physical and geographical conditions of the space named by it, secondly, with the riches that it gives to a person, then with the worldview and values of the people living on this land, or with the beauty of the nature of this region or with unbearable climatic conditions for a person. A geographical name is not limited to just one meaning, it is not a sign that can be placed in accordance with a figurative border. A toponym is an ethno-cultural unit that includes several semantic units and is associated with the mental life of the people.

Keywords: toponym, concept, association, emotivity of the text, ethno-cultural unit.

FTAMP 17.01.09

<https://doi.org/10.48081/MRHQ2950>

***Г. Қ. Құрманғали**

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

«АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада «Ақиқат сыйы» дастанының көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. X–XII ғасырлардағы түркі әдеби шығармалар туралы бірқатар ғалымдардың еңбектері мен мақалаларында жалпы айтылғанымен, көркемдік ерекшеліктеріне тереңірек талдау жасалынған жоқ. Сондай ақындардың бірі – Ахмет Йүгінеки. Орта ғасырдағы ақын мұраларын зерттеуші ғалымдардың пікірлері сараланып, А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанының композициялық құрылымы мен өлең өрнегін, бейнелілік құралдарының өзіндік ерекшеліктері анықталады. Ақынның шығарма жазудағы шеберлігіне, шығарманың өлең өлшеміне, тақырыптық және идеялық-көркемдік ізденістеріне талдау жасалынады.

Ахмет Йүгінекидің шығармасындағы ұлттық, тілдік ерекшеліктерді зерделеу арқылы авторлық ұстаным мен дүниетаным мәселелеріне, көркемдік-эстетикалық ізденіс сипаттары қарастырылады. Теңеу, эпитет, параллелизм, егіздеу, метафора және т.б. көркемдік құралдарды қолдануда қарахандық ақынның ұсталығы, шеберлігі нақты мысалдармен зерделенеді.

Кілтті сөздер: түркі ақыны, орта ғасыр поэзиясы, метафора, эпитет, теңеу, қарахан дәуірі, шендестіру.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің орта ғасырдағы дидактикалық поэзияның негізін салушылардың бірі Ахмет Йүгінеки – әдебиет мазмұнын жаңартып, жаңа тақырыпты көтерген ақын. Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанының осы күнге дейін әлі зерттелмеген тұстарының бірі оның көркемдік ерекшеліктері. Сол көне және орта ғасырлардағы түркі әдеби шығармалардың өлең құрылыстары мен бейнелеу тәсілдерінің қазақ поэзиясына қатысын зерттеу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Қарахан дәуіріндегі көне түркі өлең дәстүрі мен араб-парсы поэзиясының тоғысқан тұсында қалам

тербеген Йүгінекидің аталған шығармасында сол кезеңдегі ежелгі дәуір әдебиетінің әлеуметтік сипаттары мен көркемдік мән-маңызы да айқын көрініс табады. Бұл көне мұра бүгінгі әдебиетке өзінің танымдық, насихаттық сипаттары жағынан да оның түр-құрылысы, көркемдік жағынан да толыса, кемелдене түсуіне жол салды.

Теориялық және әдістемелік негіздері. Аталған мақалада қазақ әдебиеттанушылары мен шетел ғалымдары ұсынған ғылыми еңбектер қолданылды. Орыс шығыстанушыларының еңбектері мен ой-тұжырымдары әдістемелік бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды. Түркітанушы ғалымдардың көне мұраларға, оның поэтикалық шеберлігін анықтауға қатысты материалдары, деректері, пікір-сараптамалары қамтылды. Поэманың тақырыптық сипатын, жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін ашу барысында жүйелі-кешенді, нақты талдау, сипаттау, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды.

Зерттеудің нәтижесі. Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанының көркемдік ерекшелігіне алғаш рет арнайы зерттеу жүргізілді. Шығарманың жанрлық, мазмұндық ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, ұлттық әдебиетіміздің орта ғасырда да көркемдік жағынан бай болғанын анықтайды. Дастанның ажарлау тәсілдеріне де кең ғылыми талдау берген. Теңеу, эпитет, параллелизм, егіздеу, анафора, эпифора, метафора, аллегория, алмастыруды қолданудағы А. Йүгінеки ақынның ұсталығы, шеберлігі нақты мысалдар арқылы дәлелденген.

Қазақ халқы ежелден поэзияға жақын. Бесік жырынан бастап жоқтауға дейінгі ел басынан өткен елеулі оқиғалардың барлығын жырмен жеткізіп отырған. Мұның дәлелі – көне түркі әдебиетіндегі жазба мұралардың, жыр-дастандардың, салт-дәстүрге қатысты жырлардың, ақыл-кеңестердің (толғау, арнау, терме) біздің заманымызға поэзиялық түрде жетуі. Белгілі әдебиет сыншысы В. Белинскийдің: «Әрбір халық пен әрбір тайпа өркениет пен білім берудің қандайда бір төменгі сатысында тұрса да, оның міндетті түрде өзінің поэзиясы болады... Халық немесе тайпа жазу өнерін игермесе де, поэзиясы болмау мүмкін емес» [1, 494 б.], – деген пікірі түркі әдебиетіне де қатысты айтылған. Көне түркі дәуірінде шығармаларын өлеңмен жазу үрдісі айрықша бағаланғаны көп нәрсені аңғартады.

Шығарма тілінің әсемдігін арттырып, әсерлілігін күшейту үшін троптар мен айшықтау (фигуралар) тәсілі қолданылатыны белгілі. Мұндай айшықтаулар орта ғасыр туындыларында да кездеседі. Олар әдеби шығармалардағы сөз тіркестеріне нәр беріп, көркемдік құндылығын жоғарлатады. Мұндай айшықтаудың түрлері осы қалпында сонау көне замандағы көркем шығармаларда болған деген пікірден аулақпыз. Алайда, бүгінгі әдебиет теориясындағы көркемдік құралдардың негізі ежелгі көркем мұралардан нәр алып, соның негізінде дамыған.

Шығарманың көркемдігін арттырып, нәр беріп тұрған тәсілдердің бірі – айшықтау. Оған жататын арнаудың үш түрі де «Ақиқат сыйы» дастанында орын алған. Ақынның:

Білім туралы айтамын, сөзімді тыңда,
Білімдіге, уа досым, өзіңді жақын ұста [2, 25 б.].

Тәкаппар киімін кесең, тез таста,
Халыққа кеуденді керіп, тіліңді түйреме.
Мұсылмандықтың белгісі – көнбістік,
Көнбісті бол, егер мұсылман болғың келсе, [2, 34 б.],

– деген өлең жолдары *жарлай арнауға* жатады. Бұл шумақтар арқылы Йүгінеки оқырманын білім алуға шақырады және тәкаппарлықтан бойын аулақ ұстап, кішіпейіл болуға үндейді.

Мұндай арнау тек орта ғасырдан бастау алды деп дөп басып айтуға болмайды. Оның тамыры тереңде жатқаны туралы ғалым М. Жолдасбеков те атап өтеді: «Орхон ескерткіштерінде шешендік арнаудың, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың, жойқын соғыс суреттерінің сан үлгілері ұшырасады» [3, 76 б.]. Тасқа жазылған ескерткіштерде кездесетін жарлай арнауға жататын мына өлең жолдарында халықты бір қолдың астына бірігіп қимылдауға үндейді, үгіттейді:

Табағаштар, түстіктен шабындар!
Құртындар, шығыстан шабындар!
Мен терістіктен шабайын
Түрк халқының жерін жат баспасын!
Сол дұшпанды жойық! – депті [3, 60 б.].

Демек мұндай арнаулар кейінгі ғасырлардың еншісіне де тән екені жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады. Сонымен орта ғасыр жәдігерлерінде арнаудың басқа да түрлері кездесетіні жайлы бірқатар мысалдар келтіруге болады. «Ақиқат сыйы» дастанында барша жұртқа сұрақ қойып, *сұрай арнау* түрі де шебер бейнеленген:

Ей, ашкөз, Құдайға ашкөздік неге керек?
Айтып берші маған, ол неге керек?
Аз ба, көп пе жазылды ризығың
Ашкөздік жасай ма мұндай жақсылық? [2, 36 б.]

Автор «Дүниесқор және әртүрлі мағына беретін өлеңдер» деген тараудың көп бөлігін *сұрай арнау* түрімен жазған. Бұл шумақтарда орта ғасырдағы көркем сөз шебері Ахмет Йүгінеки заманының азғандығын, имансыздық жайлағанын айтып зарлайды. Демек, орта ғасыр ақынының шығармасында арнаудың үш түрінің де кездесуі оның өлең жазудағы шеберлігін танытады. Йүгінеки бірде жарлай арнаса, бірде сұрақ қояды, кейде сұрағына жауап

алмаған кезде зарлайды. Айналасындағы болып жатқан келеңсіздіктерді көріп, қапаланады. Жанын түсінетін адам таба алмай қиналады. Демек, заман азып, адам бойынан жақсылық қасиеттердің жоғала бастауы қай кезеңді алып қарасақ та болғанын айқын аңғаруға болады.

Әдебиет теориясындағы айшықтаудың келесі бір түрі – қайталау. Яғни, белгілі бір ұғымды нақтылау, назар аударту үшін бір сөз бірнеше жерде қайталану. Ол өлеңге ерекше бір рен беріп, тілге жеңіл болып келеді. Ахмет Йүгнеки «Ақиқат сыйында» қайталауды көп пайдаланған. Мысалы: *Харис* тоймас ажун неңини терип, *Харислық* қарымас идиси қарып. *Харислықны* қойар харис ер қачан, Өлүп йатса топрак ичинга кирип. *Харис* йығып армаз усанмаз болур, *Харислық* игиниң емин ким билур... [2, 36 б.]. Аталған дастанның негізгі бөлімінің алғашқы тарауы анафорадан басталған. Әдепкі қайталаумен жазылған бұл өлең формасы көне түркі ескерткіштерінде көп кездеседі. Әсіресе, осы қарастырып отырған әдеби жәдігерді ерекше атап айтуға болады. Әр жол немесе әрбір ой ағымын ақын бірде «билиг», бірде «қаза» сөздерімен бастап, шығарма тілінің әсемдігін арттырады:

Билигтин айурман сөзүмга ула
Билиглицка йа дост өзиңни ула
Билиг бирла билинүр са'адат йолы
Билиг бил са'адат йолыны була
 Баһалық динар билиглиг киши
 Бу жаһил билигсиз баһасыз биши
Билиглиг билигсиз қачан тең болур
Билиглиг тиши ер жаһил ер тиши [2, 25 б.].

Ажунға бу сөгүш маламат нелүк
Қазалар йүрүркан йаратқан малик
Қаза бирла илнүр тузаққа елик
 Камуғ тегдаци нең қазадан ерүр...
Қаза бирла учған халиқ қушлары
 Қарыға қонар һам қафасқа кирүр
Қаза келсе йүгрүк йүгүрмаз уруп
Қаза қайтарылмас қатығ йа қуруп [2, 44 б.].

Келесі бір қайталаудың түрі – эпифора. Мұндай қайталаудың түрі де «Ақиқат сыйы» дастанында орын алған. Әрбір ұйақстан кейін бір сөз немесе бір сөз тіркесінің қайталанып келуін түркі поэзиясында реди́ф деп атайды [4, 30 б.]. Реди́фтің жоғалып кетуіне немесе оны басқа бір ұйақспен алмасып кетуіне болмайды. Е. Бертельс өз еңбегінде егер олай болған жағдайда бұл қате саналады дейді [5, 66 б.]. Шығарманы оқып отырғанда орта ғасыр ақынының әрбір сөзді қиыннан қиыстырып беруге тырысқанын, әуезді

естілуіне ұмтылыс жасағаны айқын аңғарылады. Яғни қазіргі тілмен айтқанда ақын эпифораны шебер меңгерген, еркін көсіле жырлаған. Мысалы, төрт жолмен жазылған мына бір шумақта Ахмет Йүгнеки реди́ф ретінде «ол» сөзін пайдаланған:

Еран хайри шарри гузаф кечмас *ол*
 Есиз едгү шика йпкут болмаз *ол*
 Айа едгү умган есизлиг қылып
 Тикан тарыған йер үзүм бичмаз *ол*.

Шығарманы әсемдеп, әсерлігін күшейту аз. Бір сөзді тура мағынасында емес, өңін айналдырып, қабылдауға оңай, көркемдігі жоғары болу үшін түрлендіре құбылту барлық ақынға тән қасиет. Бүгінгі таңда ғана емес, сонау көне түркі дәуіріндегі ақындар да көріктеу, бейнелеу тәсілдерін шебер пайдаланған. Мысалы, Ахмет Йүгнеки түркі поэзиясына жаңа ізденістер мен өзіне тән ақындық нақыш әкелді десек артық айтқандық емес. Ол өзі өмір сүрген уақыттағы поэзияның көркемдік әлемін жетілдіруде ерекше орны бар ақын деп саналады. Ақын адамгершілік туралы ұлағатты ойлары мен жаратушыны тану идеялары түркі әдебиетінде өзіндік орын алады. Ол өзінің суреткерлік шеберлігі мен рухани бай дүниесінің арқасында осындай көркем шығарма жазған.

Дастандағы сөздер мен сөз тіркестерін өз орнымен пайдалану ақынның өзіндік қолжазбасын айқын танытады. «Шын сөз», «ашу оты», «опасыз дүние» және т.б. сөз тіркестерін шығарманың мазмұнын ашуда еркін қолдана білген, сонымен қатар ақын оларды өз көңіл күйін, сезімін еркін жеткізу мақсатымен айтқан. Бұл қолданымдар арқылы жеке тұлғаның адамгершілік бағыттарын, өмірдегі ұстанымдарын айқындауға тырысады. Демек, «Ақиқат сыйында» автор «от» ұғымын күнделікті тіршілікте қолданылатын қаттылық қалыпта емес, о дүниедегі «азаптың оты» ретінде сөз қылады. Енді бірде «ашудың, кектің» символдық белгісі ретінде қолданады. Екі жерде де ақын сол арқылы айтар ойын нақтылап жеткізе білген. Азаптың да, ашу мен кектің де оты қатты болатынын нақты көрсетіп отырады.

Ахмет Йүгнеки «көз», «сөз», «дүние» сөздерін түрлендіріп, олардан жаңаша өрнек пен ұғым жасайды. Дастандағы «көз» ұғымын көру мүшесі («Расуллар үрүң йүз бу ол йүзгә көз» – «Бұл – ол жүзге (жарасып тұрған) көз») деп қолданса, енді бірде ол арқылы адамның дүниеге қызығушылығын («Никаб көтрүр ажун бирәр көз ачар» – «Пердесін көтеріп дүние бірер көзін ашар») көрсетуге тырысады. «Йығып көңли тоймас көзи сух бахил» – «Қанша жинағанымен, саранның сұқы, көңілі тоймайды» деген тармақта дүниеқор жанның бейнесін тамаша ашып суреттеген. Сонымен қатар, ақынның «көз» ұғымы тәкаппарлық, менсінбеушілік мағынада да қолдануы өте сәтті шыққан:

Егер біреу малсыз болса, көріп ол адамды,
 Бетін бұрып, көзін жұмып өтеді [2, 42 б.], –

бұл өлең жолдары қолында дәулеті бар, бірақ ешкімге жақсылық жасай алмайтын адамды еріксіз есіңе түсіреді. Ақын байлыққа мастанып, қарапайым кедейлерге мұрнын шүйіре қарап, жан-жағына көз салмай, аяқ астын аңдамай басып жүретін тәкаппарлықты бейнелеуде шеберлік танытқан.

Жалпы Йүгнеки дастандағы тараулардың көп жолдарында «дүние» ұғымын сөз қылады. «Дүние, байлық» – адам өміріндегі ең маңызды нәрсе, ұғым. Ақын «дүние» сөзін түрлендіріп, сөз тіркестерінен жаңаша өрнек пен соны ұғым жасап отырады. «Ашкөз дүние», «опасыз дүние», «жалған дүние», «дұшпан дүние» деген ұғымдарда дүниенің сипат-белгілерін нақтылай, айқын көрсетеді. Бұл теңеулер арқылы өмір сүріп жатқан бұл дүниенің байқала бермейтін мәнін, қасиеттерін айқындап береді.

Елигларда кутлуғ беригли *елиг*

Алып бермәгән *ел* елиг кутсызы ол [2, 33 б.],

– деген бәйіттегі «*ел*» сөзі қол мағынасында, жомарт пен сараң адамның бейнесін сипаттау ретінде қолданады. Мұнымен қатар «*ел*» ұғымы – ел, жұрт, халық мағынасында кездеседі. Мысалы:

Көп *елни* көрар биз әдиб сөзини

Билә билмәгәндин улар өзини [2, 67 б.].

«Ел» сөзі орта ғасыр ескерткіштерінде «қол», «мемлекет», «ел» мағынасында жұмсалса, бүгінгі күнде олай қолданылмайды.

Қарахан дәуіріндегі көркем шығармаларда бейнелеу, көріктеу құралдарының көп түрлері кездеседі. Орта ғасыр ақындары метафора, алмастыру (метонимия), мегзеу (синекдоха), кекесін (ирония), ұлғайту (гипербола), теңеу мен эпитет және т.б. өзіндік орнымен қолдана білген. Осындай көркемдік құралдар арқылы екі нәрсені немесе затты тура салыстырады, болмаса екеуінің арасындағы ұқсастықтары негізінде ауыспалы мағына беретін бейнелі сөздер тудырады.

Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» дастаны туралы айтар болсақ, ақын аса шеберлікпен құбылтудың алуан түрін өз керегінше пайдалана білген. Соның ішінде ол шығармасында поэзияда көп қолданылатын теңеуге, эпитетке, параллелизм, яғни егіздеу әдісіне еркін тоқталғаны байқалады. Бейнелеу тәсілдерінің мұндай түрлерін қолдану шығармаға нәр беріп, оқырманның қабылдауына жеңіл тиеді. Бейнелі сөздер ақын поэмасының көркемдік сипатын арттырады. Ахмет Йүгнеки – әрбір сөзді құбылтып, әсірелеп ұтымды пайдалана білген ақын. «Ақиқат сыйында» белгілі бір нәрсенің көркемдігін арттыру үшін оны басқа бір затпен салыстырып, оған үстеме мағына беру көп кездеседі. Йүгнеки салыстыратын құбылыс, заттарды өзіне ұқсас белгі, сын-сипатына қарай құбылтып, өзгертіп отырады. Оған өзгеше бір түр беріп түрлендіреді. Мәселен:

Білімді кісі – бағалы динар,

Білімсіз надан – бағасыз бақыр.

Білімді білімсізбен қашан тең болар,

Надан еркек – әйел, білімді әйел – ер [2, 25 б.],

– деп білімді адамды – алтынға, наданды – қажетсіз қара бақырға, білімсіз еркекті – әйелге, білімді әйелді азаматқа теңейді. Сонымен қатар білімді адамды жарыққа, надандықты қараңғылыққа теңеу өте орынды шыққан. Қара жаман ырымның белгісі екені шындық, қара жамылып жүргенше алтындай жарқырап жүрудің артықшылығын көрсетуге тырысқан.

Ақын Испансалар бекті мақтау тарауында да теңеулер жиі кездеседі. Мұндағы бейнелеу құралдары сол уақыттағы халық өмірімен, түсінігімен тығыз байланыста туған. Бұл туралы академик С. Қасқабасов былай деген: «...Айтушы мен тыңдаушылар баяндалып отырған оқиғалар мен батырлардың іс-әрекетін ашық және тура бағалайтындығына сай көркемдеп – бейнелеу құралдары пайда болады. Сөйтіп, қай батырды болмасын, қай сұлу қызды болмасын бейнелейтін «универсалды» эпитеттер, теңеулер, формулалық сипаттаулар болады» [8, 31 б.]. Мәселен мұндай сипаттауға эпостық жырлардағы батырлардың кескін-келбетін суреттегенде жиі қолданылатын теңеуді жатқызуға болады. Көне түркі мұраларын қарастырғанда да кейіпкерлерін жыртқыш аңдар мен қыран құстарға теңеу кең таралғанын аңғартады. Батырлар жырларындағыдай аталған шығармаларда адамның ашуланғандағы кейіпін арыстанға теңеп суреттеу көп. Демек, бұл тек бір фольклорға ғана тән емес, сонымен қатар мұндай көркемдік құралдардың орта ғасырдағы әдеби шығармаларға да қатысы бар екенін дәлелдеп отыр. Мысалы, Ахмет Йүгнеки Испансалар бектің ашуланғандағы әрекетін арыстанмен салыстыру арқылы ойын шеберлеп, көркемдеп жеткізген. Бұл жерде мәселе тек бекті арыстанмен салыстыру деп ұқпаған жөн. Ақын оның ашуланғандағы күйін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізуге тырысады:

Сәлімнен жұмсақ, қарапайым халыққа шапағатты,

Алайда ашуланғанда шері – арыстан сияқты.

Шариғат жолында Омардай білгір,

Оспанға тең қолы ашықтығы [2, 24 б.].

Ақын Испансалардың бейнесін толық ашу үшін, ойын дәл, нақты әсерлі жеткізу мақсатында оның білгірлігін Омармен, мырзалығын Оспанмен, зеректігін Аязбен, әділдігін Наушарбанмен салыстырады. Көңілге жақын, жүрекке жылы тиетін оралымды тіркестер, орынды, тапқыр теңеу жасайды. Демек, ақын өз ойын тыңдаушыға әсерлі жеткізу үшін көптеген әдістер мен сан түрлі тәсілдерді қолданған. Сөздерді құбылтып, айшықтап пайдалануда «Ақиқат сыйында» тосын теңеулер мен эпитеттер, метафоралар мен аллегориялардың өзіндік орны бар.

Бұл суреттеулер поэма тілінің қарапайым әрі көркем екенін айғақтайды. Әдиб Ахмет қолданған бейнелі сөздермен өрнектелген тіркестердің өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, ақын өзін теңізге тамшы сыйлаған бұлтқа теңейді. Ал, Испансаларды теңізден де ұлы падишаһ деп суреттеген.

Теңіз көп, аз демей қабыл алады,

Бұлт сыйласа ұсақ тамшыны.

Шаһым теңізден мың есе қайырымды,

Қабыл қылса таң қалуға болмайды бұл аз сыйлықты [2, 29 б.].

Сонымен дастандағы білім – таусылмайтын қаржы, шын сөз – бал, бір жерлерде – шипа, өтірік – жуа немесе ауру; бұл дүние – керуен, сарандық – жазылмайтын ауру, сараң адам – малдың құлы, жомарттық – сараңның айнасы, қайырымсыз кісі – жеміссіз ағаш, адамгершілік – үлкен үй – алқызыл гүл; қарапайымдылық – жасыл алқап деген салыстырулар өзінше бір сипатқа еніп, шығарманың көркемдігін арттырады. Сонымен қатар «ақылдың, сана-сезімнің, парасаттың қоймасына» Испансалар бекті балайды, одан әрі білімнің бұлағы, жақсылықтың таусылмайтын кеніне теліп, ойын үдете береді. Бұл жердегі «ол», «қойма», «бұлақ» пен «кен» барлығы бірінің мағынасын екіншісі толықтырып отыратын сөздер. Мұнда тек қана теңеулер ғана емес, сонымен қатар шендестірулер де бар. Әсіресе, Йүгнекидің дүниеге байланысты қолданған теңеулерін ерекше сөз етуге боларлық дүние.

Рухани тазалыққа шақыратын барлық шығармаларда кең таралған, көп қолданылатын теңеу – «дүние – керуен». Сонымен қатар, ақын дүниені бірде жақсылық пен жамандықтың ұрығын себетін «егінжайға» теңесе, бірде жылан бейнесінде көрсетеді. Ақын жыланды қандай жағдайда, қандай ерекшеліктерін басты нысана ретінде алып отыр, онымен салыстырғанда дүние қалай сипатталады, міне, осының бәрі ескерілуі керек. Дүниенің сыртқы көркі тамаша болғанымен іші толған зұлымдық екенін жыланның сипағанға жұмсақ, бірақ уға толы қасиеттерімен салыстыру өте орынды, тапқыр теңеу:

Бұл дүние – жылан. Жыланның көзін жой,

Сипағанға жұмсақ, бірақ іші тола у.

Жылан жұмсақ болғанмен, пиғылы жауыз,

Жырақ тұр, жұмсақ деп иланба.

Бұл дүние көргенге көрікті сырты,

Алайда, ішінде сүйкімсізі мыңы.

Қара, сыртының әдемілігін көріп бұған,

Көңіл бөлгенің, біліп қой, қателердің басы [2, 31 б.].

Сонымен ақын екі нәрсенің бір-біріне деген ұқсастығын байқау арқылы баяндалып отырған құбылыстарды салыстырады. А. Йүгнеки айтар ойының айқын, дәл шығуы үшін теңеуді орнымен қолдана білген суреткер.

«Ақиқат сыйы» дастанында метафора да көптеп кездеседі. Зат есім мен етістіктен жасалған метафоралық салыстырулар поэмаға өзгеше бір әр береді. Екі нәрсе бір-біріне сәуле түсіріп, бір-бірінің мағынасын толықтырады. Йүгнекиде бір нәрсені екінші бір нәрсеге балап суреттеп, үзілді-кесілді айту жағы басымдық. «Өз тілі өзінің басын жеді», «Пердесін көтеріп дүние бірер көзін ашады, Құшатын сияқты қолын жазып, сосын тез қашады», «тәкаппар киімі (кисең тез таста)», «ашкөздік қартаймайды», «сараң малдың күзетшісі» т.б. метафоралар дастанда өз орнын тауып дәл берілген. Ақын метафораны қолдану арқылы бір заттың я құбылыстың қасиетін, ерекшелігін шеберлікпен көрсету үшін оны соған ұқсас басқа бір нәрсеге балап, бойындағы ерекше бір белгісін сипаттайды.

Әсіресе, ақынның мына жолдарда құбылтудың бір түрі – кейіптеуді сәтті қолданған:

Жазықты кісінің жазығын кешір,

Дұшпандықтың тамырын қазып, аластат.

Жалындаса тұтанып ашу оты,

Сыпайылық суын шашып, отты өшір [2, 38 б.].

Бұл шумақтағы «дұшпандықтың тамыры», «ашу оты», «биязылық суы» деген кейіптеу болып саналады. Егер балама ретінде алынған сөздерді тура түсінетін болсақ, онда ол санамызға жат, дөрекі болып тиеді. Адам бойындағы дұшпандық, ашу, биязылық сынды қолымен ұстай алмайтын сезімдерге жан бітіреді. Ашуланғандағы кейіпті отқа балап, оны биязылықпен өшіруді суреттеу арқылы шайыр бейнелі көркем сөздерді ұтымды пайдаланған. Бұл сипаттаулар ақын бойындағы ерекше бір шеберлік қырларының бірі болып табылады.

Жақсы мінез-құлық, әдептілік, ұл-қыз, әйел тәрбиесі, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы туралы айтылған ой-пікірлерін автор метафоралық қолданыстармен бере білген.

Бұл шығармада метонимия да кездеседі. Яғни бүтіннің орнына бөлшегін, бөлшектің орнына бүтінін қойып, қолдану аясын кеңейтіп көрсету дастанда орын алған. Мысалы: «Бу мал келсе ерте барур баз кеча, Бұл мал келсе ерте, кешке қайтадан кетеді». Көрсетілген жолдардағы «мал» сөзі дүние, байлық деген ұғым орнына қолданылып тұр. Мал байлықтың бір белгісі болғандықтан, бүтіннің орнына оның бөлшегі пайдаланылған. Бұл алмастырудың өте ұтымды тәсілі болып саналады. Ал, бөлшектің мағынасын бүтінге ауыстырғанда: Алып бермәген ел елиг құтсызы ол, Алып, бірақ бермеген қол – қолдың құтсызы, – деп «қол» сөзі арқылы жомарт, сараң адамдардың бейнесін көрсетуге тырысқан, яғни бүтіннің орнына бөлшекті пайдаланып отыр.

Ахмет Йүгнеки «Ақиқат сыйының» басында-ақ білімді адам мен надан жанның бейнесін қарама-қарсы алуы өте әсерлі шыққан. Яғни ақын көркем сөздің әсерлілігін күшейтіп, әсемдігін арттыру үшін құбылысты не затты

қатар суреттейді. Мұндай бейнелеу сөз әдебиеттану ғылымында параллелизм деп аталады. Үгнекидің параллелизм әдісін қолданғаны «Ақиқат сыйы» шығармасындағы тілдің әсерлігін арттырады. Орта ғасыр ақыны дастанда білімді-надан, жомарт-сараң, тәкаппар-момын, адал-арам, тағы да басқа ұғымдарды қарама-қарсы қойып бейнелеуі зұлымдықпен күресіп, әділдікті ту етіп ұстаған ақын тұлғасын танытады.

«Ақиқат сыйы» дастанында ақын жақсы мен жаман қасиеттерді қарама-қарсы қою арқылы шендестіру тәсілін жиі қолданған. Үгнеки білімді мен білімсіздің бұл өмір мен арғы өмірдегі жағдайларын жарыстыра салыстыру арқылы пайдасы мен зиянын көз алдымызға елестетеді. Автордың білімді мен наданның жағдайын жомарттық пен сараңдықты астастыра отырып жырлаған жыр жолдарының берер ғибраты мол. Сараң адамдарға жомарттықтан келетін пайданы ескерте отырып, жаман атқа қалудан сақтандырады, жомарт жанға сараңнан келетін зиянды ашық баяндайды, одан аулақ болуға үгіттейді. Бірде жақсы қасиеттерді айтып, терең әңгіме қозғаса, келесі жолдарда жаманнан келетін кесепатты қарсы қойып түсіндіруге тырысады. «Ақиқат сыйы» дастанын жалпы алып қарастырғанда, жақсы мен жаманның айырмасын ашып, түзу жолға, рухани тазалыққа шақыру басты мақсаты болғандықтан, оның насихаттық сипаты басым екені белгілі. Жақсы мен жаманға түзу мен қисықты, алғыс пен қарғысты, ашу мен ақылды қарама-қарсы қойып шендестіруі ақынның шығармашылық шеберлігінің сырын танытады. Міне, осындай егіздеу әдісін аса талғаммен ұтымды пайдалану Жүсіп Баласағұнда да кездеседі. «Құтты білік» дастанында автор қоғамдағы адамдардың мінез-құлықтары: жақсылыққа жамандық, әдептілікке дөрекілік, шындыққа өтірік, жомарттыққа сараңдық, қанағатшылыққа ашкөздік, аққа қараны қарсы қойып салыстырып, әсерлі теңеулер тудырған.

Көркем сөз зергері Ахмет Үгнеки әрбір сөзді орынды, шебер пайдаланған. «Ақиқат сыйы» дастанындағы көркемдік құралдар сонау XIII ғасырдан бері әлі маңызын жоғалтпаған. Ақын сөздерді бейнелік құрал ретінде шебер пайдаланып, өзінше жаңа, тың бейнелер тудырады. Айтар ойын құрғақ сөзбен емес, өрнекті өрім мен көркем тіл, бейнелі сөзбен шебер киюластырған. Сөз құдіретін жете түсінген парасатты ой иесі құбылту (троптар) мен айшықтауларды (фигуралар) өз орнымен қолданып, өзіндік өрнек жасаған.

Қорытынды

Жалпы қорытындылай келгенде айтарымыз, Ахмет Үгнекидің «Ақиқат сыйы» дастаны қазақ әдебиеті тарихында өз бағасын алған туынды. Ол өзіне дейінгі көне түркілік өлең дәстүрін шығыстық өлең жазу үлгісімен ұштастыра білген шебер ақындардың бірі болып табылады. Оның бізге жеткен поэмасы мазмұнының айрықша тереңдігімен, көркемдік сапасының биіктігімен ерекше көзге түседі. Ахмет Үгнеки өмір шындығын көркем

шындыққа айналдырған жаңа жолды бастаушы ақын ретінде әрбір сөздің құдіретін бейнелі орамдармен байытқан ақын болып саналады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Белинский, В.** Собрание сочинения в девяти томах. Т.6. – М. : Художественная литература, 1981. – 678 с.
- 2 **Ахмет Үгнеки.** Ақиқат сыйы. – Алматы : Ғылым, 1985. – 152 б.
- 3 **Жолдасбеков, М.** Асыл арналар. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы : Жазушы, 1986. – 328 б.
- 4 **Тимофеев, Л., Венгров, Н.** Краткий словарь литературоведческих терминов. – Москва: Госпедизд., 1955. – 179 с.
- 5 **Бертельс, Е. Э.** Навои. – Москва-Ленинград : Изд. АН СССР, 1948. – 272 с.
- 6 **Қожа Ахмет Иасауи.** Диуани хикмет (қазақ тіліне түсіргендер: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи). – Алматы : Мұраттас, 1993. – 262 б.
- 7 **Сайф әс-Сарай.** Гулистан бит-тюрки. II часть, к изданию подготовили Хатиб Усманов и Зайнаб Максудова. – Казань : Изд. Казанского университета, 1980. – 122 с.
- 8 **Қасқабасов, С.** Қазақтың халық прозасы. – Алматы : Ғылым, 1984. – 271 б.
- 9 XVIII–XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы : Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1962. – 421 б.

References

- 1 **Belinskii, V.** Sbranie sochineniia v deviti tomah [Collected works in nine volumes]. Т. 6. – Moscow : Hudojestvennaia literatura, 1981. – 678 p.
- 2 **Akhmet, Y.** Akikat syiy [The gift of truth]. (Almaty, 1985). – 152 p.
- 3 **Joldasbeskov, M.** Asyl arnalar. Zertteuler, maqalalar [Noble direction. Research, articles]. – Almaty : Jazushy, 1986. – 328 p.
- 4 **Timofeev, L., Vengrov, N.** Kratkii slovar literaturovedcheskih terminov [Brief Dictionary of Literary Terms]. – Moscow : Gospedizd., 1955. – 179 p.
- 5 **Bertels, E. E.** Navoi [Navoi]. – Moscow-Leningrad : Izd. AN SSR, 1948. – 272 p.
- 6 **Kozha, A. Y.** Diuani khikmet [Diwani wiki]. Almaty, 1993. – 262 p.
- 7 **Saif es-Sarai.** Gulistan bit-turki [Gulistan bit-Turks.]. – Kazan : Izd. Kazanskogo universiteta, 1980. – 122 p.

8 **Qasqabasov, S.** Qazaqtyn halyq prozasy [Kazakh folk prose]. – Almaty : Gylym, 1984. – 271b.

9 XVIII–XIX gasyrdagy qazaq aqyndarynyn shygarmalary [Poems of Kazakh poets of the XVIII–XIX centuries]. – Almaty : Qazaq SSR Gylym akademiasynyn baspasy, 1962. – 421 b.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

Г. Қ. Құрманғали

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭМЫ «ПОДАРОК ИСТИНЫ»

В данной статье рассматриваются художественные особенности произведения «Подарок истин». Творческое наследие выдающего поэта Ахмеда Югнаки анализируется с учетом современных достижений литературоведческой науки, особое внимание уделяется анализу поэтических жанров, композиции и особенностям стихосложения древнетюркской поэзии.

Также определено своеобразие художественных образов и поэтических сравнений в поэме «Подарок истин». Приводятся образцы поэтических приемов, которые использованы в поэме акына. Проанализированы художественные и жанровые особенности произведения Югнаки. Мастерство поэта Караханидского периода в использовании художественных средств изучается на конкретных примерах.

Ключевые слова: тюркский поэт, средневековая поэзия, метафора, эпитет, эпоха Караханидов, сравнение.

G. K. Kurmangali

L. N. Gumil'ov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan

Material received on 16.03.21.

ARTISTIC FEATURES OF THE POEM «THE GIFT OF TRUTH»

Ahmed Yugnaky's literary heritage is analysed taking into account the modern achievement of science. Much attention is given to analyse the poetical genres, the composition and the features of Old Turkic prosody.

The peculiarity of image and poetical comparison in poem «The gift of Truth» are determined. The examples of poetical devices which was used by the poet are summed up. The artistic and genre features of the work of Yugnaky are analyzed. The skill of the poet of the Karakhanid period in the use of poetic figures is studied with concrete examples.

Keywords: Turk poet, medieval poetry, metaphor, epithet, metaphor, Karakhanid era, comparison.

<https://doi.org/10.48081/YLJR6888>

***А. Н. Муратова¹, Ш. Мажитаева², У. М. Бахтикуреева³**

^{1,2}Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

³Ресей халықтар достығы университеті,

Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.

БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕТІН ЖАСЫРЫН МӘН

Мақалада авторлар бейвербалды амалдардың зерттелу тарихына тоқталады. Күнделікті өміде кездесетін кейбір бейвербалды амалдардың мағынасына ұлттық таным тұрғысынан талдау жасалынады. Кинесикалық, просодикалық, такесикалық амалдардың берілу жолдары мен жасалуын тілтанушы ғалымдардың еңбектеріндегі пікірлері негізінде көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы талдап түсіндіреді. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Әр ұлттың танымы мен мәдениеті, тарихы мен салтына байланысты қолданылатын тілдесімнің көмекші құралдарына семантикалық тұрғыда талдау жасайды. Коммуникация барысында қолданылатын бейвербалды амалдардың мағынасын студенттер арасында жүргізілген сауалнама негізінде анықталады.

Мақала авторлары алғаш рет жасырын мәнді беру үшін жұмсалатын бейвербалды амалдардың болатынын нақты тілдік деректер арқылы дәлелдейді. Олардың жалтхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа, жекелеген адамдардың немесе арнайы топ мүшелерінің өзара келісімі бойынша жұмсалатын қосымша мағынасы болатынын анықтайды.

Зерттеу барысында авторлар бейвербалды амалдардың астарындағы жасырын, имплицитті мағынасын ашу мақсатында әртүрлі әдістерді, оның ішінде талдау әдісін, әр ұлттың танымы тұрғысынан дәлелдеу және қолдану аясын айқындау мақсатында сипаттама әдісін, жекелеген кинесикалық амалдардың қазақ және орыс халқында қолданылу мәнін түсіндіруде салғастырмалы әдіс қолданылады.

Кілтті сөздер: бейвербалды амалдар, кинесика, ым-ишарат, жасырын мән, ұлттық таным.

Кіріспе

Тіл – адам баласының қарым-қатынас құралы. Тіл арқылы ойымызды білдіріп, екінші бір адаммен пікірлесеміз. Демек, тілдің негізгі әрі ең басты қызметі – коммуникативтік қызмет. Адамдар арасындағы коммуникация вербалды және бейвербалды деп бөлінеді.

А. Пиз, А. Мейербиандардың пікіріне сүйенсек, хабардың берілуі вербалдық амалдар (тек сөздер) арқылы 7 %-ға, дыбыстық амалдар арқылы (дауыстың үнін, ырғағын қосқанда) 38 %-ға, ал бейвербалды амалдар арқылы 55 %-ға іске асатынын байқаймыз [1, 123]. Мәселен, сөйлеу тілі әлі қалыптаса қоймаған баланың бас изеуі арқылы өзіне керекті затқа қол жеткізетіндігін, ал басын шайқау арқылы қарсылықты білдіруі ырықсыз түрді болатын бейвербалды амалдар. Сондай-ақ, бейвербалды амалдар арқылы сөйлеушінің көңіл-күй иірімдерін, толғанысын, айтылған хабарға ықыласын, өзінің тыңдаушысына деген көзқарасын т.б. жағдайларды байқауға болады. Мысалы: *Әйтеке қамшысын көкке көтеріп. Ел иетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар! – деген-ді. Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды.* Берілген сөйлемдегі «қамшысын көкке көтеру», «бастарын шұлғу» кинемалары арқылы біріншіден, халықты тыныштыққа шақырса, екіншіден, жұрт назарын өзіне аудару, үшіншіден, айбарлы, азулы би екенін байқаймыз, яғни бір ғана кинема арқылы үш түрлі ақпарат берілген. Бұл бейвербалды амалдар арқылы хабардың толық әрі жан-жақты берілетінінің дәлелі деп білеміз.

Зерттеудің нысаны: Бейвербалды амалдар және олардың құпия тілдесімдегі орны

Зерттеудің пәні: Ұлттық негізде қолданылатын бейвербалды амалдар.

Мақсаты: бейвербалды амалдардың коммуникация кезіндегі рөліне сипаттама жасау, мәдениаралық қарым-қатынас кезіндегі мағынасына түсінік беру. Жекелеген кинемалардың мағынасына талдау жасай отырып, жасырын амал-әрекеттерді білдіру үшін жұмсалатын ишараттарға тіл білімінде алғаш рет түсінік береміз.

Міндеттері: тіл біліміндегі бейвербалды амалдар жөніндегі тұжырымдарды саралау; құпия хабарды жеткізу үшін жұмсалатын бейвербалды амалдардың қолданысын көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы көрсету.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Бейвербалды амалдардың астарындағы жасырын, имплицитті мағынасын ашу үшін талдау әдісін, әр ұлттың танымы тұрғысынан дәлелдеу және қолдану аясын айқындау мақсатында сипаттама әдісін, жекелеген кинесикалық амалдардың қазақ және орыс халқында қолданылу мәнін түсіндіруде салғастырмалы әдіс қолданылады. Зерттеу қорытындысы бойынша бейвербалды амалдардың

астарындағы жеке ұлттың танымына байланысты берілген астарлы мағынаны түсіну үшін сол ұлттың тарихы мен мәдениетінен, салты мен дәстүрінен хабардар болуы керек. Сондай-ақ бейвербалды амалдардың қолданыс жиілігі барлық ұлтта бірдей болмайтынына көз жеткіздік. Осы мақалада бұған дейінгі зерттеулерде сөз болмаған бейвербалды амалдардың жасырын, құпия мәніне алғаш талдау жасалды. Адамдар арасындағы коммуникациялық қарым-қатынас тілдің көмегімен ғана жүзеге аспайды, кей жағдайда тілден тыс құралдардың көмегімен беріледі. Яғни адамдар тек дыбыстық ғана емес бейвербалды амалдарды қолдану арқылы бір-бірімен түсінісе алады.

Зерттеушілер тілдің көмекші құралдарына бейвербалды амалдарды, таңбаларды жатқызады. Сөйлеу әрекеті кезіндегі бейвербалды амалдардың қызметі мағынасы жағынан өте кең. Г. Е. Крейдлин бейвербалды семиотиканы пәнаралық ғылым деп тауып, оның 10 түрін бөліп көрсетеді: паралингвистика (бейвербалды коммуникациядағы дыбыстық кодтар туралы ғылым), кинесика (жест туралы ғылым), окулесика (сөйлеу кезіндегі көз қимылы туралы ғылым), аускультация (коммуникация кезіндегі дыбыстарды қабылдау туралы ғылым), гаптика (тактильді коммуникация туралы ғылым), гастика (тамақ пен сусындардың таңбалық және коммуникативтік қызметі туралы ғылым), ольфакция (коммуникациядағы иістің рөлі), проксемика (коммуникация кеңістігі туралы ғылым), хронемика (коммуникация уақыты), системология (коммуникация процесіндегі объектінің рөлі туралы ғылым) [2, 32]. Аталмыш паралингвистикалық құбылыстарға сөйлеу қарқыны, дауыс түрлері, интонация, күлкі, жылау, сыбырлау т.б. жатады. Ал С. Мағжан дене қимылдары, мимика, сыртқы кейіп сияқты коммуникацияның көмекші құралдары кинесиканы құрайтынын дәлелдей келе, ым-ишараттың үш түрін бөліп көрсетеді: **кинесикалық амал; просодикалық амал; такесикалық амал** [3, 14].

Зерттеу барысында байқағанымыздай, паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ыңғайлы болып есептеледі. Адамдар бір-бірімен белгілі бір дыбыстар арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінісе алады. Шетел ғалымдары бейвербалды амалдарға коммуникативті қарым-қатынаста адамның көзқарасын, сезімін, эмоциясын білдіретін маңызды құрал деп қарайды, адам мен компьютерлік жүйе арасындағы мультимодальды байланыста маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді [4, 12]. Бейвербалды амалдардың коммуникациялық қызметі туралы алғашқы пікірді айтқан тілші-ғалым Қ. Жұбанов дыбыстап сөйленген сөздің олқысы көбінесе ыммен толады. Бірінің тілін бірі білмеген, я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да ыммен ылаждап түсінуге болады [5, 148]. Тілші-ғалымдар да бейвербалды амалдардың коммуникативтік қызметі дыбыстық тілден бұрын пайда болғанын, тілі басқа халықтардың арасында қатысымдық қызметті атқаратынын айтып кетеді [6, 57; 90]. Дегенмен, әр ұлттың дара

танымы, өскен ортасы, салты мен дәстүріне байланысты кинесикалық амалдардың мағынасы да қолданылу аясы да өзгеше болып келеді. Қазақ ым-ишараттарының сөздігін жасаған Б. Момынова әлеуметтік-топтық сипаттама қарым-қатынас кезінде тілдік ұжым біртегіс, жаппай қолданатын бейвербалды құралдардың әлеуметтік, топтық сипаттары қалыптасатынын, әсіресе мұндай көрініс көбінесе кәсібибейвербалды элементтердің ортақ белгілерін анықтаумен байланысты болатынын айта келіп, сөйлеушінің ұлттық немесе аумақтық атрибуттары диалектілік бейвербалды элементтерді анықтап алуға көмектесетінін ерекше атап өтіп, осы топқа енетін бейвербалды элементтердің ұлттық ділмен байланыстылығын және олардың ұлттық ерекшелікті көрсететін топ екендігін айтады [7, 19].

Әрбір этностың бейвербалды амалдары бір-бірінен ерекшеленеді, айырмашылығы болады. Бір ұлтта белгілі бір мазмұнға ие дене қимылы басқа бір ұлтта еш нәрсені аңғартпауы мүмкін. Г. В. Колшанский әр халықта кездесетін ым-ишаралар өз алдына бөлек мағыналарымен түсіндірілетінін айта келіп, орыс халқында «бас шұлғу – мақұлдау белгісі болса, болгар ұлтында бұл кинема келіспеушілік белгісі» екендігін нақты мысалдар арқылы дәлелдейді [8, 67]. Дегенмен кейбір ым-ишараттар әртүрлі халықтың қолданысында бірдей мағынада жұмсалатын тұстары да кездеседі. Мысалы: *Тс-с, – Мойымжан сұқ саусағын ерніне басып, бұлт етіп, одан аулақтан кетті.* (Ә. Орынбаев). *Иван без всякого испуга приподнялся на кровати и увидел, что на балконе находится мужчина. И этот мужчина, прижимал палец к губам, прошептал: –Тс-с!* (Булгаков). Берілген мысалдағы сұқ саусағымен ернін басу кинемасы арқылы қазақ және орыс ұлттары үндеме, тыныш деген мағынаны білдірген. Тілдесім барысында кездесетін бейвербалды амалдар үнемі дөп түсіп жатады деп айта алмаймыз, себебі әр ұлттың дүниетанымы, мәдениеті, салты мен дәстүріне байланысты өзгешеліктер міндетті түрде болады. Аталған кинеманы М. П. Ешимов ТМД халықтарының көпшілігіне тән деп түсіндіреді [9, 91]. Кей жағдайда бір кинеманың мағынасы әртүрлі интерпретацияланады да, жекелеген ұлт өкілдерінің арасында түсінбеушілік орнатуы мүмкін. Бұл туралы Л. А. Аверкина өз еңбегінде былайша түсіндіреді: «Факт, что некоторые сигналы тела в различных культурах очень похожи, указывает на то, что они свойственны человеку от природы», – дей келе, мәдениаралық қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың сипатына талдау жасайды [10, 124]. Қазақ халқында «бас іззеу» кинемасы «келісуді, мақұлдауды» білдірсе, түріктер бұл кинема арқылы «келіспеу» ишарасын білдіреді. Яғни, әртүрлі ұлттардың танымында бейвербалды амалдар түрлі мағынада жұмсалады. Сондықтан өзге ұлт өкілдерімен коммуникативті байланысқа түскенде, бейвербалды амалдардың мағынасына, қолданылу аясына баса назар аударғаны дұрыс.

Жоғарыда келтірілген пікірлерден бейвербалды амалдарды қолдану мен олардың әр ұлттың танымына байланысты өзгешеліктерін анықтау үшін мағыналық талдау жасау аздық ететіндігін байқауға болады. Себебі бейвербалды амалдарды семантикалық аспектіде қарастыра отырып, олардың табиғатын толық түсініп, құрылымдық ерекшелігін анықтау жеткіліксіз. Бір ұлттың дүниетанымын, ұстанымын, мәдениеті мен салт-дәстүрін тану үшін бейвербалды амалдарға жүйелі талдау жасау қажет. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың мән-мағынасын терең түсіну кезінде сол бейнелі ұғым-түсініктерді көз алдымызға елестетуіміз керек. Мысалы, *қамшы тастау, иіліп сәлем салу, жүресінен отыру* кинемаларын алып қарасақ, бұлардың бәрі де ұлттық негізде пайда болған. Сондықтан да олардың мән-мағынасына терең бойлап, толық түсіну үшін қазақ халқының тарихын, тұрмысын, салт-дәстүрін жақсы білу қажет. Оларды білмейінше, аталған кинемалардың астарындағы имплицитті мағынаның кілтін ашу қиындық туғызады. Кез келген бейвербалды амалдардың мағынасын түсіну барысында коммуниканттар арасында ол туралы ұғым болуы керек. Мәселен, *қамшыны алдына тастау, кеудесіне ұстау, қолға алу, иегіне тіреу* қамшымен жерді, киізді, алашаны соққылау, т.б. сияқты кинемалар жасалады. Коммуниканттың бұл кинемаларды түсіну үшін қазақ халқының өміріндегі қамшының атқаратын рөлі туралы білімі болуы керек. Халқымыз қамшыға биліктің, ержүректіліктің, батырлықтың символы деп қараған, қастерлеген, оны төрге ілген. Ер адамдар қамшыны өзінің жанында ұстаған. А.Мырзахметқызы қазақ шаңырағының төрінде ілулі тұратын қамшыны көргенде, таспадай тіліп өтетін тілі бар, қазақтың қанына біткен қайсарлығы бар азаматтың шаңырағы екендігін түсінуге болатынын айтады [11, 1].

Ғалым Б. Момынова қамшыға қазақ қатысым мәдениетіндегі аса маңызды артефакт деп қарайды және мағыналық әрі қатысымдық негізде талдау жасайды [7, 157]. Қазақ халқында үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету бірінші орынға қойылады. Қазақ жастары еш уақытта үлкен адамның жолын кеспеген, үлкен тұрған жерде бірінші болып сөз бастамаған, отбасында ақсақалы бар адам табақтан бірінші болып тамақ алмаған – мұның бәрі де әрбір қазақ отбасында қатаң сақталған заң болған. Осыған байланысты «аттың басын оздырмау» деген сөз бар. Мысалы: *Әбілқайыр өз-өзінен ыңқылдап келе жатқан бидің ойын бөлгісі келмегендей, астындағы сылаң сұр арғымақты оздырмай, сипай қамшылап жым-жырт келеді*. Сөйлемдегі арғымақты оздырмауының себебі, ханның өзімен үзеңгілес келе жатқан қазақтың беделді биі Әйтекеге құрметі болса керек. Аттың басын оздырмау ишарат мағынасы жағынан ұқсас бірнеше кинема бар. *Аттан түсіріп алу, аттан қолтықтап түсіру* сияқты бейвербалды амалдардың қолдану аясы мен мағынасы жағынан жоғарыда сөз болған атын оздыру ишаратымен сәйкес

келеді, мағыналары құрмет, сыйластық мәнін білдіруімен тең түседі. Көзін төмен салу кинемасы ұялуды білдіретін, ұялған кейіп таныту кинесикалық амал түрі деп түсіндірілгенімен [7, 125], қазақ халқының дәстүрінде бұл да үлкенге құрмет көрсетудің белгісі, себебі жасы кіші адам үлкендерге және әйел адамдар ер адамның бетіне тіктеп қарамаған. Мысалы: *Хақназар хан кіріп келгенде, Ақторғын ұзын кірпіктерін көтермей, көзін төмен салды* (І. Есенберлин). Ал еуропалықтарда көзге тік қарамау сенімсіздіктің, тәрбиесіздіктің белгісі екені мәлім [10, 126]. Искери қарым-қатынаста көзге тік қарамау кинемасы кез келген халықтың түсінігінде сенімсіздік пен күмәндану мағынасын тудырады. Бұл ойымызды ағылшын лингвисті Адам Кендонның пікірі де нақтылай түседі [12, 23].

Қазақ халқының дәстүрінде қара жамылу кинемасы – жамандықтың белгісі, қара түс – қайғының символы. Бұл жөнінде Ы. Алтынсарин: «Өлген кісінің әйелі ерінің қайтыс болған күнінен бастап, басына қара жамылады», – дейді [13, 97]. Ел ағасынан, батырынан айырылғанда әйел адамдар шаштарын жайып жіберіп, шаштарын жұлып, қара жамылып жоқтау айтқан. Қазақтың дәстүрінде шашын жаю кинемасы тек әйелдерге ғана тән. Тілтанушылардың бір тобы осы сияқты ұлттық негіздегі бейвербалды амалдардың имплицитті мағынасын (астарлы) түсіну үшін аялық білімнің болуы заңды екенін айтқан.

Сонымен бейвербалды амалдар көп нәрседен мәлімет бере алады. Яғни, адресант пен адресатты ұлты, тіршілік ету территориясы мен жеке әлеуметтік ерекшеліктерінен, жас ерекшелігінен, тіршілік ету ортасы (қала, ауыл) жағынан танытады, дәл вербалды амалдар сияқты белгілі бір ақпаратты жеткізеді. Бейвербалды амалдар сөйлеу әрекеті кезінде адамның ішкі жан дүниесі, психикалық және эмоциялық күйінен хабар береді. М. Жұмабаев: «Адамның жан сыры дене арқылы, мимика арқылы сыртқа білінеді, ...дене де жанға байлаулы, жан көріністері денеге қатты әсер береді. Адамның көзқарасы, дауысы, аяқ басуынан жанның қандай күйде екені көрініп-ақ тұрады» [14, 23], v дегендей, «адам бойындағы түрлі психологиялық иірімдері (толқу, қуану, ашу, қору т.б. сияқты)» арқылы оның ішкі құпия-сырын тануға болады. Тілші Ж. Нұрсұлтанқызы бейвербалды амалдарды қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі деп бағалайды [15, 8]. Ал зерттеушілер Ш. Мажитаева, Е. Е. Түйте адамның психикалық жай-күйлерінің берілу тәсілін төмендегідей топтарға бөліп қарастырады:

- 1 Соматикалық белгілер арқылы;
- 2 Бет-әлпеттің түр-түсі арқылы;
- 3 Қысым немесе температура арқылы;
- 4 Секреторлық бездердің қызметі арқылы;
- 5 Дауыс ырғағы арқылы;

6 Тыныс алу арқылы;

7 Жүрек қызметі [16, 378–380].

Мысалы: *Елемес қайтадан қуанды. Көзі жайнап кетті, бетіне күлкі жүгірді. Қолын жайып, Ильяны құшақтап сүйіп-сүйіп алды. Илья қуанып тұрып бас бармағын көрсетті* (С. Ерубаяев. Менің құрдастарым, 215 б.) деген сөйлемдердегі Елеместің қуанышын оның жүзіндегі түрлі қимылдарынан байқауға болса, Ильяның «бас бармағын көрсетуі» арқылы «жарайсың», «кереметсің» деген ойларды аңғаруға болады.

Ойды дәлме-дәл беруде ым белгілі бір сөзбен айтылатын ұғымды алмастыра алады. Мысалы: *қасын керу, көзді барынша ашу, ерін шығару, ауыз ашылу* адамның таң қалғандығын білдіреді. Ал ашу-ызаны білдіруде *қабағын түю, маңдайын тыржиту, көздерін сығырайту, ерін жымқыру немесе тістеу* сияқты жестпен түсіндіріледі. Сондай-ақ, қуаныш езудің сәл жоғары көтерілумен және жұмсақ жымныспен беріле алады. Ым тек бір сөзді ғана емес, сонымен қатар тұтас бір сөз тіркесі немесе сөйлемдермен берілетін хабарды жеткізеді. Мысалы, біреуден біреу хал-жағдайын сұрағанда, екіншісі бас бармағын көрсету арқылы «жақсы» дегенді, қолын сілтеу арқылы соған керісінше «мәз емес» деген хабарды білдіре алады.

Бейвербалды амалдарды жалпыхалықтық мағынадан тыс мәнде қолдану барысында коммуниканттар арасында өзара келісім болуы қажет. Мұндай қолданыстар күнделікті қарым-қатынаста жиі кездеседі. Мысалы: *Попов маған көзін қысып қалды да, нештен қарғып кетті* (Қ. Қайсенов, 34 б.). Берілген сөйлемдегі көз қысу ишараты – мен шықтым деген мағынаны білдіреді. Жалпыхалықтық қолданыста бұл басқа мағынада жұмсалады. Адамдар өз араларындағы жасырын әрекеттерін, құпия хабарларын ым, ишара, емеурін арқылы жеткізу жиі кездесіп отыратын тәсіл. Кей жағдайда адамдардың алдын ала келісімінсіз-ақ коммуниканттар бірін-бірі толық түсінісіп жатады. Мұндай түсініс адресат пен адресанттың белгілі бір ым-ишаратты бірдей түсінгендігінен жүзеге асырылады. Бейвербалды амалдардың мағынасын саралау мақсатында студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға қатысқан 40 студенттің 35-інің жасырын хабарды бейвербалды амалдармен жеткізетіндігі анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың көбі құпия, жасырын хабарды беру кезінде «көз қысу», «қасын керу», «бас ізгеу», «саусақпен ерінді басу», қол саусақтарын әртүрлі қимылға келтіру сияқты кинемаларды қолданатындықтарын байқадық. Өкінішке орай, қазақ халқының тарихында аса маңызды рөлге ие болған «қамшыны алдына тастау» ишаратын, бүгінгі жастардың басым көпшілігі білмейтін болып шықты.

Қорытынды

Бейвербалды тілдік емес амалдар төмендегідей қарым-қатынас қызметін атақарады: Біріншіден, коммуникативтік қатынаста қосымша

ақпарат жеткізушілік, яғни сөйлеу кезінде ойды, пікірді нақтылай түсу үшін қолданылады, сөзбен тығыз байланысты бола келіп, ойға түрліше ренк береді және нақтылайды, сондай-ақ оның дұрыс қабылдануына ықпал етеді.

Екіншіден, сөйлеу кезінде вербалды компонент айтылмай, түсіріліп қалған жағдайда ақпараттың бейвербалды амалдардың мәтін ішінде қызметке кірісуімен жеткізілуі; мәселен, адамдардың бет-әлпетіне қарап-ақ психикалық, көбінесе эмоциялық жай-күйін, яғни, оның ашулы кейіпін, таңырқаулы күйін, я мазасыздық жайын айтып жеткізбей-ақ аңғара аламыз.

Үшіншіден, вербалды амалдармен тең дәрежеде әрі қатар қолданылуы барысында белгілі мағынаны нақтылаушылық қызметі; қолданылу жиілігі мен аясы белгілі бір халықтың әдеп-ғұрпын, өзіндік түрлі қырларын, оның ішінде менталитеті мен салт-дәстүр нормаларын көрсетеді.

Төртіншіден, бейвербалды амалдар халықтың танымына байланысты түрліше мағынада қабылданады: кейде бірдей мағынада, кейде әртүрлі мағынада.

Бесіншіден, бейвербалды амалдардың жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа, жекелеген адамдардың өзара келісімі бойынша жұмсалып, өз араларындағы жасырын хабарды жеткізеді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Пиз, А. Язык телодвижений. – М. : Издательство «Э», 2017. – 464 с.
- 2 Крейдлин, Г. Е. Невербальная семиотика (монография). – М. : Новое литературное обозрение, 2002. – 400с.
- 3 Мағжан, С. Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көпмағыналығы: канд. автореф. : 10.02.02. – Алматы, 2007. – 28 б.
- 4 Gong, S., Wang, Y., Mao, H. Machine learning in human-computer nonverbal communication. // NeuroManagement and Intelligent Computing Method on Multimodal Interaction. – China: Suzhou, 2019. – P. 12–22.
- 5 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581 б.
- 6 Мажитаева, Ш., Муратова, А. Передача скрытого значения при помощи знаков. Вестник РУДН, Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – М., 2013. № 4. – С. 90–97.
- 7 Момынова, Б. Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. – 288 б.
- 8 Колшанский, Г. В. Паралингвистика. – М. : КомКнига, 2010. – 96 с.
- 9 Ешимов, М. П. Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филология ғылым. канд. дисс.: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 140 б.
- 10 Аверкина, Л. А. Коммуникация – важный аспект межкультурной коммуникации. // Вестник Московского гос. лингвистического университета, 2008, № 554. – С. 123–133.

11 **Мұхаметқалиқызы, А.** Қазақ пен қамшы. // Абай-ақпарат. – Алматы, 2012, № 2. – Б. 1–4.

12 **Kendon, Adam.** Some functions of gaze-directions in social interaction. // Acta Psychologica. European journal of psychology. – Amsterdam, 1967. – P. 22–63.

13 **Алтынсарин, Ы.** Қазақ хрестоматиясы. – Алматы : Білім, 2003. – 112 б.

14 **Жұмабаев, М.** Педагогика. 3-ші бас. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 160 б.

15 **Нұрсұлтанқызы, Ж. О.** Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: канд. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 29 б.

16 **Мажитаева, Ш., Түйте, Е. Е.** Психикалық жай-күйлерді берудегі тілдік емес белгілердің қызметі. Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері. – Алматы : ҚазМемҚызПИ, 2008. – Б. 373–380.

References

1 **Piz, A.** Iazyk telo dvighenii [Language of body movements]. – Moscow : Izdatelstvo «E», 2017. – 464 p.

2 **Kreidlin, G. E.** Neverbalnaia semiotika (monografia) [Non-verbal semiotics]. – Moscow. : Novoe literatyrnoe, 2002. – 400 p.

3 **Magzhan, S.** Qazaq tilindegi beiverbaldy elementterdiñ kopmagynalygy [Polynomial of nonverbal elements in the Kazakh language]: filologia gylm. kand. avtoref. – Алматы, 2007. – 28 p.

4 **Gong, S., Wang, Y., Mao, H.** Machine learning in human-computer nonverbal communication. // NeuroManagement and Intelligent Computing Method on Multimodal Interaction. – China : Suzhou, 2019. – P. 12–22.

5 **Zhubanov, Q.** Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Алматы : Gylym, 1999. – 581 p.

6 **Mazhitayeva, Sh, Muratova, A.** Peredacha skrytogo znachenia pri pomoshi znakov [Conveying hidden meaning using signs]. Vestnik RUDN, Seria Teoria iazyka. Semiotika.Semantika. – M., 2013. № 4. – P. 90–97.

7 **Momynova, B.** Qazaq ym-isharattarynyñ tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Kazakh gestures]. – Алматы : A. Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty, 2017. – 288 p.

8 **Kolshanskii, G. V.** Paralingvistika. [Paralinguistic] – Moscow.: KomKniga, 2010. – 96 p.

9 **Eshimov, M. P.** Ym semantikasy. Universaldy zhane ulttyq tabigaty [Semantics of names: universal and National Nature]: filologia gylm.kandidaty diss.: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 140 p.

10 **Averkina, L. A.** Kommunikatsia – vazhnyi aspect mezhkulturnoi kommunikatsii. [Communication is an important aspect of cross-cultural

communication]. Vestnik Moscovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta, 2008, № 554. – P. 123–133.

11 **Mukhametqaliqzy, A.** Qazaq pen qamshy [The Kazakh and the whip]. Abai-aqparat. – Алматы, 2012, №2. – P. 1–4.

12 **Kendon, Adam.** Some functions of gaze-directions in social interaction. Acta Psychologica. European journal of psychology. – Amsterdam, 1967.

13 **Altynsarin, Y.** Qazaq khrestomatiasy [Kazakh anthology]. – Алматы: Bilim, 2003. – 112 p.

14 **Zhumabaev, M.** Pedagogika [Pedagogy]. – Алматы: Ana tili, 1992.–160 p.

15 **Nursultanqyzy, Zh. O.** Bokeev shygarmalaryndagy beiverbaldy amaldar [Nonverbal tricks in the works of O. Bokeev]. filologia gylm. kand. avtoref.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 29 p.

16 **Mazhitayeva, Sh., Tuite, E. E.** Psikhalyq zhai-kuilerdi berudegi tildik emes belgilerdiñ qyzmeti [The function of non-linguistic signs in the transmission of mental states]. – Алматы: QazMemQyzPI, 2008. – P. 373–380.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

A. H. Муратова¹, Ш. Мажитаева², У. М. Бахтикуреева³

^{1,2}Қарагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, Республика Казахстан, г. Караганда;

³Российский университет дружбы народов, Российская Федерация, г. Москва.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

СКРЫТОЕ ЗНАЧЕНИЕ, ПЕРЕДАВАЕМОЕ ПОСРЕДСТВОМ НЕВЕРБАЛЬНЫХ СРЕДСТВ

В статье авторы изучают историю исследования невербальных средств общения. Опираясь на выводы ученых-языковедов и на примере собранных из художественных произведений анализируют национальные особенности невербального общения. Также авторы представляют компаративный анализ данных средств общения в различных национальных культурах, определяют особенности невербальных языков. Проводят семантический анализ вспомогательных средств общения, используемых в зависимости от мировоззрения и культуры, истории и образа жизни каждой нации. Определяют смысл невербальных приемов, используемых в ходе общения, опираясь на результаты анкетирования студентов.

Авторы статьи на языковых фактах доказывают, что невербальные средства используются для передачи скрытого значения, существуют помимо их основного значения и дополнительные, употребляемые по взаимному согласию между отдельными лицами или членами специальной группы.

Методы и результаты исследования: В исследовании авторы используют метод анализа для объяснения скрытого, неявного смысла невербальных операций, описательный метод для объяснения значения отдельных кинетических методов у казахов и русских народов.

Ключевые слова: невербальные средства, кинесика, мимика, скрытое значение, национальное мировоззрение.

A. N. Muratova¹, Sh. Mazhitayeva², U. M. Bakhtikireeva³

^{1,2}E. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

³Russian University of Friendship of Peoples,
Moscow, Russian Federation.

Material received on 16.03.21.

HIDDEN VALUE TRANSMITTED THROUGH NON-VERBAL ACTIONS

In this article, the authors study the history of nonverbal communication tools research. Based on the conclusions of linguists and on the example of works of art, the authors analyze the national characteristics of nonverbal communication. The authors also present a comparative analysis of these means of communication in various national cultures, define the features of non-verbal languages. The authors conduct semantic analysis of auxiliary means of communication used depending on the worldview and culture, history and lifestyle of each nation, determine the meaning of non-verbal techniques used in communication, base on the results of a survey of students.

The authors of the article use language facts to prove that non-verbal means are used to convey a hidden meaning, and there are additional means besides their main meaning that are used by mutual consent between individuals or members of a special group. In the study, the authors use the method of analysis to explain the hidden, implicit meaning of non-verbal operations, the descriptive method to explain the meaning of individual kinetic methods in the Kazakh and Russian peoples.

Keywords: nonverbal means, kinesics, facial expressions, hidden meaning, national worldview.

FTAMP 16.01.09/06.81.23

<https://doi.org/10.48081/HGOV7835>

*Қ. О. Оралбекова

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

ТІЛДІК ТҰЛҒА: НЕГІЗГІ ЗЕРТТЕЛУ БАҒЫТТАРЫ

Аталмыш мақалада «тілдік тұлға» ұғымына берілген теориялық түсініктемелер жинақталып, қазақ және орыс тіл білімі ғалымдарының зерттеулеріне сараптамалар жүргізілді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда өзекті болып отырған адамның тілдік тұлғалық болмысын құрайтын, өзіндік қасиеттерін танытатын ерекшеліктер көрсетіліп, тілдік тұлғаның құрылымдық деңгейлері жайлы сөз етілді. Қазіргі білім жүйесінде күшейіп келе жатқан антропоцентризм тенденциясы зерттеушілерден өзара тығыз байланысты және өзара тәуелді екі мәселені шешуді талап етеді: бірінші, адамның тілге әсері болса; екінші, тілдің адамға, оның ойлау жүйесі мен мәдениетіне әсер ету дәрежесін анықтау. Осыған орай лингвистикалық зерттеудің қазіргі кезеңінде «тілдік тұлға» термині жайлы сұрақ туындайды.

Кілтті сөздер: тілдік тұлға, жеке тұлға, шығармашылық таным, тілдік жүйе, ұлттық тіл.

Кіріспе

Қазір тілдік білімді оқушының саналы әрекетін жетілдіретін, өмірлік керектігін ақтайтын тегеурінді тетікке айналдыру үшін сол білімнің өзегінде, біріншіден, өзіндік көзқарасы, дүниетанымы мен сенімін қалыптастыратын, екіншіден, ортаға бейімделу, жаңа мәліметтерді түсініп қабылдау, басқалармен де қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін жетілдіретін компоненттердің де қатар қамтылуына назар аударыла бастады. Сол себепті тәуелсіздік алған жылдардан бастап Қазақстанның білім жүйесін реформалауда оқушының жеке тұлғалық қабілеттері мен дағдыларын дамыту мәселесі мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында орын алып, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айқындала түсті. Елбасы көтеріп отырған «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» идеясы қазақ тілін дамытуды қоғамның барша саласында жүзеге асыра отырып, тілдің байлығын болашақ ұрпаққа игертуді көздейді. Бұл қазақ тілі пәнін оқытуда оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға басымдылық беруді талап етеді.

Материалдар мен әдістер

Еңбектің нәтижелері мектеп оқушыларын тілдік тұлға ретінде зерделеуге байланысты мәселелерді шешу үшін маңызды; әзірленген тілдік тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық жағдайлары жаңа мектеп оқу бағдарламаларын жасау кезінде оқушылардың тілдік дағды дайындығын қамтамасыз ететін гуманитарлық бейіндегі мектептер мен гимназиялардың қызметкерлеріне көмек көрсетуге мүмкіндік береді; тіл әдістемесін жоғары оқу орындарында оқытушылар қолдана алады, сондай-ақ мектепте қазақ тілі мен әдебиеті, сынып-тәрбие сағаттары, оқыту процесінде белгілі бір түзету кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Нәтижелер мен талқылау

Тілдік тұлға мәселесін А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, А. Қайдаров, Р. Сыздық, Н. Уәли, Қ. Күдерінова, Қ. Неталиева, Ш.Құрманбайұлы, Ж. Манкеева, М. Дүйсебаева, А.Жуминова, А. Насырова, Ф. Қожахметова, Г. Мұратова, Ф. Оразбаева, Ш. Құрманбаева, Н. Гайнуллина, А. Игісінова тәрізді отандық ғалымдар түрлі аспектіде зерттеген.

Тілдік тұлға мәселесі заманауи қазақ және орыс тіл білімінде келесі бағыттарда қарастырылатындығын шартты түрде атап өтейік.

1) нақты бір адамның тілін оның когнитивті (А. П. Бабушкин, Ю. Н. Караулов) және прагматикалық (И. П. Сусов, Е. А. Горло) ниеттерін ескере отырып талдау;

2) тарихи тұлғалардың тілін диахронды талдау (Б. И. Нұрдәулетова, Н. И. Гайнуллина);

3) жеке мәтіндер негізінде лингвистикалық тұлғаны модельдеу (Красильникова Е. В., Баишева З. В.).

4) шығарма кейіпкерлерінің тілдік ерекшелігін анықтау арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасын сипаттау (Т. Е. Пшенина, Ж. Б. Саткенова);

5) тілдік тұлғаның қасиеттерін оның ұлтына сәйкес қарастыру (Караулов Ю.Н., Воробьев В. В.).

6) тілдік тұлғаны қалыптастырудың дидактикалық мәселелерін зерттеу (Г.И.Богин).

Тілдік тұлға жайлы алғашқы рет В. В. Виноградовтың «Саясат тарихы туралы» зерттеуінде айтылды [1]. Ол жеке сөздік шығармашылық құрылысы әлеуметтік тілдік және идеологиялық мәтіндер, дара тұлғаға тән сөздік қорға сай өзгерген тілдік тұлғаның ерекшеліктерін атап өтеді. Виноградовтың пікірінше оны зерттеуде жеке тілдік тұлға шығармашылығын тану үшін сол тұлғаның тіліне тән тәжірибені пайдаланған жөн.

Ю. Н. Караулов «тілдік тұлға – оның тілі арқылы көрінетін психологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б. компоненттер жиынтығынан тұратын адам»

деп түсіндіреді [2, 86]. Ол өз зерттеулерінде тілдік тұлға қалыптастыру үшін керек талаптар деп:

– ана тілінде еркін, анық және жүйелі сөйлеу,

– тілдің орфографиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларына сәйкес сөзжасам,

– сөздің астарлылығы, сөздің тыңдаушы қажеттілігіне сәйкестігі және т.б. [2, 35–37].

Г. И. Богин тілдік тұлғаның қалыптасуындағы бес деңгейді анықтайды. Ол жеті жасында тілдік тұлғаны қалыптастырудың бірінші деңгейі - бұл дұрыстық деңгейі дейді. Бұл деңгей басқа деңгейлердің пайда болуына жол ашады. Екінші деңгей ішкі ойлау қабілетінің дамуын күшейтеді және осы деңгейде сөйлеуге ішкі дайындықты жүзеге асырады. Үшінші деңгей - сөздік қорын толықтыру, әр түрлі грамматикалық формаларды қалыптастыру. Төртінші деңгей мәтіннің таңдау еркіндігі мен көзқарастарының кендігін қамтамасыз етеді. Тілдік тұлғаның толықтығы, оны болашақ жүзеге асыру және мәтінге сыни көзқарас сияқты қасиеттер төртінші деңгейдің үлесі болып есептеледі. Бесінші деңгей – тілдік талғамның бірлігі [3, 70].

Қазіргі уақытта тілдік тұлғаны түсіндіруді бірнеше бағытта қарау тенденциясы байқалады:

1) тілдік тұлға болып есептелетін индивидті қалыптастырудың негізгі жүйелерін анықтау (тегі, ортасы, әдеби және лингвистикалық, ұлттық-мәдени әсері және т.б.);

2) адамның тілдік тұлғасын сипаттайтын қасиеттерді, яғни оның өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі жетілдіруі, тәрбиесі, оның лингвистикалық тәжірибесін болашақ ұрпаққа беру, білімді игеру, дағдыларды меңгеру үшін жеке жауапкершілік сезімін көрсету және білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. деңгейлерді талдау арқылы тілдің ассоциативті-вербальды, лингво-когнитивті, прагматикалық деңгейлерінің сипаттамаларынан тұратын күрделі, көп деңгейлі зерттеу объектісі ретінде қарастыру керек екендігі анықталды.

Ғалым Ж. А. Манкеева осы деңгейлердегі адамның ұлттық ерекшелігін ашудың маңыздылығы жайлы пікірінде: «аталған деңгейлердің шығармашылық танымдық мазмұны идеялық-мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан біз алдымен тілдік тұлғаны ұлттық тілдік тұлға деп түсінеміз. Тілдік тұлғаның табиғаты тұлғаның ұлттық-мәдени кезеңімен тікелей байланысты болғандықтан оның дамуы түрлі сипатта байқалады» деп көрсетті [4, 281–284].

Сондай-ақ, адамның өмірінің негізін құрайтын, оның мақсаттарын, ниеттері мен принциптерін анықтайтын шығармашылық қажеттіліктер туралы айтуға болады. Құндылықтар жүйесі адамның қоршаған әлемге,

айналадағы адамдарға деген қатынасымен, яғни адамның материалдық және рухани артықшылықтары мен мақсат-мұраттары белгілі бір әлеуметтік, мәдени және рухани байлықтарды таңдау себептері өз білімінде ғаламның бейнесін ашу арқылы анықталады. Ал оның танымының, мақсат-мүдделерінің прагматикалық әлеуеті оның тілінде көрінеді.

Тіл үйренушінің тұлға ретінде пайда болуы оның тілдік тұлғасының пайда болуымен толықтырылады. Адам тілдің табиғатын зерттей отырып, оны өзінің санасында лингвистикалық белгілердің көмегімен жинақтай береді, сөйтіп оның санасы, ойлауы, тілі дамиды. «Адамдар екінші тілді білгенде, олар жаңаша ойлауды, сезінуді, әрекет етуді үйренеді және осы тілді меңгерген екінші тұлғаға айналады. Жаңа «Мен» тілі екінші тілмен өзара әрекеттеседі, жақындай түседі, тілге деген үлкен қызығушылық танытады, мәселелерді шешуде белсенділік танытады және өзін еркін әрі жеңіл сезінеді» [5, 64]. Осыған сүйене отырып, оның миы қоршаған ортамен және өзі өмір сүретін қоғаммен байланысады. Солайша, зерттелетін тілдің табиғи-әлеуметтік сипаттамалары тілдік тұлғаның санасын қалыптастыра бастайды.

Тілдік тұлғаны тану кезінде Ю. Н. Караулов жеке интеллектуалдық меншікті ескеруді ұсынады және тілдік тұлғаның бірінші деңгейіне сәйкес тілдік норманың бір бөлігін «нөлдік деңгей» деп атады. Бұл деңгей тілдік жүйенің сөз тіркестері мен сөйлемдерінің дұрыс құрылған үлгісінен тұратын қарапайым вербалды-семантикалық (семантикалық-дәйекті, инвариантты) сөйлеу шеберлігінің дәрежесін көрсетеді. Вербалдық-семантикалық деңгейде сөздер негізгі бірліктер ретінде қарастырылып, олардың арасындағы байланыс әр түрлі грамматикалық, парадигмалық және синтаксистік байланыстарда, стереотиптері - бірегей сөз тіркестері мен сөйлемдерде көрінеді. Бұл деңгей тілдік жүйеде жүзеге асырылады. Онда адам жалпы тілдің ерекшеліктерін зерттейді. Қазіргі тіл білімінде біз мұны тіл туралы аялық білім (фоновое знание языка) деп түсіндіреміз. «Кез келген айтылымның мән-мағынасын түсіну үшін сөйлеуші мен тыңдаушыда халықтың өткен тарихынан, рухани дүниесінен хабардар аялық білім негізі болу керек. Аялық білім – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі арқылы қалыптасқан ұғым-түсінігі. Тілді меңгеру арқылы мемлекеттік қызметшінің санасында қалыптасатын аялық білім танымдық қызметпен, яғни, оның ойлау жүйесімен тікелей байланысты. Сол себепті осы деңгейде тіл үйренушінің санасында танымдық қызмет арқылы қазақ тілі туралы жаңа таным, жаңа ұғымдар қалыптасады. Мемлекеттік қызметшінің сөйлесім әрекетінде кездескен тілдік бірліктердің құрылымдық, салғастырмалы, қолданбалы қасиеттерін, жалпы беретін мағынасын түсінуі оның осы нөлдік деңгейін анықтайтын өлшем болмақ» [6, 56].

Тілдік тұлғаның талдауы әр түрлі деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін: күнделікті тілді білу деңгейін көрсететін құрылымдық-лингвистикалық

дәрежесіне көтеріп, антикалық құдайларды Адам қатарына қосқанын мысалға келтіреді. Ғалым Абай шығармашылығының ренессанстық сипаты оның антропоцентризмінде деп көрсетеді: «Абай үшін дүниенің басты өлшемі – Адам, оның ісі мен ойы, жаны мен санасы, сөзі мен сезімі. Абай поэзиясының Ренессанстық сипаты да осында деп білеміз» [6, 63]. Шетел ғалымдары да Абай шығармашылығының ренессанстық табиғатын растайды. Мысалы, Е. Тюгашев Абай философиясын зерттей келе, оның ренессанстық сипатқа ие екенін көрсетеді: «Возрожденческий антропоцентризм, будучи завоеванием тысячелетней истории философской мысли Европы, для Абая уже предзадан в качестве естественной установки, органичной для жизненного мира казахов» [7]. Яғни, Абай философиясына Ренессанстық антропоцентризм тән. Осыдан қазақ халқында ренессанс дәуірі ұлттық сипатта болғанын және оның Абай шығармашылығымен байланысты екенін білеміз.

Антропоцентризм, яки адам тұлғасын абсолюттендіруден басқа ренессанс дәуірінің тағы бірнеше белгілері бар. Олар: Ренессанс мәдениеті қайраткерлерінің энциклопедиялық білімділігі; титандық тұлғаға деген қызығушылық; аты аңызға айналған тарихи, ертегі образдарына, өмірдің көркем-психологиялық образына негізделген, ортағасырлық мәдениетпен салыстырғанда тереңірек ерекше реализм және т.б. Абайдың типологиялық қаһармандары ерекше және елкезбе, мінез байқағыш, әшекерелеуші түрінде кездеседі. Масғұт пен Ескендір – осындай жаһанкездер. «Қара сөздерінде» антикалық философтар сияқты кезбе ретінде Абайдың өзі көрінеді. Ақын классикалық шығыс әдебиетінің дәстүрлеріне сүйене отырып, өзінің «Масғұт» және «Ескендір» поэмаларын «дастан - сафарнаме» саяхат жанрында жазды. Мұнда да басты кейіпкер оғаш әрі кезбе болғанымен, Абай жанрдың дәстүрін одан әрі дамытып, тереңдете отырып, елдер мен салт-дәстүрлерді суреттеуден гөрі философиялық, ағартушылық жалпылауға көп мән берді.

Нәтижелер мен пікірталас

Абайдың ренессанстық белгілерінің бірі – білімге деген құштарлық, зайырлы ағартуға, ғылымға шақыру, әлемді тануға және басқа да мәдениеттерді меңгеруге ұмтылу. Қазақстан үшін XIX ғасыр – ағарту ғасыры. Ағартушылық идея Абай шығармашылығы үшін маңызды мәнге ие болды. «Атымды Адам қойған соң қайтіп надан болайын?» – деп, Абай адамның бұл ғаламда ерекше екенін, және оны ерекшелейтін білім екенін айтады. Ағартушылық идеялары романтизм ұстанымдарымен, ақыл-парасатпен ұштасады. Мұндай үндестік ерекше стильді, шындықты бейнелеудің өзіндік әдісін, шығармашылықтың ерекше динамикасын туындатады, бұл Абай, Пушкин, Гете сияқты жазушыларды ерекшелейді.

Этникалық топтар, олардың мәдениеттері асинхронды түрде дамитыны анық. XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында өркениеттік дамуының

көшпелі ерекше түрі қазақ халқын өзіндік мәдени «ақиқат сәтіне», ұлттық қайта өрлеу және ағарту дәуірлерінің қосылған кезеңіне, көптеген елдер басынан өткен романтизм мен сыни реализмнің бағыттарына өкелді. Әдетте мұндай кезеңде бір ақынның шығармашылығында аталмыш қасиеттер шоғырланады да, кейіннен бұл ақынды халық өзінің ұлттық ақыны, ұлт бастаушысы ретінде таниды. Ресейде – Пушкин, Англияда – Байрон, Францияда – Гюго, Үндістанда – Тагор, Германияда – Гете, Жапонияда – Басе, Венгрияда – Петефи, Украинада – Шевченко, ал Қазақстанда Абай Құнанбаев осындай тұлға болған. Олардың барлығы – маргиналды (яғни энциклопедиялық білімді, ең кемі екі мәдениеттің жетістіктерін синтездейтін) тұлғалар, өткен мәдени дәуірлердің, әдеби бағыттардың, стильдердің артықшылықтарын өз шығармашылығының бойына сіңірген адамдар. Сондықтан оларды бір дәуір немесе бір бағыт шеңберінде қарастыру қиын. XIX ғасырдың басында қазақ даласында болашаққа жол сала отырып, Абайдың қайғылы маргиналды фигурасы тұр. Абайды ұлы ететін – Қайта өрлеу мен ағарту дәуірінің типологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ романтизм мен сыни реализм әдебиеттерінің ерекшеліктерін шоғырландырған шығармашылығы. Абайдың трагедиясы – заманын озған гений болғандықтан өз замандастарына түсініксіз болғанында. Ол өз халқын адамзат дамуының магистральды жолына шығаруға тырысты, оны әлемдік мәдениетке, жалпы адамзаттық өркениетке баулыды.

Абайды Ренессанс ақындарымен жақындастыратын белгілер қатарына энциклопедиялық білімділікті, өз халқының ғана емес, бүкіл Орта Азия, Шығыс фольклорын, ежелгі әдеби дәстүрлерін жандандыруға деген ұмтылысын, сондай-ақ сауатсыз шенеуіктер мен молдаларға ашық наразылығын білдіруін жатқызуға болады. Абай өз заманының әдебиеті мен классикалық әдебиетпен таныс болды, аударма ісін жетік меңгерді. Шындықтың көркемдік-психологиялық бейнесінің тереңдігі Абайды ағартушы жазушылармен байланыстырады. Бұл ақынның көптеген өлеңдерінің сатиралық және дидактикалық сипатынан көрінеді; надандықпен ақылдың күресуінің ағартушы идеясын бекітуде; азаматтықта; қоғамдық қызметі мен міндетіне байланысты адамның бейнесінде; әдебиетті демократияландыру бағытында; шындыққа сатиралық көзқарастың айқын белгілері бар. Бұл әсіресе Абайдың қара сөздеріне тән.

Сонымен, Абайдың синтетикалық шығармашылығының Ренессанстың типологиялық белгілері ағартушылық және сыни реализмнің сипаттамаларына парадоксальды түрде сәйкес келеді. Абай көп үлес қосқан Орталық Азиядағы ағартушылық кезеңді әлемдік мәдениеттің даму кезеңі ретінде қарастыратын болсақ, ол Еуропаға қарағанда кешеуілдегенімен, одан әлдеқайда шоғырланған әрі жылдам дамыған. Абай заттардың таныс келбеті мен

олардың шын мәнісі арасында, адам мен қоғам арасында, ұлттық бостандық пен ұлттық мәдениеттің әлемдік мәдениетке интеграциялану арасында үлкен алшақтың барын өте жақсы білді.

Абайдың тұлғалық маргиналдығы оның билеуші тап өкілінің тумасы ретінде әлеуметтік мәртебесіне байланысты болды. Абайдың өмірі мен шығармашылығындағы көптеген қайғылы коллизиялардың себебі – бай-феодалдық жоғарғы таптардың идеологиясын қабылдамағаны, осыдан барып билеуші топтар мен жас қазақ зиялылары арасында болғандығында. Сондықтан оның поэзиясына ерекше еркіндікке, тыныштыққа толы табиғат тән. Бұл Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі мен 90-жылдардағы лирикасында айқын аңғарылады. Абай лирикалық поэзиясында өз замандастарының ұятсыз әрекеттерін әшкерелейді, айыптайды. Бірақ қоғам ақынды түсінбейді және қабылдамайды. Бұл еңбегінің әурелігі өмір мәніндегі сенімсіздікке өкеледі:

Қайратым мәлім, –
Келмейді әлім,
Мақсат – алыс, өмір – шақ.
Өткен соң, базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қожак?!
Кеш деп қайтар жол емес,
Жол азығым мал емес, – деп жазады Абай.

Абай шығармашылығы – элитарлы. Ол өзінің жаңашылдық болмысынан дала поэзиясының әдеттегі идеяларынан асып түсті. Ескі дәстүрлерді, формаларды, жанрларды бұзып, жаңаларын бекіту арқылы Абай лирикалық шығармалардың жаңа түрлерін, қазақ әдебиетінің жаңа қабаты – философиялық дидактикалық прозаны, жаңа ырғақтарды, өлшемдерді, жаңа тақырыптарды, жанрлық формаларды қалыптастырды. Абайдың маргиналды поэзиясының элитарлығы шығармалардың бейнелік құрылымын күрделі көркемдік шифрлау арқылы да дәлелденеді. Мысалы, «Масғұт» поэмасын «Мың бір түн» араб ертегілерінің және И. Тургеневтің «Шығыс аңыздары» контекстін ескере отырып оқу керек. Алайда, Абай Тургенев нұсқасындағы астарлы әңгімеге жаңа мән беріп, қайта өңдегені соншалық, Масғұт Абайдың негізгі идеялары мен көзқарастарын уағыздайды, ол қазақтың Гамлеті немесе Чатскиы болды. Дегенмен, поэманың образдары мен идеяларын басқаша интерпретациялауға болатыны да хақ.

Қорытынды

Абайдың кейінгі лирикасының ауыр барокко мотивтері оптимистік ұлттық-ағартушылық идеалдармен, ал ағартушылық және сыни реализмнің азаматтық позициясы Монтескьенің «Парсы хаттарымен», Салтыков-Щедрин ертегілерімен, сондай-ақ шығыс романтизмінің өзіндік тақырыбымен

үндесетінін байқауға болады. Абайдың «Ғақлия» еңбегінің Ларошфуконың «Максималарымен», Гетенің «Максималар және рефлексияларымен» үндестігі бар. Бұл үрдіс, негізінен, шығармашылығы адам мен ұлт арасындағы жаңа қатынасты көрсететін ақындарға ғана тән. Әдебиет пен этномәдениет тоғысындағы маргиналды Абайдың артықшылығы – ол ұлттық әдебиеттің әлсіз жақтары мен кемшіліктерін көріп, оларды жамап, әлемдегі әр ұлттық әдебиеттің жетістіктері мен артықшылықтарын тиімді пайдалана білді. Ал ақындардан кейін халық өмірінің энциклопедиясын толықтырай түсетін, ақын әлемін бүкіл әлемге ашатын прозаиктердің болатынын М. Әуезовтің шығармашылығы арқылы айқын көре аламыз.

Абайдың шығармашылығында ренессанстық әдебиет пен мәдениеттің барлық негізгі белгілері бар. Абай халық шығармашылығы мен әдебиеттің еуропалық және бүкіл әлемдік бағыттарын біріктіре отырып, өз шығармашылығымен бірге қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерді. Шындықтың көркемдік-психологиялық образ деңгейі Абайды ренессанстық мәдениет деңгейіне көтереді. Қазақстандағы бұл әлемдік мәдениеттің даму кезеңі Абай шығармашылығы арқасында танылады. Оның гуманистік, ағартушылық идеалдары тіпті оның пессимистік шығармаларында да кездесуі Абайдың шығармашылығында өмірді қабылдау трагедиясы мен оптимизмін ұштастырғанын аңғартады. Абай шығармашылығының ренессанстық сипаты антропоцентризм, гуманизм, ағартушылық сипаттары арқылы көрініс тапты. Абай поэзиясының кілті қазақ халқына әлемдік мәдениеттің есігін ашты. Сондықтан біз Абайды ренессанстық тұлға, ал оның шығармашылығын ренессанстық сипатқа ие деп айта аламыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Өнер: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Қ. Болатбаев, Е. Қосбармақов, А. Еркебай. – Алматы : «Мектеп» баспасы, 2007.

2 **Лихачев, Д. С.** Русская литература // История мировой литературы. М., 1987.

3 **Есім, Ғ.** Казахский ренессанс. «Nomad кочевник» интернет порталы, 07.04.2011 ж. [Электронды ресурс]. – <https://nomad.su/?a=3-201104070031>.

4 **Есім, Ғ.** Нравственное возрождение как наследие Абая. «Казахстанская правда» газеті, 05.05.2017 ж. [Электронды ресурс]. – <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/nravstvennoe-vozhrozhdenie-kak-nasledie-abaya>.

5 **Ердембеков, Б. А.** Әріп ақын. Алматы. 2001. – 192 б.

6 **Қасқабасов, С. Қ.** Алтын жылға. Зерттеулер мен мақалалары. – Алматы : «Жібек жолы», 2013. – 520 б.

7 Тугашев, Е.А. Этнофилософия Абая: социально-философский контекст интерпретации. Институт Абая, 02.05.2013 г. [Электронды ресурс]. – <http://abai.kaznu.kz/rus/?p=301>.

References

1 Өнер: Jalpy bilim беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Q. Bolatbaev, E. Qosbarmaqov, A. Erkebai. [Art: study for the 11th grade of the natural-mathematical direction of the general education school / K. Bolatbayev, E. Kokbarmakov, A. Yerkebay] – Almaty : «Mektep» баспасы, 2007.

2 **Lixachev, D. C.** Rycckaia literatyra // İctoria mirovoi literatyry. [Likhachev, D. C. Russian literature // History of world literature] М., 1987.

3 **Есім, Ғ.** Kazaxcki reneccanc. «Nomad kochevnik» [Yesim, G. Kazakhstan Renaissance. «Nomad nomad»] internet portaly, 07.04.2011 j. [Elektrondy resurs]. – <https://nomad.su/?a=3-201104070031>.

4 **Есім, Ғ.** Hravctvennoe vozrojdenie kak nacledie Abaia. [Yesim, G. Moral revival as a legacy of Abai] «Kazaxctanckaia pravda» gazetі, 05.05.2017 j. [Elektrondy resurs]. – <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/nravstvennoe-vozhrozhdenie-kak-nasledie-abaya>.

5 **Erdembekov, B. A.** Ärip aqyn. [Erdembekov, B. A. Arip is a poet] Almaty. 2001. – 192 p.

6 **Qacqabacov, C. Q.** Altyn jylğa. Zertteyler men maqalalary. [Kaskabasov, S. K. Golden hollow. Researches and articles] – Almaty : «Jibek joly», 2013. – 520 b.

7 **Tügäşev, E. A.** Etnofilocofia Abaia: cosialno-filocofcki kontekct interpretasii. [Tugashev, E. A. Ethnophilology of Abaya: socio-philosophical context of interpretation] İncitity Abaia, 02.05.2013 g. [Elektrondy resurs]. – <http://abai.kaznu.kz/rus/?p=301>.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

С. Ө. Сабыр, Г. К. Кажыбаева

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова,
Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

О РЕНЕССАНСНОМ ХАРАКТЕРЕ ТВОРЧЕСТВА АБАЯ

Эпоха Абая, его значение в развитии казахской государственности, историческая, социальная, культурная мысль поэта, влияние мыслителя на общественную, научно-интеллектуальную среду своего времени, его место в литературном контексте современного мира – актуальные проблемы, которые должны быть осмыслены в настоящее время. Талант Абая, как и у гуманистов Ренессанса, многогранен, он – поэт и мыслитель. В творчестве Абая есть все основные признаки ренессансной литературы и культуры. В этой связи в данной статье рассматривается ренессансный характер творчества Абая. Также речь идет о гармонии Абая с творчеством представителей Западного Ренессанса.

Ключевые слова: Абай, Ренессанс, ренессансная личность, ренессансный характер.

S. O. Sabyr, G. K. Kazhibayeva
Sh. Ualikhanov Kokshetau University,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau.
Material received on 16.03.21.

ABOUT THE RENAISSANCE CHARACTER OF ABAY'S WORK

The era of Abay, its significance in the development of the Kazakh state, the historical, social, cultural thought of the poet, the influence of the thinker on the social, scientific and intellectual environment of his time, his place in the literary context of the modern world – topical issues that must be understood at the present time. Abay's talent, like that of the Renaissance humanists, is multifaceted, he is a poet and thinker. Abay's work has all the main features of Renaissance literature and culture. In this regard, this article examines the Renaissance character of Abay's work. We are also talking about the harmony of Abay with the creativity of representatives of the Western Renaissance.

Keywords: Abay, renaissance, resurrection, renaissance person, renaissance character.

ҒТАМР 16.01.11

<https://doi.org/10.48081/NMYW6079>

***А. К. Сулейменова, М. Сахаба**

Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНАЛАР ПОРТРЕТІ

Бұл мақалада Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы аналар бейнесі толық ашылған. Ғабит Мүсірепов өз туындыларының басым бөлігін аналар тақырыбына арнаған, сондықтан да жазушы шығармаларында аналар портреті кеңінен танылады. Академик З. Ахметов жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер туралы былай деген: «Ғ. Мүсірепов мүсіндеген әрбір кейіпкердің бейнесінен біз тұтас бір өмір шындығын көргендей күй кешеміз. Оның кейіпкерлері – негізінен, еңбек адамдары... ардақты ана бейнесі де Ғабен шығармаларынан орын алған». Ана тақырыбын кемеліне келтіріп, орыстың ұлы жазушысы А. М. Горькийдің дәстүрін қазақ әдебиетінде жалғастырып, шеберлікпен сомдаған. Ол М. Горькийден «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ана кесімі айнымайды» деген шығармаларын аударып, өзі де «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» атты әңгімелерін жазады. Қазақ әйелінің отбасының ұйтқысы, ошағының жылуы, үйінің сәнін кіргізіп, ұрпақ жалғаушы нәзік жандар екенін шығармаларында дәлелдейді. Ұлтан, Ақлима, Назыкеш сияқты тұлғалар арқылы жазушы аналар, арулар өмірін суреттеді. Мысалы: Ұлтан бейнесі – күшті, ақылды, қалың қауымның қамын көздеген ел қорғаны, ел анасы. Оның дүйім жұртты өз аузына қаратып, бағындыра білуі, ақылдылығын айшықтай түседі.

Кілтті сөздер: образ, портрет, репрезентатив, денотатив, меморатив, когнитив.

Кіріспе

Образдың жасалу жолдары сан алуан. Бірақ солардың ішіндегі ең негізгілері: портрет, мінездеу, адамның күйініш-сүйініштерін суреттеу, қатысушылардың сөздері және жанама мінездеу. Бұлар бір-бірімен нық байланысты. Шығармалардың құрылысында бірі ол жерде, бірі бұл жерде келсе де, жиынтығында кейіпкерлердің бейнесін айқындап, оларды ерекше көзге түсерлік образ-тип дерлік дәрежеге жеткізу жұмыстарын атқарады [1, 58 б.].

Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу. Жазушы негізгі қаһармандардың келбетін, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп, әсерлі бейнелеуге мән береді [2, 282 б.].

Ғалым З. Қабдолов: «Оқырман өзі оқыған белгілі бір көркем шығармадағы геройлардың мінезін біліп, сөзін ести тұра сырт пішінін, кескін-кейпін де көргісі келеді. Портрет тәсілі осыдан туған», – дейді [3, 117 б.].

Ғалым Ә. Нарынбетов жазушы Ғ. Мүсірепов туралы өзінің «Шебер мүсінші» мақаласында былай дейді: «Жалпы суреткердің өзіндік даралығы болу үшін оның идеялық позициясы биік болумен қатар, ол дарынды болуы да басты шарт. Оның үстіне қаламгердің өзіне дейінгі әдебиет классиктерінің тәжірибесіне де мықтап арқа сүйеу ауадай қажет. Осы қасиеттердің бәрі бір бойынан түгел табылатын Ғабит Мүсірепов - қандай шығарма жазса да, оны әдебиеттің саф алтындай мінсіз, мәңгі туындысына айналдыратын аса сирек таланттардың бірі. Ол тарихи өткен өмірді де, қазіргі халық тіршілігін де мейлінше мұқият та қапысыз зерттей отырып, адам психологиясының, мінезінің құпия тереңдеріне үңіле білетін, сол арқылы шығармадағы адам образының шынайы қалыпта сомдалуына дарын күшін сарқа жұмсайтын, әрі ізденімпаз, әрі аса еңбекқор майталман шеберлердің алдыңғы сапынан табылумен болды. Сондықтан да оның қай-қай шығармасында да, мейлі ұнамды, мейлі ұнамсыз болсын, арғы-бергі қоғам өкілдерінің зергерлікпен жасалған алуан сипатты тұлғалары бар. Сол сомдалған адам бейнелері арқылы жазушы суреттеліп отырған кезеңнің, дәуірдің, қоғамның шындығын да оқушы зердесіне терең ұялата білді. Сондықтан Ғабит Мүсірепов шығармаларының өмірі танытушылық күші, идеялық, эстетикалық әсері ешқашан бір бәсеңдеп көрген емес».

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалының көлемі мен сипаттамасына сәйкес лингвистикалық, лингвомәдени және әлеуметтік-лингвистикалық әдістер мен тәсілдер кешені пайдаланылды. Зерттеудің негізгі әдісіне негізгі материалды меңгеру, жалпылау, интерпретация мен топтастыру тәсілдері енетін сипаттау әдісі айналды.

Қазақ прозасының әр түрлі даму кезеңдеріне лексикалық бірліктердің қызметіне салыстырмалы талдау, сонымен қатар қазақ және басқа да түркі тілдері лексикасына типологиялық сипаттама жасауда салғастырмалы әдіс қолданылды.

Әр түрлі уақыт кезеңдерінде жазушының тіл шеберлігі құрамы мен құрылымдарының өзгерісін анықтау, прозалық лексикаға генетикалық меншіктікті айқындау барысында салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Осы аналарымыздың портретін салудағы жазушының «Ашынған на» шығармасынан үзінді ана портретіне тоқталайық:

«Жағы суалған. Бет-аузы айғыздап тілген әжім мандайы мен екі көзінің құйрығында түйісіп жұлдызданып тұр. Ағарған әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі екенін ешкім аңғарған жоқ. Жарылған еріндерін тас жұмып алып, үй иесіне от шашқан қара көзін қадады да, жауап күтті. Жырым-жырым жеңінен білегіне дейін көрінген қайыстай қап-қара қолын көсеу ме дерсің. Мүйіздей қара саусағының біріндегі күміс сақина өзгеше жарқырып көзге ұрады» («Ашынған ана», 26 б.) – жазушы бұл жолдардан арып-ашқан ананың аянышты халін көрсетеді. Бірақ еш шарасыз ананың батылдығы бірден-ақ байқатып тұрған «от шашқан қара көзін қадады» деген жолдарынан анық көрінеді. Оның от шашқан қара көзінен, туған еліне, жеріне жетіп, баласымен қауышуға деген үміт оты өшпегені анық көрінеді. Ананың азып-тозған түрінен жазушы оның өткен өмірінен де мағлұмат бере кетеді. «Мүйіздей қара саусағының біріндегі күміс сақина өзгеше жарқырып көзге ұрады» деген жолдардан біз ананың өткен өмірінің ел қатарлы өткенін, адам сияқты өмір сүргенін қолындағы күміс сақинасына қарап аңғарамыз.

Жазушы қаһарманның портретін кейде кең түрде бір жерде тоқтап суреттейді. Кейде қаһарманның амалын, басында болған күйінішін-сүйінішін жазып отырып біртіндеп, портреттің әр бөлшегін әр жерде көрсету әдісімен жасайды [1, 58 б.]. «Бишараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара. Ерні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті», - деген жолдарда ананың мүсепір халін суреттеумен қатар, бойындағы қайсарлықты да танытады. Өмірі жеңіліп көрмеген Жалпақ батырдың өзін ешқандай қарусыз-ақ от жанған көздерімен батырдың айтқанынан қайтарды. Бауыр егі баласын қорғап қалуға қай ана болсын солай жасар еді. Суреткер өз туындыларында ана бейнесі, яғни қазақ қызының барлық асыл қасиеттерін ашып кеңінен көрсетеді. «Екі көз бір-бір қадалысып, екі от бір-бір шарпысып қарғанда, ана кірпігінің бір талы да селт еткен жоқ» («Ашынған ана», 38 б.) – деген жолдардан жазушының қазақ қызына ешкім айбат шеге алмайтынын, қатыгез қарақшыға қарсы шығатын күшін суреттейді. Қазақ әйелі небір қиыншылықтарды басынан өткізіп, өрімдей жасында малға да сатылып, күн де болып өмір сүрді. Бірақ өр мінезді аналарымыз оның бәріне қажырлықпен күресе білді. Шебер жазушы мұны да естен шығармай ана портретін суреттегенде де көрсете кеткен:

...Бір уақытта селк етіп көзімді ашып кеп қалғанымда, көзіме үймелеген қара шыбын ду ете түсті. Көзім жыбыр-жыбыр етіп ашқызбайды. Көзімнен басқа жерім қорғасынмен құйып тастағандай, тұрайын десем, денемде өзіме бағынатын бір мүше қалмапты, бәрі бөтен. Қолымды көтеріп денемді барлайын десем, қолым тырп етпейді. Аяғымды қозғайын десем, аяғым өзімдікі емес... («Ашынған ана», 30 б.) деп жазушы ананың аянышты халін

күйінішін-сүйінішін қиналғанын аша суреттейді. Соққыға жығылған ана бірақ еш өкінбейтіні сезіледі. Ана арқасында қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр... Арашаға жарай алмаған ауыл ұятына тұншыққандай тым-тырыс. Тек отыз өрім қамшы ғана әйел арқасында жыландай ысылдайды. («Ананың арашасы», 38 б.) немесе Қара көк жапырақты ақ көйлек қызылға айналып, арқа жағы тілім-тілім болып кетті. Қанға бойалған қамшы ана денесінің ашылған жерлерін иіскеп табатындай жанға батар жеріне дәл-дәл тиеді. Қамшы сарт етіп қалғанда ана көзінен от ұшқыны да жалт етіп қалады. Сіресіп қалғандай табан аудармай, кек кернеген ана тұр да, мың сұрауынан бір жауап ала алмай ызаға булығып Антонов тұр. Ана тістері тіл қақпасын тас бекітіп тастапты, қарысып қалған жақтары тісті-тіске айқастыра түседі. (Ананың арашасы, 39 б.) Жазушы шығармадағы кейіпкердің шыдамдылығын ана әрқашан да сенімділіктің, әділдіктің төресі екенін көрсетеді. Суреткер өз шығармаларында ананың бар қасиеттерін аша көрсетіп, кейіпкердің іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, көңіл-күйі арқылы керемет портретті тудырып дүниеге әкеледі. Шығармаларындағы аналар портретінің ерекше ашылғандығы соншалық, адамның ішкі жан дүниесін портрет жасауда ерекше қолданған. Ананың баласын аман сақтап қалу жауға ештеңе айппауы ананың бала үшін барын беретінін көрсетіп тұр.

Ел басына күн туған кездегі шарасыз ананың бейнесін сомдаған «Ер ана» шығармасынан үзінді алайық, ананың іс-әрекеті, ана баласын жанұшыра қорғауы жазушы ананың баласы үшін мұндай қатерге барып отырғанын көрсетеді. Көрінген бұтаны бойтаса жасап, қалаға қарай жалғыз әйел келе жатыр. Түп ізі – қалың орман, меңзегені осы қала сияқты. Жауған оқты елемей, өлім қаупін ескермей келе жатқан ана еді ол. Өмір үшін сынға түссе, ана жүгегі бүлк еткен бе! Әйел бұршақтай бораған оқ астына қарай кіріп келе жатыр. Бұл – аңраған ана Наталья еді (Ер ана, 42-б.) Қай ана болсын бауыр еті баласы үшін қандай қауіп болса да көнеді, шыдайды. Ол ананың өз баласына деген махаббаты, баласын қандай жағдайдан болса алып шығатын ер ананың іс-әрекеті.

– Орнынан жаңылған екем. Қайтадан оңдап жіберейін деп, – Наталья мектепке қарай бұрылғанда, бір ғана гүрс етіп, мектеп үйі аспанға ұшты. Ұшқан бөренелер, қара бұйраланған от жалыны мектеп айналасын түгел жауып кетті. Баласын баурына қыса түсіп, ер ана да қара түнге сүңгіп кеткендей жоқ болды... (Ер ана, 47 б.) – бұл Наталья ананың ерлігі жайындағы үзінді Ер ана тек қана баласы үшін ғана емес елін талқандаған Фашистердің көзін құртып еліне деген сүйіспеншілігін дәлелдейді. Қатыгез, қайырымсыз фашистердің ойранын шығарған ер ана көздеген мақсатына жетті. Сол арқылы біз Наталья ананың портретінің ерекшелігін байқаймыз. Ер аналарымыз өз баласының арқа сүйер тіреуі, қолдап-жебеушісі, алыс кетсе алаңдаушысы жанашыр адал досы саналады: «Хатты тұра келіп оқи

бастаған Нұриланың тізелері бүгіліп құлайберді де, қабырғаға сүйеніп барып әрең оңалды. Ақлимада сүйемел боларлық та жай жоқ еді. Жаралы жүректер ұйып қана, төмен тартып бара жатыр. Әлдене алқымға тығылып, жұтындырмайды да (Ақлима, 48 б.) – суреткердің портрет салудағы ананың баласының бір нәрсеге ұшырап қалды ма деген жан ұшырған кейіпін жазушы ана халінің тым төмен екенін көрсетеді. Ана әрқашан баласының амандығын тілейтінін жеткізеді.

Ғ. Мүсірепов шығармаларының халық өмірінің шынайы сипатын танытатын көлемді көрнекті туындыларының бірі – «Ұлпан» романы. Ғалым Ә. Нарынбетовтың айтуынша: «Романдағы Ұлпан бейнесін суреттеуге Ғ. Мүсірепов бүкіл өмір бойы іштей дайындалып, көп ізденіп, толғанғаны байқалады» – дейді. Демек, Ұлпан бейнесінің ерекшелігі де осында. Ұлпанның сұлулығы, бүкіл болысты өз аузына қарата білуі, терең мінезі, зеректігі, жанашылдығы барлығы-барлығы дерлік жаңа портрет. Өз ұнатқан адамына қосылып, ақылының арқасында бір болысты билеуі Ұлпанның жаңашыл бейне екені қазақ қыздарын жаңа қырынан көрсетті. Шай кұйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Сұлулығын да, балғындығын да паш етпей тежеп ұстайтын қыз болуы керек. Әлде сұңғыла қыз жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратынын біле ме екен?... Уысың толар жуан бұрымының астынан мойны ағараңдайды. Үлбіреген ақ саусақ емес, әрі іске үйреніскен қолдары сенімді де оңтайлы қимылдайды (Ұлпан, 38 б.) Жазушы бұл жолдардан өз туындысындағы бас кейіпкердің портретін қалыптастырудағы және кейіпкердің бейнесінің оның сұлулығын айқындайтын тәсілді ерекше қолданған. Ұлпанның сөзсіз сұлу екенін оқырман оның портретін көз алдына елестете отырып-ақ есте сақтап қалады. Жазушы өз кейіпкерінің бейнесін осылай қалыптастыра бастайды. Ұлпан өзінің әкесіндей адамның ұнатқанына тандана-таңырқай қарайды. Не күлерін, не жыларын білмей дал болған Ұлпан байнесіне тоқталайық: «Ұлпан бір түсініксіз күлкімен күле бастады. Тоқтай алмай күлді. Қуаныш күлкісі, ойын-қалжың күлкісі бұлай болмайды. Бұлай күлгенінен де жылағаны жақсы болар еді. Жынданып кеткендей атынан ауып, ар жағына қарай құлап барады» (Ұлпан, 62 б.) – дейді. Ұлпанның өз әкесіндей адамның қармағына түсіп қалам ба деген күдігінің расталғанына қатты күйінегенін байқаймыз. Ұлпанның бұл жағдайда не дерін айта алмай қалғанын айқын көреміз. Шай ішіліп болған соң самаурды орнына қойды да, Ұлпан шығып кетті. Үй іші ажарынан айырылып, сұрғылт тартып, жүзеп қалды. (Ұлпан, 39 б.) Ұлпан бойынан қазақ қызының ыспайылығын көрсетіп, Ұлпанның алақанына өмір бойы жусаң да кетпес бір майлы жылбысқы жабысқандай болды. Сол жабысқақ қыз алақанының есінде әлі бар, Ұлпан әлі жиркенеді (Ұлпан, 42 б.) – деп жазушы өз кейіпкері Ұлпанның

қызды қалың малға сатуға мүлде қарсы екенін көрсетсе, жылбысқыша жабысқан атастырылған күйеуін мүлде ұнатпайтынын суреттейді. Ұлпанды жаңашыл тұлға екенін де дәлелдейді. Далада өскен қазақ қызына жылдың төрт мезгілі ғана, әр күннің өзіндеәлденеше мезгіл бар. Бәрінің де өз қызықтырары бар. Бір жұмадай атқа мініп далаға шықпаған қыз, даласын сағынып қалыпты. (Ұлпан, 56 б.) автор өз кейіпкерінің портретін ашу үшін өте көп зеріттегені бірден аңғарылып тұр. Ұлпанның ат құлағында айнайтынын және оның үнемі ат үстінде жүретінін жазушы ана портретін салуда бұл қасиетті тек қазақ қыздарына тән деп алып отыр. Ұлпан портреті шығарма барысында осылай ашыла бастайды.

Қорытынды

Портрет – образ жасаудағы белгілі бір бөлім ғана. Жазушы шығармаларында образды жасауда портрет арқылы шығармаға қатысушы кейіпкердің бейнесін танытады. Көбінесе портрет шығармалардың басында келеді, оқырманға кейіпкер бейнесін алдын ала ескерту.

Ғалым Ә. Нарынбетов жазушы Ғ. Мүсірепов туралы өзінің «Шебер мүсінші» мақаласында былай дейді: «Халық бейбіт тірлікте әйелді асқар таудай сүйеніш деп есептесе, ел басына күн туған қатерлі шайқастарда батырдың бірінші серігі деп білген. Сол көне заманда алғырлығымен, шешендігімен, тапқырлығымен, батылдығымен, сезімталдығымен ел аңызына айналған қазақ әйелі аз емес. Міне, осы тарихи шындық, көркем өнердегі әйелдердің есте қаларлық талай-талай образдары жазушы Ғ. Мүсіреповке де ой салып, тікелей ықпал жасаған» – дейді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Жұмалиев, Қ.** Әдебиет теориясы. – А. : «Мектеп», 1960. – 246 б.
- 2 Әдебиеттану (терминдер сөздігі). Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.
- 3 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – А. : «Санат», 2002. – 360 б.
- 4 Ғ. Мүсірепов туралы естеліктер. Құрастырушы: С. Оразалы. – А. : «Білім», 2004. – 480 б.
- 5 **Нарымбетов, Ә.** «Қазақ әйелі» -А.: «Жалын», 1982.
- 6 **Әуезов, М.** Тіл және әдебиет мәселесі. Шығармалар Т-12, – А., 2008. – 259 б.
- 7 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – А., 2006. – 259 б.
- 8 **Майтанов, Б.** Қазақ романы және психологиялық талдау. –А., 2014. – 259 б.
- 9 **Дүйсенов, М.** Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. –А., 2014. – 259 б.

10 **Елеукунов, Ш.** Әдебиет және ұлт тағдыры. –А., 2013. – 259 б.

References

- 1 **Jūmaliev, Q.** Ädebiät teoriasy. [K. Zhumaliev. Theoria litteris] – A. : «Mektep», 1960. – 246 b.
- 2 Ädebiätтанu (terminder sözdığı). [Litterarum studiis (dictionary of terms)] Semei-Novosibirsk, «Taler-Pres», 2006. – 398 b.
- 3 **Qabdolov, Z.** Söz öneri. [Z. Kabdolov Arte Verbum] – A. : «Sanat», 2002. – 360 b.
- 4 Ğ. Müsirepov turaly estelikter. Qūrastyrūşy: S. Orazaly. [Memoria G. Musrepov. Composuit: S. Orazaly] – A. : «Bilim», 2004. – 480 b.
- 5 **Narymbetov, Ä.** «Qazaq äieli» [A. Narymbetov «Kazakh uxor»] – A. : «Jalyn», 1982.
- 6 **Äuezov, M.** Tıl jäne ädebiät mäselesi. [Auezov, M. The problem of language and literature] Şyğarmalar T-12, – A., 2008. – 259 b.
- 7 Ädebiätтанu terminderinñ sözdığı. [Dictionary of literary terms] – A., 2006. – 259 b.
- 8 **Maitanov, B.** Qazaq romany jäne psihologialyq taldau. [B. Maitanov. Kazakh nove et animi analysis] – A., 2014. – 259 b.
- 9 **Düisenov, M.** Ädebiätteгі mazmün men formanyñ burlığı. [M. Duysenov. Unitatem contentus et forma in litteris] – A., 2014. – 259 b.
- 10 **Eleukenov, Ş.** Ädebiät jäne ült tağdyry. [Sh. Eleukenov. Litteris et fata gentis] – A., 2013. – 259 b.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

A. K. Сулейменова, М. Сахаба
 Инновационный Евразийский университет,
 Республика Казахстан, г. Павлодар.
 Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ПОРТРЕТ МАТЕРЕЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Г. МУСРЕПОВА

В данной статье подробно раскрыты образ матери в произведениях В. Мусрепова. Большую часть своих произведений Габит Мусрепов посвятил теме матери, поэтому в произведениях писателя широко известен портрет матери. Академик З. Ахметов говорил о героях в произведениях писателя: «из образов каждого

героя, сделанного В. Мусреповым, мы увидим всю жизнь. Его герои – в основном люди труда... образ матери-героини тоже был отмечен в произведениях Габита». В казахской литературе исполняли традиции великого русского писателя А. М. Горького. Он переводил из М. Горького произведения: «Мать человека», «Мать, победившая смерть», «Ана кесімі айнымайды», и сам пишет рассказы: «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Аклима». В своих произведениях отметил, что через такие личности, как Улпан, Аклима, Назыкей, писатель описал жизнь матерей, женщин. Например: образ Улпан – крепкая, умная мать народа.

Ключевые слова: образ, портрет, репрезентатив, денотатив, меморатив, когнитив.

A. K. Suleimenova, M. Sakhaba
Innovative Eurasian University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 16.03.21.

NOMINAL ASPECT OF THE HEROES NAMES

This article describes in detail the image of the mother in the works of V. Musrepov. Gabit Musrepov devoted most of his works to the theme of the mother, so the portrait of the mother is widely known in the works of the writer. Academician Z. Akhmetov said about the characters in the writer's works: «from the images of each hero made by V. Musrepov, we will see the whole life. His characters are mostly people of labor... the image of the mother heroine was also noted in the works of Gabit». In the Kazakh literature and craftsmanship was performed by the traditions of the great Russian writer A. M. Gorki. He translated from m. Bitter works: «mother man», «mother of the victorious death», «Ana cesm inamide», and he writes stories: «Ananny anasy», «Asian Ana», «Anany of anasasi», «Er Ana», «Aklima». Through figures such as Ulpan, Aklima, Notices, the writer described the life of mothers and women. For example: the image of Ulpan-strong, smart, strong, strong, strong, strong, strong, strong, mother of the coun.

Keywords: image, portrait, representative, denotative, memorative, cognitive.

FTAMP 17. 82. 9

<https://doi.org/10.48081/XSEZ3721>

***А. Қ. Тұрышев, Г. К. Әбішева**

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ САНДАР СЫРЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

Мақалада мақал-мәтелдердің зерттелуі, зерттеушілердің мақал-мәтелдерді теориялық тұрғыда бір-бірінен ажыратқан көзқарастары, оның ішінде сан есімдермен байланысты мақал-мәтелдердің жүйелі ғылыми тұрғыда тұңғыш рет қарастырылып отырғанын айтуға болады. Мұның ішінде: жеті, тоғыз, қырық жеті т.б. киелі сандардың да табиғаты ашылған. Мақал мен мәтелдердің айырмашылығы және Киелі сандарға байланысты ММ зерттелуі. Киелі сандар сыры. Б. Шалабаев алғаш рет қазақ ММ малышылық, аңшылық және егіншілік секілді негізгі тақырыптарға бөліп, олардың тәрбиелік, білім берерлік мәнін анықтайды.

Кілтті сөздер: мақалдар, мәтелдер, сандар, киелі сандар, жеті, тоғыз, қырық жеті, кітап, жұмбақ, нақыл сөз, баспасөз, ауызекі, мысал, араб сөзі, парсы сөзі, мақала т.б.

Кіріспе

Мақал-мәтелдердің зерттелуі және жариялануы және Мақалдар мен мәтелдердің айырмашылығы. Ескерту: Мақал-мәтелдерді бұдан былай қысқартып ММ – деп жазатын боламыз. В. И. Даль «Мәтел, халық сөзімен айтқанда – гүл, ал мақал – дән» – деген болатын. Қазақ жиналып, қағаз бетіне түсіру, баспасөз арқылы жариялау ХІХ ғасырдың екінші жартысында басталды. Бір қызығы, неге екені белгісіз зерттеушілер мына құнды дерекке күні-бүгінге дейін көңіл аудармағаны байқалады: «Түркістан уалаятының газетінің» 1875 жылғы 6 санында қазақ жұмбақтары мен мақалдары берілсе, Бабажанов Қожасалық қазақтың мақал-мәтелдерін сол газеттің 1876–1877 жылғы сандарында бастырған. Торғай облысынан жиналған қазақ мақалдары «Дала уалаятының газетінде», «Қазақ қарияларының мақал сөздері» «Айқап» журналында жарияланған. Б. Дауылбаев Торғай елдерінен жинап «Қазақтың мақалдарын», М. Ешмұхаметов халық аузынан жазып алған 258 мақалын бастырған. Газет-журнал бетінде қазақтың төл мақал-мәтелдері көптеп

басылуымен қатар, басқа елдің де мақал-мәтелдерінен аудармалар орыс тілінде, одан қазақ тіліне аударылып беріліп отырған. Мына көрсеткіште кімдер ММ қарастырды жазылған: [1, 10–11], [2, 231, 232, 564, 566, 567], [3], [4, 5, 15], [5], [7, 50]. [6, 262]; [7, 146, 155, 156, 231–234, 234–238, 245, 296]; [8, 40–103]; [9, 77–78]; [14, 8–10].

Зерттеудің нысаны: ММ киелі сандардың мәні мен қызметін анықтау.

Зерттеудің пәні: Лексикология, фразеология ғылыми пәндеріндегі ММ функциясын анықтау.

Мақсаты: ММ киелі сандардың атқарып тұрған рөлін көрсету.

Міндеттері:

ММ жинағындағы алынған материалдарды теориялық тұрғыда дәлелдеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі. Б. Шалабаев алғаш рет қазақ ММ малшылық, аңшылық және егіншілік секілді негізгі тақырыптарға бөліп, олардың тәрбиелік, білім берерлік мәнін анықтайды [10, 117]. М. Ғабдуллин: Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді [9, 78]. Ә. Қоңыратбаев: Мақалда ойдың тезисі мен дәлелдемесі бірлеседі: «Ұрлық түбі – қорлық». Мәтелде соның бірі ғана болады [11, 65]. Т. Қордабаев: Қазіргі әдеби тіліміздегі сияқты мақал-мәтелдерде де бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің негізгі, оның ұйытқысы функциясында қолданылған [12, 211]. Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқабов: Мақал мен мәтелдің мағына жағынан өзара айырмасы болады [13, 92]. Б. Адамбаев: Мақал аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді [14, 15]. Қ. Жарықбаев мақал-мәтелдерден танымның сезімдік және ақыл-ой басқыштарының бір-бірімен байланысы туралы айтылған қызықты жайттарды да көптеп кездестіруге болады – дейді [15, 53]. Ғ. Қалиев. Ә. Болғанбаев: Мақал дегеніміз – халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан ғибрат, өсиет сияқты, ізгі қасиеттерді уағыздайтын, құрылымы жағынан әрі көркем, әрі ырғақты, ықшам нақыл сөз [16, 197–198]. Ә. Қайдар: Сонымен, мақал-мәтелдің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттерінің (мақал және мәтел) тура мағыналарынан туындаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы, идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын ажыратудың бір параметрі (өлшемі) осы т.б. [4, 56–57]. Жалпы сан есімдер көп зерттелген, тіпті қытай деректерімен салыстырылып зерттелген докторлық диссертациялар бар. Ұ. Шүленбаева. Мақал-мәтелдердегі киелі сандар. – Алматы, Ана тілі газеті. № 32, 2004; Р. Наурызбаева. Мақал-мәтелдердегі киелі сандардың мәнін ашу жолдары. // Бастауыш мектепте халықтық тәлім-тәрбие берудің шығармашылық жолдары. – Алматы, Білім. 2006 ж. Мақалалар жарияланған. Мақал-мәтел: сан

есім, жеті саны // ZHARAR. com/1448-san. сан, html; Сандарға байланысты мақал-мәтелдер // Sc 0011. Zharkain. agmoedu. kz/nems/ogen/id-11778; Stud. Kz/ makal-matelder/List/39. Бұл орайда Ш. Уәлихановты да айта кетеміз: Девятка-подарок или награда, состоящая из девяти ценных предметов: Число 9, по древним народным верованиям, считалось священным у многих народов и символизировало полноту возмездия или дара – деген [17, 346]. Н. Я. Марр өзінің «Сан есімдер туралы» сан есімдердің адам өмірінде маңызды орын алатынын атап өткен. Бұл орайда, Халықтар тіліндегі «тұрлаулы сан есімдер» сырына осы тұрғыдан біраз үніліс жасаған алғашқы ғалымдарымыз СССР Ғылым академиясының академигі В. М. Чернышев «жеті» санының орыс және өзге халықтар тілдерінде көптік мөлшерді паш ететін қалыптасқан жайы барын, кейбір сандардың сакраменталдық ұғымнан өзге тіл атауларындағы есептеу системасымен тарихи байланысы болғанын ескерткенін білеміз. С. Кеңесбаев «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық» пен байланысты ұғымдар (1946), Н. Уәлиев «Жұмбақ жетілер» екі мақаласы (1988), Наурыз (Үшті. Жетісі. Қырқы. Жүзі. Жылы) (1991), Қазақ халқының салт-дәстүрлері (Жеті, тоғыз, он екі, қырық сандарына байланысты ырымдар) (1994), Е. Қойшыбаев (1973) т.б. атап өтуге болар еді.

Қорытынды

*ММ мына сандар жиі кездеседі (адам және малға қатысты: екі,); *ММ киелі сандар; *ММ этномәдени мәнді лексика;

*ММ этномәдени сөздерге түсінік беру (Этимологиялық, ҚТТС т.б. жұмыс жасау); *ММ мына сандар мазмұндық ұйқасқа қатысты құрылған; *Мақалмен тіркесіп келген сандар; *Мәтелмен тіркесіп келген сандар; *Мәтелдердегі эпитет пен теңеумен байланысты сан есімдер. *Сан есімді мәнді емес ММ (жеті қат жер, жеті қат аспан т.б.) кездеседі; *ММ сан есімдердің түрлері (қосымша арқылы) кездеседі.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Әдеби мұры. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1970 жыл, 10–11 б.
- 2 Түркістан уалаятының газеті. Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003, 231, 232, 564, 566, 567 б.
- 3 Дала уалаятының газеті. – Алматы «Ғылым», 1994.
- 4 **Әбдуали Қайдар.** Халық даналығы. Тоғанай Т. – Алматы 2004, 5, 15, 56–57 б.
- 5 **Абай Құнанбаев.** Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, 1961 жыл, 443, 467–469 б.
- 6 **Мәшһүр-Жүсіп.** Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10 том. ТОО НПФ «ЭКО», Павлодар, 2007. – 262 б.

7 **Мәшһүр-Жүсіп.** Шығармалары. 11 том. «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2007, 50, 146, 155, 156, 231–234, 234–238, 245, 296 б.

8 **Мәшһүр-Жүсіп.** (Қазақ фольклорының үлгісі) Шығармалары 5 том. –Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2005 ж. 40–103 б.

9 **Ғабдуллин, М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті. «Мектеп» баспасы, Алматы-1974, 77, 77–78, 77 б.

10 Тозған қазды топтанған қарға жейді. Алматы «Рауан» 1991, 117 б.

11 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ фольклорының тарихы. Алматы «Ана тілі» 1991, 65 б.

12 **Қордабаев, Т.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы «Рауан» баспасы, 1991, 208–225, б.

13 **Оралбаева, Н., Мадина, Ғ., Әбілқасым А.** Қазақ тілі. Алматы, «Қазақ университеті» 1993, 92 б.

14 **Адамбаев, Б.** Халық даналығы. «Мектеп» баспасы, Алматы. – 1976, 8–10, 15 б.

15 **Жарықбаев, Қ.** Аталар сөзі-ақылдың көзі. Алматы «Қазақстан» 1980, 53 б.

16 **Қалиев, Ғ., Болғанбаев, Ә.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, «Сөздік-Словарь» баспасы, 2006, 197–198 б.

17 **Валиханов, Ч.** Избранные произведения. М., Наука, 1987. – 346 с.

References

1 Ädebi mūry. [literary nose] «Jazuşy» baspasy, Almaty, 1970 jyl, 10–11 b.

2 Türkistan ualaiatynyñ gazetı. [Turkestan ualayat newspaper] Almaty «Ėylym» ġylymi baspa ortalyġy, 2003, 231, 232, 564, 566, 567 b.

3 Dala ualaiatynyñ gazetı. [Newspaper of the Steppe Walayat] Almaty «Ėylym» 1994 j.

4 **Äbduali Qaidar.** Halyq danalyġy. [Abduali Kaidar. Folk wisdom] Toġanai T. Almaty 2004, 5, 15, 56–57 bet.

5 **Abai Qūnanbaev.** Şyġarmalarynyñ bir tomdyq tolyq jınaġy. [Abay Kunanbayev. A complete collection of his works in one volume] Qazaqtñ Memleketтік Kōrkem ädebiet baspasy, 1961 jyl, 443, 467–469 b.

6 **Mäshūr-Jūsıp.** Qazaq şeıresı. [Mashhur-Joseph. Kazakh Chronicle] Şyġarmalary. 10 tom. TOO NPF «EKO», Pavlodar, 2007, 262 b.

7 **Mäshūr-Jūsıp.** [Mashhur-Joseph] Şyġarmalary. 11 tom. «EKO» ĖÖF, Pavlodar, 2007, 50, 146, 155, 156, 231–234, 234–238, 245, 296 b.

8 **Mäshūr-Jūsıp.** (Qazaq föklorynyñ ülgısı) [Mashhur-Joseph. (Example of Kazakh folklore)] Şyġarmalary 5 tom. –Pavlodar, «EKO» ĖÖF, 2005 j. 40–103 b.

9 **Ėabdullin, M.** Qazaq halqynyñ auyz ädebietı. [Ėabdullin, M. oral literature of the Kazakh people] «Mektep» baspasy, Almaty-1974, 77, 77–78, 77 b.

10 Tozġan qazdy toptanġan qarġa jeidi. [A worn-out goose is eaten by a crow in a group] Almaty «Rauan» 1991, 117 b.

11 **Qoñyratbaev, Ä.** Qazaq föklorynyñ tarihy. [Konyratbayev, A. history of Kazakh folklore] Almaty «Ana tılı» 1991, 65 b.

12 **Qordabaev, T.** Qazaq tıl biliminiñ mäseleleri. [Kordabayev, T. problems of Kazakh linguistics] – Almaty «Rauan» baspasy, 1991, 208–225, b.

13 **Oralbayeva, N., Madina, Ė., Äbilqasym A.** Qazaq tılı. [Oralbayeva, N., Madina, G., Abylkayev A. Kazakh language] Almaty, «Qazaq universiteti» 1993, 92 b.

14 **Adambaev, B.** Halyq danalyġy. [Adambayev, B. folk wisdom] «Mektep» baspasy, Almaty. – 1976, 8–10, 15 b.

15 **Jaryqbaev, Q.** Atalar sözi-aqyldñ közi. [Zharybayev, K. The Word of Ancestors is the source of reason] Almaty «Qazaqstan» 1980, 53 b.

16 **Qaliev, Ė., Bolġanbaev, Ä.** Qazirġi qazaq tılıniñ leksikologiasy men frazeologiasy. [Kaliyev, G., Bolganbayev, A. lexicology and phraseology of the modern Kazakh language] Almaty, «Sōzдіk-Slovär» baspasy, 2006, 197–198 b.

17 **Valihanov, Ch.** İzbrannye proizvedenia. [Valikhanov, Ch. selected productions] M., Nauka, 1987. – 346 s.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

A. K. Трушев, Г. К. Абишева

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ТАЙНА ЧИСЕЛ В ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ

В статье рассматриваются исследование казахских пословиц и поговорок. Так же пишется о теориятических различиях пословиц и поговорок с точки зрения ученых. Необходимо отметить, что впервые в систематическом научном контексте исследуются значения числительных в пословицах и поговорках. Также в ходе исследования определяются, что к таким общим признакам относятся: внешняя форма слов наличие структуры, сформированного на основе звучания и внутреннего смысла. А так же например такие особенные числа как «семь, девять, сорок семь» и др.

Ключевые слова: сложные слова, пословицы, поговорки, парные слова, фразеологизмы, парно-повторные слова, мақал мәтел, стиль, ғылыми, зерттеу, жеті, тоғыз, жиырма, аңшылық, егіншік, киелі т.б.

A. Trushev, G. Abisheva
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 16.03.21.

THE SECRET OF NUMBERS IN PROVERBS AND SAYINGS

The article deals with the research of Kazakh proverbs and sayings. It is also written about the theoretical differences between proverbs and sayings from the point of view of scientists. It should be noted that for the first time in a systematic scientific context, the values of numerals in proverbs and sayings are studied. For example, such special numbers as «seven, nine, forty-seven», etc.

Keywords: compound words, proverbs, sayings, paired words, idioms, duplicate words.

МРНТИ 16.31.02

<https://doi.org/10.48081/FQUG2047>

***М. А. Уайханова, А. Ж. Сахариева**

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар

ЦЕННОСТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ОБЫДЕННОГО ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Объектом исследования являются казахстанские политические интернет-комментарии. Выбор объекта обосновывается с развитием информационных технологий, которые способствовали появлению разного вида жанров, где взаимосвязь языка и человека изучается в ином лингвистическом направлении. Цель исследования – определить ценностный фактор текстопорождения казахстанских политических интернет-комментариев в лингвоперсоналогическом и лингвоаксиологическом аспекте. Предмет исследования – соотносительность ценностного потенциала исходного текста и ценностных установок виртуальной языковой личности, реализуемых в интернет-комментариях. Для изучения данного объекта использовались методы сбора и контекстуального анализа теоретического материала, сравнительные, обобщающие, описательные методы и метод количественной обработки данных. Исследование изучаемого объекта базируется на модели текстодериватологического и лингвоаксиологического анализа производных текстов, которые рассматриваются в формальном, содержательном и функциональном планах. Результаты исследования показали, что тексты казахстанских интернет-комментариев преобладают ценностным потенциалом. Уровень ценностного потенциала быденного политического дискурса был выявлен количеством употребляемых ключевых слов исходного текста в продуцировании вторичных текстов. Научная новизна исследования заключается в лингвоперсоналогическом и лингвоаксиологическом осмыслении доминанты текстовой деятельности при порождении интернет-комментариев в казахстанском виртуальном пространстве.

Ключевые слова: ценностный, политический, дискурс, комментарий, ключевое слово.

Введение

